



# ЖОҒАРЫ БАҒА

Шығын көлемін төмен деңгейде ұстап тұрып, жоғары деңгейде қызмет көрсетуіміз – біздің қазіргі таңдағы және болашақтағы бәсекелестік артықшылығымыз.

## 1 Компания жөнінде

Бизнес-модель .....	4
Маршруттық желінің дамуы .....	6
Әуе кемелері паркі .....	8
Сервис .....	10
Негізгі оқиғалар .....	12

## 3 Басшылық есебі

3.1. Операциялық қызмет нәтижелері .....	34
3.2. Клиенттерге қызмет көрсету .....	36
3.3. Ақпараттық технологиялар мен электронды бизнес .....	46
3.4. Инженерлік-техникалық қызмет көрсету .....	48
3.5. Қауіпсіздік .....	50
3.6. Коммерциялық қызметтің қосымша бағыттары .....	52
3.7. Жеткізілімдер тізбегі .....	54
3.8. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат .....	55
3.9. Қызметкерлерді басқару .....	58
3.10. Қайырымдылық .....	66
3.11. Қаржылық нәтижелер .....	70

## 5 Қаржылық есептілік .....

109

## 2 Стратегиялық есеп

2.1. Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі .....	18
2.2. Президент пен Бас директор үндеуі .....	20
2.3. Нарыққа шолу .....	22
2.4. Стратегияға шолу .....	26

## 4 Корпоративтік басқару

4.1. Корпоративтік басқару жүйесі .....	76
4.2. Акционерлердің жалпы жиналысы .....	79
4.3. Директорлар кеңесі .....	80
4.4. Бақылау .....	92
4.5. Компания басшылығы .....	100
4.6. Дивидендтік саясат .....	106
4.7. Стейкхолдерлерді хабардар ету және ақпаратты ашу .....	107

## Байланыс .....

155

### Есеп жөнінде

Бұл есеп «Эйр Астана» АҚ (әрі қарай - «Компания») тарапынан 2017 ж. 1 қаңтары мен 2017 ж. 31 желтоқсаны аралығындағы кезең бойынша дайындалды.

Есепте ішкі аудит рәсімінен өткен операциялық есептілік мәліметтері пайдаланылды.

2017 ж. желтоқсанында Компания, АҚШ доллары оның тиісті операциялары, оқиғалары мен жағдаяттарының экономикалық салдарын мейлінше дұрысырақ көрсететіндіктен, функционалды валютаны теңгеден долларға ауыстыру жөнінде шешім қабылдады.

Сығымдалған қаржылық көрсеткіштер Компанияның ХҚЕС бойынша аудиттелген есептілігіне сәйкес берілген.



Питер Фостер  
«Эйр Астана» АҚ Президенті



Азамат Оспанов  
«Эйр Астана» АҚ қаржылық есеп жөніндегі Вице-президенті

### Компания жөнінде

«Эйр Астана» АҚ 2001 ж. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 ж. 29 тамызындағы № 1118 қаулысына сәйкес құрылды. Компания акционерлері - Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілі ретіндегі «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ мен «BAE Systems (Kazakhstan) Ltd.», олар тиісінше Компания акцияларының 51% мен 49% ие. Компанияның орталық кеңсесі Қазақстан Республикасы, Алматы қ. орналасқан. Компаниямен өзара әрекеттесуші негізгі әуежайларға Алматы қ. халықаралық Әуежайы мен Астана қаласындағы Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы жатады.

Компанияның негізгі қызметіне ішкі және халықаралық жолаушылар әуе тасымалы бойынша қызметтер көрсету жатады. Одан өзге қызмет түріне әуемен жүк және пошта тасымалдау жатады. Техникалық орталық компания әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ өзге әуекомпанияларға техникалық қызметтер ұсынады.

Компания паркінде 32 турбореактивті әуе кемесі бар, оның 3 бірлігі «Boeing» тобындағы әуе кемесі болса, 9 - «Embraer» әуе кемелері тобынан, ал 20 - «Airbus» әуе кемелері тобынан.

### Жауапкершілікті шектеу жөніндегі мәлімдеме

Бұл жылдық есеп шынайы мәліметтерден бөлек Компания басшылығының ағымдағы уақытта қолда бар ақпаратқа негізделген пікірлері, болжамдары мен тұспалдарынан құралады. Әуе тасымалдарына деген сұраныстың құбылып тұруы, бағалардың өзгеруі, жаңа технологиялардың енгізілуі, құқықтық ортаның өзгеруі, валюта бағамдарының құбылуы және т.б. сыртқы факторлардың әсеріне байланысты «Эйр Астана» АҚ қызметінің іс жүзіндегі нәтижелері болашақта осы жылдық есепте берілген болжамдардан ерекшеленуі мүмкін.



2017 жыл бойынша әзірленген жылдық есептің интерактивті нұсқасы біздің сайтымызда келесідей линк бойынша қолжетімді:

<http://ar2017.airastana.com/kz/>

# Қалтадағы саяхат

Біздің корпоративтік веб-сайтымыз клиенттермен коммуникация орнатудағы негізгі арналарымыздың бірі және Қазақстандағы электрондық коммерцияның ең ірі платформасы болып табылады.

Веб-сайт онлайн-брондау мен тіркеу, әуе рейстері жөніндегі ақпарат, брондауды тіркеу мен т.б. сияқты қызметтердің кең ауқымын ұсынады.

Кең функционалды мобильді қосымшамыз – саяхатшының қалта көмекшісі.



# БИЗНЕС-МОДЕЛЬ



## Қызмет көрсетудің жоғары сапасы



Skytrax нұсқасы бойынша «Орталық Азия мен Үндістандағы ең үздік әуекомпания»



Skytrax нұсқасы бойынша «Орталық Азия мен Үндістандағы үздік борттық қызмет»



Мобильді және онлайн-тіркелу мен сатулар



IOSA/EASA халықаралық сертификаттары

## Қазақстанның транзиттік әлеуетіне ден қою



\* Әуекомпанияның, екінші мемлекеттен үшінші мемлекетке өз мемлекетінде аялдап жолаушы немесе жүк тасымалдау құқығы

Жүк, пошта мен нормадан тыс багаж **20,0** мың тонна <sup>+20%</sup>

Кері жалға алу үшін жүргізілген сату операциясынан келген пайда **2,8** млрд теңге



- Халықаралық тасымалдар** 168,5 млрд теңге <sup>+17,8%</sup>
- Ішкі тасымалдар** 65,6 млрд теңге <sup>+11,5%</sup>
- Кері жалға алу үшін жүргізілген сату операциясынан келген пайданы есепке алғандағы өзге кірістер** 9,7 млрд теңге <sup>+83,7%</sup>
- Жүк пен пошта** 6,4 млрд теңге <sup>+19,5%</sup>


## Жыл ішіндегі таза пайда

**12,8** млрд теңге <sup>+199,9%</sup>

# МАРШРУТТЫҚ ЖЕЛІ

Халықаралық әуе көлігі қауымдастығы (IATA) алдағы 20 жылда жолаушы тасымалымен байланысты қызметтерге деген сұраныстың екі есе артатынын болжауда

Соңғы он жыл ішінде Қазақстандағы әуе тасымалдары нарығы екі есе ұлғайып, 2017 жылы 7,4 млн. жолаушыны құрады (2007 жылы - 2,7 млн.-нан астам жолаушы). Қазақстандағы әуе тасымалдарының жалпы нарығына қатысты алып қарағанда, қазіргі уақытта әуе тасымалдарының бес жыл бұрынғымен салыстырғанда жолаушы тасымалынан алатын үлесі біршама үлкен.



## ҮМІТ КҮТІРЕТІН НАРЫҚТАР

(2017 жылғы тұрғын саны, млн.адам)

Ресей  
146

Қытай  
1 300

Үндістан  
1 378



19  
МЕМЛЕКЕТ

66  
МАРШРУТ

- Үміт күттіретін
- Ішкі
- Халықаралық
- Маусымдық

# ӘУЕ КЕМЕЛЕРІ ПАРКІ

## БІЗ ҚАЗІРГІДЕН ДЕ ҮЗДІК БОЛУҒА ТЫРЫСАМЫЗ



### Embraer E190-E2s ұшақтары

Embraer E2 2011 жылдан бері пайдаланыла бастаған E190 ұшақтарын логикалық түрде алмастыру мақсатында сатып алынған еді. Embraer E190 Компаниямызға қосалқы ішкі маршруттарды қоса алғанда, оңтүстік Ресей, Кавказ бен Орталық Азияның шағын нарықтарына шығуына мүмкіндік берді. Компания бағаламасына сәйкес, ішкі және аймақтық бәсекелестіктің өсуімен қатар, Embraer E2 бір кресло-орынның өзіндік құнын 15 % үнемдеп, нәтижесінде Компания аты аталған маршруттар бойынша тасымалдау сыйымдылығы мен сол нарықтардағы үлесін арттырып, аймақтағы жетекші әуекомпания позициясын сақтап қалуға мүмкіндік алады.

### Airbus A320 NEO жолаушы тасымалына арналған ұшақтар тобы

Airbus A320 NEO тобындағы жаңа буын ұшақтарының пайда болуы алдағы үш жылда тасымалдау сыйымдылығын жалпылай алғанда 40 % арттыруға мүмкіндік береді. Airbus A320 NEO және Airbus A321 NEO ұшақтары ішкі бағыттарда, сондай-ақ орташа ұзақтықтағы бағыттарда қызмет етсе, Airbus A321 NEO LR әуе кемелері Алматы мен Астанадан Азия мен Еуропаның түрлі бағыттарына ұшулар орындай алады. Әрекеттегі маршруттар жиілігінің артуынан бөлек бұл ұшақ ТМД мен Оңтүстік Азия мемлекеттеріне орындалатын жаңа бағыттарда қызмет ету үшін пайдаланылатын болады.

### Boeing 767-300ER

Кеңфюзеляжды, ұшу ұзақтығы арттырылған

Пайдалы жүккөтергіштігі .....37 500 кг

#### Жолаушы салоны

экономкласс .....193 орын  
Бизнес-класс .....30 орын

Ұзақтық, км..... 11 000  
Жасы, жыл..... 3,99

CO<sup>2</sup>-эквивалентінің шығарылымдары, г/кН шекті ..... 63,3  
ортастатистикалық .....55,51

#### Шу деңгейі, EPNdB<sup>1</sup>

Ұшып шығу кезіндегі.....96,1  
Ұшып өту кезіндегі.....97,3  
Қона бастаған кезіндегі.....88,0

### Boeing 757-200

Тарфюзеляжды, орта ұзақтықтағы маршруттар үшін

Пайдалы жүккөтергіштігі .....23 000 кг

#### Жолаушы салоны

экономкласс .....150 орын  
Бизнес-класс .....16 орын

Ұзақтық, км..... 7 250  
Жасы, жыл..... 20

CO<sup>2</sup>-эквивалентінің шығарылымдары, г/кН шекті ..... 32,6  
ортастатистикалық .....28,6

#### Шу деңгейі, EPNdB<sup>1</sup>

Ұшып шығу кезіндегі.....93,4  
Ұшып өту кезіндегі.....95,0  
Қона бастаған кезіндегі.....82,9

### Airbus A321

Тарфюзеляжды, фюзеляжы ұзартылған, шағын және орта ұзақтықтағы маршруттарға арналған

Пайдалы жүккөтергіштігі .....23 000 кг

#### Жолаушы салоны

экономкласс .....151 орын  
Бизнес-класс .....28 орын

Ұзақтық, км..... 5 950  
Жасы, жыл.....11,58

CO<sup>2</sup>-эквивалентінің шығарылымдары, г/кН шекті ..... 20,7  
ортастатистикалық .....18,2

#### Шу деңгейі, EPNdB<sup>1</sup>

Ұшып шығу кезіндегі.....95,0  
Ұшып өту кезіндегі.....86,6  
Қона бастаған кезіндегі.....95,6

### Airbus A320

Тарфюзеляжды, шағын және орта ұзақтықтағы маршруттарға арналған

Пайдалы жүккөтергіштігі .....16 400 кг

#### Жолаушы салоны

экономкласс .....132 орын  
Бизнес-класс .....16 орын

Ұзақтық, км..... 6 100  
Жасы, жыл.....5,49

CO<sup>2</sup>-эквивалентінің шығарылымдары, г/кН шекті ..... 30,6  
ортастатистикалық .....24,9

#### Шу деңгейі, EPNdB<sup>1</sup>

Ұшып шығу кезіндегі.....91,3  
Ұшып өту кезіндегі.....84,6  
Қона бастаған кезіндегі.....94,4

### Embraer 190

Тарфюзеляжды, орта ұзақтықтағы маршруттарға арналған

Пайдалы жүккөтергіштігі .....11 500 кг

#### Жолаушы салоны

экономкласс .....88 орын  
Бизнес-класс .....9 орын

Ұзақтық, км.....4 500  
Жасы, жыл.....5,49

CO<sup>2</sup>-эквивалентінің шығарылымдары, г/кН шекті .....107,9  
ортастатистикалық .....87,89

#### Шу деңгейі, EPNdB<sup>1</sup>

Ұшып шығу кезіндегі.....91,8  
Ұшып өту кезіндегі.....85,5  
Қона бастаған кезіндегі.....92,4

### Airbus NEO

Тарфюзеляжды, шағын және орта ұзақтықтағы маршруттарға арналған

Пайдалы жүккөтергіштігі .....18 400 кг

#### Жолаушы салоны

экономкласс .....132-151 орын  
Бизнес-класс .....16-28 орын

Ұзақтық, км.....6 850  
Жасы, жыл.....1,14

CO<sup>2</sup>-эквивалентінің шығарылымдары, г/кН шекті .....35,1  
ортастатистикалық .....32,43

#### Шу деңгейі, EPNdB<sup>1</sup>

Ұшып шығу кезіндегі.....86,9  
Ұшып өту кезіндегі.....80,5  
Қона бастаған кезіндегі.....92,4

<sup>1</sup> Халықаралық Азаматтық Авиация Ұйымының (International Civil Aviation Organization) Шу жөніндегі ICAO Noise Standards Chapter 14 – min (MTOM 1 tonne) – 245 EPNdB стандартына сәйкес

<sup>2</sup> Жанармай шығыны 15 % төмендетілген, эксплуатациялық шығындар - 8 %, ауаға жасалатын шығарындылар - 10% кем емес мөлшерде төмендетілген; шудың төмендетілген деңгейі

# СЕРВИС

## БІЗ ӘР ЖОЛАУШЫНЫ МЕЙМАНЫМЫЗ РЕТІНДЕ КӨРЕМІЗ

» 2017 жылы «Эйр Астана» 4 жұлдызға ие болып, өзінің Skytrax рейтингіндегі мәртебесін тағы бір мәрте растап, алтыншы рет Skytrax World Airline Awards марапатына ие болды

» Компания Орталық Азия мен Үндістандағы үздік әуекомпания мәртебесін алтыншы жыл қатарынан ұстай отырып, бесінші жыл қатарынан «Орталық Азия мен Үндістандағы үздік борттық тағам» номинациясында жеңімпаз атанып отыр

» «Эйр Астана» сондай-ақ APEX қауымдастығының (Airline Passenger Experience Association – Әуедегі жолаушы тасымалдары қауымдастығы) «Бесжұлдызды ірі аймақтық әуекомпания» номинациясында марапатқа ие болды

» 2017 жылы Children's Goody Bag for Little Prince және Nat Geo Kids балаларға арналған жол жиынтықтары үшін екі TravelPlus Airline Amenity Bag алтын марапатына ие болды

» 2017 жылдың қыркүйегінде көрпелер, жамылғылар, бас сүйегіштер мен жастық тыстардың жаңа дизайны таныстырылды

» 2017 жылы 16 әуе кемесі ағындық беріліс функциясына ие IFE (In-flight Entertainment – ұшу кезінде ұсынылатын ойын-сауық бағдарламалары) модификацияланған жүйесімен жабдықталса, үш Boeing 767 ұшағы бортта интернетке шығуға мүмкіндік беретін жабдықпен қамтылды

# КЛИЕНТ – ШЕШІМДЕРІМІЗДІ ҚАБЫЛДАУ БАРЫСЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ ЭЛЕМЕНТ

## ЖЕРДЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

### Қызметтерге оңайлықпен қол жеткізу

- » Nomad Club бонустық бағдарламасы
- » онлайн-жоспарлауброндау және қадағалау
- » электронды тіркеу

### Әуе кемелеріне жерде қызмет көрсету

- » ұшулар графигінің нақты орындалуы үшін ұшақты қайтадан ұшуға тез арада дайындау
- » басымдықты бағажға қызмет көрсету және багажды тездетілген түрде өткізу
- » қоғалтқыштар қосулы күйінде мұздануға қарсы өңдеу жүргізу

### Жолаушылар мен багажды қадағалау

- » багажды бақылау жүйесі (BRS)
- » кең транзиттік зона
- » жолаушылардың өзін-өзі және багажды өздігінен тіркеу қызметі
- » биометриялық технологиялар
- » транзиттік жолаушыларға арналған арнайы тіркеу тағандары
- » «Эйр Астана» әуекомпаниясының тұрақты клиенттеріне басымдық көрсетуге негізделген тіркеу
- » багажды қабылдау тағандары
- » өздігінен тіркеуден өту рәсімі
- » мүмкіндігі шектеулі жандар үшін рәсімдерден тездетіп өту қызметі мен арнайы көмек
- » жоғалған багажды іздестіру кезіндегі қадағалау қызметі

## БОРТТЫҚ ҚЫЗМЕТ

### Ойын-сауықтар

- » Бортта Интернет желісіне сымсыз Wi-Fi арқылы қосылу мүмкіндігі
- » IFE RAVE кіріктірілген жүйелері ( түрлі тілдердегі фильмдер кітаптар, музыка)
- » «Эйр Астана» жолаушылары үшін қауіпсіздік техникасы жөніндегі ақпараттан тұратын жаңа видео
- » Көрпелер, жамылғылар, бас сүйегіштер мен жастық тыстардың дәстүрлі ұлттық элементтері бар жаңа да заманауи дизайны
- » бизнес-класс, экономкласс пен балаларға арналған арнайы жол жиынтықтары

### Тамақтану

- » бизнес-класс салонында алдымен берілетін сусын
- » Танымал қысқа рейстердегі экспресс қызмет көрсету (тамақтану)
- » Халықаралық рейстердегі ыстық тағамдар

### Бортсеріктер

- » Кәсіби іріктеу мен оқытуды жетілдіру

# ЕСЕП БЕРУ ЖЫЛЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

## «Экспо-2017» халықаралық көрмесінің өткізілуі

«Экспо-2017» «Болашақ энергиясы» көрмесі мемлекет үшін үлкен жетістікке айналды. «Эйр Астана» әуекомпаниясы Астанадағы «Экспо-2017» көрмесінің ресми әуетасымалдаушысы бола тұра, өзінің халықаралық жолаушыларына 10 мыңнан астам кіру билетін ұсынып, көрмеге келушілер санының артуына септігін тигізді. «Эйр Астана» әуекомпаниясының 2017 жылғы жолаушылар санының өсімі негізінен Қазақстан арқылы өтетін халықаралық транзиттік жолаушылар ағыны мен жазда «Экспо-2017» көрмесінің өткізілуіне орай Астана бағытына деген сұраныстың артуымен түсіндіріледі.



## Маршруттық желінің кеңеюі

«Эйр Астана» әуекомпаниясы Новосибирск пен Екатеринбург қалаларына күнделікті рейстер орындай бастады. Күнделікті рейстер орындау жөніндегі Компания шешімі оның желісінің даму деңгейін көтеруге бағытталған, транзиттік жолаушы ағынын үлкейту үшін оның стратегиялық орнымен қамтамасыз етілетін артықшылықтарды толығымен пайдалану мүмкіндігін беретін стратегиясының бөлігіне айналды. Бұдан бөлек, Компания Санкт-Петербург, Лондон, Үрімші мен Тегеранға орындалатын ұшулар жиілігін арттырды. Компания, сондай-ақ, екі жаңа маршрут ашты. Олардың алғашқысы Астана – Дели болса, екіншісі Орал – Франкфурт маршруты болды. Жолаушылардың жалпы саны өткен жылмен салыстырғанда 12%, яғни шамамен 0,5 млн жолаушыға артып, алғашқы рет жылына 4 млн. жолаушы көрсеткішінен асып түсті.

## Астана қ. авиациялық-техникалық орталық

Компания Астанада өзінің авиациялық-техникалық орталығының құрылысын аяқтады. Ашылған соң ол Орталық Азиядағы әуе кемелерін жөндеу жөніндегі ең ірі орталықтардың біріне және аймақтағы осы тәріздес жетекші орталықтардың біріне айналады. Бұл ультрамануау нысан әуе кемелерін жөндеудің барлық түрін, соның ішінде техникалық қызмет көрсету мен үлкен көлемдегі жөндеу жұмыстарын ұсынатын болады. «Эйр Астана» әуекомпаниясы әуе кемесін жөндеу, композиттік жөндеу жұмыстары мен жұмыс барысында бақылау өткізу жөніндегі шеберханалар ұйымдастыруды жоспарлауда. Бұл орталық сонымен қатар Қазақстандағы қосалқы бөлшектердің ең ірі қоймасына айналады. Бұдан бөлек, ол 190 жұмыс орнын ашып, жұмыс орнында болашақ әуе механиктерін оқытуға мүмкіндік береді.

## «Эйр Астана» Skytrax World Airline Awards марапатына ие болып, алтыншы мәрте қатарынан жетістігін тойлауда

«Эйр Астана» алтыншы жыл қатарынан Skytrax нұсқасы бойынша «Орталық Азия мен Үндістандағы үздік әуекомпания» номинациясында жеңіске жетіп, кезекті рет қызмет көрсетудің үздік сапасы үшін Skytrax «4 жұлдыз» рейтингіне ие болды. Компания сондай-ақ бесінші рет қатарынан «Орталық Азия мен Үндістандағы үздік борттық қызмет» номинациясында сыйлыққа ие болды.

## Нұрсұлтан Назарбаев Халықаралық әуежайындағы жаңа терминал

2017 жылдың шілдесінде Компания өзінің Астанадан іске асырылатын барлық халықаралық рейстерін Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайының жаңа терминалына көшірді. Жаңа терминал барлық халықаралық стандарттарға жауап береді және Компанияға желілік жолаушылар ағынына, яғни Компанияның түйіндік әуежайларының транзиттік әлеуетіне тікелей тәуелді болып келетін қызметін кеңейтуге мүмкіндік береді. Жаңа терминал бағажды басқару мен жолаушыларды тіркеудің инновациялық жүйелерімен жабдықталып, сонымен қатар болашақ өсімді қамтамасыз ету үшін жеткілікті дәрежеде өткізу сыйымдылығын қамтамасыз етеді. Жаңа терминалдың өткізу сыйымдылығы сағатына 1,8 мың жолаушы мен 1 220 бірлік бағажды құрайды. Әуежайдың кеңейтілуі ішкі рейстерге қызмет көрсететін терминалдың жұмысын жеңілдетіп, ұшулар жиілігін арттыруға септігін тигізді.

## Орталық Азия мен ТМД-дағы Airbus A320 NEO тобы ұшақтарының ең үлкен операторларының бірі

Компания алдағы үш жылда Орталық Азия мен ТМД-да Airbus A320 NEO тобы ұшақтарының ең үлкен операторларының біріне айналады жоспарлауда. Компания 2016 жылы осы типтегі әуе кемелерінің аймақтағы алғашқы операторына айналып, 2020 жылға қарай әуекомпания паркіндегі ұшақ саны 17 бірлікке жететін болады. Компания жеті Airbus A320 NEO ұшағын, жеті Airbus A321 NEO ұшағы мен ұшу ұзақтығы үлкейтілген төрт Airbus A321 NEO LR пайдаланатын болады.



# НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

(ЖАЛҒАСЫ)

## «Эйр Астана» лизингке бес Embraer E190-E2 ұшағын алды

«Эйр Астана» бес Embraer E190-E2 ұшағы бойынша ұзақмерзімді лизинг келісіміне қол қойды. Ұшақтар жеткізілімі 2018 ж. соңы - 2019 ж. күтілуде.

Embraer E2 үлкейтілген ұзақтық пен операциялық тиімділік ұсынып, нәтижесінде өсу үстіндегі Компанияға қолдау көрсетіліп, жаңа нарықтық мүмкіндіктер ашылатын болады.

## Ұлттық рекрутинг бағдарламасы

Компания жаңа ұшқыштар, инженерлер, бортсеріктер мен жерде қызмет көрсету мамандарын бүтін ел бойынша іздеу мақсатында кадрларды іріктеу жөніндегі «Арманыңды іске асыр» атты кең ауқымды науқанды іске қосты. Бүгінде Компания 32 ұшақ пайдалануда, алайда әуе кемелері паркі 2026 ж. қарай 64 бірлікке жеткен кезде оған қызметкерлер құрамын біршама толықтыру қажет болады.

## Lufthansa компаниясымен арадағы код-шеринг келісімі

«Эйр Астана» мен Lufthansa екі әуекомпанияның да клиенттеріне көбірек артықшылық пен жайлылық ұсынуға мүмкіндік беретін код-шеринг келісіміне қол қойып, ынтымақтастығын кеңейтті. Енді аптасына бір рет орындалатын 7 рейс орнына жолаушылар екі әуекомпания Қазақстан мен Германия арасында іске асыратын, апта ішіндегі 14 рейстің кез келгенін пайдаланса болады. Жолаушылар жайлылығын одан бетер арттыру үшін Компания өз кеңсесін Франкфурт әуежайындағы 1 терминалға көшіріп, нәтижесінде Lufthansa мен басқа серіктестердің рейстеріне тіркелу мен келу уақыты біршама қысқарды.

## Борттағы кеңжолақты интернет

Компания жолаушылары жекелеген маршруттарда әуелайнерлер борттың жоғары жылдамдықтағы кеңжолақты интернет желісіне қосылуға мүмкіндік алды. Аталмыш қызмет барлық Boeing 767 ұшақтарының үшеуінде де бизнес және экономкласс жолаушыларына ұсынылатын болады. Компания әлем бойынша кеңфюзеляжды ұшақтарға GX Aviation байланысын орнатқан алғашқы әуекомпания болып табылады және де ол инновациялық технологиялар мен жолаушыларға үздік қызмет көрсетуге ден қояды.

## MySeat қызметінің іске қосылуы

Компанияның MySeat атты жаңа қызметі жолаушыларға бизнес -класс салонындағы бірінші қатар, экономкласс салонындағы бірінші және екінші қатардағы, сондай-ақ апаттық шығу есіктерінің жанындағы орындарды брондауға мүмкіндік береді. Жолаушылар бұрынғысынша ұшақтың басқа бөліктеріндегі орындарды да ақысыз негізде брондай алады.

## Алдыңғы қатарлы халықаралық техникалық және эксплуатациялық стандарттарға сәйкестік


Компания алдыңғы қатарлы халықаралық стандарттар мен практикалардың орындалуын айғақтауды жалғастырды. Мысалы, 2017 жылы ол Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA) эксплуатациялық қауіпсіздік жөніндегі IOSA (IATA Operational Safety Audit) аудитінен алтыншы рет қатарынан сәтті өтті.

Компания сондай-ақ EASA стандарты 145 Бөлім талаптарына сәйкес әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге берілетін EASA (European Aviation Safety Agency — Еуропалық авиациялық қауіпсіздік агенттігі) сертификаттарының әрекет ету мерзімін ұзартты.

Компания Біріккен Корольдіктің Азаматтық авиация істері жөніндегі басқармасы тарапынан ұйымдастырылатын EASA 145 Бөлім («Әуе кемелеріне желілік техникалық қызмет көрсету») стандарты бойынша өтетін жыл сайынғы аудиттен және Ирландияның Азаматтық авиация істері басқармасы тарапынан ұйымдастырылатын EASA 147 Бөлім («Техникалық қызмет көрсету бойынша оқытуды ұйымдастыру») стандарты бойынша өткізілетін аудитінен сәтті өтті.

## Функционалды валюта ретіндегі АҚШ доллары

Жан-жақты талдау нәтижесінде Компания басшылығы Компанияда жүргізілетін негізгі операциялар, жағдаяттар мен жағдайлардың экономикалық салдарын мейлінше нақтырақ көрсету үшін АҚШ доллары Компанияның функционалды валютасына айналуы керек деген шешімге келді. Осылайша, 2017 жылы функционалды валюта қазақстандық теңгеден АҚШ долларына ауыстырылды.



## MySeat қызметі

Қалаған орындардың сатылуы бірден бірнеше арна бойынша іске аса бастады: «Эйр Астана» әуекомпаниясының кассалары, тіркеу тағандары, онлайн-брондау мен турагенттіктер арқылы. Бұл – клиенттерімізге қосымша қызметтер ұсыну жөніндегі ірі жобалардың бірі. Жиі ұшатын жолаушыларды көтермелеу жүйесі заманауи технологиялық платформаға көшіріліп, енді қызмет көрсету сапасын одан әрі жетілдіруге мүмкіндік береді. Қосымша ағымдағы сұраныстан озатын ұсыныстарды құрамып, Nomad Club мүшелері үшін ең өзекті жаңартуларды іске асыруға мүмкіндік береді.



# 2.1

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

### ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА ҮЗДІК БОЛУ

2017 жылы «Эйр Астана» барлық стратегиялық бағыт бойынша алға қойған мақсаттарына жетті. Біз орын алған қолайлы макроэкономикалық жағдайларды өсуге деген мүмкіндік ретінде пайдаланып, жолаушы және жүк тасымалын тиісінше 12 % бен 20 % ұлғайтып, соның ішінде 2016 жылмен салыстырғанда транзиттік тасымал көлемін айтарлықтай, яғни 58 % ұлғайттық.

Компания «Экспо-2017», Универсиада-2017 сияқты, жүзден астам ел қатысқан ауқымды халықаралық іс-шаралардың тасымалдаушысы ретінде бой көрсетті. Бұл шаралар жолаушы айналымының өсіміне оңды әсер етіп қана қоймай, «Эйр Астана» әуекомпаниясы брендінің Орталық Азиядағы сенімді де қызмет көрсету жағынан үздік әуекомпаниялардың бірі ретінде нығайтуға септігін тигізді.

2017 жылы «Эйр Астана» әуе кемелері паркін жаңартып, кеңейтуді жалғастыра түсті. 2015 жылы қол қойылған операциялық лизинг келісім-шарттарына сәйкес 11 Airbus A320/321 NEO заманауи эколайнерлерінің алғашқысы жеткізілді. Әуе кемелері паркін дамыту және жаңарту стратегиясына сәйкес 2017 жылы сондай-ақ үш Airbus A320 NEO, үш Airbus A321 NEO мен бес Embraer E2-190 ұшақтарының жеткізілімі жөніндегі келісім-шарттарға қол қойылды.

Компания қазіргі таңда Алматы мен Астана хабтарынан орындалатын 60-стан астам халықаралық және ішкі рейстерден тұратын маршруттық желісін белсенді түрде кеңейтуде. Біз Астана мен Дели, Астана мен Киев, Орал мен Франкфурт қалалары арасында жаңа маршруттарды іске қосып, халықаралық тасымалдар жөніндегі көрсеткішімізді есеп беру жылында 23 % арттырдық.

2017 жылы қабылданған маңызды шешімдер қатарында алдағы он жылға арналған жаңа стратегияны бекітуді атап өткен жөн. Осы жоспардың іске асуы нәтижесінде біз жетекші аймақтық әуекомпаниялар қатарына енгіміз келетін Еуразия нарығындағы

позицияларымызды нығайтуға мүмкіндік аламыз. Ол үшін Airbus, Embraer және Boeing соңғы буын ұшақтарының есебінен паркті кеңейту жөніндегі кең ауқымды бағдарлама іске асырылатын болады. Бұдан бөлек, біз негізгі хабтарымызды дамытуды жалғастыра түсеміз. Біз 2017 жылы Астанада Орталық Азиядағы әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі ең үлкен орталыққа айналатын жаңа техникалық қызмет көрсету орталығының құрылысын аяқтадық.

Біз сонымен қатар қазақстандық ЖОО дарынды студенттерінің қабілеттерін шыңдауға, оларды оқытуға, іріктеу мен мансап жолын жоспарлауға айтарлықтай үлес қосудамыз. Компанияда білікті кадрларға деген жоғары сұраныс жоғары, сол себепті 2017 жылы «Арманыңды іске асыр» атты ауқымды рекрутинг жобасы іске қосылды. Компания міндеттерін шеше отырып, біз тек кадрлар жетіспеушілігінің орнын толтырып қана қоймай, қазақстандық бозбалалар мен бойжеткендерді абыройлы мамандық иесі атану үшін оқытып, өзіміздің әлеуметтік жауапкершілігімізді танытудамыз.

Ұшқыштарымызды Ab Initio бағдарламасы бойынша екі еуропалық жетекші мектепте ең жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес дайындаймыз. Осының барлығы бізге халықаралық жолаушыларымыздың 24 % тиесілі транзиттік тасымалдарға ерекше ден қойып, желімізді кеңейтуге бағытталған бетке алған стратегиямызды табысты түрде іске асыруға мүмкіндік береді.

«Эйр Астана» — жоғары тиімділігі клиенттерге деген бағдар алуымен, операциялық сенімділігімен, қауіпсіздігі мен шығыстарын сауатты түрде басқара білу қабілетімен анықталатын коммерциялық компания. Біз клиенттеріміздің сұрауларын алдын ала ұғынуға тырысамыз, Компанияның әрбір қызметкері мінсіз сервис көрсетуге бағдарланған. 2017 жылы Компания алтыншы мәрте қатарынан Орталық Азия мен Үндістандағы үздік компания мәртебесін растады. Біз сыйлығы авиация әлеміндегі «Оскар» іспеттес Skytrax британдық консалтинг компаниясының нұсқасы бойынша «Орталық Азия мен Үндістандағы үздік борттық қызмет» номинациясындағы көш тізгінін ұстап келеміз. Оның қызмет



сапасына беретін бағасы миллиондаған әуе жолаушыларына берілетін, сервистің 50 түрлі деңгей көрсеткіші есепке алынатын сауалнамаларға негізделген. Біз клиенттеріміздің тарапынан көрсетілетін үлкен қолдауды аса қатты бағалаймыз және болашақта да Компанияның сервистік қызмет көрсету деңгейін тек жетілдіруде боламыз.

Біздің танылғандығымыз – бір ұйымдасқан топ ретінде жұмыс істейтін бүтін ұйымымыздың арқасы және де мен біз алдымызда тұрған жігерлендіруші биік мақсаттарға тек бірігу арқылы ғана жете алатынымызға сенімдімін.

**Құрметпен,  
Нұржан Байдәулетов**

# 2.2

## ПРЕЗИДЕНТ ПЕН БАС ДИРЕКТОР ҮНДЕУІ

2017 жылы «Эйр Астана» өзінің қаржылық көрсеткіштерін жақсартты: алдыңғы жылы компания тарихында алғаш рет тіркелген теріс қаржылық нәтижеден кейін әуекомпания кірісі 767,54 млн. АҚШ долларына дейін 24 % өссе, операциялық пайда 63,26 млн. АҚШ долларына дейін 67 % өсіп, таза пайда 39,32 млн. АҚШ долларын құрап, таза маржа 5,1 % құрады.

2014 және 2015 жж. Қазақстандық теңгенің құнсыздануынан кейін орын алған сатулардың төмендеген үш жылы ішінде түсім алғашқы рет сенімді өсім көрсетті. Оған 2014 жылғы деңгейінен елу пайыздан астам төмен деңгейде қалып отырған теңгенің АҚШ долларына қатысты тұрақты деңгейде қалып отырған төмен бағамы септігін тигізуде. Бағамдық айырмашылықтардың өзгеруінен бөлек, операциялық кірісті арттыруға маркетингтік стратегиямызға қатысты қолға алынған құрылымдық өзгерістер мүмкіндік берді, нәтижесінде кірістіліктің жағымсыз үрдістерінің бетін қайтаруға мүмкіндік туды. Мәселен, Қазақстанда халықаралық рейстерге сатылатын билеттердің құны енді АҚШ долларымен есептеліп, күнделікті негізде айырбастау бағамының ауытқуларын есепке ала отырып өзгертіледі. Тек ішкі рейстер ғана теңге негізінде есептелінеді, сол себепті құнсыздану әсері компания табысының тек 30% ғана таралады. Ішкі нарық пен экономика белгілі бір дәрежеде теңгенің анағұрлым төмен бағамына бейімделді. Экспорт көлемі ұлғайып, экономиканың жалпы алғандағы өтімділігі артып, нәтижесінде тұрғылықты халықтың сатып алу қабілеттілігі көрсеткіші өсті.

Компания әуе кеңістігінде алтыншы дәрежелі әуе еркіндігі бойынша транзиттік тасымалдар желісін айтарлықтай кеңейтуге мүмкіндік алды. Бұл сегмент 58 % өсіп, енді халықаралық рейстеріміздегі түсімнен 25 % құрайды. Бұл жердегі айтулы өсім сатулардың тұтас аумағы – Ресей, Қытай, Гонконг, Украина, Өзбекстан мен ЕО елдеріндегі бәсекеге қабілетті бағалардың арқасында әуе билеттерінің құнының төмен болуына байланысты мүмкін болды.

Осы орайда ерекше назар аударған жөн. Алтыншы дәрежедегі әуе еркіндігі бойынша іске асатын тасымалдар, халық саны 18 миллион адам болып келген, ішкі нарығы салыстырмалы түрде шағын елдегі толық қызмет түрін көрсететін шағын әуе тасымалдаушы болып табылатынымызға қарамастан, бұрынғысынша тұрақты оң қаржылық нәтиженің негізгі себебі болып келеді. 2016 жыл

жөніндегі есепте мен әр қолда бар кресло-километрдің меншікті құнының 4,6 цент болуы бізге «лоукостерлерді» есепке алғанда саламыздағы өзіндік құны ең төмен компания болуды қамтамасыз ететіндігі жөнінде жазған едім. 2017 жылы орналасқан әр кресло-километр үшін меншікті құн негізінен әуе жанармайы бағасының қымбаттауы есебінен 5,2 центке дейін 13 % өсті. Жанармай ортақ салалық көрсеткіш болып табылады, сол себепті салыстырмалы бәсекеге қабілеттілікке әсерін тигізбейді. Алайда, егер оның бағасы айтарлықтай өссе, ол өз кезегінде нарықтағы жалпы сұранысқа әсерін тигізеді, себебі әуе билеттері мен жанармай алымдарына деген тарифтер өседі. Шығындар сондай-ақ бизнестің басқа салаларында да өсуде. Білікті әуе персоналы, әсіресе ұшу экипаждары, Азияда үлкен сұранысқа ие. Компанияның жоғары білікті де тәжірибелі ұшқыштары үнемі рекрутерлердің жіті назарында, сол себепті біз жалақы деңгейлеріне айтарлықтай түзету енгізіп отыруымыз қажет. Әуежайлар, әуе кемелеріне қызмет көрсету бөлімдері мен басқа да қызмет ұсынушылар негізінен шекті немесе ортамасималды жүктемелімен жұмыс істейді, сол себепті олардың қызметінің бағалары да тиісінше жоғары болады.

Шығыстар тұрғысынан қысым бар екеніне қарамастан, біз қызмет көрсетуді жетілдіру мен қызметкерлерімізді оқытуға инвестиция салуды жалғастырудамыз. Есеп беру жылында біз Boeing 767 ұшақтарында Wi-Fi байланысын, орындық арқасында теледидар орнатылмаған ұшақтарда ағындық ойын-сауық бағдарламалары, сондай-ақ орынды алдын ала таңдау опциясы мен «MyUpgrade» билет класын бизнесклассқа дейін көтеру қызметі сияқты қосымша қызметтер енгіздік. Біз кезекті рет «Төрт жұлдыз» мәртебемізді растап, «Skytrax» рейтинг агенттігінің жоғары бағасына ие болдық. Сауалнамаға қатысушылар бізді «Орталық Азия мен Үндістандағы үздік әуекомпания» санаттарында бірінші орынға қойды. Сондай-ақ біздің Компаниямыз EXPO 2017 көрмесінің демеушісі әрі әуетасымалдаушысы болып, осы іс-шараның өткізілуі шеңберінде көпшілік тарапынан кең ауқымда танылдық. 2 миллионнан астам адам келген халықаралық көрменің арқасында біз сондай-ақ жолаушылар ағынын ұлғайтуға мүмкіндік алдық.

Біз «Ab Initio» бағдарламалары бойынша жас азаматтарымызды оқытуды жалғастырып, болашағынан үміт күттіретін ұшқыштар мен инженерлік кадрларды құрамдаудамыз. Қазіргі таңда 209 ер азамат пен әйел адам осы бағдарлама бойынша оқудан өтуде.



Біз жыл соңында Астана қ. Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайында кез келген ауа райы жағдайына төтеп беретін қосарлы ангар ашып, оның ішінде алдағы жылдары ұшақтарды жөндеуден өткізіп, оларға техникалық қызмет көрсетуді жоспарлаудамыз. Біз Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының екі жыл сайынғы операциялық қауіпсіздік аудитінен (IOSA – IATA Operational Safety Audit) бесінші рет қатарынан сәтті өттік.

Мен алдында атап өткен әуе жанармайы бағасының күрт өсуімен тікелей байланысты шығыс көлемінің артуы біздің 2018 жылға жоспарлаған шығыстарды қысқарту жөніндегі саясатымызды іске асырудағы жалғыз елеулі сынағымыз болып отыр. Кірістің өсуіне біздің бизнесті кеңейту жөніндегі жоспарымыз бойынша жаңа Airbus Neo ұшақтарының жеткізілімінің кешеуілдеуі де әсерін беруі мүмкін. Бұл мәселелер Airbus NEO ұшақтарына байланысты біршама тапсырыз қабылдаған серіктестеріміз - «Airbus» пен «Pratt & Whitney» корпорацияларындағы қозғалтқыштар жеткізілімінің кешіктірілуі мен жеткізу тізбегіндегі ақаулар себебінен туындайды. Дегенмен де, нарықтардың көпшілігі тұрақты болып қалып отырғандықтан, біздің Қытай мен Үндістанға орындайтын әуе тасымалдарымыздың біршама өсуін күтуге болады. Бұл бағыттар

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жоғарыда аты аталған елдердің Қазақстанда 72 сағаттан артық емес уақытқа аялдап, Қазақстан арқылы транзитпен өткізі келетін азаматтарына виза беру талабын жою жөніндегі шешімінен кейін болашағынан зор үміт күттіреді.

Жалпы алғанда, ағымдағы нарықтық жағдайларды біздің акционерлеріміз, клиенттеріміз, қызметкерлеріміз бен Компаниямызға үздіксіз көрсетіп келе жатқан үздіксіз қолдаулары үшін алғысымды білдіргім келетін басқа да мүдделі тараптар үшін үздік нәтижелерге қол жеткізу мақсатында бақылауымызда болатын әртүрлі бағыттағы үрдістердің жиынтығы деп сипаттауға болады.

**Құрметпен,  
Питер Фостер**

## 2.3

## НАРЫҚҚА ШОЛУ ЖАСАУ

## Халықаралық әуе тасымалдарының жаһандық нарығы

Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (International Air Transport Association, IATA) мәліметтеріне сәйкес 2017 жылы жаһандық жолаушылар тасымалы 7,6 % өскен. Бұл көрсеткіш соңғы он жыл ішіндегі 5,5 % көлеміндегі орташа жылдық өсу қарқынынан айтарлықтай үлкен. Бүтін 2017 жыл ішінде тасымалдау сыйымдылығы 6,3 % артып, жүктелім коэффициенті 0,9 пайыздық көрсеткішке өсіп, 81,4 % көлеміндегі рекордтық көрсеткішке жетті.

## Халықаралық жолаушы нарықтары

Халықаралық жолаушы тасымалдары 2017 жылы 2016 жылмен салыстырғанда 7,9 % өсті. Тасымалдау сыйымдылығы 6,4 %-ға артса, жүктелім коэффициенті 80,6 % дейін өсті.

Нарықтың жыл ішінде айтарлықтай құбылғанына қарамастан, ішкі маршруттар бойынша ОЖКМ (орындалған жолаушы-километрлер) көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда 7,0 % артты. Сөйте тұра барлық аймақтарда, әсіресе Азия-Тынық мұхит аймағы мен Латын Америкасында халықаралық тасымалдарға деген сұраныстың артуы байқалды. Азия-Тынық мұхит аймағында тасымалдарға деген сұраныс жыл ішінде 9,4 % артты және оның себебі тұрақты аймақтық экономикалық экспансиямен, саяхатшылар үшін маршрут таңдау мүмкіндігінің артуымен түсіндіріледі. Алғаш рет 1994 жылдан бастап Азия-Тынық мұхит аймағы жылдық өсу қарқыны бойынша көш бастап келді. Тасымалдау сыйымдылығы 7,9 % артса, жүктелім коэффициенті 1,1 пайыздық көрсеткішке өсіп, 79,6 % құрады.

Еуропалық тасымалдаушылардың халықаралық тасымалдары көрсеткіші 2017 жылы 8,2 % артты және оның себебі аймақтағы оңтайлы экономикалық жағдай болды. Тасымалдау сыйымдылығы 6,1 % артса, жүктелім коэффициенті 1,6 пайыздық көрсеткішке өсіп, 84,4 % құрап, барлық аймақ бойынша ең жоғары көрсеткішке айналды. Таяу Шығыс бүтін 2017 жыл бойынша халықаралық бағыттардағы ОЖКМ көрсеткішінің төмендеуінің күәсі болған жалғыз аймақ болды (2016 жылғы 11,5 % көрсеткішімен салыстырғанда 6,6 % дейінгі көрсеткіш). Жылдың алғашқы жартысы аймақта орналасқан әуекомпаниялар үшін күрделі болды, дегенмен халықаралық бағыттарда орындалған жолаушы-километрлер көрсеткішінің динамикасы маусым бойынша қарастырғанда жылдың екінші жартысында болмашы дәрежеде қалпына келгендігін атап өткен жөн.

## Қазақстан экономикасы

Қазақстан Ұлттық экономика министрлігінің мәліметтеріне сүйенсек, 2017 жылы мемлекет ЖІӨ 4 % өскен. Қазақстанның инвестициялық тұрғыдан өсіп келе жатқан тартымдылығы тұрақты экономикалық өсімнің негізгі факторларының бірі болып табылады. 2017 жылы капитал салымдарының көлемі негізінен 20,5 % өсім көрсеткен компаниялардың жеке ақша ағындарының есебінен үш есе дерлік артты. Инвестициялық қызмет сондай-ақ «Нұрлы жол» вокзалының құрылысы, «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы, Индустриаландыру бағдарламасы, сонымен бірге «Агробизнес-2020» ұлттық бағдарламасы сияқты Үкімет тарапынан қаржыландырылатын бағдарламалар шеңберінде инновациялық өнеркәсіптік жобалар мен инфрақұрылымдық бастамаларды енгізу есебінен кеңейді.

Инфляцияның жылдық деңгейі 2016 жылғы 8,5 % көрсеткішінен 7,3 % дейін төмендеп, 6-8 % аралығында қалып, Ұлттық Банк бекіткен мақсаттық деңгейге сай болды. Қазақстанның сыртқы сауда деңгейі 25,1 % артса, экспорт 31,6 %, ал импорт 15,8 % жоғарылады.

Астанада өткізілген «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі экспортқа бағдарланған салаларға орасан зор серпін беріп, нәтижесінде олар тауар айналымын өсірді.

## Қазақстан әуе тасымалдары нарығы

Көлік секторына ел ЖІӨ 8 % келеді. 2017 жылы Қазақстан экономикасы 4 % артып, оған көп мөлшерде жылдық өсу қарқыны 4,8 % құраған көлік саласының өсімі себеп болды.

Қазақстанның авиациялық нарығы күрелі экономикалық ахуалдар баяулауына себеп болған 2014 жылға дейінгі соңғы бірнеше жыл ішінде жылдам қарқынмен өсіп келді. Тарихқа үңілсек, авиациялық нарықта – ішкі бағыттарда да, шет елге шығатын халықаралық бағыттарда да үнемі жергілікті жолаушылар сан жағынан басым болды. 2016 жылы Қазақстан нарығы транзиттік тасымалдардың жоғары қарқынмен өсуі болмағанда баяулап қалушы еді. Соңғы жылдары Қазақстанға сырттан келуші туристер саны өте төмен бастапқы деңгейінен көтеріле бастады, себебі Қазақстан туристік бағыт ретінде дами бастады.

2017 жылы жолаушылар айналымы 23 % өсіп, бұл көрсеткіш соңғы 25 жыл ішіндегі ең жоғары көрсеткіш болды. Елге сырттан келушілер саны 2017 жылы тағы да артып, Астана қаласында маусым мен қыркүйек аралығында өткізілген «ЭКСПО-2017» көрмесі кезінде күрт жоғарылады.

Астана әуежайындағы жолаушы ағыны 2017 жылы 20 % пайыздық көрсеткішке артып, 4 млн. жолаушыдан асты. Әуежайдың жолаушы ағынының өсіміне әрі жаз айларында «ЭКСПО-2017» көрмесінің өткізілуі, әрі Компаниямыздың жұмсаған күшінің арқасында көлемі 30% артқан транзиттік тасымалдар себеп болды. 24 % көлеміндегі өсім деңгейін жүк тасымалдары да көрсетті. 2020 жылға қарай жолаушы ағыны 35 %, ал транзиттік тасымалдар мен жүк айналымы сәйкесінше 2,5 есе және 2 есе артады деп күтілуде.

## Бәсекелестік орта

«Эйр Астана» компаниясы қазіргі таңда Қазақстан Республикасының 2017 жылы жалпы тасымалданған жолаушылар саны 4,2 млн. болып табылатын ең ірі тасымалдаушысы болып табылады.


SCAT әуекомпаниясы 2017 жылы 1,7 млн жолаушы тасымалдаса, 2016 жылы 1,3 млн. жолаушы тасымалдаған. IATA мәліметтеріне сәйкес, Қазақстанда көлемі жағынан үшінші әуекомпания болып 2017 жылы 1 млн. жолаушыға жетер-жетпес көлемде адам тасымалдаған «Bek Air» жеке компаниясы табылады. Төртінші орында тасымалдау көлемі 250 мың адамнан сәл асатын, турбовинттік ұшақтар пайдаланатын Qazaq Air мемлекеттік әуекомпаниясы келеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі авиация нарығында шетелдік әуекомпанияларға бизнестің дамуына қажетті мүмкіндіктер ұсынатын либералды саясат жүргізуде. Бұл саясат жаңа қатысушылар үшін де елдің әуе тасымалдары нарығына шығу үшін тосқауыл қоймайды.


2017 жылы қазақстандық нарықта «Аэрофлот», Fly Dubai, Turkish Airlines және т.б. қоса алғанда 27 шетелдік әуекомпания қызмет етті. 2017 жылы нарықтың жаңа қатысушылары ретінде: Air China, Finnair, LOT және Wizz Air (OAG) компаниялары бой көрсетті.



Ішкі нарықтағы үлес, %



Халықаралық нарықтағы үлес, %




## Біздің сенімді өсім

«Эйр Астана» компаниясының жиынтық жолаушы ағынының жартысы дерлік бұрынғысынша ішкі нарыққа тиесілі. Компания сондай-ақ 2026 жылға қарай әуе кемелері паркінің ұлғаюына байланысты халықаралық нарықты дамытуға күш-жігерін жұмылдыруды жалғастыра түседі.

Шығындардың төмен болуы мен тұрақты қаржылық жағдайы Компанияға нарықта тиімді түрде бәсекеге түсуге мүмкіндік береді.

## Халықаралық транзиттік жолаушы ағыны (мың адам)



2014 жылдан бергі кезең ішінде Компания транзиттік жолаушы ағынының жыл сайынғы өсімі қос таңбалы сан арқылы көрініс тапты. Транзиттік тасымалдар 50 % астам пайыздық көрсеткішке жоғарылап, жалпы алғанда жолаушы ағынының 12 % өсуіне түрткі болып, енді халықаралық тасымалдардың 24 % құрап отыр.

2017 жыл бойынша әуекомпания кірісі 24 % жоғарылап, 767,5 млн. АҚШ долларын құрады. Бұл өсім негізінен халықаралық бағыттардағы транзиттік жолаушы ағынының ұлғаюымен түсіндіріледі. Біздің жаһандық желімізді кеңейтуге бағытталған талпынысымыздың айғағы болып табылатын транзиттік тасымалдар, Қазақстанның Қытай мен Еуропа, соның ішінде Ресей арасындағы жолаушы ағынының түйісу нүктесі ретіндегі ыңғайлы географиялық орнын есепке алғанда, ең жоғары қарқынмен өсіп келе жатқан сегмент болып табылады.



## Қазақстанның транзиттік әлеуетіне ден қою

2017 жылы Air China әуекомпаниясының рейстері мен «Эйр Астана» компаниясының қосымша рейстері іске қосылған соң қазақстандық-қытайлық нарықтағы әлеует рекордтық көрсеткішке жетті. Компания 2018 жылы Гонконгқа орындалатын рейстердегі тасымалдау сыйымдылығын арттырып, жақын болашақта Қытайға жаңа бағыттар ашуды жоспарлауда. Қазақстан мен Қытай арасындағы аймақтық жолаушы ағыны туристік саладағы төмен база әсері мен іскери қарым-қатынастардың дамуының есебінен артуда.

САРА Авиация орталығының мәліметтеріне сәйкес 2017 жылдың қазан айында апта сайын Қазақстаннан Қытайға жол тартқан 40 маршрут пен 6 мыңнан астам жолаушы тіркелген. «Эйр Астана» компаниясы бес маршрутта 24 рейс орындап, жалпы тасымалдау сыйымдылығының 60 % үлесіне ие бола тұра, нарықта көш бастап келеді.

Қытайдың батысында қазақстандық шекарадан 500 км.-ге жетер-жетпес ара қашықтықта орналасқан Үрімші қаласы ортаазиялық халықтардың ірі қауымдастығының мекеніне айналуы себебінен жеткілікті мөлшерде этникалық саяхатшылардан құралған жолаушы ағынын қамтамасыз етіп отыр. Үрімші мен Алматы арасындағы қашықтық бір мың км. жетпейді, ал екі қала арасына пойызбен немесе автобуспен жол жүруге шамамен 24 сағат уақыт кетеді. Компания сондай-ақ Үрімші қаласынан/қаласына транзиттік тасымалдар орындайды.

Орталық Азияның өзге елдерімен арадағы тоғысушы рейстер, тұрақты этникалық байланыстарды есепке ала тұра, үлкен сұранысқа ие, сөйте тұра Үрімшіні өзінің хабы ретінде пайдаланатын China Southern әуекомпаниясымен арада бәсекелестік байқалады.

Бейжіңде «Эйр Астана» сондай-ақ алтыншы әуе еркіндігі шеңберіндегі транзиттік жолаушы ағынына сенім артады, сонымен бірге осы бағытты дамытуда Еуропа мен Ресей арасындағы байланыстарға ерекше назар аударылады. Қытай мен Қазақстан

іскерлік сапарлардың әжептәуір өсіміне әкелетін кономикалық байланыстарды нығайтулары керек, ал туризмге ден қою екі бағыттағы жолаушылар санының артуына түрткі болуы мүмкін.

«Эйр Астана» Gulf компаниясымен салыстырғанда Қытай мен Еуропа арасында анағұрлым жылдам әуе байланысын ұсынады, ал өзіндік құнының төмен болуы Компанияға бәсекеге қабілетті бағаның қалыптасуын қамтамасыз етіп, Еуропадан Қытайға және кері бағытта транзит арқылы өту кезінде бір рет аялдауға дайын жолаушыларды тартуға мүмкіндік береді. Бұл артықшылықтар әуе кеңістігінің алтыншы еркіндігі сегментінде жолаушылар ағынының өсуі үшін әжептәуір мүмкіндіктерге жол ашады.

Соңғы төрт жыл ішінде Компания Астана әуежайын транзиттік түйіндік әуежай ретінде дамытып келді. Соңғы жылдары «Эйр Астана» іс-әрекет шеңберін әсіресе бас қалада кеңейтуге ден қойып келді.

Инфрақұрылымдық шектеулер Алматы қаласында Компания мен өзге де әуекомпаниялардың өсуіне кедергі болды. Алматы қ. әуежайы бұрынғысынша анағұрлым ірі әуежай болып қалып отыр және де оның 2017 жылғы жолаушы ағыны көрсеткіші 5 млн. адамнан асып түскеніне қарамастан, соңғы бірнеше жыл ішіндегі өсімі болмашы ғана болды. Алматы әуежайы жеке иелікте болса, Астана әуежайы мемлекеттік меншік болып табылады және мемлекеттік инвестицияларды белсенді түрде пайдаланады, ал оның мысалы ретінде «ЭКСПО-2017» көрмесінің өткізілуінің сәл-ақ алдында ашылған жаңа терминал құрылысын келтіруге болады. Грузия, Ресей мен Украина 2017 жылы «Эйр Астана» компаниясының Үндістан, Қытай, Гонконг пен Оңтүстік-шығыс Азияға орындалатын маршруттарында алтыншы әуе еркіндігі шеңберінде жолаушы ағынының өсімін қамтамасыз етіп, Компанияның негізгі өсіміне себеп болған нарықтар қатарында болды. «Эйр Астана» 2018 жылы негізінен әрекеттегі бағыттарда тасымалдау сыйымдылығын арттырып, 2019 жылы маршруттық желіні кеңейтуге ден қою ды жоспарлауда.

Ресей Компанияның жалпы тасымалдау сыйымдылығының 26 % үлесін иеленіп отырған Компанияның ең ірі шетелдік нарығы болып табылады. Ресей сонымен бірге Қазақстаннан орындалатын ұшулар саны жөнінен ең ірі халықаралық нарық болып табылады, оған жалпы тасымалдау сыйымдылығының 30 % тиесілі. САРА мен OAG мәліметтеріне сәйкес, Компанияның қазақстандық-ресейлік нарықтағы соңғы жыл ішіндегі жолаушы айналымы шамамен 50 % жоғарылады. «Эйр Астана» әуекомпаниясынан бөлек, қазақстандық-ресейлік нарықтағы жыл бойы үздіксіз орындалатын бағыттарда «Аэрофлот», S7 мен SCAT қызмет етеді.

## Саланы дамыту жөніндегі жоспарлар

2017 жылы Қазақстан Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ICAO) аудитінен табысты түрде өтіп, әуежайлар қауіпсіздігі жүйелерінің халықаралық стандарттарына сәйкестіктің жоғары деңгейін растады. Елбасының тапсырмасымен «100 нақты қадам» ұлттық бағдарламасының шеңберінде саланы мемлекеттік реттудің британдық үлгісіне көшу жоспарлануда.

2018 жылы қазақстандық әуекомпаниялар Астанадан Түмен, Краснодар, Вильнюс, Томскіге, Челябинск, Сочи, Батуми, Душанбе қалаларына рейс ашуды жоспарлауда. Шетелдік әуекомпаниялар (AirBaltic, Emirates, FlyDubai, «Аэрофлот») Рига – Алматы, Дубай – Алматы, Дубай – Актау, Красноярск – Алматы, Москва – Кызылорда бағыттары бойынша рейс ашуды жоспарлауда

# 2.4

## СТРАТЕГИЯҒА ШОЛУ ЖАСАУ

2017 жылы «ЭЙР АСТАНА» ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМПАНИЯНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМДЫҚТАРЫНА СӘЙКЕС ОН ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫН БЕКІТТІ. СТРАТЕГИЯ АВИАЦИЯЛЫҚ САЛАНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫНА САЙ КЕЛЕТІН МИССИЯСЫН, БОЛАШАҚҚА ДЕГЕН ЖОСПАРЫ, СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТЫ МЕН КОМПАНИЯ ДАМУЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫН АНЫҚТАЙДЫ.

Жаңа 10-жылдық стратегия (2017–2026 жж.) халықаралық нарықтарға бағытталған экспансияны жеделдету және Еуропа мен Азия арасындағы түйісу орталығы ретіндегі позициясын ұстап тұру, шығындарды оңтайландыру есебінен өсімге жетуге бағытталған. Компания алдағы он жылдық ішінде әуе кемелері паркінің көлемін екі есе ұлғайтып, Орталық Азияда жетекші аймақтық желілік тасымалдаушыға айналуы жоспарлауда.

Ұзақ мерзімді перспективада Компанияның әріқарайғы дамуы келесі стратегиялық бағыттарды дамыту есебінен іске асырылатын болады

# 1

## Өсім

# 2

## Жерде қызмет көрсету мүмкіндіктері

# 3

## Клиентке бағдар алу

# 4

## Қызметкерлерді дамыту

# 5

## Инновациялар мен технологиялар

### Перспективалар

Қазақстан экономикасы 2017 жылы жандана бастады және оның негізгі себебі мұнай секторындағы ойлағаннан анағұрлым жоғары нәтижелер мен әлемдік мұнай бағаларының қалпына келуінде жатыр. Бұл, өз кезегінде, дағдарыс кезінен әлсірей бастаған ұлттық валюта – теңгеге оң әсерін тигізді.

Осындай үміт күттіретін макроэкономикалық жағдайлар аясында Компаниядағы жолаушылар ағыны 2017 жылы өткен жылмен салыстырғанда 12 % жоғарылады. Компания есеп беру жылының ішінде барлық стратегиялық басым бағыттар бойынша біршама ілгерілеп, шығындарды азайтып, қызметтің барлық бағыттары бойынша операциялық тиімділікті арттыруға бағытталған бірқатар бастама енгізді. 2018 жылы

аймақтардың көпшілігінде экономикалық өсім тұрақты болған жағдайда авиациялық сала ең жоғарғы немесе ең жоғарғы дерлік деңгейдегі қуаттылықпен жұмыс істеп, жанармайға жұмсалатын шығыстармен, әуежай қызметтеріне жұмсалатын, қызметкерлерге жұмсалатын және өзге де шығыстармен байланысты шығындар қысым көреді деген болжам бар. Осы себеппен жақын болашақта «Эйр Астана» әуекомпаниясының негізгі міндетіне жоғары сапа стандарттарын ұстап тұрып, шығыстарды бақылау айналады.

2017 жылы «Эйр Астана» бизнес-үдерістерді жетілдіру мен Компания шығындарын оңтайландыруға бағытталған түрлі жобаларды іске асыра бастады.

## Өсім

Стратегиялық басымдықтар



### Әуе кемелері паркін 32 бірліктен 64 бірлікке жеткізу және сәйкесінше тасымалдау сыйымдылығының жеткілікті мөлшерде артуы

Компания алғашқы «Airbus A321 NEO» ұшағын қабылдады. Компания жеткізілуі 2019-2020 жж. жоспарланған «Airbus A320 NEO» тобының 6 ұшағына операциялық лизинг келісім-шартына қол қойды. Жеткізілімі 2018 ж. басталатын жаңа аймақтық 5 «Embraer E2» келесі буын ұшақтарына жасалған тапсырыс расталды (операциялық лизинг).



### Транзиттік тасымалдарды қоса алғандағы (алтыншы дәрежелі әуе еркіндігі шеңберіндегі жолаушы ағыны) жолаушы ағынының артуы

Жолаушылардың жалпы саны 12 %, яғни шашамен 0,5 млн. адамға артып, алғаш рет бір жыл ішінде 4 млн.-дық көрсеткіштен асып түсті.

Шекті жолаушы-километрлермен өлшенетін Компанияның тасымалдау сыйымдылығы негізінен халықаралық бағыттардың санының артуы есебінен 13,59 млрд ШЖКМ-ге дейін 6,9 % өсті. Алтыншы әуе еркіндігі шеңберіндегі жолаушы ағыны өткен жылмен салыстырғанда 58 % өсті.

Қазіргі уақытта Новосибирск пен Екатеринбург қалаларына күнделікті негізде ұшулар орындалады.

Бангкок, Бейжің, Дубай, Ыстамбұл, Лондон, Мәскеу, Омбы, Сеул, Санкт-Петербург, Ташкент, Тбилиси мен Үрімші қалаларына орындалатын рейстер жиілігі арттырылды.



### Желіні кеңейту

Компания үш жаңа маршрут ашты: Астана – Дели, Астана – Киев, Орал – Франкфурт, олардың екеуі Астана әуежайынан іске асырылады.

Ұшулар жиілігі басым көпшілігі Астанадан ұшып шығатын 25 маршрут бойынша жалпы алғанда 27 % арттырылды.

«Эйр Астана» «ЭКСПО-2017» және Универсиада сияқты екі үлкен халықаралық іс-шараны жарнамалап, танымалдылығын арттыру бағытында қызмет етіп, соның арқасында Компания өз брендин оңтайлы жағдайлар аясындағы ішкі нарықта ғана емес, ауқымы анағұрлым кең халықаралық аудитория арасында да алға жылжытуға керемет мүмкіндікке ие болды.

## Жерде қызмет көрсету мүмкіндіктері

Стратегиялық басымдықтар



### Негізгі басымдықты Астана қ. әуежай өсіміне бере отырып, әуекомпанияның Астана мен Алматы қ. ірі түйіндік әуежайларын дамытуды жалғастыру

Астана әуежайында жаңа терминал ашылып, нәтижесінде ол Орталық Азиядағы өткізу сыйымдылығы жылына 8.2 млн. жолаушыға жететін, ауданы 47 000 ш.м. болып табылатын ең ірі әуежайға айналды.

2017 жылдың қазан айынан ішкі рейстердің жолаушылары үшін «Шаңырақ» бизнес-класс күту залы ашылды.



### Әуекомпанияның инженерлік қуаттылықтарын дамыту және Астана қаласындағы техникалық орталық құрылысы

2017 жылы Астана қ. әуежайында іске қосылуы 2018 жылдың алғашқы ширегінде деп күтілетін жеке техникалық орталық құрылысы аяқталды.



## Клиентке бағдар алу

Стратегиялық басымдықтар



### Борттық қызмет көрсету

16 ұшақ ішкі және халықаралық рейстердегі жолаушыларға борттағы ойын-сауықтың кең таңдауын ұсынған RAVE IFE (стримингтік беріліс мүмкіндігі) жүйелерімен жабдықталды. Екі «Боинг-767» ұшағында «Борттағы инернет» қызметі іске қосылды.

Көрпелер мен жамылғылардың, бас сүйегіштер мен жастық тыстардың дәстүрлі ұлттық элементтер енгізілген жаңа дизайны іске қосылды.



## Қызметкерлерді дамыту

Стратегиялық басымдықтар



### Жас дарынды мамандар тарту үшін тартымды бренд қалыптастыру

«Эйр Астана» бүтін ел бойынша жаңа қызметкерлер іздеу, тарту мен оқытуға бағытталған «Арманыңды іске асыр» атты науқанын іске қосты.



### Қызметкерлерді бағалау мен олардың дағдыларын дамыту үшін қызметкерлерді аттестациядан өткізу рәсімдерін жетілдіру

2008 жылы Ab-Initio алғашқы рет іске қосылғанда оқи бастаған сегіз ұшқыш капитан лауазымына дейін жоғарылады.



### Корпоративтік мәдениетті жетілдіру мен жоғары кәсіби стандарттарды енгізу

Қызметкерлердің дағдылары мен білімін дамытуға бағытталған Компания саясатына сәйкес «Эйр Астана» корпоративтік оқыту бағдарламаларын, соның ішінде кіріспе тренингтер мен нұсқамалықтарды сондай-ақ басшылық құрамға арналған семинарларды өткізуін жалғастырды.

Компания үздік халықаралық стандарттарға сай болу үшін «Эйр Астана» ұшқыштарына қажетті нақты құзіреттіліктер мен дағдыларды анықтады.

Тиімділікті бағалаудың жаңа рәсімдері жасақталды.

Компанияда корпоративтік дайындық академиясы құрылды және ол бүкіл әлем бойынша авиация саласындағы мамандарды, соның ішінде ұшқыштар, бортсеріктер, инженерлер мен азаматтық авиация саласындағы өзге де мамандарды EASA стандарттарына сай деңгейде дайындайды.

## Инновациялар мен технологиялар

Стратегиялық басымдықтар



### Ақпараттық технологиялар көзқарасы тұрғысынан аймақтағы үздік әуекомпания ретіндегі эволюция

«Эйр Астана» «Боинг-767» әуе кемелері паркіне теңдесі жоқ жылдамдық, сенімділік пен тұрақтылық ұсынатын кеңжақты интернет желісіне қосылуды мүмкін қылатын Rockwell Collins / Inmarsat GX Aviation жүйесін орнатты.

Компанияның 16 ұшағында IFE модификацияланған стримингтік жүйесі орнатылды (қазіргі уақытта бұл жүйе «Эйр Астана» әуекомпаниясының 22 ұшағында орнатылған).

Қызметкерлерді басқару үдерістері автоматтандырылды (соның ішінде КСApp қосымшасы, оқытуды басқарудың жаңа жүйесі, жаңа электронды мәліметтер базасы, қызметтік аттестация жүйесі және т.б.).

Астана мен Алматыдан ұшып шығатын барлық (соның ішінде халықаралық) рейстер үшін) мобильдік отырғызу талоны қызметі іске қосылды.



### Компанияның сатулар технологиясын дамыту

2017 жылы сандық сатулар көлемі 2016 жылмен салыстырғанда 29 % өсіп, қазіргі уақытта бүтін желі бойынша іске асатын жолаушы тасымалы сатуларының 12 % құрап отыр. Мұндай өсім вебсайтты қолдану қолайлылығын арттыру, жарнама, үлестес бағдарламалар мен клиенттердің сатып алу әдеттерінің үйлесуі нәтижесінде мүмкін болды.

«Эйр Астана» корпоративтік сайтының көптеген модульдері, соның ішінде Nomad Club жетілдірілді.

Қалаған орынды сатып алу қызметі (MySeat) бірнеше арна бойынша іске асты: «Эйр Астана» әуекомпаниясының кассалары, тіркеу бағандары, онлайн- және туристік агенттіктер арқылы іске асты.

Тұрақты клиенттерді сыйақылау жүйесі қызмет көрсетуді жетілдіруге мүмкіндік беретін заманауи платформа деңгейіне дейін жаңартылды.



## Борттағы ойын-сауық

Біз осы уақытқа дейін 16 ұшақты инновациялық ағындық құрылғымен жабдықтап, ішкі және халықаралық жолаушыларға ұшу барысында ойын-сауықтың кең таңдауын ұсыну мүмкіндігіне ие болғанымызды қуана хабарлаймыз. Енді ең қысқа деген саяхат та сізді жалықтырмайтын болады. Жолаушыларымызға фильмдер, электронды кітаптар мен музыканың кең таңдауы қолжетімді. Жаңа релиздердің барлығы ағылшын тілінде орыс тіліндегі дубляжбен қолжетімді. Бұдан бөлек, корей тіліндегі дубляж қосылып, 2018 жылдың наурыз айынан мультимедиялық кітапхананың барлық материалдары қытай тілінде дубляж жасалған күйінде қолжетімді болады. Фонотека қытай, корей және үнді музыкасы есебінен кеңейтілді.



# 3.1

## ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

«Эйр Астана» әуекомпаниясының қызмет көрсету сапасының жаңартылған стандарттары мен пробелсенді маркетингтік стратегиясының арқасында 2017 жылы жүктелім коэффициенті 67% дейін жоғарылап, өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 12% (2016 ж. – 3,7 млн. жолаушы) жоғары болып келетін рекордтық көрсеткіш - 4,2 млн. жолаушы тасымалдау мүмкін болды. Осындай жедел өсім соңғы рет төрт жыл бұрын, Компания әуе кемелері паркін ұлғайтып, нарықтағы ықпалын арттырған кезде байқалған болатын. 2017 жылғы біздің қызметіміздің жоғары көрсеткіштері қызмет көрсету сапасын жоғарылатудың Компания өсімі үшін әжептәуір мүмкіндік ұсынатындығының айғағы болып табылады. Компания жинақтаған орасан зор тәжірибе, даму стратегиясы мен шешім қабылдаудың тиімді үдерісі Компанияға әуе кемелері паркінің көлемін тұрақты деңгейде ұстай отырып, экономикалық өсім аса жоғары болмаған, ішкі бәсекелестік артып отырған жағдайлар аясында айтулы нәтижелерге жетуге жол ашты. Жолаушы ағынының қарқынды өсімі негізінен халықаралық жолаушылар тарапынан байқалатын сұраныстың артуымен түсіндіріледі және бұл сұраныс көрсеткішін орта мерзімді перспективадағы тұрақтылықтың қосымша факторы ретінде қарастыруға болады.


### Тасымалданған жолаушылар саны, мың адам



Жолаушылар ағынының өсуіне 2017 жылы көлемі жағынан 23% жоғарылаған халықаралық тасымалдардың жоғары көрсеткіштері түрткі болды.


«Эйр Астана» әуекомпаниясының жолаушылар санының 2017 жылғы өсімі негізінен Қазақстан арқылы өтетін халықаралық транзиттік жолаушылар ағыны мен «Экспо-2017» көрмесінің өткізілуіне орай Астана бағытындағы жолаушылар сұранысымен түсіндіріледі. 2017 жылы транзиттік жолаушылардың жалпы саны өткен жылмен салыстырғанда 58% жоғарылады. Осы өсімге себеп болған негізгі фактор – Қытай, Үндістан, Украина, Орталық Азия мен өзге де елдердің ішкі нарығындағы халықаралық транзиттік тасымалдар.

### Ішкі, халықаралық және транзиттік жолаушылар ағыны, мың адам



«Эйр Астана» әуекомпаниясы күнделікті негізде Новосибирск пен Екатеринбург (Ресей) қалаларына рейстер орындай бастады. Бұдан бөлек, «Эйр Астана» әуекомпаниясы Санкт-Петербург, Лондон, Үрімші мен Тегеран қалаларына орындалатын ұшулар жиілігін арттырды. 2017 жылы Компания сондай-ақ екі жаңа маршрут ашты. Олардың алғашқысы әрекеттегі Алматы-Дели маршрутын толықтырған Астана – Дели бағытында болса, екіншісі Қазақстанның солтүстік-батысын Еуропа жүрегімен байланыстыруды мүмкін қылған Орал-Франкфурт маршруты болды.

### Жүк, пошта мен нормадан тыс багаж, тонна




Жүк, пошта мен нормадан тыс багаж сатуларының көлемі 20% жоғарылады. Бұл өсім шет мемлекеттен Қазақстан қалаларына ұшып келу кезіндегі транзиттік рәсімдердің жеңілдетілуімен түсіндіріледі.


### Келесі рейстердегі жолаушылар саны, мың адам



### Қонулар саны мен сағат саны



### Ішкі бағыттарда орындалған жолаушы-километрлер (млн) мен жүктелім коэффициенті (%)



### Халықаралық бағыттарда орындалған жолаушы-километрлер (млн) мен жүктелім коэффициенті (%)



## 3.2

## КЛИЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

“ БІЗДІҢ МАРКЕТИНГТІК СТРАТЕГИЯМЫЗДЫҢ НЕГІЗІ – ДҰРЫС ӨНІМДІ ДҰРЫС КЛИЕНТКЕ ОҒАН ЕҢ ЫҢҒАЙЛЫ ӘДІС АРҚЫЛЫ ОЛ ЕҢ ДАЙЫН КЕЗДЕ БАЙЛАНЫСТЫҢ БАРЛЫҚ НҮКТЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҮЙЛЕСІМДІ ЕТЕ ТҰРА ҰСЫНУ.

Ричард Леджер, Маркетинг және сатулар жөніндегі Вице-президент

## Сатулар және маркетинг

Есеп беру жылының ішінде «Эйр Астана» әуекомпаниясы желісін дамытып, жолаушы тасымалы мен нарықтағы жайғасымынан келетін кірістерді арттыру үшін коммерциялық мүмкіндіктерді пайдаланып отырды. Универсиада-2017 (қысқы студенттік ойындар) «Эйр Астана» әуекомпаниясына өз брендин тек ішкі әлеуетті клиенттер арасында ғана емес, ауқымдырақ халықаралық аудитория арасында алға жылжытуға мүмкіндік берді. Бренд танымалдылығын арттыруға бағытталған іс-шаралар баспасөз басылымдарын, радио, сыртқы жарнама мен онлайн-арналарды пайдаланудан құралды.

Көрсетілген әрбір арнадан түсіп отырған кіріс соңғы екі жыл ішінде салыстырмалы түрде тұрақты деңгейде қалып отырды. Халықаралық және ішкі бағыттардағы сатулардың негізгі бөлігі сауда агенттері арқылы (BSP жүйесі арқылы жұмыс істейтін туристік агенттіктер) іске асады және де оларға 2016 жылы халықаралық жолаушы тасымалдарынан түскен кірістің 81 %, ал ішкі жолаушы тасымалдарынан түскен кірістің 78 % тиесілі болды. 2017 жылы туристік агенттіктер арқылы сатылған ішкі бағыттағы тасымалдардан түскен кіріс үлесі 77 % дейін болмашы ғана, яғни 1 пайыздық көрсеткішке төмендеді. Корпоративтік

сайт арқылы жасалатын сатулар көлемі 1 пайыздық көрсеткішке жоғарылап, 9 % құрады.

Туристік агенттіктер арқылы сатылған тасымалдардан келген кіріс көлемі Қазақстаннан тыс желілік сатулардың сенімді деңгейде болуының арқасында (алтыншы дәрежелі әуе еркіндігінің шеңберінде саяхат жасаушы жолаушылар) 1 % жоғарылады. Эйр Астана» компаниясының өз кассалары арқылы жасалатын тікелей сатуларынан келетін кіріс көлемі 2016-2017 жж. аралығында халықаралық бағыттар бойынша 8 %-дан 7 % дейін, ішкі рейстер бойынша 14 %-дан 13 % дейін төмендеді.



Компанияның 2018 жылы (және одан әрі қарай) халықаралық транзиттік тасымалдарды дамыту қажеттілігі себебінен өз кірістерін арттыруды қамтамасыз етуде халықаралық нарықтарға арқа сүйеп отырғандығын ескерсек, халықаралық рейстерге билеттердің туристік агенттіктер арқылы сатылу көлемі бұрынғы деңгейде қалады деп күтілуде. Дегенмен де, Компания мақсаттарының бірі – корпоративтік сайттың пайдаланылу көрсеткішін арттыра отырып, бренд танымалдылығын жоғарылату.

Ішкі рейстерге қатысты алдағы жылдары интернет-сатулардың өсімі мен «Эйр Астана» кассалары мен агенттіктер арқылы



жасалатын сатулар деңгейінің төмендеуі күтілуде. Мобильді құрылғылар көмегімен сату үдерісін жеңілдетуге мүмкіндік беретін жаңартылған әрі жетілдірілген қосымшаны іске қосу мен дербестендірілген сандық маркетингтік платформаны пайдалану үлесін арттыру онлайн-сатулар өсімін ынталандырушы факторларға айналады.

Өзге әуекомпаниялармен арадағы серіктестік қарым-қатынастардың сатулар құрылымындағы рөлі барған сайын артып, осындай серіктес компаниялар үшін де кірістер өсімін, әсіресе, халықаралық маршруттарда қамтамасыз етеді. Код-шеринг және интерлайн-сатулардан түскен кіріс үлесі қазіргі уақытта 2 % төмен болып келеді.

Жазда өткізілген «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі «Эйр Астана» компаниясына әлемдік нарыққа шығу үшін көптеген мүмкіндік ұсынды. Өкілдіктері, туристік агенттіктер мен туроператорлар, сондай-ақ корпоративтік вебсайты арқылы бүкіләлемдік сатулар жүйесін пайдалана отырып, «Эйр Астана» аталмыш іс-шараны әрі онлайн-ресурстар арқылы, әрі дәстүрлі арналар арқылы алға жылжытты. «Эйр Астана» әуекомпаниясы «Экспо-2017» көрмесінің ресми әуетасымалдаушысы ретінде халықаралық жолаушыларына

10 мыңнан астам кіру билетін ұсынып, көрмеге келушілер санының артуына септігін тигізді. Көрмеде «Эйр Астана» павильонында Компания қызметінің нәтижелері жөнінде «экологиялық таза ұшуларға 15 жыл» атты ақпарат ұсынылды. Көрме қонақтары иммерсивті 5D-кинотеатрында екі жарнамалық фильм көріп, Қазақстан арқылы өтетін халықаралық транзиттік тасымалдардың саяхат уақытын қалайша қысқартып, нәтижесінде қоршаған ортаға келетін зиянның қалайша азаятындығы жөнінде ақпарат алуға мүмкіндік алды.

«Эйр Астана» әуекомпаниясының 2017 жылғы жолаушылар санының өсімі негізінен Қазақстан арқылы өтетін халықаралық транзиттік трафик пен «Экспо» көрмесінің өткізілуіне орай Астана бағытында жолаушы сұранысының артуымен түсіндіріледі. 2017 жылы тасымалданған жолаушылардың жалпы саны өткен жылмен салыстырғанда 12 %, яғни жарты миллион адамға дерлік артып, алғаш рет 1 жылда 4 млн. жолаушы көрсеткішінен асып түсті. Жолаушы тасымалынан түскен кірістердің жалпы көлемі өткен жылдың дәл осындай кезеңімен салыстырғанда 22 %, яғни 33 млрд теңгеден астам сомаға артты. Шет мемлекеттерден Қазақстан

арқылы үшінші елдерге саяхаттаушы транзиттік жолаушылар саны 2016 жылмен салыстырғанда 59 % артып, «Эйр Астана» әуекомпаниясының болашақ дамуы үшін нағыз мүмкіндікке айналды. Осындай нәтижеге транзиттік тасымалдардың бүтін желісі ықпалын тигізіп, ресейлік нарықтың қалпына келуі ең үлкен дәрежеде әсер етті.

## Стратегиялық серіктестік

Коммерциялық серіктестік 2017 жылы дамудың маңызды факторы ретінде қалып отырды, алайда Lufthansa әуекомпаниясымен арада жасалған код-шеринг келісімін атап өткен жөн. Жаздың басына қол қойылған бұл келісім Lufthansa бүтін жаһандық жүйесі бойынша Франкфурт-Астана бағытындағы «Эйр Астана» рейсін тоғысу рейсі ретінде пайдаланып, нәтижесінде «Экспо» көрмесінің көптеген қонақтары үшін саяхаттау біршама жеңілдеді. Дәл сол жылы кейінірек «Эйр Астана» гонконгтық Cathay Pacific тасымалдаушысымен код-шеринг келісіміне қол қойды. Оның 2018 жылдың I ширегінде іс жүзінде жүзеге аса бастауынан кейін «Эйр Астана» жолаушылары Сингапур, сондай-ақ австралиялық Сидней, Мельбурн мен Перт қалаларына жеке билеттер алу мүмкіндігіне ие болады.

## Сату арналарын дамыту


### Тікелей сатулар

2017 жылы тікелей сатулар мен клиенттермен арадағы тікелей байланыстар «Эйр Астана» компаниясы үшін маңызын жоғалтқан жоқ. Компания Алматы, Астана, Атырау мен Ақтау сияқты қалалардың орталық аудандарында, сондай-ақ бүтін Қазақстан бойынша билет сату кассаларын пайдаланып, жаңғыртты. Алматы мен Астана қалаларындағы екі негізгі кол-орталық технологиялық тұрғыдан жетілдірілді, соның ішінде Smart аттестация жүйелері мен клиенттермен арадағы онлайн-чат функцияларын атап өтуге болады. Онлайн режимдегі сатуларды есепке алмағанда «Эйр Астана» әуекомпаниясының кассалары 2017 жылы Қазақстандағы жолаушы тасымалынан түскен жалпы кірістің 18 % әкелді.

### Онлайн-сатулар

2017 жылы «Эйр Астана» әуекомпаниясының сандық сатуларында да, корпоративтік сайттың онлайн-брондау жүйесі арқылы да, «Эйр Астана» қосымшасы арқылы да әжептәуір өсім байқалды. Сандық сатулар 2017 жылы өткен жылмен салыстырғанда 29 % артып, қазіргі уақытта бүтін жүйе бойынша іске асатын жолаушы тасымалы көлемінің 12 % құрап отыр. Мұндай өсім сайттың қолданылу тұрғысынан ыңғайлылығы жағынан жетілдіріліп, контекстік және өзге де жарнаманың пайдаланылуы, үлестес бағдарламалар мен клиенттердің сатып алушылық дағдылары есебінен қамтамасыз етілді. Сайт бұрынғысынша «Эйр Астана» әуекомпаниясының сатулар стратегиясында өте маңызды орынға ие, себебі онлайн-сатулардың нарықтағы танымалдылығы күн санап артуда.

Алайда онлайн-орта «Эйр Астана» әуекомпаниясы үшін қауіп-қатерлер туғызады, себебі мета-іздеу жүйелері мен әуе билеттерінің құнын салыстыру сайттары клиенттерге тек ұшу ұзақтығы мен бағаға негізделген туристік шешімдерді ұсына отырып, авиацияны коммерциялауға тырысады. Саладағы осы жаһандық үрдіс «Эйр Астана» компаниясын



айналып өтпесе де, 2017 жылы ол жолаушылардың талаптарының бірдей бола бермейтіндігін және барлығының да саяхаттау үшін арзан нұсқаны таңдай бермейтіндігін ескеретін бағдарлама жасақтап, осы жүйеге қарсы тұру мақсатында біраз қадам жасады. Мәселен, MyUrgade бағдарламасы брондалған және сатып алынған билеттері бар эконом-класс жолаушыларына ұтыс тігіп, билеттерін классын онлайн-құралды пайдалану арқылы бизнес классқа дейін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ жолаушылар енді орындықтар арасындағы қашықтығы үлкейтілген жайлы орындарды немесе салонның алдыңғы бөлігіндегі орындарды алдын ала таңдай алады. 2018 жылы кірістердің өсуін қамтамасыз ететін тағы бірнеше қосымша өнімді іске қосу жоспарлануда.

### Жүк тасымалдарын сату

2017 жылы жүк тасымалдарының сатылу көлемі 2016 жылмен салыстырғанда 20 % өсті. Мұндай өсімге шет елдерден Қазақстан қалаларына ұшып келу кезіндегі транзиттік рәсімдердің оңайлатылуы себеп болды. Бұл үрдіс 2018 жылы сақталады деп күтілуде.

### Маршруттық желінің дамуы

2017 жылы «Эйр Астана» әуекомпаниясы Новосибирск пен Екатеринбург (Ресей) қалаларына күнделікті негізде рейстер орындай бастады. Күнделікті рейстер орындау жөніндегі шешім «Эйр Астана» әуекомпаниясының стратегиялық орнымен қамтамасыз етілетін артықшылықтарды транзиттік жолаушы ағынын ұлғайту үшін толығымен пайдалануға мүмкіндік беретін желісінің дамығандық дәрежесін арттыру жөніндегі стратегияның құрамдас бөлігі болды. Бұдан бөлек, «Эйр Астана» әуекомпаниясы Санкт-Петербург, Лондон, Үрімші мен Тегеран қалаларына орындалатын рейстердің жиілігін арттырды. 2017 жылы Компания сондай-ақ екі жаңа маршрут ашты. Оның алғашқысы әрекеттегі Алматы-Дели маршрутын толықтырған және 2026 жылға қарай көлемі жағынан үшінші авиациялық нарыққа айналатын ел мен «Эйр Астана» компаниясының ресейлік, ураиндік және ТМД желісімен арасында байланыстар құруға қажетті сыйымдылықты қамтамасыз еткен Астана – Дели маршруты. Екінші маршрут болса, көміртегі саласы мен «үлкен



европалық аймақты» қолдай отырып, Қазақстанның солтүстік-батысын Еуропа жүрегімен тікелей байланыстыруға мүмкіндік берген Орал– Франкфурт маршруты. «Эйр Астана» әуекомпаниясы сатуларының негізгі бөлігі бұрынғысынша туристік агенттіктер арқылы іске асады, сол себепті жыл бойы нарықтағы үлесімізді ұстап тұрып, арттыру үшін туристік агенттіктерді ынталандыру бағдарламалары мен үлкен көлемдегі сатулармен жұмыс істейтін агенттермен арада топтық және төмендетілген тарифтер жөніндегі келісімдерге отыру сияқты механизмдер пайдаланылды.

### Бүкіл әлем бойынша жолаушылар желісі

«Эйр Астана» өз қызметтеріне маркетинг жүргізуден бөлек Қазақстанды әлемдік туристік бағыт ретіндегі танытып жүр. «Эйр Астана» компаниясының 1 ғана доллар тұратын «Стоповер Холидейс» пакеті әлемнің кез келген нүктесіндегі жолаушыны Алматы немесе Астанада аялдама жасап, ұшуын жалғастыруға шақырады. 2017 жылы тек Компания тарапынан демеушілік көрсетілетін аталмыш науқан шеңберінде «Эйр Астана» бәлкім, осындай ұсыныс болмаса,

Қазақстан арқылы саяхат жасағысы келмеуі мүмкін жолаушыларға Қазақстан қонақүйлерінде 10 мың бөлме ұсынды. Бұл бағдарлама артықшылықтары бүтін қонақүй желісі бойынша сезіледі. Бағдарламаның 300 мыңдай мүшесі мен Nomad Club тұрақты клиенттеріне арналған 8 мыңдай элиталық карта иегерлері 2017 жылы оның 10-жылдық мерейтойын атап өтті. Жыл ішінде несие карталарының кобрендинг бағдарламасына тағы бір банк қосылып, серіктестік бағдарламасы бірқатар қазақстандық брендтің қосылуы арқылы кеңейді.

2017 жылы енгізілген маңызды жетілдірулердің бірі қатарында бағдарлама мүшелеріне ұшу алдын өз ұпайларын ұшу классын жоғарылату үшін пайдалану мүмкіндігін алғаш рет ұсыну болды. 2018 жылдың I ширегінде Nomad Club клиенттердің адалдығы мен бағдарламаға қызығушылығын одай сайын арттыру мақсатында ұпай қосудың жетілдірілген жүйесін ұсынады.

### Тарифтік топтар

Бұдан бөлек «Эйр Астана» компаниясы 2018 жылдың I ширегінде фирмалық тарифтерді енгізуді жоспарлауда. Яғни, жолаушылар енді билеттерді багаж көлемі, икемділік, ләунджға рұқсат алу немесе салондағы қалайтын орындары сияқты өздерінің арнайы талаптары негізінде сатып ала алатын болады. Әр жолаушының талабы әртүрлі болып келетіндіктен, «Эйр Астана» әуекомпаниясы түрлі опциялардың кеңейтілген таңдауын ұсыну арқылы сатуларының сапасын арттырады. Аталмыш бастама «Эйр Астана» компаниясының бәсекеге қабілеттілігін арттырып, клиенттерін қажеттіліктерін барынша толықтай қанағаттаныратын болады деп күтілуде. 2018 жылы жаңа қосымшаның іске қосылуымен тығыз байланысты жаңа сандық маркетингтік платформаның арқасында «Эйр Астана» әуекомпаниясы өнім және мерзімге қатысты талаптарға сай келетін дербестендірілген нақты ұсыныстар жасай алатын болады.

### Әртараптандырылған өнімдік ұсыныс

Бұл жоба жоспар бойынша кірістердің қосымша модулі мен қалаған орындар таңдауын ұсынудан тұрған еді. MySeat фирмалық қызметінің шеңберінде жолаушылар енді аяқ жайғастырып отыру үшін қосымша кеңістігі бар немесе салонның алдыңғы бөлігінде орналасқан орындарды алдын ала брондай алады. MySeat өнімдерін «Эйр Астана» компаниясының әуежайлардағы және қалалық кассалары, сондай-ақ кол-орталық, корпоративтік сайт, туристік агенттіктер арқылы және тіркеу жүріп жатқан кезде сатып алуға болады. 2018 жылы аталмыш өнімге сондай-ақ жаңа мобильді қосымша арқылы және онлайн тіркеу кезінде қол жеткізуге болады. Алдағы жыл ішінде алдын ала сатып алу арналары арқылы нормадан тыс багаж, борттық Wi-Fi жән туристік сақтандыру сияқты өзге де өнімдер ұсынылатын болады.

## Жерде қызмет көрсету

### Мобильді тіркеу

2017 жылы Астана мен Алматыдан ұшып шығатын барлық рейс үшін (соның ішінде халықаралық) «Эйр Астана» әуекомпаниясы мобильді отырғызу талондары қызметін ұсынды. Бұл қызмет сонымен бірге Атырау аймақтық әуежайында ішкі рейстер үшін ұсынылды. Қауіпсіздік саласында енгізілген жетілдірулер «Эйр Астана» әуекомпаниясына жолаушыларға әуежайда тексерістен өту кезінде электронды тіркеу жүйесін ұсынуға мүмкіндік берді. Бұл жүйе адами қателік ықтималдылығының азаюын қамтамасыз ететін қағазсыз тіркеу рәсімін жүргізуді мүмкін қылды. Қазан айында жолаушыларды әуежайдағы тексерістен өту рәсімдері кезінде тіркеу заң жүзінде бекітіліп, енді Компания осы жүйені барынша көп облысты қамтитындай кеңейтуді жоспарлауда. Бұдан бөлек, болашақта биометрикалық техноогияларға өту жоспарлануда.

### Бизнес-класс күту залы

2017 жылдың қазанында ішкі рейстермен ұшып шығатын жолаушылар үшін Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайында «Шаңырақ» күту залы қайтадан өз есігін ашты. Жаңартылған интерьерден бөлек, бизнес-зал сонымен бірге жолаушыларға жаңа ас мәзірін ұсынады. Халықаралық рейстермен ұшып шығушы бизнес-класс жолаушылары үшін Компания келесі жылы жеке күту залымен алмастырылатын жаңа терминалдағы VIP-залды ұсынады.

### Бизнес-класс жолаушыларына арналған тіркеу тағандары

2017 жылы жерде қызмет көрсету департаменті бизнес-класс жолаушыларына арналған тіркеу тағандарын жаңартып шықты. Өзге де жетілдірулерге таспадан жасалған қоршауларды қызыл арқаннан жасалған премиум-класс қоршауларымен алмастыру, бизнес-класс тағаны алдындағы қызыл кілемді ұзарту, қол жүгіне арналған тіркеу тағанының жанына жұмсақ орындық қою мен бизнес-класс

тағанын сәйкестендіру үшін қарсы алу белгілерін орнату жатады. Осындай жаңалықтар өткен жылы Skytrax аудиті шеңберінде өз бағасын алды. Келесі жылы жерде қызмет көрсету департаменті дәл осылайша эконом-класс жолаушыларына арналған тіркеу тағандарын жаңартуды жоспарлауда.

### Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайындағы жаңа терминал

2017 жылдың шілдесінде Компания өзінің Астанадан орындалатын барлық рейстерін Нұрсұлтан Назарбаев Халықаралық әуежайының жаңа терминалына көшірді. Жаңа терминал барлық халықаралық стандарттарға жауап береді және Компанияға желілік жолаушы ағынына, яғни оның түйіндік әуежайларының транзиттік әлеуетіне тікелей тәуелді болып келетін қызметінің аясын кеңейтуге мүмкіндік береді. Жаңа терминал Компания тарапынан пайдаланылатын багажды басқару жүйесі, багажды сорттау жүйесі мен жолаушыларды тіркеу жүйесі сияқты бірқатар инновациямен жабдықталған. Жаңа терминалдың өткізу қабілетінің сағатына 1800 жолаушы мен багаждың 1220 бірлігіне тең екенін атап өту маңызды. Әуежайды кеңейту ішкі рейстерге қызмет көрсететін терминал жұмысын жеңілдетіп, ұшулар жиілігін арттыруға мүмкіндік берді. Қазіргі уақытта жерде қызмет көрсету департаменті әуежаймен өткізу қабілетін арттыру бағытында бірлесе жұмыс істеді.



### Алматы: багажды басқару жүйесі

2017 жылдың тамызында Алматы халықаралық әуежайында багажды тиеу мен шығаруға (BRS) кезең-кезеңімен мониторинг жүргізу жүйесі енгізілді. Бұл жүйенің енгізілуі багажды басқару тиімділігін арттырды. Жаңа BRS жүйесі багажды оның тіркеуден өткен уақытынан бастап ұшаққа тиелген уақытына дейінгі аралықтағы барлық уақыт ішінде қадағалап отырады. Жолаушылардың өз багажымен қауышу тиімділігі артып, жаңа технологияның арқасында бүтін багаж транзиттік тасымалдар кезінде бір ұшақтан екінші ұшаққа тез арада жеткізіледі.

### Алматы: транзиттік аумақтың кеңеюі

2017 жылдың қыркүйегінде транзиттік/трансферлік жолаушыларға арналған аумақ 50 м2 үлкейтілді. Шығу аумағының айналасындағы транзиттік аумақ VIP-зал есебінен 400 м2 –ге кеңейтілді. Транзиттік аумақты осылайша кеңейту транзиттік жолаушыларға қалаға шығып бара жатқан жолаушылардан бөлінуге мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, жаңа транзиттік аумақ әуежайдағы тексеріс аумағы мен екінші Rapiscan қауіпсіздік жүйесі үшін қосымша кеңістікті қамтамасыз етеді. Осы факторлардың барлығы жолаушылардың күту уақытының азаюына септігін тигізеді.

### Алдағы бес жылға арналған жоспарлар

Алдағы жылдары жерде қызмет көрсету департаменті көрсетілетін қызметтер сапасын арттырып, жаңа өнімдер ұсынып,

бірнеше жаңа жобаны іске қосып, Қазақстанда жерде қызмет көрсетудің толыққанды жобасын жасақтауды жоспарлауда. Соның ішінде департамент негізгі түйіндік әуежайларда (Астана мен Алматы) рейстерге өздігінен қызмет көрсетуді, сонымен қатар өзге әуекомпанияларға көрсетілетін қызметтерді жетілдіру бағытындағы жұмысын жалғастырады. Негізгі міндеттер қатарында жолаушылардың өздері мен багажын өздіктерінен тіркеуге қатысты қызметтерді дамыту, Fast Travel тұжырымдамасының іске қосылуын есепке алғандағы түрлі рәсімдерді жеңілдету мен биометрияны қоса алғандағы жаңа технологияларды іске қосуды атап өтуге болады. Жерде қызмет көрсету департаментінің стратегиялық міндетіне «Эйр Астана» әуекомпаниясының бүтін қазақстандық желісі бойынша әуежайларда өзіне-өзі қызмет көрсету қызметін енгізіп, өз қызметтерінің Орталық Азия, Кавказ бен ТМД елдеріне таралу ауқымын кеңейту есебінен аймақтық көшбасшы орнын иелену жатады. «Эйр Астана» компаниясының бір артықшылығы - оның Қазақстанның жекелеген әуежайларында мұздануға қарсы өңдейтін жеке жабдығын пайдалануға рұқсат беретін, сондай-ақ халықаралық деңгейде танылған стандарттар мен тәжірибелерге сәйкес жерде қызмет көрсету операцияларын оқытуды өткізуге берілген лицензиясы бар жалғыз әуекомпания мәртебесі.

Әрекеттегі инновациялық технологиялар аясын кеңейту алдыңғы қатарлы қызметтер мен өнімдерді енгізуді талап етеді. Дамудың негізгі салалары арасында төмендегілерді атап өтуге болады:

» Жолаушылар мен багаж тасымалы. Транзиттік жолаушыларға арналған арнайы тіркеу бағандары, тұрақты клиенттерді тіркеу, багажды өткізуге арналған арнайы тағандар, өздігінен тіркелу рәсімдерін әрі қарай дамыту, бизнес-класс күту залдарында клиенттерге қызмет көрсету деңгейін жетілдіру, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі жандардың рәсімдерді тездетіп өтуі мен оларға арнайы көмек көрсету.



» Әуе кемелеріне жерде қызмет көрсету. Рейстер арасында қызмет көрсету уақытын рейстер графигін мүлтіксіз ұстану мақсатында қысқарту, басымдықты багажды өңдеу мен транзиттік багажды ұшақтан алып, тиеудің тездігі.

» Мұздануға қарсы өңдеу рәсімдері. Әуе кемелерін қозғалтқыштар қосулы кезде мұздануға қарсы өңдеу, мұздануға қарсы өңдеуші сұйықтықты сынауға арналған зертханалық жабдықты орнату, Алматы мен Астанада орталықтандырылған нысандардың құрылысы.

» Жоғалған багаж. Жолаушылардың жоғалған багажына байланысты мәселелерді шешуде үздік сервис ұсыну мақсатында жоғалған багажды қадағалау мен іздестіру рәсімдерін жетілдіру.

» Жөнелтілімдерді басқару жүйесінің (DCS, Departure Control System) жеткізушілерімен және Халықаралық әуе көлігі қауымдастығымен (IATA, International Air Transport Association) арадағы биометрикалық паспорттарды енгізу мен жолаушылар жөніндегі алдын ала ақпаратты (API, Advance Passenger Information) жолаушыларды тіркеу құрылғылары мен «Эйр Астана» әуекомпаниясының иммиграциялық талаптары жөніндегі жеке мәліметтер базасына иммиграциялық органдар тарапынан салынатын айыппұлдарды болдырмау мақсатында енгізу бағытындағы жұмыс.

» Өздігінен тіркелу қызметтерінің қолжетімділігін арттыру мен кезектерді басқаруды оңтайландыруға бағытталған Fast Travel IATA тұжырымдамасын қабылдау.

Fast Travel бағдарламасының негізгі анықтаушы факторларына жолаушыларға жылдамдық пен жайлылықты қамтамасыз ететін өзіне-өзі қызмет көрсету опциялары, сондай-ақ еңбек төлеміне кететін шығындар мен күту уақытын азайта отырып, клиенттерге қызмет көрсету сапасын арттыру жатады. Өзіне-өзі қызмет көрсету опциясы кеңейген сайын мобильді құрылғылар төмендегілер үшін жиірек қолданылатын болады:

» Жолаушыларды тіркеу, тегтерді, штрихкодтар мен тұлғаны растаушы құжаттарды сканерлеу;

» Өзге өндірістік бөлімдермен байланыста болу үшін оңтайландырылған интерфейсті жерде қызмет көрсету үшін;

» Қызметкерлер мен жабдық қозғалысын бақылау деңгейін арттыру үшін құрылғы мәртебесін қадағалау және тексеру;

» Нақты да өзекті ақпаратқа тез арада қол жеткізу.

## Борттық қызмет



ЖОЛАУШЫЛАРЫМЫЗДЫҢ КӨҢІЛІНЕН ШЫҒУ МҮМКІНДІГІ ӘУЕКОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ БӘСЕКЕЛЕСТЕРМЕН САЛЫСТЫРҒАНДАҒЫ АНАҒҰРЛЫМ ЖОҒАРЫ ЖҰМЫС САПАСЫНА ҒАНА ТӘУЕЛДІ ЕМЕС. ОЙДАҒЫДАЙ СЕРВИС ДЕҢГЕЙІНЕ ӨЗГЕ САЛАЛАРДА БЕКІТІЛЕТІН СТАНДАРТТАР ДА ӘСЕРІН ТИГІЗЕДІ, СЕБЕБІ БІР САЛАДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӨНІМДЕР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ОСЫ ИНДУСТРИЯНЫҢ БҮТІН САЛАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАРДЫ ЖОҒАРЫЛАТАДЫ. БІЗ БІР ОРЫНДА ТҰРА БЕРМЕЙМІЗ. БҮЛ ӘЛЕМ ҰДАЙЫ ӨЗГЕРІСКЕ ТҮСУДЕ, ОНЫМЕН БІРГЕ ТҰТЫНУШЫ ТӘЖІРИБЕСІ ДЕ ӨЗГЕРУДЕ. КӨШБАСШЫ БОЛУ ҮШІН БІЗ ҮНЕМІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ ҚАЗІРГІДЕН ДЕ ЖОҒАРЫ ДА ЖАН ЖАҚТЫ ДЕҢГЕЙІНЕ ҰМТЫЛУЫМЫЗ ҚАЖЕТ.

Маргарет Фелан, борттық қызмет жөніндегі Вице-президент

«Эйр Астана» борттық қызметінің негізгі мақсаты – әр жолаушыны ұшудан кейін жақсы әсерде қалдыру. Осындай нәтижеге жету кілті «Эйр Астана» компаниясының бүтін рейстеріндегі борттық қызметтің жоғары сапасында жатыр. Компанияның міндеті - борттық қызмет деңгейін бәсекелес компаниялар деңгейінен жоғары деңгейде ұстай отырып, шығыстарды азайтып, жолаушылардың көңілінен шығып, толық кешенді қызмет көрсетуші жоғары сапалы әуекомпания ретіндегі «Эйр Астана» имиджін ұстап тұру. Ешкім де Компанияның борттық өнімдері мен қызметтеріне күмән келтірмеуі тиіс. «Эйр Астана» әрі ұшақ бортында пайдаланылатын өнім мен клиенттерге қызмет көрсету стандарттарына, әрі әуежайда көрсетілетін қызметтерге талдау жасайтын халықаралық Skytrax агенттігі максималды баға ретінде беретін бес жұлдыздың төртеуіне ие болды.

### Борттағы ойын-сауық

«Эйр Астана» әуекомпаниясы ұшу барысында әуе саяхаттарының ажырамас бөлігіне айналып үлгерген жоғары сапалы ойын-сауық ұсынумен ерекшеленеді. Мәселен 2017 жылы Компания 16 әуе кемесін RAVE IFE мәліметтердің ағындық берілісі жүйесімен жабдықтап, енді компания әуе кемелері паркінде ішкі және халықаралық рейстердің жолаушыларына жеке құрылғыларында мультимедиялық контенттің кең таңдауы ұсынылатын 22 ұшақ бар. Компанияның Boeing 757 және 767 әуе кемелері RAVE жеке борттық ойын-сауық жүйелерімен жабдықталған. Өзге ұшақтарда бизнес-класс салонында ұшу ұзақтығы үш

сағаттан аспайтын барлық рейстерде портативті жеке ойын-сауық жүйелері ұсынылады. Жолаушылар қажеттіліктеріне жауап беру үшін Компания әр рейстегі жолаушының жасы мен ұлтын есепке алып, көркем фильмдер мен деректі фильмдерді, телехикаялар мен музыканы ыждағаттылықпен таңдайды. 2017 жылы бейнеконтент кеңейді. Енді әрбір рейсте он фильм көруге болады. Сонымен бірге үш телехикая қосылып, олардың жалпы саны бесеуге жетті (үш голливудтық және екі орысша телехикая). Компанияны бәсекелестерінен ерекшелендіретін өзге фактор қатарына «Эйр Астана» компаниясында жолаушылардың көпұлттылығы мен көптілділігін есепке ала отырып, араб, қытай, ағылшын, француз, неміс, қазақ, корей, қытай, орыс, түрік, хинди тілдеріндегі фильмдер топтамасы ретіндегі ойын-сауық

мүмкіндіктері ұсынылады. Барлық жаңа идеялар қазіргі уақытта орыс тілі мен корей тіліне дубляж жасалып, ағылшын тілінде қолжетімді, ал 2018 жылдың наурызынан фильмдер мен телехикаялар да қытай және кантон тілдеріне дубляж жасалған күйінде қолжетімді болады.

2017 жылы «Эйр Астана» өзінің B767 әуе кемелерінде Inmarsat компаниясының GX Aviation технологиясын орнатқан алғашқы әуекомпания болып, осылайша Компанияның инновациялық технологиялар мен жолаушыларға қызмет көрсетудің жоғары стандарттарына бағдарланғандығын растады. Қазіргі таңда бұл технология – теңдесі жоқ жылдамдық, сенімділік пен тұрақтылықпен ерекшеленетін, борттағы кеңжақты интернет байланысы үшін арнайы жасақталған жалғыз қолжетімді технология.



Кей жолаушылар бортта негізінен ойын-сауыққа мән берсе, жолаушылардың енді бір тобы жаңалықтар мен әлемде берілетін көрпені, сондай-ақ ұшу ұзақтығы орташа- және үлкен рейстер кезінде бизнес-кассқа арналған жол жүру жиынтықтарын пайдалана алады.

### Борттағы жайлылық

Бизнес-класс жолаушылары халықаралық рейстерде түнгі ұзақ ұшулар кезінде берілетін көрпені, сондай-ақ ұшу ұзақтығы орташа- және үлкен рейстер кезінде бизнес-кассқа арналған жол жүру жиынтықтарын пайдалана алады.

Christian Lacroix және Furla халықаралық жоғары сән үйлері тарапынан жасақталған әйел адамдар мен ер адамдарға арналған жол жүру жиынтықтары бойына стиль мен астамдық, жоғары сапа мен функционалдылық, нәзіктік

пен жайлылықты жинаған. Дизайнерлік жиынтықтар саяхаттау кезінде қажет көптеген заттардан бөлек Christian Lacroix және La Mer косметикалық құралдарынан тұрады.

Астана мен Лондон, Франкфурт және Париж арасындағы рейстерде Компания жолаушыларға қызмет көрсетудің жаңа класы – жатын экономклассын ұсынады. Жатын экономкласс жолаушылары экономкласс салонының алдыңғы бөлігіндегі бөлек секцияда үлкен жеке кеңістікке ие болады. Әр мейманға үш орыннан құралған қатар беріліп, соның арқасында жолаушы эконом-классстың толық тарифінен болмашы ғана қымбат бағаға ұшу кезіндегі жайлылықты сатып ала алады.

Нәрестелермен саяхаттаушы жолаушылар (бір жасқа дейінгі) балаларға арналған керуеттерді пайдалана алады, нәтижесінде саяхат анағұрлым қауіпсіз

әрі жайлы өтеді. Мұндай қызмет Airbus A321 (эконом- және бизнес-класс), Boeing 767 (эконом- және бизнес-класс), Embraer E190 (эконом және бизнес-класс) пен Airbus A319 және A320 (бизнес-класс) борттарында қолжетімді.

Ең кішкентай жолаушылар да Компания назарынан таса қалған жоқ. Олар үшін Little Prince мен National Geographic жиынтықтары, борттағы ойын-сауық бағдарламаларының арнайы бөлімі, салауатты балалар тағамы, борттық кітапхана, түрлі ойыншықтар, бояғыштар, басқатырғылар мен бортта уақытты көңілді өткізуге арналған өзге де ұсақ-түйектерден құралған, балаларға арналған қораптар, сонымен бірге жақында ғана қолданысқа енгіліген, арнайы балалар үшін жасалған құлақпаптар қолжетімді.



### Борттағы тағам

2017 жыл бойы «Эйр Астана» борттық тағамын жетілдіру үдерісі жалғасын тапты, оның шеңберінде анағұрлым сапалы да жан-жақты қызмет көрсетуге септігін тигізетін өзгерістер енгізілді.

Мәселен, бизнес-класста ұшу басталғанда алдымен берілетін сусындардың жаңа таңдауы. Енді барлық халықаралық рейс жолаушылары жаңадан дайындалған таңқурай шырынын немесе лимонад таңдай алады. Бұл өзгеріс қаптамадағы сусындармен салыстырғанда біршама ілгері қадам болып табылады және де ол Skytrax аудиторлары тарапынан оң бағасын тапты.

Экономкласс жолаушылары үшін де жаңа ұсыныс әзірленді. Енді Астана – Алматы танымал маршрутында дәстүрлі түрде ұсынылып келген ыстық сэндвичтер орнына толыққанды ыстық тағам экспресс-қызметі енгізілді. Маусымдық мерекелер кезінде Компания

бизнес- және экономкласстың барлық жолаушыларына сыйлықтар тарту етеді. Отандық өнім болып табылатын шоколад конфектерінің сыйлық қораптары салонда пайдаланылатын өнімнің реңктік гаммасы мен маусымдық безендірілуіне сәйкес арнайы жасақталды. Олар барлық меймандардың көңілінен шығып, бортсеріктер болса, жолаушылардан көптеген жылы пікірлер естіді. Бизнес- және экономкласс салондары үшін асханалық құралдардың абсолютті жаңа таңдауы дайындалды. Жаңа құралдар әдемі де заманауи дизайнмен, жағымды реңктік гаммасымен ерекшеленеді. Жиынтықтарды алмастыру 2018 жылдың басында орын алады деп жоспарлануда. Борттық тағам мен борттық қызметке жауапты Компания қызметкерлері қызмет көрсетудің жаңартылған стандарттары «Эйр Астана» компаниясының киенттері тарапынан оң бағасын алады деген сенімде.

### Бортсеріктердің жұмысы, оларды оқыту және біліктілігін арттыру

Орташа жасы бес жыл болып келетін әуе кемелері паркі, су жаңа технологиялар немесе үздік борттық қызмет, сөзсіз, өте маңызды. Алайда клиенттермен жұмыс істей алатын білікті қызметкерлердің, яғни жолаушылардың көңілінен шыға алатын және қажетті қызметтердің толық кешенін ұсына алатын бортсеріктердің болуы маңыздылығы жағынан одан кем түспейді.

Компанияның әрбір жетістігінің артында бортсеріктер мен бортта қызмет көрсету жөніндегі топтың өзге де мүшелерінің жұмысы тұрады. Олардың кәсібилігі «Эйр Астана» жөнінде әсер қалыптастыруда ең маңызды рөл ойнайды. Осыны есте сақтай отырып, Компания негізгі қызметкерлерді дайындауға көп күш-жігерін жұмылдырады.

2017 жылы экипаж мүшелері үшін қызмет көрсету стандарттарын жетілдіру, борттағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен ұшу және қызмет көрсету экипаждарының арасындағы өзара байланыс деңгейін жоғарылату мақсатында 260-тан астам оқу курсы өткізілді.

Экипаж мүшелеріне қажетті жігерлендіру деңгейін ұстап тұру үшін қызмет көрсету стандарттарының сапасы мен олардың сақталуын қадағалайтын бөлімше тұрақты түрде клиенттердің қанағаттанушылық деңгейіне мониторинг жүргізеді. Бұдан бөлек, іріктеу мен бортсеріктерге кешендік қызмет көрсетуді үйретуге көп көңіл бөлінеді. «Эйр Астана» компаниясында өз қызметкерлеріне жетістіктің маңызды элементі ретінде қараса, дәл сондай нәтиже болатынына сенімді көзқарас қалыптасқан.



2017 жылы жұмыс үдерістерінің автоматтандырылуына, экипажды тіркеуден өткізудің жаңа аумағы, басшылық кеңселері, нұсқамалықтарды өткізуге арналған бөлмелер және ең бастысы экипаж демалатын аумақтардың жарықтандырылуының жаңартылуы мен дизайнына көп көңіл бөлінді. Экипаж осындай аумақтарда өз жұмысын бастап, аяқтайды, сол себепті дәл осындай жерлерде олардың жұмыс күнінің қандай көңіл-күймен өтетіндігінің негізі қаланады. Кәсіби жетістіктердің танылуы, жұмыстың ыңғайлы графигі мен «Эйр Астана» қызметкерлерінің жайлы жағдайларда еңбек етуі қызмет үшін, яғни жолаушыларға жоғары деңгейде қызмет көрсету үшін жоғары маңызға ие.

Есеп беру жылында Компания экипаж мүшелерінен құралған анағұрлым қарқынды да ұйымдасқан топтың құрамдастырылуы үшін ерекше көңіл бөліп келді, ол үшін ұшу алдындағы бірлескен нұсқамалық енгізілді.

Бұл, өз кезегінде, «Эйр Астана» әуекомпаниясының барлық рейстерінде тиімді, қауіпсіз де нәтижелі жоғары сапалы қызмет көрсету деңгейін қалыптастыруға септігін тигізеді.

2017 жылы «Эйр Астана» әуекомпаниясы Skytrax Audit жүйесінің стандарттары бойынша үшінші аудитын өткізді. Нәтижесінде Компания Skytrax рейтингінде борттық өнімдері мен қызметтері үшін «Орталық Азия мен Үндістандағы үздік әуекомпания» ретінде «4 жұлдызға» ие болды. Аудиттан бұрын бір жыл бойы Компания барлық Skytrax алдыңғы аудиттерін зерделеп, жасалған ұсыныстар бойынша түзетулер іске асырылды.

Компаниямыз жетінші жыл қатарынан «Орталық Азия мен Үндістандағы үздік әуекомпания» марапатын ұстап тұрып, бесінші мәрте қатарынан «Орталық Азия мен Үндістандағы үздік борттық қызмет» номинациясында сыйлық алудан үмітті.



## 3.3

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР  
МЕН ЭЛЕКТРОНДЫҚ БИЗНЕС

«ЭЙР АСТАНА» АЙМАҚТА ИННОВАЦИЯЛАР ЕСЕБІНЕН БӘСЕКЕЛЕСТІК АРТЫҚШЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҰМТЫЛАТЫН ЖЕТЕКШІ ӘУЕКОМПАНИЯ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. КОМПАНИЯНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БИЗНЕС-МАҚСАТТАРЫН ҚОЛДАЙ ОТЫРЫП, АТ МЕН ЭЛЕКТРОНДЫҚ БИЗНЕС ДЕПАРТАМЕНТІ БИЗНЕСТІҢ КӨМЕКШІ ЭЛЕМЕНТІ БОЛҒАННАН ГӨРІ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. БІЗДІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІМІЗГЕ «ЭЙР АСТАНА»-ҒА БАРЫНША СӘЙКЕС КЕЛЕТІН ТИІСТІ ІТ-ШЕШІМДЕРДІ ПАЙДАЛАНЫП, ЖОҒАРЫ САПАЛЫ ҚЫЗМЕТПЕН ҚАТАР ПАЙДАЛЫ ДА ТИІМДІ АҚПАРАТТЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Чаминдра Ленава, ақпараттық технологиялар мен электрондық бизнесті дамыту жөніндегі Вице-президент

Коммерциялық  
қызмет

2017 жылы «Эйр Астана» компаниясының сатулар және маркетинг жөніндегі қызметіне қолдау білдіру үшін бірнеше бастама қолға алынды. Мәселен, тұрақты клиенттерді сыйақылау жүйесі қызмет көрсету ауқымы жетілдірілген қосымша опцияларды ұсынатын заманауи платформаға дейін жетілдірілді. Nomad Club бағдарламасының мүшелері үшін дәл ұшу алдында ұшу класын жоғарылату жөнінде алдын ала ұсыныстар жіберу мен сұрауларды орындау мақсатында жаңа сенімді қосымша жасақталды және олардың көпшілігі бұл бастама үшін ризашылықтарын білдіріп үлгерді. Топтық брондаулар санының өсуімен осындай брондауларды өңдеу үшін жаңа жеке жүйе жасақталды және 2018 жылы оны дамыту жоспарланды. «Эйр Астана» компаниясының жеке өнімі болып табылатын сатуларды басқару жүйесі жаңа нұсқасының шығуымен біршама жаңартылды. Қалаған орынды сатып алу қызметі (MySeat) бірнеше арна

арқылы, «Эйр Астана» әуекомпаниясының кассалары арқылы, тіркеу тағандары, онлайн режимінде және туристік агенттіктер арқылы жүзеге асты. Бұл жоба «Эйр Астана» клиенттеріне қосымша қызметтерді енгізу жөніндегі ең ірі жобалардың біріне айналды.

Электрондық  
коммерция

«Эйр Астана» корпоративтік сайты клиенттерімізбен байланысудың негізгі арналарының бірі және бізді Қазақстандағы электрондық коммерцияның ең ірі біртұтас платформасына айналдырған басты сату арнасы болып табылады, Сайт онлайн-брондау мн тіркеу, ұшып келулер мен ұшып шығулар, брондау мәліметтерін тексеру және т.б. сияқты қызметтердің кең таңдауын ұсынады. «Эйр Астана» мобильді қосымшасы - алуан түрлі функциялар ұсынатын, саяхаттарды ұйымдастыру сұрақтары бойынша таптырмас қалта көмекшісі болып табылады.

2017 жылы онлайн-сатулар көрсеткіштері көңіл көншітерлік өсім деңгейін көрсете бастады. Сайтқа алғаш рет кірушілер саны өткен жылмен салыстырғанда 17 % өсіп, парақшаларға көз жүгірту көрсеткіші 24 % жоғарылады. Онлайн-сатып алулар саны 24 % артып, қалаған орындардың онлайн сатылуы (MySeat) аса табысты болды.

Сайттың көптеген тараулары, соның ішінде Nomad Club тарауы жетілдірілді. 2017 жылы тек төлем жасау сервисінің жеткізушісін таңдау тұрғысынан емес, сонымен бірге онлайн сатып алуға болатын өнімдер мен қызметтердің таңдауын кеңейту үшін жетілдірілген сатып алу қабілеттілігін ұсыну мақсатында жаңа төлем парақшасы жасақталды. Іске қосылуы 2018 жылға деп жоспарланған сайттың келесі жаңартылуы жолаушыларға төлем валютасын таңдауға мүмкіндік береді. 2017 жылы жолаушыларға билет ұтып алу мүмкіндігін ұсынған онлайн-ойын ұсынылды. Онлайн-науқандар саны да 2016 жылмен салыстырғанда жоғары болды. Мәселен, Астанадағы «Экспо-2017» көрмесіне жол тартқан жолаушыларға осы іс-шараға кіру билеттері ұсынылды. Сонымен қатар



Үндістаннан келе жатқан жолаушыларға көрсетілетін қызмет сапасын арттыру үшін мамандандырылған аймақтық сайт іске қосылды.

2018 жылы жаңа мобильді қосымшаны іске қосу электронды маркетингтің жаңа платформасымен бірге мобильді арналар арқылы электронды сауданың жандануына алып келеді деп күтілуде. Бұдан бөлек, 2018 жылы онлайн-сақтандыру іске қосылады. Жолаушыларға сондай-ақ тіркеуден өткеннен кейін электронды борттық журналдарды жүктеу қызметі қолжетімді болады. Келесі жылы сондай-ақ «Эйр Астана» блогын іске қосу жоспарда бар.

## Қызметкерлер

2017 жылы қызметкерлердің жұмысын сандандыру жөніндегі стратегиялық жоспар шеңберінде бірқатар маңызды кезең тәмамдалды. Мәселен, корпоративтік қызметкерлерге арналған қосымшалардың арасында үздіктердің біріне айналған қызметкерлерге арналған мобильді қосымша (KSArr) іске қосылды. KSArr қосымшасымен бір уақытта іске қосылған тағы бір сервис - қызметкерлерге арналған автобус трекері. 2017 жылы іске қосылған оқытуды басқарудың жаңа жүйесі ERP негізіндегі ескі жүйені алмастырды.

Жаңа платформа көптеген мүмкіндіктер ұсынып, қызметкерлерді оқыту мен жетілдіруді басқаруда аса тиімді болып келеді. Қызметкерлерді іріктеу жөніндегі ірі науқандарды қолдау мақсатында өткен жылы жаңа рекрутингтік сайт іске қосылып, ол 2018 жылы қызметкерлерді басқарудың жаңа жүйесін енгізу шеңберінде жетілдірілетін болады. 2017 жылы қызметкерлердің іссапарларына арналған KCFly жүйелі түрде жаңартылып, оның жаңа нұсқасы шықты. Сонымен бірге қызметкерлердің қатысушылық деңгейін арттыруға бағытталған инновациялық функциялардан құралған жаңа қызметтік аттестация жүйесі таныстырылды. 2018 жылы қызметкерлердің жетістіктерін тек аттестация барысында ғана емес, жыл бойы танып отыруға арналған ультразаманауи шешім енгізіледі.

Функционалды  
үдерістер

2017 жылы орталық басқару жүйесі мен оқыс оқиғаларды басқару жүйесі үшін де жаңа нұсқалар жасақталды. Корпоративтік құжат айналымы үшін электронды қолтаңбаларды пайдалана отырып, жаңа платформа енгізілді. Құжаттарды басқарудың бұл жүйесі 2018 жылы «Эйр Астана» бизнес үдерістерін оңтайландыру үшін кеңейтілетін

болады. Ангарлар жүйесін басқару жүйесі жасақталды. «Эйр Астана» әуекомпаниясының функционалды валютасының қазақстандық теңгеден АҚШ долларына өзгертілуі өте қысқа мерзімде іске асырылған маңызды жоба болды. 2017 жылы тәмамдалған IT-нфрақұрылымының негізгі жобасы Астанадағы жаңа ангарлық және кеңселік кешендер үшін жаңа ақпараттық-технологиялық инфрақұрылымды жасақтаумен байланысты болды. IT-инфрақұрылымы саласында 2017 жылы іске асырылған өзге де жобалар қатарында жаңа желіаралық экран жобасы, желіні кеңейту жөніндегі жобалар мен парольдерді басқаруға арналған өз-өзіне қызмет көрсету порталы бар.

2018 жылы тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі енгізілетін болады. Компания сондай-ақ 2018 жылы ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі ISO27001 сертификатына қол жеткізуді жоспарлауда және ол алдағы жылдың негізгі жобасына айналады.

«Электрондық коммерцияда  
қауіпсіз транзакциялар  
жүргізгендігі үшін берілетін  
марапат»

Интернет арқылы жүргізілетін сатуларын өсіре отырып, әуекомпания сонымен бірге алаяқтық деңгейін толығымен жойды десе болады. «Эйр Астана» «Электрондық коммерцияда қауіпсіз транзакциялар жүргізгендігі үшін берілетін марапат» атты Visa Kazakhstan сыйлығына ұсынылды. Мұндай сый-сыяпат ең алдымен алаяқтық ықтималдылығының толығымен жойылғандығымен түсіндіріледі. Әуекомпания үшін онлайн-сатулар көлемінің сақталып, қарқынының жоғарылауына қарамастан 2017 жылы іске асқан онлайн-транзакциялар үшін кері төлемдер жасау қажеттілігі болған жоқ.

## 3.4

ИНЖЕНЕРЛІК-ТЕХНИКАЛЫҚ  
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

«ЭЙР АСТАНА» ҰШУЛАР ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ҮЗДІК СТАНДАРТТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ, СОНДАЙ-АҚ ӘУЕ КЕМЕЛЕРІНЕ КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУҒА ҰМТЫЛАДЫ. АСТАНА, АЛМАТЫ МЕН АТЫРАУ ҚАЛАЛАРЫНДА ЖЕТЕКШІ СЕРВИСТІК ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ-ЭКСПЛУАТАЦИЯЛЫҚ НЫСАНДАРЫ БАР КОМПАНИЯ ИНЖЕНЕРЛІК-ТЕХНИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕР БОЙЫНША АЙМАҚТТЫҚ КӨШБАСШЫҒА АЙНАЛУҒА ҰМТЫЛУДА. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫ МЕН ӘУЕ КЕМЕЛЕРІНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЕУРОПАЛЫҚ АИВАЦИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК АГЕНТТІК (EASA) ПЕН ҰЛТТЫҚ АЗАМАТТЫҚ АИВАЦИЯ КОМИТЕТІ (ААК) ТАЛАПТАРЫНА САЙ ІСКЕ АСЫРЫЛАДЫ.

Күрделі экономикалық ортаға қарамастан, 2017 жыл Компания үшін табысты болып, келесідей оқиғалармен есте қалды:

- » Астанада жаңа техникалық қызмет көрсету мен қолдау орталығының ашылуы;
- » Компанияның өзінің дайындық мектебіне Boeing 767 әуе кемелеріне қызмет көрсетуді оқытуға EASA рұқсатын алу;
- » Компания өздігінен жасақтаған, қажетті құжаттардың, нұсқаулықтар мен үдерістердің барлығын бір уақытта қолжетімді қылатын Tech Pubs, жүйесінің тәмамдалып, іске қосылуы;
- » Алматыда ангарды жалдау мерзімін тағы бес жылға ұзарту.

Инженерлік-  
техникалық қызмет

«Эйр Астана» әуекомпаниясы өз ұшақтарына үдерістер мен рәсімдерге ұдайы тексеріс жүргізіп отыратын EASA, Аруба азаматтық авиация басқармасы (DCA) мен ұлттық Азаматтық авиация комитетінің талаптарына сәйкес қызмет көрсетеді. Бұдан бөлек, 2017 жылы «Эйр

Астана» әуекомпаниясының Алматы, Астана мен Атырау қалаларындағы қызметіне жан-жақты тескеріс жүргізілгеннен кейін EASA 145 Бөлім сертификаты мен IATA эксплуатациялық қауіпсіздік аудитінен өткендігі жөніндегі сертификаттың әрекет ету мерзімдері ұзартылды.

Компанияның 2017 жылы техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметі Қытай мен Еуропада техникалық қызмет көрсету мен жөндеу ұйымдарының базасында өткізілген 24 ірі тексерістен құралды. Қазақстанда қозғалтқыштар мен шассилер жоспарлы түрде алмастырылып, А-check формасы бойынша тексерістер өткізіліп, сондай-ақ құстармен қақтығысу салдарынан келген ақаулар мен перронда пайда болған ақауларды құрылымдық жөндеуден өткізу жөнінде бірқатар жұмыс жүргізілді. Тамыз айынан бастап техникалық қызмет көрсетуді бақылау орталығы Ahead-Pro жүйесін пайдалана отырып, «Эйр Астана» әуекомпания Embraer әуе кемелері паркіндегі ақауларды шынайы уақыт режимінде мониторингтен өткізе бастады.

Бұдан бөлек, 2017 жылы салондарды жаңарту жөніндегі бірнеше ірі бастама, соның ішінде 16 ұшақта IFE стримингтік ойын-сауық жүйелерін орнату мен

Boeing 767 әуе кемелерінде интернетке шығуды қолжетімді қылу бағытындағы жұмыстар жалғасын тапты. Жаз кезінде Компанияның жердегі көмекші жабдық жөніндегі департаменті барлық жерде қызмет көрсету жабдығы мен мұздануға қарсы өңдеу жабдықтарына оларды қысқы маусымға дайындау үшін тексерістен өткізді.

«Эйр Астана» кезекті рет Skytrax зерттеуі бойынша Азия мен Үндістандағы үздік әуекомпания болып танылып, салондарды жинау бөлімі жөнінде келесідей пікір қалдырылды: «Салондардың тазалық стандарттары 4,5 жұлдыз бен 5 жұлдыз аралығындағы деңгейде; «Эйр Астана» қызметінің осы қыры ерекше тиімділікпен сипатталады».

Компанияның жөндеу цехтарын дамыту жалғасын тапты: багажға арналған контейнерлерді дәнекерлеп жөндеу станциялары, IFE құлаққаптарын жөндеу станциясы (ол жерде күнібүгінге дейін қоқысқа тасталып келген 4,7 мың құлаққап жөндеуден өтті) мен апаттық радиомаяктардағы батареяларды алмастыру цехы құрамдалды.

Инженерлік-техникалық  
қызметтерді сату

2017 жылы инженерлік-техникалық қызмет департаментінің сатулар бөлімшесі оқыту мен семинарлар өткізуден қосымша кіріс әкеліп, нарықта техникалық қызмет көрсетуді табысты түрде ілгерілетуін жалғастыра түсуде. Астанада техникалық қызмет көрсету орталығының ашылуымен қазіргі уақытта белсенді түрде зерделеніп жатқан көптеген қосымша тысқары мүмкіндіктер туындайды. Бұл бөлімше өзге әуекомпаниялардан келіп түсетін техникалық қызмет көрсету, логистика мен кедендік рәсімдеу, материалдарды өңдеп, сақтауға қатысты сұрауларды өңдеу сияқты жұмыстардың үйлестірілуін іске асырады. Ол сондай-ақ Компания мектебінде авиациялық салада білім алуды үйлестіреді.

Өндірістік оқыту  
бағдарламасы

Инженерлік жобалар жөніндегі менеджер Қазақстанда білікті қызмет көрсетуші кадрлардың жетіспеушілігі проблемасын шешу жөніндегі маңызды жобаны іске асырды. Жоба нәтижесінде Компанияға осы тапшылықтың орнын оқытудың

өндірістік бағдарламасын енгізу арқылы толтырудың Компания үшін аса пайдалы болатындығы белгілі болды. Бағдарлама іске қосылғаннан кейін қазіргі студенттер ол бойынша Еуропадағы серіктеспен бірлесе оқитын болады. Оқу аяқталған соң олар EASA сертификатын иеленіп, Компанияның кеңеюі жолында жаңа механиканың көзіне айналады.

2018 жылға арналған  
перспективалар

Инженерлік-техникалық қамсыздандыру жөніндегі департаменттің 2018 жылға арналған перспективалары мен негізгі жоспарлары төмендегілерден тұрады:

- » Boeing 767 әуе кемелері паркі мен Астанада шоғырланған барлық әуе кемелеріне қолдау көрсету үшін Астанада техникалық қызмет көрсету жұмыстарының басталуы;
- » Өндірістік оқыту бағдарламасының іске қосылуы;
- » Airbus 321NEO ұшақтарын әуе кемелері паркіне енгізу жөніндегі жұмыс;
- » 2019 ж. лизингке алынған әуе кемелерін қайтару мен ұшақтардың жеткізіліміне дайындалуы;

- » Тысқары клиенттік қызметтерді, әсіресе Астанада дамыту;
- » Өз әуе кемелеріміз негізінде техникалық қызмет көрсету мүмкіндіктерін әрі қарай дамыту;
- » Техникалық қызмет түрлерін ұсыну есебінен кірістердің жаңа ағындарын дамыту.

# 3.5

## ҚАУІПСІЗДІК

### Жолаушылар мен қызметкерлер қауіпсіздігі

Жолаушылар мен қызметкерлер қауіпсіздігі Компаниядағы негізгі құндылықтардың бірі болып табылады, ал қауіпсіздіктің ең жоғары стандарттарын енгізу басты корпоративтік мақсат болып табылады. Компания қауіпсіздікті басқару жүйесінің шеңберінде қауіп-қатерлерді анықтау мен талдаудың, тәуекелдерді азайтудың құрылымдалған әрі кешенді үдерістерін іске асырады. Компания басшылығы тәуекелдерді белсенді әрі тиімді түрде басқаруға ұмтылып, қызметкерлеріне барлық деңгейдегі қауіпсіздік бойынша оларға артылған міндеттемелері мен міндеттерін естеріне салып отырады.

#### Қауіпсіздік стандарттарына сәйкестік

2017 жылы Компания алдыңғы қатарлы халықаралық стандарттар мен тәжірибелерді ұстануын жалғастырып отырғандығын айғақтады. Мәселен, 2017 жылы екі жылда бір рет өткізілетін IOSA эксплуатациялық қауіпсіздік жөніндегі аудитінен (IATA Operational Safety Audit) алтыншы рет сәтті өтті. Бұдан бөлек, «Эйр Астана» бұрынғысынша қызметі IOSA стандарттарын жетілдіруге бағытталған IOSA жұмыс тобының құрамына кіреді.

2017 жылы Біріккен Корольдіктің Азаматтық авиация істері жөніндегі басқармасы өткізген EASA 145 Бөлім («әуе кемелеріне желілік техникалық қызмет көрсету») аудиті мен Ирландия Азаматтық авиация істері жөніндегі басқармасы тарапынан ұйымдастырылған EASA 147 Бөлім («Техникалық қызмет көрсету жөнінде оқытуды ұйымдастыру») стандарты бойынша өткен аудиттен

сәтті өтті. EASA 145 Бөлім стандарты бойынша сертификат иегері бола отырып, «Эйр Астана» әуекомпаниясы өз әуе кемелері паркіне толыққанды техникалық қызмет көрсетіп, содай-ақ өзге әуе тасымалдаушыларына ағымдағы техникалық қызмет түрлерін көрсетеді.

Компания сондай-ақ Еуропа елдеріне ұшулар орындауға мүмкіндік беретін үшінші елдер операторы ретіндегі EASA сетификатының әрекет ету мерзімін ұзартты.

#### Реттеуші орган

Операциялық қауіпсіздік келесі негізгі органдар тарапынан бақыланады: Аруба азаматтық авиация департаменті ( жауапты ұлттық қадағалау органы), Қазақстан Азаматтық авиация комитеті мен әуе кемелерін пайдалану немесе оларға техникалық қызмет көрсету саласында нақты өкілеттіктерге ие Қазақстан Азаматтық авиация комитеті мен өзге де реттеуші органдар.

2017 жылы «Эйр Астана» бірнеше сыртқы тексерістен сәтті өтті:

» АОС (Air Operator Certificate — эксплуатант сертификаты) сертификаты мен АМО (Approved Maintenance Organisation — техникалық қызмет көрсету бойынша мақұлданған ұйым) сертификатының әрекет ету мерзімін ұзарту; авиациялық салада оқытуды ұйымдастыру, Қазақстан Азаматтық авиация комитеті тарапынан перронда өткізілген бір тексеріс пен ұшу барысында өткізілген төрт тексеріс;

» Аруба Азаматтық авиация департаменті тарапынан өткізілген «Эйр Астана» ұшулар өндірісі жөніндегі бөлімшелерге жыл сайын өткізілетін аудит;

» Аруба азаматтық авиация департаментінің қандай да бір ескертулерсіз 32 әуе кемесінің ұшу жарамдылығы сертификатын жаңартуы;

» Өзге елдердің операторлары мен авиациялық билік органдары тарапынан өткізілген алты инспекция.

Компания әуе кемелері 47 ECAC (European Civil Aviation Conference — Еуропалық азаматтық авиация конференциясы) тарапынан өткізілетін SAFA (Safety Assessment of Foreign Aircraft — шетелдік әуе кемелерінің қауіпсіздігін бағалау) инспекциясынан және перронда өткізілген 112 инспекциядан өтті (ECAC-ден өзге ұйымдар өткізген).

### Қауіпсіздік пен стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз ету бағдарламалары

2017 жылы «Эйр Астана» компаниясының тәуекелдерді басқару бағдарламасы шеңберінде ұшу мәліметтерін бақылау жөніндегі сарапшылар үрдістер мен негізгі себептерге ерекше мән бере отырып, ықтимал тәуекелдерді анықтау, өлшеу мен бағалау және оларды барынша азайту бағытында шаралар қолдану мақсатында «Эйр Астана» әуекомпаниясының 98,7 % талдау жасады.

Компания өзінің қауіпсіздік мәдениетінің маңызды элементі ретінде өндірістік қызметкерлерді қауіп-қатерлер мен қателіктер жөнінде хабар беруге ынталандыру саясатын жүргізуін жалғастыруда, нәтижесінде 2017 жылы қауіпсіздік жөніндегі хабарламалар 25 % артты.

Өткен жылы «Эйр Астана» SSAA (Safety Sensitive Aviation Activity — авиациялық қауіпсіздікпен байланысты қызмет) өткізетін қызметкерлердің ағзасында есірткілік заттардың болу-болмауына тест өткізу арқылы ағзада тыйым салынған заттардың болуын тексеруге қатысты бағдарламасын кеңейтті. 2017 жылы SSAA қызметкерлеріне олардың бойында тыйым салынған заттардың болып-болмауын анықтау мақсатында өткізілген тест саны өткен жылмен салыстырғанда екі есе артты.

Бекітілген нормаларды ұстануға жүргізілетін мониторинг ішкі бағдарламасының шеңберінде IOSA ережелерінің негізінде «Эйр Астана» компаниясының сәйкестігіне қатысты шамамен 190 тексеру өткізілді. Бекітілген нормаларды ұстану мониторингына, сондай-ақ Компанияның IATA қауіпсіздік және сапа аудиті жөніндегі бағдарламаларына, IFQP (IATA Fuel Quality Pool — IATA жанармай сапасы аудиті) мен DAQCP IATA (De Icing / Anti-Icing Quality Control Pool — Мұздануға қарсы өңдеу сапасы аудиті) бағдарламаларына мүшелік ету мен белсенді қатысуы да септігін тигізеді. Бұдан бөлек, «Эйр Астана» әуекомпаниясында 4 IOSA ішкі аудиторы бар және бұл Компанияның ең жоғары стандарттарға сәйкестігін көрсетеді.

Қауіпсіздікті ілгерілету бастамасы ретінде Компания ICAO, IATA, Airbus, Emirates, Austrian Airlines пен өзге де ұйымдардың өкілдерінің басын қосып, олардың ұшулар қауіпсіздігі саласындағы өзекті тақырыптар бойынша, соның ішінде қауіпсіздікті басқару, тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу, қауіпсіздік саласында тергеулер жүргізу сияқты тақырыптар бойынша баяндамалар жасалған «Тәуекелдерді қауіпсіз басқару» атты қауіпсіздік жөніндегі аймақтық семинарын үшінші рет өткізді.

«Эйр Астана» қауіпсіздікті ұйымдастыру жөніндегі халықаралық форумдарға қатысу арқылы қауіпсіздік деңгейін жоғарылату жөніндегі бастамалардың интеграциясына ерекше көңіл бөледі. 2017 жылы Компания эксплуатациялық қауіпсіздік пен превентивті стратегиялардың жасақталуымен байланысты үрдістер мен проблемалы салаларды анықтайтын IATA авиациялық оқиғаларды сыныптау жөніндегі техникалық тобының тұрақты мүшесіне

айналды. «Эйр Астана» сонымен бірге қауіпсіздікпен байланысты оқиғалар таксономиясы жөніндегі, қызметі IATA оқыс оқиғалары жөніндегі жаңа есептілік таксономиясын жасақтауға бағытталған IATA тобына кіреді. Компания сондай-ақ Азия-Тынық мұхиты әуекомпанияларының қауымдастығының (AAPA) белсенді мүшесі болып табылады және ұшуларды орындау және қауіпсіздік жөніндегі ААРА жұмыс топтарының отырыстарына қатысады.

#### 2018 жылға арналған перспективалар

Компанияның 2018 жылға арналған корпоративтік қауіпсіздік нормаларын ұстану саласындағы негізгі жоспарлары мен міндеттері төмендегілерден тұрады:

» Операциялық тәуекелдерге анағұрлым тиімді жауап беру үшін және превентивті шаралардың анағұрлым белсенді мониторингі үшін қауіпсіздік тиімділігі көрсеткіштерін жетілдіру;

» «ілімек тәріздес диаграмма» атты тәуекелге талдау жасау әдістемесін енгізу арқылы негізгі қауіп-қатерлер үшін тәуекелдерді басқаруды әрі қарай құрылымдау;

» Қауіпсіздікке жауап беретін қызметкерлердің біліктілігі мен білім деңгейін ішкі бастапқы және әрі қарайғы оқыту мен коучингті дамыту арқылы арттыру;

» Тәуекелдерді пробелсенді түрде анықтап, барынша азайту мақсатында аудиттер, тергеулер мен ұшу қауіпсіздігі жөніндегі мәліметтер талдауларының сапасын арттыру.

### Ұшу экипажы мен бортсеріктерді қауіпсіздік бойынша оқыту

#### Қауіпсіздік жөнінде білім беретін жаңа баламалы жеткізуші (British Airways оқу орталығы)

2016 жылдың желтоқсанында он жылдай бортсеріктерді оқыту үшін пайдаланылып келген «Кондор» ұшу мектебі өртке оранды. Бұл жағдай Компания үшін қиындықтар туғызды: бортсеріктерге

ұшуларды орындауға немесе қауіпсіздік функцияларын орындауға рұқсат беретін әрекет етуші сертификаттарды табыстау тек барлық бортсеріктердің оқуды бекітілген мерзім ішінде өткен жағдайда мүмкін.

«Эйр Астана» компаниясына өз бортсеріктерінің оқу процесінің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін әуекомпания пайдаланып жүрген ұшақ типтеріне, соның ішінде Boeing 757 (оған арналған қолжетімді тренажерлар әлем бойынша өте аз) үшін тренажерлар ұсынатын жаңа провайдер - British Airways оқу орталығын табуға тура келді. Нәтижесінде қазіргі уақытта Компания екі оқу орталығын пайдаланады: Condor және British Airways.

#### SEP (Students Exchange Programme — студенттік алмасу бағдарламасы) бірлескен практикалық тренингі

Өткен жылы ұшқыштар мен бортсеріктердің қатысуымен өтке тренингтер саны жоғарылады. Бұл өзгеріс әрі ұшқыш кабинасында, әрі жолаушы салонында орындалатын міндеттерді түсінуді жеңілдетуге бағытталды.

#### Бортсеріктер экипажынан емтихан қабылдаушылар институты

2016 жылы ұшулар мен ұшақ салонында қолданылатын рәсімдердің қауіпсіздігі мен бортсеріктердің білімін тексеруді негізгі міндеті етіп қойған қызметкерлерді дайындау жөніндегі жұмыс басталды. Бұл бастама Халықаралық азаматтық авиация ұйымы ICAO мен Қазақстан Республикасының Азаматтық авиация комитеті тарапынан көтерілді.

## 3.6

КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ  
ҚОСЫМША БАҒЫТТАРЫ

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ, ТЕХНИКАҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕН ЖӨНДЕУ, САТУЛАР МЕН АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ БАСҚАРУДА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ КЕҢ КӨЛЕМДЕ ПАЙДАЛАНАДЫ. БҰЛ КЕШЕН «ЭЙР АСТАНА» БИЗНЕСІНІҢ ЖОҒАРЫ ТИІМДІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІП, БІРТҰТАС ҮЙЛЕСІМДІ АҒЗА РЕТІНДЕ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАДЫ.

Техникалық мамандарды, сервистік бөлім мамандары мен басқарушы кадрларды даярлаудағы бірегей құзіреттіліктер Компанияға коммерциялық қызметтің қосымша бағыттарын дамытуға мүмкіндік береді. Сыртқы нарықта мамандандырылған білім беру бағдарламаларынан бөлек, Компанияның әуе кемелеріне қызмет көрсету және оларды жөндеуден өткізумен байланысты қызметтері сұранысқа ие. Қазақстан экономикасындағы жағымды үрдістерді есепке ала отыра, Компания қосымша коммерциялық қызметтерді дамытуды қызметінің болашақтан үміт күттіретін бағыты ретінде қарастырады.

Әуе кемелеріне  
қызмет көрсету

Әуе кемелері паркінің ұшу жарамдылығын қамтамасыз ету жөніндегі барлық міндеттер Компанияның өз күшімен жүзеге асады. Техникалық мамандардың жоғары біліктілігі мен Алматы, Астана мен Атырауда сертифицирталған өндірістік қуаттылықтардың болуы Компанияның инженерлік-техникалық қамсыздандыру жөніндегі департаментіне халықаралық және жергілікті әуекомпанияларға қосымша техникалық қызметтер көрсетіп, техникалық мамандар үшін тренингтер өткізуге мүмкіндік береді.

Компания әуе кемелерінің келесі типтеріне техникалық қызмет көрсетуге рұқсат беретін сертификаттарға ие:

## Airbus

- » A319/320/321 (IAE V2500)/(CFM56)
- » A320/321 NEO (PW1100G)
- » A330 (CF6-80/PW4000/RR Trent 700)

## Boeing

- » B737-700/800 (CFM56)
- » B747 400/400ERF (CF6-80/RR RB211/PW4000)
- » B747-8 (GE GEnX)
- » B757-200/300 (RR RB211)
- » B767-300 (CF6-80/PW4000)

## Embraer

- » ERJ-190 (GE CF34)

## Сертификаттар

IATA эксплуатациялық қауіпсіздік аудиті (IOSA)



Еуропалық авиациялық қауіпсіздік агенттігі (EASA):

- EASA 145 Бөлім,
- EASA 147 Бөлім;



Қазақстан Республикасының Азаматтық авиация комитетінің сертификаты



«Эйр Астана» техникалық қызметтерін пайдаланушы таңдаулы (Skytrax 4 жұлдыз және одан жоғары рейтингімен) халықаралық әуекомпаниялар



Жергілікті әуекомпаниялар қатарында Kaz Air Jet, Qazaq Air, Bek Air, SCAT, Prime Aviation мен Flyjet бар.

Өзге халықаралық клиенттер арасында «Якутия», «Чешские авиалинии», Comlux, CHC Helicopter, «Россия», Vim Airlines, Kam Air, Flydubai, TAG, «Победа», S7, Cargolux мен Air Arabia компанияларын атап өтуге болады.

## Сервистік оқыту

Компания «Қазақстан Темір Жолы» АҚ үшін сынып бөлмелерінде 1200-ден астам теміржол қызметкерлерінен құралған тыңдаушыларды оқытып, 60 рет коучингтік сапарға шығу мүмкіндігін ұсынды. Сондай-ақ «Беркут» әуекомпаниясының экипажын қызмет көрсету техникасына, топта жұмыс істеуге, қиын жағдаяттарды басқару мен көшбасшылыққа үйретіп, олар үшін қызмет көрсету бойынша толық нұсқаулық дайындап шығарды.

Ұшақтарға жерде  
қызмет көрсету

Өз флотына жерде қызмет көрсетуден бөлек, Компания өзге әуекомпанияларға әуе кемелерін мұздануға қарсы өңдеу бойынша көрсетілетін қызметтерді дамытуда. Ақтау және Павлодар әуежайларында Компанияның меншігіндегі

мұздануға қарсы өңдеу машиналары бар. Бұндай қызметтер сертифицирталған мамандардың шағын топтары тарапынан көрсетіледі.

Қауіпсіздік пен сервистің жоғары стандарттарын ұстап тұру үшін Компания жүйелі түрде мұздануға қарсы өңдеу қызметтеріне сыртқы және ішкі аудиттер өткізіп тұрады. 2017 жылы «Аэрофлот» әуекомпаниясы Ақтау мен Павлодарда, ал Austrian Airlines Алматыда мұздануға қарсы өңдейтін құрылғыларға DAQCP стандарты негізінде аудит өткізді. Екі аудит нәтижесінде қандай да бір сәйкессіздік анықталмады.

Компанияның техникалық мүмкіндіктері әуе кемелерінің 20-дан астам түрі үшін мұздануға қарсы өңдеу рәсімдері жөніндегі ұсынымдарды ұстануға мүмкіндік береді. 2017 жылы Scat, Bek Air, «Аэрофлот», Qazaq Air, S7 сияқты бірқатар әуекомпания мен чартерлік операторлар компаниямыздың жерде көрсететін қызметтеріне жүгінді.

Бизнес-сегментке арналған  
перспективалар

2018 жылы Қазақстан әуежайларындағы жерде қызмет көрсету ережелеріне<sup>1</sup> әуекомпанияларға өздеріне өз күшімен жерде қызмет көрсетуді мүмкін қылатын өзгерістер енгізіледі деп күтілуде. Бұдан бөлек, әуежайларда өзге жеткізушілердің (жерде көрсетілетін қызметтерді жеткізушілер) жерде қызмет көрсетуіне қатысты ресми талаптар бекітілетін болады. Мұндай өзгерістер әуежайлардағы жерде көрсетілетін қызметтер нарығындағы ортаны әжептәуір өзгертіп, жерде қызмет көрсету операторларына заманауи операциялық механизмдерді енгізуге мүмкіндік беретін болады. «Эйр Астана» компаниясы, жерде көрсетілетін қызметтер нарығындағы негізгі ойыншы бола отырып, осындай қызметтерді өзге операторларға ұсынып, бизнес-ортаның жаңа жағдайлары аясында өзінің артықшылығын пайдалану мүмкіндігіне ие болады.

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму жөніндегі министрі м.а. 2017 ж. 31 шілдесіндегі № 516 және Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2017 ж. 24 тамызындағы №311 «Әуежайларда жерде қызмет көрсету ережелерін бекіту жөніндегі» ортақ бұйрығы

## 3.7

## ЖЕТКІЗІЛІМДЕР ТІЗБЕГІ

Біздің жұмысымыздың көп бөлігі 2017 жылы стандартты сипатта болып, шығындарды үнемдеу мен шұғыл келісім-шарттар жасасуға бағытталды. Бұдан бөлек біз барлық мүдделі жеткізушілер үшін «Эйр Астана» компаниясымен бизнес жүргізу тәртібін түсіндіріп, сатып алулар үдерісі жөнінде толық ақпарат пен жеткізушілер біліктілігі жөнінде алдын ала ақпарат ұсыну мақсатында ашық есік күнін өткіздік. Сонымен бірге сатып алулар саласындағы жаңа мүмкіндіктер жөнінде ақпарат беріп, бірлескен жобаларға жалпы шолу жасау үшін «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ мен Еуропалық қайта құру және даму банкі шақырылды. Бұл іс-шара жеткізушілер мен өзге де қатысушылар тарапынан жылы қабылданды.

Стратегиялық даму көзқарасы тұрғысынан біз «Эйр Астана» әуекомпаниясының сатып алулар үдерістеріне оң әсерін тигізетін рәсімдердегі өзгерістерді көрсету мақсатында сатып алулар жөніндегі нұсқаулықты үнемі жаңартып тұрамыз. Соңғы бес жыл ішінде ашық сауда-саттық өткізу нәтижесінде «Эйр Астана» 15% - 30% аралығында үнемдеуге қол жеткізді.

Сатып алулар жөніндегі қызметкерлерді дайындау CIPS (Chartered Institute of Procurement and Supply — сатып алулар

мен қамдау жөніндегі дипломды институт) біліктілігі мен өзге де тиісті курстардан тұрады.

Жеткізілімдер тізбегінің жүйесі төмендегілер негізінде әрекет етеді:

- » «Эйр Астана» сатып алуларын іске асыру ережелері;
- » Қазақстан Республикасының заңдары мен сатып алу рәсімдерін реттеуші өзге де әдістемелік материалдар, Қазақстан Республикасының басқарушы қағидадтары;
- » Компанияның бұйрықтары, нұсқаулықтары, ережелері мен техникалық талаптары.

НАССР әдістемесі өндірістік тізбектің барлық кезеңінде пайдаланылады: қоймаларда өнімді алу кезеңінен тағамды ұшаққа жеткізуге дейін.

НАССР қауіп-қатерлер мен критикалық бақылау нүктелеріне талдау жасау дегенді білдіреді. Бұл тұжырымдама өнім (тамақтану саласындағы) қауіпсіздігіне әжептәуір әсерін тигізетін қауіпті факторларды жүйелі түрде анықтау, бағалау және басқарудан құралады. Басқарудың осындай жоғары деңгейдегі тиімді әдістемесі Компанияға қауіпті өнімнің өндіріліп, сатылымға шығу тәуекелін азайта отырып, өндірістің критикалық салаларында ресурстары мен күш-жігерін шоғырландыруға мүмкіндік береді.

### Тиімділіктің қол жеткізілген негізгі көрсеткіштері (ТНК):

- » «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» АҚ ережелерінің «Эйр Астана» немесе алдыңғы қатарлы практикалар пайдасына жасақталуы;
- » PRD (Performance Review and Development — қызмет және дамуға талдау жасау) тиімділікті басқару жүйесін, соның ішінде қызметкерлер мен жеткізушілердің нәтижелілігін басқару жүйесін жасақтау;
- » шығындардың үнемделуін, өнім сапасы мен қызметтерді мониторингтен өткізу және бақылау;
- » Жалпы тәуекелді азайту және жеткізілімдердің үздіксіздігін қамтамасыз ету.

## 3.8

## ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

Компанияның қоршаған ортаға тигізетін әсерін азайту «Эйр Астана» тұрақты дамуының ажырамас элементі болып табылады. Осыны есепке ала отырып, Компанияның қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бағдарламасы төмендегі негізгі басымдықтардан тұрады:

- » ресурстарды басқару, соның ішінде табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мақсатында технологияларды жасақтау және енгізу;
- » климаттың антропогендік өзгерісінің алдын алуға бағытталған шаралар жиынтығы және кез келген экологиялық залал үшін тиісті өтемақылар төлеу;
- » Компания қызметінің қоршаған ортаға тигізетін әсеріне мониторинг жүргізу;
- » Қоршаған ортаның халықаралық стандарттарға сәйкес қорғалуын қамтамасыз ету.

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласындағы жалпы саясаты шеңберінде Компания атмосфераға жасалатын шығарындылар жөніндегі халықаралық стандарттардың қатал сақталуын қамтамасыз ету үшін тұрақты түрде тексерістер өткізіп тұрады. «Эйр Астана» әуекомпаниясы басты назарын әуе кемелері паркіне аударып, шығарындылар көлемін төмен деңгейде ұстап тұра

алады: жаңа да тиімді ұшақтармен жұмыс істеуден бөлек ол барлық мүмкін болған жағдайда шығарындылар жөніндегі нормаларға сай келмейтін ескі ұшақтарды жаңарту бойынша шаралар қабылдайды.

### Жас парк

«Эйр Астана» – Қазақстанда Airbus A319/320/321 тобындағы ұшақтарды пайдаланушы жалғыз әуекомпания. Жолаушыларға ұсынылатын жайлылықтың жоғары деңгейінен бөлек, бұл ұшақтар сонымен бірге өте экологиялық болып келеді және өз класында жанармайдың барынша үнемделуін, шығарындылар мен шудың барынша төмен деңгейін қамтамасыз етеді. Airbus A320NEO ұшақтары өзінен бұрынғылардан 15 % үнемдірек болып келетін Pratt & Whitney инновациялық қозғалтқыштарымен жабдықталған. Алғашқы Airbus A320NEO «Эйр Астана» компаниясына 2016 жылдың қарашасында жеткізіліп, пайдаланыла бастады. Airbus A320NEO ұшақтары ішкі рейстерде, сондай-ақ Қытай, Үндістан,


Ресей, Түркия мен Біріккен Араб Әмірліктері бағытында орындалатын халықаралық рейстерде пайдаланылатын болады.

Компания сондай-ақ өз қызметінде жанармайдың жоғары деңгейде үнемделіп, шу деңгейінің төмен болуын, жоғары деңгейдегі жайлылық пен тамаша нәтижелілікті қамтамасыз ететін инновациялық технологиялармен жабдықталған бірнеше Boeing 757-200 ұшағын пайдаланады.

### Әуе кемелерінің жаңартылуы

Әуе кемелерін винглеттер (Boeing) немесе шарклеттер (Airbus) арқылы жаңарту екі артықшылықты қамтамасыз етеді: жанармайдың жоғары деңгейде үнемделуі мен аэродинамиканың жақсаруы есебінен ұшудың анағұрлым рационалды маршрутталуы.

### Әдеттегі қанат ұшы – кедергі көбірек



### Парниктік газдар шығарындыларын қысқарту

Еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы департаменті әрекеттегі табиғатты қорғау нормаларының сақталуын қадағалап, сұйық отын пайдаланатын барлық құрылғылар – ұшақтар, дизельді электр станциялары, арнайы мақсаттағы көлік құралдары мен автомобильдердің уақтылы техникалық қызмет алуын қамтамасыз етеді. Бұл қадам парниктік газдардың шығарындыларын азайту бағытында маңызды болып келеді.

Шығарындыларды бақылаудан бөлек, «Эйр Астана» компаниясының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралары сондай-ақ екінші қайтара өңдеуден тұрады. Мәселен, Компания барлық қағаз қалдықтарды бөлек жинап, ПЭТ-бөтелкелер мен пайдаланылған батареяларды қайта өңдейді. 2017 жылы «Эйр Астана» әуекомпаниясы қалдықтардың тағы екі түрін қайта өңдеуден өткізе бастады: металл жаңқалар мен дөңгелектер мен тежегіштерді жууға пайдаланылатын ағын сулар. Өткен жылы 130 мың литрдей ағын су Компанияның уәкілетті мердігері

болып табылатын «Промтехноресурс» тарапынан кәдеге жаратылды. Өзінің қалдықтарды жинап, тапсыру рәсімдерін жетілдіре отырып, 2017 жылы Компания қайта өңделген қағаз қалдықтар көлемін өткен жылмен салыстырғанда 13 т. арттырды.

### Суды су көздері бойынша пайдалану

**9,4** млн л

### Қауіптілік класы бойынша қалдық көлемі, тонна

Қауіптілік класы	2015	2016	2017
Класс 1 (қалдықтар қауіптілігінің кәріптас тізімі)	Астана: 2,191 Алматы: 6,465 Астана: 24,182	Астана: 2,577 Алматы: 6,708	Астана: 3,205 Алматы: 7,969
Класс 2 (қалдықтар қауіптілігінің жасыл тізімі)	Алматы: 1,020 (қатты қалдықтардан бөлек)	Астана: 55,025 Алматы: 2 913	Астана: 81,657 Алматы: 2 905

### Қатты қалдықтарды 2017 ж. кәдеге жарату, көму және қайта өңдеу, тонна

	тонна
Қайтадан пайдалану (макулатура)	80,87
Қауіпті қалдықтар	
Астана: 3,340	
Алматы: 9,059	
Қатты қалдықтар	
Астана: 81,522	
Алматы: 2 904	
Өзге (уәкілетті мердігер тарапынан кәдеге жаратылады)	

### Қатты қалдықтарды басқару

**99,9 %**

### Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған жиынтық шығындар мен инвестициялар, теңге

	2015	2016	2017
Жаңарту(Астана мен Алматы ққ. Мониторинг жүйелері, графиктер, контейнерлер, максималды рұқсат етілетін шығарындылар, KIOSH)	1 216 237	1 127 711	1 571 034
Астана: 96 059		Астана: 405 310	Астана: 624 036
Қалдықтарды басқару	Алматы: 20 326 478	Алматы: 19 643 852	Алматы: 20 116 274
Астана: 86 000		Астана: 113 600	Астана: 121 222
Шығарындыларды басқару	Алматы: 458 000	Алматы: 467 219	Алматы: 507 013
<b>Жалпы</b>	<b>22 182 774</b>	<b>21 757 692</b>	<b>22 939 579</b>

### Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығыстар мен салынатын инвестициялар, теңге

	2015	2016	2017
Қоршаған ортаға келетін әсерді азайтуға бағытталған шараларды іске асыруға кететін шығындар мен экологиялық менеджмент жүйелері	21 432 587	21 757 692	17 339 702
Қызметкерлерді оқыту және дайындау	151 050	353 360	173 000
Экологиялық менеджмент жүйесіне арналған сыртқы қызметтер	1 216 237	1 127 711	1 571 034
Зерттеулер мен жасақтамалар	1 065 187	325 500	681 234
Таза технологияларды енгізуге кететін қосымша шығындар ( батареяларға арналған контейнерлер)	-	95 491	246 400
Қоршаған ортаны басқарумен байланысты өзге де шығындар	19 000 113	19 855 630	14 668 033
<b>Барлығы</b>	<b>21 432 587</b>	<b>21 757 692</b>	<b>17 339 702</b>

## Шығарындылар

### Парниктік газ шығарындылары (CO2-эквиваленті), тонна

	2015	2016	2017	Маңызды өзгерістердің себебі - базалық жылдағы шығарындылардың қайта есептелуіне әкеп соқтыратын шығарындылардың көлемі.
CO <sub>2</sub> немесе баламалы метрикалық тоннадағы парниктік газдар шығарындылары	Алматы: 678,319 Астана: 730,611	Алматы: 671,468 Астана: 700,175	Алматы: 700,2149 Астана: 697,088	Алматыдағы дизельді электр станциялары Астанаға қарағанда қарқынды жұмыс істейді.

### Жалпы тұтынылған энергия

Энергия түрі	2015	2016	2017
Электр қуаты, кВт	2 572 598	2 272 981	2 680 210
Жылу энергиясы, Гкал	620	600	640

### Білім беру жобалары

Компания өз қызметі үшін экологиялық проблемалардың маңыздылығын ескере отырып, экологиялық тұрғыда хабардар болушылықты насихаттау үшін экологиялық жарыстар өткізіп, Бүкіләлемдік қоршаған ортаны қорғау күнін тойлау шеңберінде іс-шаралар ұйымдастырып, қызметкерлерді қоршаған ортаны

қорғау мәселелері бойынша оқыту жөнінде ішкі науқандар өткізіп тұрады. 2017 жылы Компания қызметкерлердің балалары үшін «Қоршаған орта: әлемге балалардың көзімен қарау» атты сурет конкурсын ұйымдастырды. Жеңіп шыққан суреттер «Эйр Астана» компаниясының 2018 ж. арналған корпоративтік үстелүсті күнтізбелерінде басып шығарылды.

# 3.9


## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ



БІЗДІҢ МӘДЕНИЕТ ҮШІН КӨП КҮШ-ЖІГЕР ЖҰМСАЙТЫНЫМЫЗ БІЗДІ ҚУАНТАДЫ. БІЗ 2014 Ж. HEART БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ ҚОСЫП, КҮН САЙЫН КОМПАНИЯ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ІС ЖҮЗІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫП, МӘДЕНИЕТІМІЗДІ ДАМУДАМЫЗ.

Евгения Ни, қызметкерлерді басқару мен әкімшілік мәселелер жөніндегі Вице-президент

Стратегияның негізгі элементтері



«Эйр Астана» Universum халықаралық агенттігінің берген бағасы бойынша Қазақстанда 2016-2017 жж. ең үздік жұмыс беруші атағына ие болып, 2017 жылы өткізілген «HR-бренд Орталық Азия» сыйлығын табыстау рәсімінде «Әлем» санатында үшінші орынға ие болды.

«Эйр Астана» Қазақстанда кадрлар саясаты мен кадрлық ресурстарды дамыту жөніндегі қызметтің көшбасшысы болып табылады. «Біздің адамдар» стратегиясы үш негізгі аспект, атап айтқанда мәдени, технологиялық және физикалық ортаның негізінде қызметкерлердің тәжірибесін үздіксіз жетілдіру арқылы құрылған және ол Компания қызметкерлері үшін олардың әлеуеттерін барынша дамытуларын және қызметкерлердің корпоративтік белсенділік деңгейінің барынша жоғары болуын қамтамасыз етуші негізгі ынталандырушы фактор болып табылады.

### Мәдени орта

«Эйр Астана» компаниясының әлемдегі ең үздік әуекомпаниялардың біріне айналу миссиясына жетуге деген талпынысында біз HEART құндылықтарымызға негізделген корпоративтік мәдениетімізді дамытудамыз. 2014 ж. қабылданған HEART бағдарламасы екі негізгі аспектіден құралады: біріншіден, ол Компания табысын қызметкерлерінің жұмыс өнімділігімен байланыстырады; екіншіден, ол қызметкерлерге олардың клиенттермен және бір-бірімен күнделікті негізде өзара әрекетке түсуі барысында бағыт беретін қарапайым да түсінікті бірнеше құндылықты сипаттайды.

Корпоративтік құндылықтарға негізделген мәдени ортаны құра отыра, «Эйр Астана» қызметкерлеріне Компанияда мансап құрудың барлық кезеңдерінде өзара әрекеттесудің жағымды өтуін қамтамасыз етуге, соның ішінде іріктеу, оқу, даму, бағалау, сыйақылау мен лауазымның жоғарылауы сияқты мүмкіндіктер ұсынуға ұмтылады.

### МИССИЯ

**БІЗ ЕУРАЗИЯ ЖҮРЕГІНЕН  
ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ҮЗДІК  
ӘУЕКОМПАНИЯЛАРДЫҢ БІРІН  
ҚҰРЫП ЖАТЫРМЫЗ**



#### Қонақжайлылық

Біз әрбір адамды, ол клиент болсын, әріптес болсын қонақ ретінде қарсы аламыз. Біз жылы шырайлылықты, мейірімділікті, өнегелілікті білдіре отырып әрқашан көмекке келуге дайынбыз.

#### Тиімділік

Біз - біліміміз бен жеке қасиеттеріміздің негізінде сапалы нәтижелерге қол жеткізетін кәсіпқойлармыз. Біз өзіміздің біліктілігімізді дамыта отырып өз уақытымызды тиімді қолданамыз.

#### Белсенділік

Біз күтімдерді болжай отырып әріптестеріміз бен клиенттеріміздің талаптарына уақытылы жауап береміз. Біз өз қабілетімізді барынша пайдалана отырып жұмыс жасаймыз және әрқашан жақсаруға ұмтыламыз.

#### Сенімділік

Біздің жұмысымыздың сапасы сенімді және тұрақты. Біз әрқашан берген уәдемізде тұрамыз.

#### Сенімге тұрарлық

Біз шыншылмыз және ешқашан өз ар-ұятымызға қарсы әрекет жасамаймыз. Клиенттер мен әріптестеріміз бізге сене алады.

## Дарынды мамандарды тарту




ТҰРАҚТЫ ӨСІМДІ ЫНТАЛАНДЫРУ ҮШІН БІЗ КОМПАНИЯНЫҢ ЖЫЛДАМ ДАМУЫ БАҒДАРЛАМАСЫНА БІЛІКТІ МАМАНДАР КӨМЕГІМЕН ҚОЛДАУ КӨРСЕТУІМІЗ КЕРЕК. «ЭЙР АСТАНА» ИСПАНИЯ МЕН ИРЛАНДИЯДА АВ-INITIO БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ҰШҚЫШТАРДЫ, СОНДАЙ-АҚ ГЕРМАНИЯ, ҰЛЫБРИТАНИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАНДА ӨЗІНІҢ ДАЙЫНДЫҚ АКАДЕМИЯСЫНДА БОРТСЕРІКТЕРДІ ОҚЫТУДА. БІЗ 2018 ЖЫЛЫ АСТАНА ҚАЛАСЫНДАҒЫ ИНЖЕНЕРЛІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫМЫЗДА АВИАЦИЯЛЫҚ ТЕХНИКТЕР ҮШІН КУРС АШАМЫЗ. БІЗІҢ «АРМАНЫҒЫ ІСКЕ АСЫР» АТТЫ АУҚЫМДЫ РЕКРУТИНГ НАУҚАНЫМЫЗ ДА ЖОҒАРЫ НӘТИЖЕ БЕРЕТІНІНЕН ҮМІТ КҮТТИРЕДІ. ӨЗІМІЗДІҢ КАДРЛЫҚ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІМІЗДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІП ОТЫРУ БАРЫСЫНДА ДАРЫНДЫ МАМАНДАР ТАПШЫЛЫҒЫН ТОЛТЫРУ ҒАНА ЕМЕС, СОНЫМЕН ҚАТАР ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕР ЖӘНЕ ӘЙЕЛ АЗАМАТТАРЫНА ТАРТЫМДЫ ЕҢБЕК ЖОЛЫН ҚҰРУ ҮШІН БІРДЕЙ МҮМКІНДІКТЕР ҰСЫНУ ДА МАҢЫЗДЫ.»

Питер Фостер, «Эйр Астана» Президенті

Соңғы бес жылда «Эйр Астана» әуекомпаниясы өз құзіреттілігін үздіксіз арттырып келіп, Компанияның бизнес-жоспарына сәйкес ұшулар географиясын кеңейту, ұшулар жиілігін арттыру мен жолаушы ағындары мен жүк тасымалы көлемін ұлғайту мақсатында өндірістік жұмыс күшін арттырып келді.

Еңбек нарығы барған сайын жасарып, бұл үрдіс алдағы жылдары жалғасын табады деп күтілуде. Компания қызметкерлерінің жартысынан астамының жасы 35-тен төмен, ал осы жас санатындағы қызметкерлер саны үдіксіз өсуде Қазіргі уақытта жұмысқа орналасқанына бір жыл толмаған қызметкерлердің орташа жасы 26 жасты құрап отыр.


### Барлығы<sup>1</sup>




<sup>1</sup> Жүктілік демалысындағы қызметкерлерді қоса алғанда

## Басқарушылық құрам мен қызметкерлердің негізгі санаттары<sup>2</sup>


### Жоғары басшылық




### Функционалды бөлімшелердің жетекшілері



### Мамандар



### Сервистік қызметкерлер



	2015	2016	2017
Ұшу экипажы	345	347	336
Борттық қызмет көрсету	1 342	1 449	1 569
Әуежайларда қызмет көрсету	794	684	734
Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету	287	319	331
Сату жөніндегі менеджерлер	276	292	314
IT	52	49	54

### Гендерлік теңгерім

Ер адамдар **39** %  
Әйел адамдар **61** %

«Эйр Астана» ер азаматтар мен әйел адамдарға бірдей мүмкіндіктер ұсынуға ұмтылады. Жалпы алғанда әйелдер Компания қызметкерлерінің 61 %, соның ішінде жоғарғы басшылықтың 43 % құрайды. Басқарушы лауазымға тағайындалу қызметкердің сіңірген еңбегі негізінде іске асады. Келесідей факторлар Компаниядағы жалпы гендерлік теңгерім мен жоғары басқарушы лауазымдардағы гендерлік теңгерімге әсерін тигізеді:

- » Біріншіден, тағайындаулар Компания тарапынан жасақталған құзіреттіліктерді бағалау және дамыту жүйесі негізінде жүреді;
- » Екіншіден, жұмысқа қабылданғаннан кейін барлық қызметкерлер мықты корпоративтік дайындықтан, тәлімгерлік пен коучингтен өтіп, нәтижесінде өз лауазымында табысты болып, мансап баспалдағы бойынша ілгерілеуге мүмкіндік алады.

### Орташа айлық жалақы. мың теңге

	2015	2016	2017
Компания қызметкерлері ( «Эйр Астана» бойынша)	261,1	284,1	268,3
Қазақстан Республикасындағы номиналды жалақы (Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі бойынша)	123,7	142,4	146,7
«Эйр Астана» компаниясындағы дағы орташа айлық жалақының ұлттық номиналды жалақы мөлшерінен қаншалықты жоғары тұрғандығы, %	111,1	99,5	82,9

<sup>2</sup> Қызметкерлерді санат бойынша топтастыру (жүктілік демалысындағы қызметкерлерді қоса алғандағы қызметкерлер саны), адам



## «Арманыңды іске асыр» науқаны

Қазіргі уақытта «Эйр Астана» әуекомпаниясында 65 халықаралық және ішкі маршруттан құралған желі ішінде 32 ұшаққа қызмет көрсететін 5 мыңнан астам адам еңбек етуде. Алайда, 2027 жылға қарай «Эйр Астана» әуекомпаниясы әуе кемелері паркін 65 бірлікке дейін ұлғайтуды жоспарлап отырғандықтан, оған қызметкерлер санын біршама арттыруға тура келеді. «Эйр Астана» әуекомпаниясына жақын болашақта жаңа ұшқыштар, инженерлер, механиктер, бортсеріктер мен жолаушыларға қызмет көрсетуші агенттер керек болады. Әлеуеті жоғары және жетістікке жетуге ынталы, Компанияның корпоративтік құндылықтарын түсінетін қызметкерлерді жұмысқа тартуға тырыса отырып, «Эйр Астана» 2017 жылы бүтін елден үміткерлер іздеп, оларды жұмысқа тартып, оқыту мақсатында «Арманыңды іске асыр» науқанын іске қосты. Қазақстанда дарынды да еңбексүйгіш жастардың көп болғанына қарамастан, шағын қалалар мен ауылдық аймақтардағы студенттер өздерінің табысты халықаралық компанияға жұмысқа тұру мүмкіндіктеріне көбіне-көп күмәнмен қарайды. «Эйр Астана» әуекомпаниясы бұл үрдісті өзгертуге ниетті. Хабардар болушылық деңгейін жоғарылату жөніндегі бастаманың мақсаты оқушылар мен студенттердің авиация саласында табысты еңбек етуге қызығушылығын туғызу.

## Көшбасшылық әлеуетті дамыту

### «Эйр Астана» дайындық академиясы

«Эйр Астана» корпоративтік оқытудың барлық формаларын бір жерге жинаған жеке корпоративтік оқыту академиясын құрып, қазіргі уақытта бүкіл әлем бойынша авиация саласындағы мамандарды, яғни ұшқыштар, бортсеріктер, инженерлер мен өзге де азаматтық авиация саласындағы мамандарды EASA стандарттарына сай деңгейде дайындауда.

Қызметкерлерінің дағдылары мен білімін дамытуға бағытталған Компания саясатына сәйкес 2017 жылы «Эйр Астана» кіріспе тренингтер мен нұсқамалықтарды, басшылық құрам мүшелеріне арналған семинарларды қоса алғанда оқытудың корпоративтік бағдарламаларын өткізуін жалғастырды. Осы бағдарламалардың барлығының оқу жоспары 2018 жыл үшін Компанияның жаңа стратегиялық бизнес-жоспарына сай жаңартылатын болады.

2017 жылы Компания дайындық академиясын оқыту мен дамудың алдыңғы қатарлы тәжірибесін ұсынушы орталыққа айналдыру үшін үш жылдық стратегияны жасақтауға ден қойды. «Эйр Астана» компаниясының болашаққа деген көзқарасы оған келесі төрт фундаменталды қағидат негізінде жаңа деңгейге шығуға мүмкіндік беретін кәсіби әрі инновациялық орталықты құруға негізделген: коммерциялық әрі қаржылық өсім, стандарттау мен жеңілдету, өнімдік инновация мен нұсқаушыларды дамыту.

Мақсат – Академияның «Эйр Астана» әуекомпаниясының бүтін бөлімшелері бойынша стандартталған оқыту әдістемесін пайдалануда.

### Жетекшілерді дамыту

Компания жетекшілерінің күннен-күнге өсіп келе жатқан бизнес-міндеттерді шеше алу қабілетін дамытуға барынша атсалысуда. 2017 жылы басшылықтың 12 мүшесі алдына үш мақсат қойған, көшбасшылық әлеуетті бағалау мен дамыту жөніндегі жобаға қатысты:

1. Менеджерлерді өздерінің негізгі мықты тұстары мен жетілдіруді талап ететін әлсіз тұстарын анықтау үшін пайдаланылатын өзін-өзі бағалау құралдарымен қамтамасыз ету және сарапшылардың пікірін алу мүмкіндігін ұсыну;
2. Менеджерлерді халықаралық этаонмен, яғни осындай лауазымдағы ең мықты 20 жетекшімен салыстыру;
3. Сарапшымен жеке даму басымдықтарын жеке негізде анықтау үшін бірлесіп жұмыс істеу.

Бұдан бөлек, «Эйр Астана» мен Крэнфилд университетінің менеджмент мектебі 2012 жылдан бері бірлесіп жұмыс істеуде

және Компанияның жоғары басшылық құрамының біраз бөлігі осы мектепте топ-менеджерлер немесе директорлар дайындау курстарынан өтті.

### Ұшқыштарды оқыту

2017 жылы «Эйр Астана» әуекомпаниясы 38 шетелдік ұшқыш (соның ішінде класс тағайындалмаған алты ұшқыш) бен 19 қазақстандық курсантты, соның ішінде Финляндиядағы Patria ұшқыштар мектебінде ұшу дайындығын өткен Азаматтық авиация академиясының тоғыз түлегін оқытты. Оқу бағдарламасы талапкер курсанттарды оқыту, тренажерларда оқыту, конверсиялық және желілік оқытудан құралды.

2008 жылы іске қосылған Ab-Initio алғашқы бағдарламасы кеінде оқи бастаған сегіз ұшқыш 2017 жылы капитан лауазымына дейін жоғарылатылды.

Ұшқыштарды ең жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес дайындау мақсатында жасақталған Ab-Initio оқу бағдарламасы екі мектепте жүргізіледі: Ирландияның Корк қаласындағы Атлантикалық ұшқыштар мектебі мен Испанияның Херес қаласындағы Еуропалық ұшқыштар мектебі. Оқуын тәмамдағаннан кейін курсанттар EASA лицензиясын алады. 2008 жылдан бері бұл бағдарлама аясында 189 ұшқыш оқуын тәмамдап, қазіргі уақытта екінші ұшқыш немесе капитан ретінде еңбек етуде. 2018 жылы «Эйр Астана» әуекомпаниясы жыл сайын осы бағдарлама бойынша оқитын курсант санын 24-тен 40-қа дейін арттыруды жоспарлауда.

### Бортсеріктерді оқыту

«Эйр Астана» әуекомпаниясында 1 120 бортсерік еңбек етіп жатқанына қарамастан, бұл мамандық үлкен сұранысқа ие. Үміткерлерге қойылатын басты талап – олардың үштілді болуы. Іріктеуден соң олар ұшулар қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздік, экипажды оңтайландыру мен алғашқы көмек көрсету мәселелерін қамтитын мықты дайындық бағдарламасынан, сондай-ақ тиісті әуе кемелері типтері мен жолаушы қызметтері бойынша оқудан өтеді.

Оқу екі бөлімнен тұрады: теориялық жағы Алматы мен Астанада оқытылып,



практикалық бөлігі Франкфурттағы «Кондор» орталығында немесе Лондондағы British Airways оқу орталығында өтеді. Практикалық дайындық шеңберінде болашақ бортсеріктер әуе кемелерінің тренажерлары, өрт шығу себептерін жою талап етілетін бункерларда, суда аман қалу дағдылары қалыптастырылатын хауызда жаттығулар өткізеді.

### Инженерлік-техникалық қызметкерлерді оқыту

«Эйр Астана» әуекомпаниясы механиктерге жұмыс орнында оқыту мен авиациялық инженерлер үшін EО деңгейінде лицензия беру қызметтерін ұсынады. 2018 жылы Компания алдын ала тәжірибесі жоқ жастарға «66 Бөлім» техникалық лицензиялы халықаралық деңгейдегі білікті әуе механигіне айналуды мүмкіндігін ұсынатын «66 Бөлім» атты бірегей техникалық оқу бағдарламасын іске қосты. Бұл оқу бағдарламасы зейнетке шығатын кәсіби мамандарды алмастыратын инженерлерді дайындауға бағытталған.

## Өнімділікті басқару

Біздің жыл сайынғы қызметтік аттестация жүйеміз HEART құндылықтарымен және тиісті күздіреттіліктермен келісілген. Менеджерден бастап жоғарғы звено жетекшісіне дейінгі әр қызметкер санатына байланысты талаптары өсіп отыратын критерийлер негізінде бағаланады.

Әрі қызметкерлер, әрі желілік менеджерлер үшін аттестация үдерісінің тиімділігін арттыруға ұмтыла отырып, 2017 жылы Компания өз қызметкерлеріне жаңа бағалау платформасын ұсынды. Бұл ыңғайлы да қарапайым функционалды жүйе «Эйр Астана» басшылығына қызметкерлерге жоғары сапалы кері байланыс ұсынудан тұратын бағалаудың негізгі аспектісіне ден қойып, сонымен қатар мәліметтерді енгізу мен өзге де әкімшілік міндеттерді орындауға қажетті қызметкерлер санын қысқартуға мүмкіндік береді.

## Қызметкерлердің еңбегін мойындау

«Эйр Астана» компаниясы жыл сайын өзінің күнделікті жұмысында HEART корпоративтік құндылықтарын көрсетіп келген 120 үздік қызметкерін таңдайды. Бұл қызметкерлер HEART сыйлығын табыстау салтанатты іс-шарасына шақырылып, ол жерде сіңірген еңбегі үшін марапатталып, арнайы сыйлыққа лайық деп табылатын Компанияның 20 үздік қызметкерінің қатарына ену мүмкіндігіне ие болады. 20 үздік қызметкер тоғыз маман тарапынан «360 градус» жүйесі бойынша бағалау негізінде іріктеледі. 2017 жылы Компания қызметкерлерінің еңбегін жыл сайынғы бағалаудан бөлек қызметкерлердің еңбегін күн сайынғы негізде бағалау бағдарламасын енгізді. Бұл жаңа бағдарлама қызметкерлердің жұмысын күнделікті негізде бағалау мәдениетін уақтылылық пен өзектілікті сақтай отырып, ынталандыруға бағытталған.



## Қызметкерлердің корпоративтік белсенділігі

Қызметкердің жұмысқа деген көзқарасы мен оның корпоративтік белсенділік деңгейі өзара тығыз байланыста және саланың өзге де көшбасшылары сияқты «Эйр Астана» үнемі қызметкерлердің корпоративтік белсенділігіне ерекше ден қояды. Компания екінші жыл қатарынан американдық Gallup компаниясымен бірлесе отырып, қызметкерлер арасында корпоративтік белсенділіктері жөнінде сауалнама жүргізіп келеді. Алайда қызметкердің корпоративтік белсенділік деңгейін бағалау мен оны жоғарылату – екі түрлі нәрсе. 2016 жыл нәтижелері бойынша Компанияның барлық деңгейіндегі барлық жетекшілер жұмыс орындары, еңбек шарттары, ынталандыру, еңбектің мойындалуы, мақсаттар мен міндеттер, сондай-ақ қызметтің зге де қырларымен байланысты мәселелерді шешу мақсатында қоластындағылармен сұхбаттар өткізді. 2017 жылғы 1,5 мың қызметкер қатысқан сауалнама Компания қызметкерлерінің корпоративтік белсенділігінің деңгейі 9 % артақанын көрсетті. Бұл нәтиже Компанияның корпоративтік мәдениетті жетілдіру бағытындағы бастамаларының тиімділігін көрсетеді.

## Технологиялық орта

«Эйр Астана» бірегей жұмыс атмосферасын қалыптастыру барысында әлеуметтік, мобильді және қызметкерлердің тұтынушылық әсерлері тәріздес әсерлер қалыптастыру арқылы кадрлық функциялардың сандық жағын қолданып, жетілдіруін жалғастыруда. Біз соңғы жылдары жұмыс үдерісін жеңілдетуге бағытталған бірқатар құрал мен жүйе енгіздік: орталықтан басқару, бортсеріктерге арналған планшеттер, электрондық борттық құжаттама жүйесі, электронды қолтаңбалар. Жұмыс үдерістерін оңтайландыру үшін инновациялар бағытындағы жұмысты жалғастыру қажеттілігін түсіне отырып, Компания болашақта чат-боттар мен жасанды зиятты іске қосуды жоспарлауда.

## КСApp

Компания үнемі коммуникацияны жеңілдету, кері байланыс алу мен өзара байланыста болудың жаңа да ең үздік жолдарын табуға тырысады. 2016 жылдың желтоқсанында «Эйр Астана» қызметкерлері назарына жаңа КСApp мобильді қосымшасы ұсынылды. Бұл қосымша мақсаты ішкі байланысты жетілдіріп, қызметкерлердің корпоративтік қызмет үдерісіне қатысушылық деңгейін арттыруда. Қосымша үнемі жаңартылып, баптаулардан өтіп отырады, ал оның ағымдағы мүмкіндіктері Компания жаңалықтарын оқу, комментарий жазу немесе пікір қалдыру сияқты түрлі опцияларға қол жеткізе алатын қызметкерлеріміз тарапынан жоғары бағасын алып үлгерді. Бұдан бөлек, бұл қосымша өзіне-өзі қызмет

көрсетудің бірнеше мүмкіндігін ұсынып, қызметкерлердің жаһандық каталогын қолжетімді қылады.

## Electronic Docflow электронды құжат айналымы құралы

57 кадрлық үдерістің автоматтандырылу қажеттілігін есепке ала отырып, Компания қағазсыз жүйеге көшіп, жұмыс тиімділігін екі-үш есе арттыруды жоспарлауда. Осы бағыттағы алғашқы қадам Компанияның барлық қызметкерлеріне қағазсыз жұмыс ортасында электронды құжаттарды басқаруға мүмкіндік береді, нәтижесінде «Эйр Астана» осындай бастаманы Қазақстанда әлем деңгейінде іске асырған бірегей компанияға айналды. Бұл жүйе еңбек тиімділігі мен сапасын арттырып, адами фактор әсерімен байланысты қауіп-қатерлерді жоюға мүмкіндік береді деп күтілуде.

## Crew Pads планшеттері

Аға бортсеріктер үшін жасақталған Crew Pads планшеттері ұшу барысында жолаушыларға қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік беріп, ұшу мен қызметкерлер жөнінде есептер құрамдастыру үдерісін автоматтандырады.

Аталмыш жүйе енгізілгенге дейін есептіліктің барлығы қағаз бетінде рәсімделетін еді. Жаңа жүйенің қолданыла бастауымен есептер электронды форматта қалыптастырылып, кейін автоматты түрде әкімшілік бөлімшеге жіберіледі, нәтижесінде әкімшіліктің де, бортсеріктердің де жұмыс жүктелімі азаяды. Жаңа жүйенің көмегімен бортсеріктер енді рейс жолаушылары мен экипаж мүшелері жөніндегі жан-жақты ақпаратқа қол жеткізе алады, сондай-ақ оларға тиімділікті бағалау құралы да ұсынылды.

## Станцияны басқару жүйесі

Станцияны басқару жүйесі жерде қызмет көрсету департаменті мен әуе кемесіне перронда қызмет көрсетуші агенттер тарапынан пайдаланылатын интеграцияланған жерүсті жүйесі болып табылады. Мәліметтер планшетке енгізіліп, кейін басқару орталығы тобының тарапынан қадағаланып отырады да, нәтижесінде олар кешігулерге уақытылы жауап беруге мүмкіндік алады. Бұл жүйе перронда әуе кемесіне қызмет көрсетуші агенттердің шұғыл жұмыстармен айналысуына мүмкіндік беріп, жерде қызмет көрсету бөлімшелерінің мониторингін жеңілдетеді.

Шынайы уақыт режимінде жұмыс істей отырып, қызметкерлер, өздеріне орын алып жатқан жағдайларға телефон шалуға уақыт жоғалтпай, бірден жауап беру үшін қажетті ақпараттың барлығына қол жеткізе алады.

Бұдан бөлек, жерде қызмет көрсету жөніндегі есептер енді қағаз формада рәсімделмейді. Оның орнына рейс жөніндегі барлық ақпарат жеке мәліметтер базасында сақталып, кез келген құжат сұрату бойынша кез келген уақытта қалпына келтіріле алады. Бұл жүйе сондай-ақ перронда қызмет көрсетуші агенттерге бақыланатын аумақтан телефон шалу орнына планшет пайдаланып, багаж бен жүктің өңделуі жөніндегі рәсімдердің аяқталуын растауға мүмкіндік береді.

## Борттық құжаттаманың электронды жүйесі (EFB)

«Эйр Астана» EFB жүйесін әуе кемелері паркінің әрбір ұшағында орнатуды жоспарлауда. Бүгінге дейін барлық жаңа Airbus ұшақтарында ең жаңа EFB жүйелерін орнату жөніндегі келісімдерге қол қойылды. Бұдан бөлек, «Эйр Астана» әуекомпаниясы өз паркін осы тәріздес жүйелер көмегімен жаңартуда. 2018 жылы EFB жүйесі ұшқыштардың электрондық брифингін өткізу мен есептілікке арналған жаңа модульдер арқылы жетілдірілетін болады және бұл қадам өндірістік есептілікті оңтайландыруда маңызды болып табылады. Енгізілгеннен соң EFB жүйесі 2018 жылдың соңына қарай толығымен қағазсыз операцияларға көшуге мүмкіндік береді.

## Физикалық орта

Бәсекелестік аса жоғары ортада жас мамандарға жайлы да шығармашылық ортаны ұсыну «Эйр Астана» әуекомпаниясына қызметкерлерді тартып, оларды ұстап қалуға бағытталған қызметінде артықшылықтармен қамтамасыз етуі мүмкін. Өз қызметінің көптеген элементтерін бір жерде шоғырландыра отырып, «Эйр Астана» әуекомпаниясы ұжымдық жұмыс пен ынтымақтастықты ынталандырады. Ашық есік және ашық кеңістік қағидаттары әріптестер арасында өзара сенім мен сыйластық мәдениетін қалыптастырады.

2017 жылы өндірістік қызметті бақылау, жердегі операциялар жөніндегі және

борттық қызмет жөніндегі бөлімшелер Алматыда бір үлкен де ыңғайлы нысанда жұмыс істей бастады. 2018 жылдың басында оларға өндірістік мәселелер жөніндегі департамент қосылады. Астана қаласында өндірістік мәселелер жөніндегі департамент пен борттық қызмет көрсету жөніндегі департамент «Эйр Астана» әуекомпаниясының 2017 жылдың соңында ашылған жаңа ангарлық кешенінің бөлігі болып табылатын нысанда инженерлік-техникалық қамсыздандыру жөніндегі департаментке қосылатын болады.

## Әлеуметтік қолдау

### Корпоративтік зейнетақы жоспары

2016 жылы Компания Қазақстандағы барлық қызметкерінің назарына жаңа корпоративтік зейнетақы жоспарын ұсынды. Бұл бастаманың мақсаты негізгі қызметкерлерді ұстап қалып, қызметкерлердің бойында өзінің қаржылық қауіпсіздігіне қатысты жауапты көзқарас қалыптастыру болып табылады.

Жоспар шарттары бойынша әр қызметкерден ай сайын кірісінің 5 % ұсталып, Компания да дәл осындай соманы осы кезден бастап оның Компанияда он жыл үздіксіз қызмет етуі барысында енгізеді. Еңбек өтілі он жыл болғанда Компания жарнасы артады. Қызметкер болса, өзі және Компания тарапынан жасалған барлық жарналарды қоса алғандағы зейнетақы жинағын және қосымша ретінде есептелген инвестицияларды келесі шарттар орындалған кезде толығымен шешіп ала алады:

- » Компанияда 20 жыл үзбей жұмыс істеп шықса;
- » Зейнетақы аударымдарын корпоративтік зейнетақы жоспары бойынша 20 жыл бойы жіберіп отырса

немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зейнетақы жасына жетсе.

## Қызметкерлерді сыйақылау

- «Эйр Астана» қызметкерлеріне әлеуметтік жеңілдіктердің келесідей пакетін ұсынады:
- » Медициналық сақтандыру;
  - » Ұшқыш лицензиясын жоғалту жағдайына сақтандыру;
  - » «Эйр Астана» немесе серіктес әуекомпаниялардың рейстеріне 50–90% көлеміндегі жеңілдіктер;
  - » Жұмысқа апаруға және жұмыстан қайтуға арналған корпоративтік автобусты пайдалану;
  - » Байланыс шығыстарының төленуі;
  - » фитнес-клубтар төлеміне жеңілдіктер ұсыну;
  - » мейрамхана, барлар мен қонақүйлерде жеңілдіктерге ие болу.

## Кәсіподақ

2017 жылы «Эйр Астана» әуекомпаниясы мен Компанияның үш кәсіподағы, «Қазақстан авиация жұмыскерлерінің жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі, «Эйр Астана» әуекомпаниясының ұшу құрамындағы жұмыскерлердің жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі мен «Авиатор бастапқы кәсіподақ ұйымы» АҚ еңбек қатынастарын басқару жүйесін жетілдіру және «Эйр Астана» қызметкерлеріне әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ету үшін жаңа ұжымдық келісім-шарт жасасу жөнінде мәмілеге келді. Бұл келісім-шартқа 2018 жылдың қаңтарында қол қойылып, еңбек инспекциясы тарапынан бекітілді.

	2015	2016	2017
Қазақстан авиация жұмыскерлерінің жергілікті кәсіподағы	973	1025	985
Ұшу құрамының кәсіподағы	170	148	100
«Авиатор» бастапқы кәсіподақ ұйымы*	–	–	29

\* «Авиатор» 2017 жылдың 31 мамырында ұшқыштардың жалпы жиналысында «Эйр Астана» әуекомпаниясының базасында құрылды.

# 3.10

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

«ЭЙР АСТАНА» ӨЗІ ӘРЕКЕТ ЕТЕТІН ҚОҒАМДАСТЫҚТАРДА БЕЛСЕНДІ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАДЫ, СОЛ СЕБЕПТІ КОМПАНИЯ БАРЛЫҚ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖОБАЛАРЫН БАҚЫЛАУ МАҚСАТЫНДА КОРПОРАТИВТІК КОММУНИКАЦИЯЛАР ЖӨНІНДЕГІ ДЕПАРТАМЕНТ ПЕН САТУЛАР МЕН МАРКЕТИНГ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ТӨРТ МҮШЕСІНЕН ҚҰРАЛҒАН ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ ҚҰРДЫ. ОЛ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРҒА ПАЙДА ӘКЕЛЕТІН ЖӘНЕ КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНА СӘЙКЕС КЕЛЕТІН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҰЙЫМДАРЫ МЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖОБАЛАРЫН АНЫҚТАП, ТАҢДАУ ЖҮРГІЗЕДІ.

Компания көп жыл қатарынан белсенділік танытып келе жатқан салалардың бірі науқас балалар мен олармен бірге медициналық мақсатта саяхаттайтын отбасы мүшелеріне тегін әуе билеттерін ұсыну болып табылады. 2017 жылы «Эйр Астана» әуекомпаниясы ауыр науқасқа шалдыққан балалар және олардың ата-анасы үшін құны іу млн теңге көлеміндегі 124 билет ұсынды. Бұдан бөлек «Аяла» қайырымдылық қоры тарапынан өткізілген қайырымдылық жобасы шеңберінде, «Эйр Астана» әуекомпаниясының Алматы, Астана мен Атырау қалаларындағы кассаларында енгізілген садақа есебінен 1 млн теңге жиналды. Бұл жобаның мақсаты Қазақстан инфекциялық ауруханаларында балалар жансақтау бөлімдері үшін заманауи жабдық сатып алу болып табылады. Бұл науқан 2010 жылы іске қосылғалы 13 млн теңге жиналды.

Компания 2018 жылға қайырымдылық саласында келесідей басымдықтар бекітті:

- » қайырымдылық қорларымен бірлесіп жұмыс істеу;
- » әлеуметтік демеушілік;
- » қызметкерлердің қайырымдылық жобаларына еріктілер ретінде қатысуы.



### Әлеуметтік жобаларға салынатын инвестициялар, теңге



### 2017 жылы іске асырылған жобалар

Жоба бағыты	Жоба атауы	Сипаттамасы
<b>Ардагерлерге көмек көрсету</b>	Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне әуе билеттерін ұсыну	2017 жылы ұлттық әуетасымалдаушы Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне Қазақстан мен ТМД ішіндегі бағыттар бойынша Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне 3 914 әуе билетін ұсынды.
<b>Медицина</b>	Ауыр науқасқа шалдыққан балалар мен оларға еріп жүретін ата-анасына әуе билеттерін ұсыну	2017 жылы 124 ауыр науқасқа шалдыққан бала мен оларға еріп жүрген ата-аналарына билеттер ұсынылды.
	Қазақстан инфекциялық ауруханаларының балалар жансақтау бөлімдеріне заманауи жабдық жеткізу	2017 жылы Қазақстанның инфекциялық ауруханаларының балалар жансақтау бөліміне заманауи жабдық жеткізілімін қамтамасыз етуге бағытталған «Аяла» қайырымдылық қорының қайырымдылық жобасы шеңберінде Алматы, Астана мен Атырау қалаларында орнатылған жәшіктерге тасталған садақа есебінен 1,17 миллион теңге жиналды.
	Республикалық «Ақсай» балалар клиникалық ауруханасы үшін жабдық сатып алу	2017 жылы «Эйр Астана» сондай-ақ Республикалық «Ақсай» балалар клиникалық ауруханасы үшін 900 мың теңге көлеміндегі сомаға жабдық сатып алды.
<b>Білім беру</b>	«Мейірімділік баспасөз қызметі» конкурсына қолдау көрсету	«Эйр Астана» мен «Интерфакс» ақпараттық агенттігі «Аяла» қайырымдылық қорына көмек көрсету ниетімен жергілікті журналистер арасында ұйымдастырылған конкурса қолдау білдірді.
	«SOS балалар ауылында» тұратын балалар үшін «Экспо-2017» көрмесіне экскурсия ұйымдастыру	Балалар ұлттық әуетасымалдаушы стендінің жанына тоқтап, ұшқыш Константин Склярпен кездесті. Балалар Компания жөніндегі фильмді көріп, түрлі көрмелерді тамашалады.
	Қазақстандық студенттер мен оқытушылардың Крэнфилд университетіне баруы	Жеңімпаздар Қазақстанның барлық 16 аймағынан үш күндік сынаққа қатысқан үміткерлер қатарынан таңдап алынды. Қазақстандық делегация Біріккен Корольдікте әуеғарыштық технологияларды танумен байланысты бірқатар іс-шараға қатысты.

## «Эйр Астана» «Мейірімділік баспасөз қызметі» атты қайырымдылық конкурсына қолдау көрсетті

«ЭЙР АСТАНА» КОМПАНИЯСЫМЕН БҰРЫННАН БЕРІ СЕРІКТЕС БОЛЫП КЕЛГЕН «АЯЛА» ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОРЫ ӨЗІНІҢ ОНЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫН ТОЙЛАП ӨТУ ШЕҢБЕРІНДЕ, «МЕЙІРІМДІЛІК БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ» АТТЫ БІРЕГЕЙ КОНКУРС ҰЙЫМДАСТЫРДЫ.

### Іс-шара мақсаты

Қайырымдылық қоры тарапынан өткізілген бұл конкурстың мақсаты риясыз жақсылық жасайтын адамдардың альтруистік істері жөнінде жазатын қазақстандық журналистердің шығармашылық еңбегін мойындау болды. Ұлттық әуетасымалдаушы жеңімпаздарға Тбилиси, Санкт-Петербург, Гонконг пен Парижге орындалатын рейстерге билет түріндегі бірегей сыйлықтар жасады.

### Іс-шара өткізілуі

Бүтін елден 70тен аса журналист «Қайырымдылық баспасөз қықметі» атты конкурсқа қатысты. Әділ қазы алқасы құрамына «Интерфакс» ақпараттық агенттігінен Светлана

Романова, «Эйр Астана» корпоративтік коммуникациялар жөніндегі менеджері Тілек Абдрахимов пен «Аяла» қайырымдылық қорының жұртшылықпен байланыс жөніндегі вице-президенті Жангелді Сәрсенов кірді. Әділ қазылардың алдында әр үміткер марапатқа лайық болғанына қарамастан, тек бес қатысушыны таңдау сияқты қиын міндет тұрды.

«Бізге үміткерлерді бағалау қиынға соқты: ұсынылған барлық әңгімелер өте маңызды тақырыптарды қозғап, өзін-өзі жарнамалау немесе танымал ету мақсатында емес, өз жүрегінің қалауымен игі істер атқарған Қазақстанның жанкешті азаматтары жөнінде баяндайды», — деді Тілек Абдрахимов.

### Іс-шара нәтижесі

Үшінші орынды «Экспресс К» газетінің журналисі Татьяна Аладина иеленді. Оған Грузияға керемет саяхат жасау мүмкіндігі сыйлық ретінде бұйырды. Оралдық Аиша Киреева екінші орынға лайық деп табылып, Санкт-Петербург қаласына билет ұтып алды. Бірінші орынға берілген Гонконг қаласына апаратын әуебилетті Екібастұз қаласынан келген Дарья Жумадилова қанжығасына байлады. Конкурстың гран-при сыйлығы – Франция астанасы Париж қаласына саяхаттауға мүмкіндік беретін әуе билеті астаналық Ренат Тахкинбаевқа табысталды.

## «SOS балалар ауылында» тұратын балалар үшін «Экспо-2017» көрмесіне ұйымдастырылған экскурсиялар

«АЯЛА» ҚОРЫ БҮТІН ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША БАЛАЛАР ҮЙЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІ ҮШІН «ЭКСПО-2017» КӨРМЕСІНЕ БІРНЕШЕ ЭКСКУРСИЯ (ОРТА ЕСЕППЕН АПТАСЫНА ЖЕТІ БАЛА) ҰЙЫМДАСТЫРДЫ. ҚОР СЕРІКТЕСТЕРІ, СОНЫҢ ІШІНДЕ «ЭЙР АСТАНА» ЖОЛ ШЫҒЫНДАРЫ, ТҮРУ ЖӘНЕ ТАМАҚТАНУ ШЫҒЫНДАРЫН КӨТЕРДІ.

### Іс-шара мақсаты

Бұл бастамаға қолдау көрсеткен ірі компаниялардың негізін қалаушылары мен жетекшілері осындай саяхаттардың жеткізілген тамақ немесе киімге қарағанда анағұрлым құнды деген пікірде, себебі «Экспо» тәріздес іс-шаралар адамға оның нені қаласа, соған жете алатынына көз жеткізуге мүмкіндік береді. Барлық жел турбиналары, күннен қуат алатын батареялар, электромобильдер, ақылды

үйлер мен «Экспо-2017» көрмесінде ұсынылған өзге де жобалар алғашында біреудің жай ғана арманы еді. «Экспо-2017» еліміз бен планетамызда алдағы онжылдықтарда өмір сүретін адамдарды шабыттандыруы тиіс.

### Іс-шара өткізілуі

Есілдегі балалар үйінен келген балалар үшін «Экспо» көрмесіне экскурсия ұйымдастыруға, соның ішінде

қазақстандық «Нұр Әлем» сферасына саяхат жасауға, өнер орталығына баруға, «Экспо» павильондарның бірінде ұйымдастырылған квестке бес сағат уақыт жұмсалды.

Балалар физика, химия мен геометриядан біраз жаңа әрі пайдалы мағлұмат алды. Сіз кинетикалық энергия жайында мыңдаған кітап оқысаңыз да, педальдар айналып жатқанда жарық беретін жарықдиодты шамдармен жабдықталған велосипедті бір

рет айдап көру сізге анағұрлым көбірек мағлұмат береді. Ойын негізінде оқыту қазақстандық мектептер үшін түсініксіздеу тұжырымдама олып табылады, себебі оны қабылдауға көп инвестиция қажет, дегенмен де ол «Экспо-2017» көрмесінде жұртшылық назарына жиі ұсынылды (мәселен, көркемсурет негізін үйретіп жатқан роботтар).

Балалар ұлттық әуетасымалдаушы стендінің жанына тоқтап, ұшқыш Константин Скларовпен кездесті. Ол жас меймандарға әуеде орын алған қызық оқиғалар туралы баяндап, ұшқыш болудың ерекшеліктерін атап өтті. Одан кейін балалар Компания жөніндегі бір фильмді тамашалап, түрлі көрмелерге соғып өтті.

### Іс-шара нәтижесі

Балалар компьютерлік мини-ойындар жасақтап, макет жасап, энергияның баламалы көздерін ойлап табуға тырысты немесе өздерінің болашақта ғаламшарымызды қалай көретіндіктерін көрсету мақсатында жай ғана сурет салды. Кішкентай жасампаздарға үлкен қамқорлық танытқан «Экспо» еріктілерінің арқасында әр баланың жүрегіне шектеусіз мүмкіндіктер әлеміне деген сенім дәні ұялады.

## Қазақстандық студенттер мен оқытушылардың Крэнфилд университетіне сапары

«ЭЙР АСТАНА» МЕН ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ, «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА ТРАСТ» ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫ ДАМУЫ ҚОРЫ МЕН НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ БІРНЕШЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СТУДЕНТТЕР МЕН ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ КРЭНФИЛД УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ӨТКЕН ӘУЕҒАРЫШТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӨНІНДЕГІ ЖЕТІ КҮНДІК СЕМИНАРЫНА ҚАТЫСУ БАСТАМАСЫН КӨТЕРДІ. 36 СТУДЕНТ ПЕН АЛТЫ ОҚЫТУШЫ ҚАТЫСҚАН СЕМИНАР ҰЛЫБРИТАНИЯДА 6-13 ТАМЫЗ АРАЛЫҒЫНДА ӨТКІЗІЛДІ.

### Іс-шара мақсаты

Жас дарындарға әуе-ғарыштық өнеркәсіпте өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін ұсыну. Компания қызметімен байланысты салаларда академиялық зерттеулер мен мәдени айырбастар үшін тұрақты платформамен қамтамасыз ету.

### Іс-шара өткізілуі

Жеңімпаздар маусым айында өткізілген үшкүндік сынақ барысында Қазақстанның барлық 16 аймағынан қатысқан үміткерлер арасынан іріктелді. Сапар шегу алдында студенттер «Экспо» көрмесіндегі Компанияның жанармай пайдалану тиімділігін арттыру мен жанармай шығысын үнемдеу үшін пайдаланылатын технологияларды көпшілік назарына ұсынған «Эйр Астана» стендіне тоқтап өтті. Курс бағдарламасы Біріккен Корольдіктегі Ұлттық атмосфера зерттеу орталығының авиациялық ғылым мен техника бөлімшесінің басшысы Гай Граттон

дәрістерінен, Крэнфилд университетінің аэродинамика және авиациялық өлшеулер жөніндегі профессоры Ника Лоусонның дәрістерінен, сондай-ақ авиация саласындағы өзге де көптеген танымал оқытушылар мен мамандардың дәрістерінен құралды.

2017 жылдың қазан айында «Эйр Астана» әуекомпаниясы мен Қазақстандағы Британдық кеңес Лондон қаласында церебральді сал ауруына шалдыққан 15 жасар Исаак Мустопуло мен теориялық физика профессоры Стивен Хокинг арасында кездесу ұйымдастырды.

Исаак Британдық кеңес пен технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік ұйымдастырған STEM атты мүмкіндігі шектеулі жандарла арналған Ұлттық инновациялар конкурсында арнайы жүлде иеленді. Бұл конкурс үшін Исаак ғарыштық аппараттар үшін энергия жасап шығару үдерісін сипаттайтын бейнеролик ұсынып, онда арманы - өзі өмір бойы үлгі тұтып келген профессор

Хокингпен кездесу екенін баяндап берді. Оның арманын жүзеге асыру Астана қ.әкімі Әсет Исекешев пен «Эйр Астана» әуекомпаниясының президенті Питер Фостердің бастамасы болды.

### Іс-шара нәтижесі

Компания қызметімен байланысты салада академиялық зерттеулер мен шығармашылық қызметте болашағынан үміт күттіретін студенттер іріктеліп алынды. Крэнфилд университетінің жетекші профессорлары мен Қазақстанның жас мамандары арасында жеке байланыс көпірі құрылды.

3.11

## ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

2017 ЖЫЛЫ КОМПАНИЯ ҚАРЖЫЛЫҚ ПАЙДАСЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРДІ. 12,82 МЛРД ТЕҢГЕ КӨЛЕМІНДЕГІ ТАЗА ПАЙДА 2016 ЖЫЛҒЫ 12,83 МЛРД ТЕҢГЕ КӨЛЕМІНДЕГІ ЗАЛАЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА 2015 ЖЫЛЫ ТЕҢГЕНІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫНАН KEЙІН ОРЫН АЛҒАН ЖАҒЫМСЫЗ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛДАН KEЙІН ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚАЛПЫНА КЕЛЕ БАСТАУЫНЫҢ АЙҚЫН БЕЛГІСІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Түсім көлемі жағымды факторлар мен өндірістік көрсеткіштердің жылдам қарқынмен өсуінің нәтижесінде 2017 жылы 17,8 % өсіп, 250,22 млрд. теңгеге жетті. Жолаушы ағынының өсуі, өсімі 2017 жылы 23 % құраған халықаралық тасымалдарда бой көрсеткен жақсы нәтижелермен байланысты болды. Осындай өсімге себеп болған негізгі фактор Қытай, Үндістан, Украина, Орталық Азия мен өзге аймақтардың үлкейген ішкі нарықтарындағы халықаралық транзиттік тасымалдар еді және осы сектордағы Компания жолаушыларының саны 58 % артты. Нәтижесінде Компанияның халықаралық рейстеріндегі әрбір төртінші жолаушы транзиттік жолаушы болды. Ішкі рейстердегі жолаушы ағынының өсімі 3 % дейін баяулап, ШЖКМ) түсімінің тұрақты түрде қалпына келуімен қатар жүрді.

Түсімнің 17,8 % көлеміндегі әжептәуір өсімі ШЖКМ көрсеткішінің 6,9% көлеміндегі орташа өсімімен қатар ШЖКМ көрсеткішінің 10,2 % артуына алып келіп, Компания қызметінің нәтижелерінің өзгеруіне ықпал еткен негізгі фактор болды өзгерді.

Қазақстандық валюта өз құнының 82 % жоғалтқан 2015 жылдың соңы мен 2016 жылғы тұрақсыздықпен салыстырғанда 2017 жылы теңгенің орташа айырбас бағамы 1 АҚШ долларына есептегенде 342,16 теңгеден 326 теңгеге, яғни 4,7 % артып, салыстырмалы түрде тұрақты деңгейде қалып отырды<sup>1</sup>. Бұл тұрақтылық бағамдық айырмашылықтан келетін залалды 3,38 млрд теңгеге дейін 13,7 % төмендетіп (2016 ж. 3,92 млрд.теңге), қаржылық нәтижелерді жақсартуға мүмкіндік берді.

## Қаржылық көрсеткіштерге қысқаша шолу жасау

млрд теңге	2017 ж.	2016 ж.	%
Түсім мен өзге кірістер, барлығы	250,217	212,486	+17,8 %
Операциялық шығыстар, барлығы	(229,596)	(199,524)	+15,1 %
Операциялық пайда	20,621	12,962	+59,1 %
Операциялық пайда маржасы	8,24%	6,10%	+2,14 п.к.
Тааз қаржылық кірістер/(шығыстар)	(1,247)	(19,964)	+93,8 %
Бағамдық айырмашылықтан келетін таза кіріс/(залал)	(3,380)	(3,916)	+13,7 %
Салық салынғанға дейінгі пайда /(залал)	15,994	(10,918)	+246,5 %
Табыс салығына жұмсалған шығыс	(3,176)	(1,916)	+65,8 %
Жыл бойынша келген пайда/(залал)	12,818	(12,834)	+199,9 %

<sup>1</sup> Компанияның 2017 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін шығарған қаржылық есептілігіндегі айырбастау бағамдарына сәйкес.

## Түсім, млрд теңге

Көрсеткіштер	2017 г.		2016 г.		Өзгеріс
	Барлығы	Жалпы түсімнен % үлесі	Барлығы	Жалпы түсімнен % үлесі	
Жолаушы тасымалынан келген түсім	234,126	93,6 %	201,849	95,0 %	+16,0 %
Жүк және пошта тасымалынан келген түсім	6,411	2,6 %	5,367	2,5 %	+19,5 %
Өзге кірістер	6,916	2,8 %	5,270	2,5 %	+31,2 %
Кері жалға алумен байланысты сату операциясынан келген пайда	2,764	1,1 %	—	—	+100,0 %
<b>Түсім мен өзге кірістер, барлығы</b>	<b>250,217</b>	<b>100,0 %</b>	<b>212,486</b>	<b>100,0 %</b>	<b>+17,8 %</b>

Соңғы жеті жыл ішінде Компанияның тасымал құрылымы айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Маршруттарымыздың картасы мен кестемізді қайта құрылымдап, біз тікелей рейстерге бағдар алған, тек ішкі нарық есебінен қызмет етуші әуекомпаниядан қарқынды даму үстіндегі желілік тасымалдаушыға айналдық. 2010 жылдан бері халықаралық транзиттік тасымалдар көлемі 48 есе өссе, ел ішінен және ел ішіне орындалатын халықаралық тасымалдар көлемі 4,9 есе ұлғайды.

Ішкі және халықаралық маршруттар желісінде орындалатын транзиттік тасымалдар көлемі жалпы тасымалдың 27 % құрады. Осының нәтижесінде біз қарқынды даму үстіндегі ірі, осы кезге дейін толық игерілмеген нарықтарға шығып, ішкі нарыққа аса тәуелді болуымызды азайтуға мүмкіндік берді. Компанияның осындай өзгеріске 2015 жылғы дағдарысқа дейін ұшырағандығы оның өз нәтижелерін 2017 жылы айтарлықтай жақсартуына жол ашты.

«Эйр Астана» әуекомпаниясының 2017 жылғы жолаушы тасымалының көлемі 11,8 % артып, 4,19 млн. жолаушыны құрады. Трафик өсімі көп жағдайда жолаушы ағыны 22,6 % өсіп, 2,04 млн. жолаушыны құраған халықаралық маршруттармен түсіндіріледі, ал ішкі маршруттардағы жолаушы ағыны 3,3 % өсіп, 2,15 млн. жолаушы құрады. Жолаушы тасымалынан келген жалпы түсім 234,13 млрд теңгеге дейін 16 % жоғарылады.

Компанияның шекті жолаушы-километрлермен (ШЖКМ) өлшенетін тасымалау сыйымдылығы 6,9 % пайыздық көрсеткішке жоғарылап, 13,59 млрд км-ге жетті және оның негізгі себебі халықаралық бағытта ұшып шығатын рейстер санының артуында жатыр. Бұл нәтижелер Компанияның соңғы бірнеше жыл бойы өткізіп келген аймақтық экспансия стратегиясына сәйкес болды.


Жолаушы және жүк тасымалынан келген түсім ең жоғары қарқынмен

ТМД маршруттарында дамыды (+24,6 %, 125,94 млрд теңгеге дейін). Азиялық бағытта орындалатын жолаушы және жүк тасымалынан келген түсім 4,6 % (61,98 млрд теңгеге дейін) ұлғайды. Еуропалық маршруттар да екі таңбалы өсім көрсеткішіне қол жеткізді (+12,3 %, 52,61 млрд теңгеге дейін).

Халықаралық маршруттарда трафиктің өсуі және ішкі маршруттарда кірістіліктің артуы нәтижесінде ШЖКМ-ге келетін кіріс 2016 жылғы 16,7 теңгеден 10,2 % артып, 2017 жылы 18,4 теңгені құрады.

2017 жылдың желтоқсанында Компания сатылу кезінде қаржылық жал арқылы иелігінде болған Embraer E190 ұшағын сатып, оны операциялық жал шарттары бойынша қайтадан жалға алу жөніндегі операцияны іске асырды. Компания осы мәміледен әуе кемесінің әділетті құны мен оның сатылу күніндегі теңгерімдік құнының айырмашылығы ретінде есептелген, 2,764 млрд. теңге көлеміндегі таза пайданы мойындады.


## Түсім мен операциялық шығыстар



## Операциялық шығыстар

Компанияның операциялық шығыстары 2016 жылғы 199,5 млрд теңгеден 15,1 % артып, со 2017 жылы 229,6 млрд теңгені құрады. Дегенмен де әуекомпанияның ШЖКМ шығындар көрсеткіші саладағы ең төмен көрсеткіштердің бірі, яғни Еуропа мен Таяу Шығыста қызметтердің толық кешенін ұсынатын өзі тәріздес тасымалдаушы әуекомпаниялармен салыстырғанда шамамен 20-50 % төмен және кей ірі еуропалық лоукостерлердің көрсеткішінен төмен болып келеді. Тұтас салаға әсерін тигізетін әлемдік әуе жанармайы бағаларының шарықтауы мен ШЖКМ шығындарының артуы 2017 15,7 теңгеден 16,9 теңгеге дейін өсуіне қарамастан, «Эйр Астана» әуекомпаниясының базалық құнының төмен болуы біздің стратегиялық бәсекелестік артықшылығымыз болып қалып отыр.

## 2017 жылғы операциялық шығыстар



- Жанармай
- Әуежайда қызмет көрсету және навигация
- Жолаушыларға қызмет көрсету
- Қызметкерлерге жұмсалатын шығыстар
- Инженерлік-техникалық қызмет көрсету
- Әуе кемелерінің операциялық лизингіне жұмсалатын шығыстар
- Өзгелері

## Операциялық шығыстарды топтастыру

Көрсеткіштер	2017 ж.		2016 ж.		Өзгеріс, %
	Барлығы	Операциялық шығыстарға қатысты % үлесі	Барлығы	Операциялық шығыстарға қатысты % үлесі	
Жанармай	59,827	26,1 %	44,712	22,4 %	+33,8 %
Әуежайда қызмет көрсету және навигация	33,631	14,6 %	30,763	15,4 %	+9,3 %
Жолаушыларға қызмет көрсету	28,243	12,3 %	23,886	12,0 %	+18,2 %
Қызметкерлерге жұмсалатын шығыстар	23,179	10,1 %	22,150	11,1 %	+4,6 %
Инженерлік-техникалық қызмет көрсету	22,550	9,8 %	20,755	10,4 %	+8,7 %
Әуе кемелерінің операциялық лизингіне жұмсалатын шығыстар	20,021	8,7 %	19,985	10,0 %	+0,2 %
Өзгелері	42,114	18,4 %	37,273	18,7 %	+13,1 %
<b>Операциялық шығыстар, барлығы</b>	<b>229,596</b>	<b>100,0 %</b>	<b>199,524</b>	<b>100,0 %</b>	<b>+15,1 %</b>

## Жанармай

Жанармайға кез келген әуекомпанияның операциялық шығыстарының негізгі бөлігі тиесілі болады. Нәтижесінде, жанармай бағаларының құбылмалылығы бүкіл әлемдегі әуекомпаниялардың пайдалылығына тікелей әрі айтарлықтай әсер етеді. «Эйр Астана» компаниясының жанармайға жұмсайтын шығыстары 2016 жылғы 44,7 млрд. теңгеден 2017 жылы 59,8 млрд.теңгеге дейін 33,8 % өсті.

2016 жылғы 23 % төмен болған көрсеткіштен 2017 жылы әлем бойынша мұнай бағаларының өсуі нәтижесінде 26,1 % дейін жоғарылады. 2017 жылы Brent маркалы мұнайдың орташа айлық бағасы баррель үшін қаңтардағы 55,51 АҚШ долларынан желтоқсанда 64,09 АҚШ долларына дейін 15 % жоғарылады.

Бағалардың күрт өсуінен бөлек, жанармай шығыстары маршруттық желінің өсуі есебінен, сондай-ақ ұшу сағаттарының 2016 жылғы 106 993 сағаттан 114 811 сағатқа дейін 7,3 % артуы есебінен жоғарылады.

## Өзге операциялық шығыстар

Компанияның операциялық шығыстарының өзге баптарына әуежайда қызмет көрсету мен навигация, жолаушыларға қызмет көрсету, қызметкерлерге кететін шығындар, әуе кемелерінің операциялық лизингіне жұмсалатын шығындар мен экипаждарға кететін шығыстар жатады. Бұл шығыстар 2017 жылы 2016 жылмен салыстырғанда негізінен ұшулар жиілігі мен жолаушылар санының артуы есебінен 8,2 % артты.

Әуе кемелерінің операциялық лизингіне кететін теңгемен берілген шығыстар 2016 жылмен салыстырғанда болмашы ғана 0,2% артып, бұл көрсеткіш ШЖКМ мен пайда өсімінен біршама төмен болып келеді. 2017 ж. 31 желтоқсанына Компания 32 турбореактивті ұшақ, соның ішінде 9 жақынмагистральді және 23 алысмагистральді ұшақ пайдаланып келді (10 ұшақ қаржылық лизинг келісім-шарттары бойынша алынып, 22 ұшақ операциялық лизинг келісім-шарттары бойынша жалға алынды). 2017 жылы бір жаңа алысмагистральді ұшақ сатып алынды.

Қызметкерлерге жұмсалатын шығыстардың өсімі жолаушы ағынының өсімімен салыстырғанда баяуырақ

болғанымен, 2017 жылы Компания қызметкерлерінің санының өсуі және жалақы мен әлеуметтік салықтардың көлемінің тиісінше артуы есебінен 4,6 % жоғарылады. Сатуларға кеткен шығыстарға, соның ішінде комиссиялық алымдар мен брондауға кететін шығындарға жолаушы тасымалының 2016 жыл деңгейімен салыстырғанда 16 % артуы аясында операциялық шығыстардың 5,7 % тиесілі.

Өзге шығыстар, соның ішінде тозу мен амортизация, мүлік жалына кететін шығыстар, сақтандыру, салықтар мен ақпараттық технологияларға, сондай-ақ өзге қызметтерге жұмсалатын шығыстар операциялық шығыстардың, 8,3 % құрады. Барлық департаменттердегі шығыстарға қатысты дисциплинаның жоғары деңгейде болуы 2017 жылғы жоғары қаржылық көрсеткіштерге тікелей әсерін тигізді.

## Операциялық пайда

Жақсы қаржылық нәтижелердің, ШЖКМ көрсеткішінің жоғарылауы және басқарылатын шығындарды қатаң бақылауға алу арқасында 2017 жылы Компанияның операциялық пайдасы 59,1 % артып, 20,62 млрд теңгені құрады. Бұл өсім пайданың операциялық маржасының 2,1 пайыздық көрсеткішке артуына алып келді, ал бұл көрсеткіш бүкіл әуекомпаниялар арасындағы жалпыәлемдік орташа көрсеткіштен IATA (International Air Transport Association – Халықаралық әуе көлігі қауымдастығы) ұйымына мүше барлық әуекомпаниялар арасында, 4,3 % дерлік жоғары.

ШЖКМ көрсеткішінің қалпына келуінің арқасында Компанияның таза пайдасы 12,82 млрд теңгеге жетіп, өткен жылғы 12,83 млрд. теңге көлеміндегі залалмен салыстырғанда таңдай қақтырарлық нәтиже орны алды.

Компанияның пайыз, салық, тозу, амортизация мен жал шығыстарын есепке алғанға дейінгі пайдасы 16,5 % жоғарылап, 48,94 млрд. теңгеге жетті. EBITDAR маржасы/түсіма (19,6 %) 2016 жылғы деңгейге (19,8 %) жақын деңгейде болды.

Компанияның АҚШ долларымен берілген міндеттемелері, 2017 жыл ішінде келісім-шарттар мен кері жалға алумен байланысты сатулар бойынша міндеттемелердің азаюы және жанамалай әуе кемелерінің уақытынан кешіктіріліп

## Меншікті капитал

Млрд. теңгемен	2017 ж.	2016 г.	%
Акционерлік капитал	2,502	2,502	0 %
Қосымша төленген капитал	0,049	0,049	0 %
Салықтарды алып тастағандағы хеджирлеу құралдары жөніндегі қор	(23,75)	(26,741)	+11,2 %
Үлестірілмеген пайда	50,033	37,215	+34,4 %
<b>Жиынтық меншікті капитал</b>	<b>28,834</b>	<b>13,024</b>	<b>+121,4 %</b>

жеткізілуі есебінен төмендеді. 2017 жылдың 31 желтоқсанына қаржылық жалға қатысты міндеттемелердің жалпы сомасы 106,6 млрд теңгені (өткен жылмен салыстырғанда -15,1 %) құрады. Компания 3,62 млрд теңге көлеміндегі соманы 2017 жылғы қаржылық жалдың пайыздық шығыстары ретінде мойындады.

Қазақстанның ұлттық валютасы – қазақстандық теңге («теңге») — 2017 жылдың 31 желтоқсанына дейін Компанияның функционалды валютасы болды, себебі ол Компаниядағы негізгі оқиғалар мен жағдаяттардың экономикалық мәнін нақты көрсетіп келді және Компанияның жұмыс істейтін бастапқы функционалды валютасы болып табылады.

2017 жылдың ішінде Компания басшылығы саны артып келе жатқан халықаралық ұшуларды есепке ала отырып, Компания операцияларына барған сайын теңгеден өзге валюталардың, негізінен АҚШ долларының әсері артып келе жатқанын мәлімдей отыра, функционалды валюта көрсеткіштерін қайта бағалаудан өткізді. Нәтижесінде басшылық 2017 ж. 31 желтоқсанынан бастап (Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қаржылық есептілік мақсатында жаңа валютаға өту күні) АҚШ доллары Компанияның функционалды валютасына айналады деген шешімге келді.

2017 жылдың 31 желтоқсанына дейін Компанияның функционалды валютасы теңге болғандықтан, Компанияның қаржылық нәтижелері мен қаржылық ахуалы келесі рәсімдер арқылы жаңа функционалды валютада іске асырылу мүмкіндігіне көшірілді:

а) активтер мен міндеттемелер биржаның жабылу уақытында 2017 ж. 31 желтоқсанында АҚШ долларының қазақстандық теңгеге шаққандағы бағамы бойынша көшірілді;

ә) есеп беру кезеңіндегі кірістер мен шығыстар 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдың ішінде АҚШ долларының қазақстандық теңгеге шаққандағы орташа айырбас бағамы бойынша көшірілді;

б) қордағы хеджирлеу құралдары бойынша орын алған өзгерістер 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған орташа айырбас бағамы бойынша көшірілді;

в) нәтижесінде туындаған барлық бағамдық айырмашылықтар 2017 ж. 31 желтоқсанына дейін өзге жиынтық кіріс құрамында шетелдік валюталарды көшіру жөніндегі қорға кіреді деп мойындалды;

г) 2017 ж. 31 желтоқсанында функционалды валюта ретінде АҚШ долларына өту барысында 185,156 АҚШ доллары көлеміндегі шетелдік валюталарды көшіру жөніндегі қордың қолда бар қалдығы 2017 жылдың 31 желтоқсанында толығымен үлестірілмеген пайда есебіне көшірілді;

д) меншікті капитал тарихи бағам бойынша акциялар шығарылған күнге көшірілді, ал тарихи бағам мен 2017 ж. 31 желтоқсанында жабылуы кезіндегі бағам арасындағы айырмашылық меншікті капитал құрамында өзге функционалды валютаға өту жөніндегі акционерлік капиталға жасалған қор ретінде мойындалды;

е) салғыстырмалы мәндер ұсыну валютасы АҚШ доллары бола отырып, 2016 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша шығарылған қаржылық есептіліктегідей болып қалды.

# Кішкентай қонақтарымыз

Біз ұшу барысында Little Prince және National Geographic атты таңғажайып жол жиынтықтарын, балаларға арналған арнайы ойын-сауық бағдарламасын, салауатты балалар тағамын, борттық кітахана мен ойыншықтары бар қорап ұсынамыз. Кішкентай жолаушыларымыз үшін сондай-ақ ерекше дизайнды, балаларға арналған арнайы құлаққаптар қолданысқа енгізілді, себебі бизнес-класс салонында пайдаланылатын құлаққаптар балалар үшін ыңғайсыз болып келеді.



# 4.1

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

### Корпоративтік басқару жүйесінің негізіндегі құндылықтар

Қоғамның корпоративтік басқарылымы әділеттілік, шыншылдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік пен құзыреттілік сияқты қағидаттарға негізделген.

Корпоративтік басқарудың тиімді құрылымы Қоғамның барлық органдарының құқықтары мен мүдделерінің сақталуын қарастырады, сондай-ақ Қоғам қызметінің тиімділігіне, активтер өсіміне және жалпы алғанда қаржылық тұрақтылық пен пайдалылықты ұстап тұруға септігін тигізеді.

Компанияны басқару корпоративтік басқару мен бақылаудың тиімді жүйесінен бөлек, директорлар мен менеджменттің жоғары кәсібилігін талап етеді. Қазіргі уақытта «Эйр Астана» компаниясында басқару органдарының арасында өзара әрекеттесу деңгейі жақсы болып келетін және келесі қағидаттар негізінде міндеттердің ара-жігі теңгерімделіп, ажыратылған тиімді корпоративтік басқару жүйесі құрылған:

- » Акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау
- » Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімді басқаруы

- » Қоғамның дербес қызметі қағидаты
- » Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ашу айқындығы мен объективтілігі
- » Тиімді дивидендік саясат
- » Тиімді кадрлық саясат
- » Қоршаған ортаны қорғау
- » Корпоративтік даулар мен мүдде дауларын реттеу саясаты
- » Жауапкершілік

«Эйр Астана» Компанияның ұзақ мерзімді тұрақты дамуы үшін өзінің корпоративтік басқару жүйесін үнемі жетілдіріп, дамыта отырып, ұдайы корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарын ұстануға тырысады.

### Корпоративтік басқаруға қысқаша шолу жасау

#### Жетілдірулер мен 2017 жылдың жетістіктері

- » «Эйр Астана» компаниясында комплаенс-функцияларды дамыту жөніндегі жоспар құрыла бастады. Дайындық барысында Компанияның келесідей саясаттарының жобалары жасақталды: жемқорлыққа қарсы саясаты, мүдделер жанжалын реттеу саясаты, ықтимал ереже бұзушылықтар жөнінде хабар беру саясаты.
- » Қазынашылық жөніндегі комитет 2017 жылдың қазан айында Компанияның қазынашылық функцияларымен байланысты тәуекелдерді қадағалау және оларды басқару тиімділігін арттыру мақсатында құрылды.

#### 2018 жылға арналған жоспарлар

- » Жыл ішінде комплаенс-функциялар мен жасақталған саясаттарды енгізу.
- » Тәуелсіз директорлар құрамына өзгерістер енгізу.
- » Жаңа ІТ шешімнің енгізілуімен Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу үдерісінің толық автоматтандырылуына кезең-кезеңмен көшу.


### Корпоративтік басқаруды бағалау

Корпоративтік басқару жүйесін бағалау практикасы алғаш рет «Эйр Астана» компаниясында 2008 жылы енгізілді. 2011 жылға дейін бағалау S&P көмегімен жүріп, оның барысында Компания жыл сайын корпоративтік басқару бойынша Қазақстандағы ең жоғары рейтингтік көрсеткішке қол жеткізіп отырды.

2013–2015 жылдары корпоративтік басқару жүйесінің халықаралық практикаға сәйкес болып-болмауына қатысты диагностиканы «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (әрі қарай - Қор) тарапынан Қор компаниялар тобы үшін жасақталған әдістеме негізінде өткізе бастады. Бағалау нәтижесі бойынша «Эйр

Астана» Қор компанияларының арасында жетекші орындарда болды. 2016–2017 жж. Қор әдістемесінің қайта қаралып, оның Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен жаңа корпоративтік басқару кодексіне сәйкестендірілуіне байланысты бағалау жүргізілмеді.

### Компанияның корпоративтік басқарылымының құрылымы





**АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ**

Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғам қызметіне қатысты барлық шешуші мәселелер бойынша шешім қабылдауға өкілетті «Эйр Астана» АҚ жоғарғы корпоративтік басқару органы болып табылады. Оның функциялары мен қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, сондай-ақ Жарғы ережелерімен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген.

**ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ**

Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесі мен Қоғам президентіне ішкі бақылау жүйесі, тәуекелдерді басқару мен корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігін арттыруға және олардың тиімділігін бағалау жүйесін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз әрі объективті кепілдіктер мен кеңестер беру арқылы олардың Компанияның стратегиялық мақсаттарына жетуі жөніндегі функцияларын орындауларына көмегін тигізеді.

**ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ**

Директорлар кеңесі - корпоративтік басқару қағидаттарын, Компания құндылықтары мен корпоративтік мәдениетін ұстана отырып, дамудың стратегиялық және басым бағыттарын айқындау, даму, алға қойылған мақсаттарға жету, акционерлердің активтерінің қорғалып, қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Қоғамды басқару, атқарушы орган қызметін бақылау, тәуекелдерді анықтап, басқару, сондай-ақ тиімді ішкі бақылау жүйесімен қамтамасыз ету салаларында акционерлер алдында жауапты болып табылатын «Эйр Астана» компаниясының корпоративтік басқару органы болып келеді.

**КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ**

Корпоративтік хатшы акционерлер, Директорлар кеңесі мен атқарушы орган арасындағы диалогтарда негізгі рөл ойнайды, сондай-ақ Компания органдары арасында нақты өзара әрекеттесудің жүруін, олардың заңнамалық және корпоративтік талаптарға сай болуын қамтамасыз етеді.

**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ**

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің өз функцияларын тиімді орындауы мақсатында құрылады. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер Қоғамның директорлар кеңесінің сәйкес комитеттері тарапынан оларды жан-жақты талқылау және Директорлар кеңесіне дауыс беру бойынша ұсынымдар әзірлеу мақсатында алдын ала қаралады.

**ПРЕЗИДЕНТ**

Қоғамның ағымдағы қызметі Президент тарапынан басқарылуда. Президент – Қоғамның атқарушы органы функцияларын жалғыз өзі іске асырушы тұлға.

# 4.2

## АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ<sup>1</sup>

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ акциялардың 51 % иелік етеді. «Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ бәсекеге қабілеттілікті және ұлттық экономиканың тұрақтылығын арттыру және әлем нарығындағы ықтимал теріс өзгерістердің еліміздің экономикалық өсіміне ықпал ету факторының алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы Жарғысымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы Қаулысымен 2008 жылдың 3 қарашасында құрылды.

BAE Systems (Kazakhstan) Limited акциялардың 49% иелік етеді. BAE Systems (Kazakhstan) Limited – қару-жарақ, ақпараттық қауіпсіздік және әуе-ғарыштық салалардағы әуеде, құрлықта және теңіз бен ғарышта пайдаланылатын жүйелерді әзірлеумен, жеткізумен және оларға қолдау көрсетумен айналысатын британдық BAE Systems plc корпорациясының еншілес компаниясы.

2017 жылы Акционерлердің жалпы саны 12 жиналысы, соның ішінде 2017 жылдың 24 шілдесінде Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілді.

**Өкілеттіктер**

Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау, Директорлар кеңесінің сандық құрылымын және өкілеттік мерзімін анықтау

Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олардың құрамын анықтау жөнінде шешімдер қабылдау, олар жөніндегі ережелерді бекіту

Қоғамның ұзақмерзімді даму стратегиясын бекіту

Ұзақмерзімді және қысқамерзімді бизнес-жоспарларды бекіту (даму жоспары мен жылдық бюджет)

Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту

Қоғамның ірі мәмілелерді және Қоғам жасауға мүдделі мәмілелер мен ірі мәмілелерді, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысымен заңнама мен Қоғам жарғысына сәйкес бекітуді талап ететін өзге де мәмілелер жасасуы туралы шешімдерді бекіту

Қез келген ұшақты меншікке алу, қаржылық лизингке немесе жалға алу

**2017 жылы Акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған негізгі шешімдер**

Директорлар кеңесінің мүшелерін 2017 жылға сайлау

Директорлар кеңесінің комитеттерінің 2017 жыл үшін құрамы мен өкілеттік мерзімін анықтау және Қазынашылық жөніндегі жаңа комитетті құру туралы шешім қабылдау

Қоғамның 2017-2026 жж.арналған стратегиялық даму жоспарын бекіту

Қоғамның 2017-2021 жж.арналған бизнес-жоспарын (даму жоспарын) бекіту

Қоғамның 2016 жыл бойынша қаржылық есептілігін бекіту

Қоғамның 2016 жыл үшін жасалған жылдық есебін бекіту

Ірі мәмілелерді жасасу және Қоғам міндеттемелерін тиісінше арттыру жөнінде шешімдер қабылдау

Embraer E190 E2 типіндегі бес әуе кемесін, үш Airbus-A320 NEO FB мен үш A321 NEO әуе кемесін операциялық лизинг шарты бойынша сатып алу

<sup>1</sup> Акционерлердің жалпы жиналысы тарапынан қарастырылатын мәселелердің толық тізімімен Компанияның сайтында танысуға болады: <https://airastana.com/uk/ru-RU/>.

## 4.3

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

## Директорлар кеңесінің теңдестірілген құрамы

2017 жылдың 31 желтоқсанында Директорлар кеңесі алты мүшеден құралды: мажоритарлық акционерлер тағайындайтын төрт мүшеден (екеуі – «Самұрық-Қазына Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ атынан, екеуі BAE Systems компаниясы атынан), сондай-ақ екі тәуелсіз директордан. Қоғамның Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысымен кумулятивтік дауыс беру

жолы арқылы сайланады. «Эйр Астана» Директорлар кеңесінің құрамын Компания корпоративтік басқарылымының ағымдағы даму кезеңінде құзіреттіліктер деңгейі, Директорлар кеңесі мүшелерінің жасы мен акционерлердің мүдделерінің көрініс табуы тұрғысынан біршама теңдестірілген және оптималды деп бағалайды.

№	Директорлар кеңесінің мүшесі	Сайлану күні	Мәртебесі	Негізгі құзіреттіліктері
1	Байдәулетов Нұржан Тәліпұлы	2008 жылдың желтоқсаны	«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ тарапынан ұсынылған	Авиациялық бизнес, көлік саласы, корпоративтік басқару
2	Битенов Ғани	2017 жылдың қаңтары	BAE Systems компаниясы ұсынған	Заң саласы, корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару
3	Дэвид Коул	2013 жылдың наурызы	Тәуелсіз директор	Қаржы, қаржылық есептілік пен аудит
4	Алан Фрэйзер	2015 жылдың қаңтары	Тәуелсіз директор	Қаржы
5	Ларионов Дмитрий Владимирович	2008 жылдың сәуірі	Тәуелсіз директор	Қаржылық есептілік пен аудит, корпоративтік басқару
6	Лорд Томас Александр Хескет	2007 жылдың қазаны	Тәуелсіз директор	Авиациялық бизнес

Директорлар кеңесінің мүшелері есеп беру жылында Компания акцияларына иелік еткен жоқ және акциялармен мәміле өткізген жоқ.

## Директорлар кеңесінің құрамында 2017 жылы орын алған өзгерістер

Марат Оразбеков – акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен Директорлар кеңесі құрамынан 2017 жылдың 30 қаңтарында шығарылды.

Ғани Битенов – акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен Директорлар кеңесі құрамына 2017 жылдың 30 қаңтарында сайланды.

## Директорлар кеңесінің рөлі

Директорлар кеңесінің құзіретіне келесі өкілеттіктер жатады:

- » Қоғам қызметінің (дамуының) басым бағыттарын анықтау, сондай-ақ Қоғам дамуының ұзақ мерзімді стратегиясын алдын ала мақұлдау және оны акционерлердің жалпы жиналысына бекітуге шығару;
- » Орта мерзімді және қысқа мерзімді бизнес-жоспарларды (даму жоспары мен жылдық бюджетті) және оған енгізілетін кейбір өзгерістерді, соның ішінде бекітілген бизнес-жоспарларда ескерілмеген капиталды жұмсауды алдын ала мақұлдау және Акционерлердің жалпы жиналысына бекітуге шығару;
- » Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

- » Заңнама және (немесе) Жарғы бойынша Акционерлердің жалпы жиналысымен қабылдануы тиіс мәселелерді Акционерлердің жалпы жиналысына қарауға және шешім қабылдауға ұсыну;
- » Қоғам тіркеушісін таңдау және бұрынғы тіркеушімен арадағы келісім-шартты бұзу туралы шешім қабылдау;
- » Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Президент ұсынысымен ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің еңбекақысының мөлшері мен оны төлеу шарттарын анықтау; Аудит жөніндегі комитеттің ұсынысымен, Президент ұсыныстарын есепке ала отырып, ішкі аудиторларға сыйлықақы беру, сондай-ақ ішкі аудит қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту

## Директорлар кеңесінің төрағасы мен оның рөлі

Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің арасынан акционерлердің жалпы жиналысымен іріктеледі. Ол «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ тарапынан ұсынылған үміткерлер арасынан таңдалады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесін басқаруға, оның өз жауапкершілігінің барлық жағы бойынша тиімді қызмет етуіне жауап береді, сондай-ақ акционерлермен тиімді түрде байланыс ұстап тұрады. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің қызметіне директорлардың белсенді атсалысуын, соның ішінде директорлар мен атқарушы орган арасындағы қарым-қатынастың конструктивті болуын қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің төрағасы корпоративтік хатшымен бірге директорлардың нақты да сенімді ақпарат алуын қамтамасыз етіп, бекітілген тәртіпте отырыстың Директорлар кеңесі тарапынан бекітілетін күн тәртібін әзірлейді.

## Тәуелсіз директорлар және олардың рөлі

Тәуелсіз директорлар Қоғам акционерлері мен атқарушы органдарымен арадағы қарым-қатынастың әсеріне

тәуелсіз пікірлер мен пайымдардың қалыптасуына, сондай-ақ акционерлердің түрлі топтарының мүдделерін ескеретін шешімдердің қабылдануына септігін тигізеді.

Тәуелсіз директорлардың болуы Қоғамдағы корпоративтік басқарылым деңгейінің жоғарылауына септігін тигізеді, сол себепті «Эйр Астана» олардың рөлінің қауіпсіздігіне үлкен мән береді. Мәселен, Қоғамның Директорлар кеңесінің әрекеттегі бес комитетінің барлығы да тәуелсіз директорлар тарапынан басқарылады.

Жыл сайын Директорлар кеңесінің мүшелері тәуелді болмаушылыққа қатысты тексерістен өтеді. 2017 жылғы тексеріс нәтижесінде тәуелсіз директордың екеуі де тәуелсіздік өлшемдеріне толығымен сай келіп, «Эйр Астана» компаниясының негізгі акционерлерінің мүдделерін қорғау үшін жеке ой-пікір мен көзқарасқа ие деген тұжырымға келді. Компания тәуелсіз директоры лауазымына үміткер болатын тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптары келесідей:

- » Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар жөніндегі» заңына сәйкес тәуелсіз директор мәртебесіне сай болу;
- » Қоғамның негізгі қызметіне сәйкес салада жоғары білімінің болғаны абзал;
- » Қоғамның негізгі қызметіне сәйкес салада бес жылдан кем емес уақыт бойы жетекшілік қызметте болуы.

## Қызметке кірістіру және дамыту

«Эйр Астана» компаниясында Директорлардың өз қызметіне кірісуі тиімдірек өтуі үшін тиісті бағдарлама жасақталды. Бұл бағдарлама жаңа директорға қысқа уақыт ішінде Компаниямен және оның негізгі активтерімен, кездесулер барысында басқару органдарының өкілдерімен танысып, корпоративтік басқарудың қалыптасқан практикасы мен нормалары, Компания мен сала ерекшеліктері туралы және Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындауға қажетті өзге де ақпарат алуға мүмкіндік береді.

2017 жылы Директорлар кеңесінің құрамына қызметке кірістіру рәсіміне сәйкес Ғани Битенов енгізілді.

2017 жылы Директорлар кеңесінің төрағасы Нұржан Тәліпұлы Байдәулетов Еуропалық іскерлік одақтың стратегиялық келіссөздер мен дау-жанжалдарды реттеу жөніндегі біліктілікті жоғарылату курстарын тәмамдады, сондай-ақ ол қазіргі уақытта Ұлыбритания Директорлар институтының халықаралық сертификаттау бағдарламасы бойынша білім алуда.

«Эйр Астана» Директорлар кеңесінің әрекеттегі мүшелеріне барлық қажетті ақпаратты алулары және кәсіби дағдылары мен біліктілігін дамытулары үшін ең ауқымды мүмкіндіктер ұсынады.

## Технологияларды енгізу

2017 жылы Компания Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу рәсімдерінің тиімділігін арттыру мақсатында IT-шешімді кезең кезеңімен енгізу жөнінде шешім қабылдады. Осылайша, бірінші кезең шеңберінде Директорлар кеңесі мүшелерінің арасында тиімді де қауіпсіз мәлімет алмасу процесін қамтамасыз етіп, сондай-ақ оперативті де тиімді шешімдерге қол жеткізу мақсатында қолданушыларға мәліметтердің бірыңғай базасына кіруге рұқсат беретін виртуалды бөлмені құра отырып, IT-шешімді іштен жасақтау жоспарланады.

## Директорлар кеңесінің 2017 жылдың 31 желтоқсанындағы құрамы

### Нұржан Байдәулетов

#### Директорлар кеңесінің төрағасы

Алғаш рет Директорлар кеңесінің құрамына 2008 жылдың желтоқсанында сайланды.

#### Біліктілігі мен тәжірибесі

1986 жылы Мәскеу теміржол көлігі институтын «теміржол көлігіндегі тасымал үдерістерін басқару» мамандығы бойынша тәмамдады. Отыз жылдан астам уақытты қамтитын кезеңде көлік саласында тамаша еңбек жолынан өтті. «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорында 2008 жылы активтерді басқару жөніндегі бас директор, кейін басқарушы директор болғанға дейін ол жауапкершілігі жоғары түрлі қызметтерде, соның ішінде «Самұрық» Холдингі АҚ Көлік активтерін басқару жөніндегі директоры, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Теміржол көлігі департаментінің директоры, Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар Вице-министрі, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Байланыс жолдары комитетінің төрағасы лауазымында еңбек етті. Бұдан бөлек, 2012-2016 жж.аралығында ол «Қазпошта» АҚ және «Қазақстан Темір жолы» Ұлттық Компаниясы» АҚ-да Директорлар Кеңесінің төрағасы лауазымында болды.

#### Өзге тағайындаулар:

«Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы (2012 жылдан бері), «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ өкілі (2016 ж. бері), «Qazaq Air» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы (2017 ж. бері).

#### Комитеттердегі мүшеліктері:

2016 жылдың желтоқсан айынан Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет мүшесі, 2012 жылдың қазан айынан Тағайындау мен сыйақылау жөніндегі комитет мүшесі, 2017 жылдың 31 қазанынан Қазынашылық жөніндегі комитет мүшесі.

«Эйр Астана» компаниясының жарғылық капиталында үлесі жоқ.

### Ғани Битенов

#### Директорлар кеңесінің мүшесі

Алғаш рет Директорлар кеңесінің құрамына 2017 жылдың қаңтарында сайланды.

#### Біліктілігі мен тәжірибесі

Құқық докторы (Doctor of Civil Law), Макгилл Университеті (Монреаль қ., Канада); құқық магистрі (LLM), Абердин университеті (Абердин қ., Ұлыбритания); экономика магистрі (MA), Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институты (Алматы қ., Қазақстан).

Халықаралық (Bracewell & Giuliani) және қазақстандық заң компанияларында басқарушы лауазымдарда қызмет етті. 2012 жылы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мүліктік құқықтарды қорғау жөніндегі департаментін басқарды, 2013 жылдан бері –«Болашақ» консалтинг тобы» ЖШС директорының орынбасары, 2016 жылдан қазіргі уақытқа дейін - «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарма мүшесі, құқықтық сүйемелдеу жөніндегі басқарушы директоры.

#### Өзге тағайындаулар:

Шанхай халықаралық арбитраж орталығының арбитрі, Қазақстандық мұнай-газ саласы заңгерлері қауымдастығының мүшесі.

#### Комитеттердегі мүшеліктері:

2017 жылдың қазанынан Қазынашылық жөніндегі Комитет мүшесі, 2017 жылдың ақпанынан Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитет мүшесі.

«Эйр Астана» компаниясының жарғылық капиталында үлесі жоқ.

### Дэвид Коул

#### Директорлар кеңесінің мүшесі

Алғаш рет Директорлар кеңесі құрамына 2013 жылдың наурызында сайланды.

#### Біліктілігі мен тәжірибесі

Дэвид Коул бухгалтерлік есеп саласындағы кәсіби білімін Саутгемптон Солент университетінде алды. Ол еңбек жолын Суррей графтығының Адлстоун қаласындағы Plessey Naval Systems компаниясында есепші ретінде бастаған. Ол дипломды есепші (ACMA) болып табылады және CIMA біліктілігіне ие. BAE Systems (Ұлыбритания) компаниясындағы Пайдалану жөніндегі халықаралық топта қаржы саласында бірқатар жетекшілік лауазымда болып, 2012 жылдан бері BAE Systems қаржылық директоры ретінде қызмет атқаруда.

#### Өзге тағайындаулар:

BAE Systems Директорлар кеңесінің зейнетақымен қамсыздандыру және MBDA Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

#### Комитеттердегі мүшеліктері:

2015 жылдың наурызынан Тағайындау мен сыйақылау жөніндегі комитет мүшесі, 2017 жылдың қазанынан Қазынашылық жөніндегі комитет мүшесі.

«Эйр Астана» компаниясының жарғылық капиталында үлесі жоқ.

### Алан Фрэйзер

#### Директорлар кеңесінің мүшесі

Алғаш рет Директорлар кеңесінің құрамына 2015 жылдың қаңтар айында сайланды.

#### Біліктілігі мен тәжірибесі

Алан Фрэйзер Стратклайд университетін бухгалтерлік есеп пен экономика бакалавры дәрежесімен аяқтады, сертификатталған есепші болып табылады (Глазго). 1989 жылдан бері British Aerospace компаниясының қаржы директоры, 1995жылдан бері British Aerospace компаниясының Royal Ordnance Plc еншілес компаниясында қаржылық директор және стратегия жөніндегі директор лауазымында қызмет етті. 1998 жылы Heckler and Koch GmbH компаниясының басқарушы директоры болып тағайындалды. 1999-2014 жж. аралығында BAE Systems компаниясында келесі лауазымдарда қызмет етті: бірігулер мен жұтылулар жөніндегі директор, аймақтық бөлімшенің Стратегия және бизнесті дамыту жөніндегі директоры, басқарушы директор.

#### Өзге тағайындаулар:

Trig Avionics Limited компаниясының атқарушы емес директоры (жалпы мақсатты авиация нарығында авионика жобалануы, жасақталуы және өндірісі), Эдинбург, Шотландия

#### Комитеттерге мүшеліктері:

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет мүшесі, 2015 жылдың наурызынан Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитет мүшесі, 2017 жылдың қазанынан Қазынашылық жөніндегі комитет мүшесі.

«Эйр Астана» компаниясының жарғылық капиталында үлесі жоқ.

### Дмитрий Ларионов

#### Тәуелсіз директор

Директорлар кеңесінің құрамына 2008 жылдың сәуір айында сайланды.

#### Біліктілігі мен тәжірибесі

Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласындағы жетекші маман болып табылады, Ұлыбритания Директорлар институты тарапынан берілген «Сертификатталған директор» (Cert IoD), Қазақстандық тәуелсіз директорлар қауымдастығы тарапынан берілген «Корпоративтік басқару жөніндегі сертификатталған директор» (CCGD) сияқты бірқатар біліктілікке ие.

2003-2010 жж. – Қазақстан Республикасының Кәсіби есепшілер мен аудиторлар палатасы төрағасының орынбасары әрі Палата мүшесі. 2008-2010 жж. – Халықаралық есепшілер федерациясы Даму жөніндегі комитетінің мүшесі. 2008-2015 жж. – «Қазақтелеком» АҚ тәуелсіз директоры.

#### Өзге тағайындаулар:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жанындағы бухгалтерлік есеп және аудит жөніндегі Консультативтік кеңесінің мүшесі, «Астана ЭКСПО-2017» Ұлттық Компаниясы» АҚ тәуелсіз директоры, «Қазақстан инжиниринг ҰҚ» АҚ тәуелсіз директоры, Дүниежүзілік банктің Корпоративтік қаржылық есептілікті реформалау жөніндегі орталығының кеңесшісі, сондай-ақ «BDO Қазақстан аудит» АҚ телекоммуникациялар жөніндегі халықаралық серіктесі.

#### Комитеттердегі мүшеліктері:

Аудит жөніндегі комитет, Тағайындау мен сыйақылау жөніндегі комитет, Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет және Қазынашылық жөніндегі комитетке олар құрылған күннен бастап төрағалық етіп келе жатыр, Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитет мүшесі.

«Эйр Астана» компаниясының жарғылық капиталында үлесі жоқ.

### Лорд Томас Александр Хескет

#### Тәуелсіз директор

Алғаш рет Директорлар кеңесінің құрамына 2007 жылдың қазанында сайланды.

#### Біліктілігі мен тәжірибесі

Лорд Хескет мемлекеттік қызметте және халықаралық бизнес саласында ұзақ жылдар бойы табысты еңбек етті. 1990 жылдан бері Ұлыбритания Сауда және индустрия департаментінің министрі. 1991-1993 жж. аралығында Патшайымның құрметті қарауылының капитаны, Парламенттің Лордтар палатасының бас партиялық ұйымдастырушысы, сондай-ақ Ұлыбританияның Жасырын кеңесінің мүшесі болды. Лорд Хескет 1994-2007 жж. аралығында British Mediterranean Airways әуекомпаниясының төрағасы, сонымен қатар 1993-2010 жж. Babcock International компаниясында Төрағаның атқарушы емес орынбасары қызметінде болды. 2004-2005 жж. Ұлыбританияның консервативтік партиясының мүшесі.

#### Өзге тағайындаулар:

жоқ.

#### Комитеттердегі мүшеліктері:

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитет төрағасы, Аудит жөніндегі комитет, Тағайындау мен сыйақылау жөніндегі комитеттердің олар құрылған күннен бергі мүшесі .

«Эйр Астана» компаниясының жарғылық капиталында үлесі жоқ.

## Директорлар кеңесінің есебі

Директорлар кеңесі өз жұмысы барысында 2017 жылы қызметтің басым бағыттары бойынша негізгі міндеттерді бірізділікпен іске асырып отырды:

- » Стратегиялық даму бойынша;
- » Инвестициялық тартымдылықты арттыру бойынша;
- » қаржылық-шаруашылық қызмет бойынша;
- » басқару механизмдерінің тиімділігі мен ашықтығын жетілдіру бойынша;
- » басқару органдарын бақылау және олардың есеп беру жүйесін жетілдіру бойынша.

2017 жылы Директорлар кеңесінің күндізгі отырысында 119 мәселе, соның ішінде Директорлар кеңесі комитеттері тарапынан қарастыруға алдын ала ұсынылған 74 мәселе қаралды.

### 2017 жылы негізгі бағыттар бойынша қаралған мәселелердің құрылымы, %

Мәселе санаты	Саны
Стратегиялық даму	38
Тәуекелдерді басқару	17
Ішкі бақылау және аудит	13
Қаржылық-шаруашылық қызмет	21
Басқару және сыйақылау	12
<b>Барлығы</b>	<b>100</b>

## Директорлар кеңесі мүшелері мен Қоғамның атқарушы органының сыйақылануы

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы және өтемақы төлеу рәсімі Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңнамасы, Қоғам жарғысы мен корпоративтік басқару кодексі негізінде жасақталған Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелерін сыйақылау жөніндегі ішкі саясатқа сәйкес анықталады.

Қоғам акционерлері атынан тағайындалған Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төленбейді.

Сыйақы Қоғамның тәуелсіз директорларына төленеді. Сыйақы мөлшері Директорлар кеңесінің ұсынуымен және Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің ұсынымдарымен анықталады.

Атқарушы органның сыйақы мөлшері де акционерлердің жалпы жиналысында Директорлар кеңесінің Тағайындау мен сыйақылау жөніндегі комитеті тарапынан әзірленген ұсынымдарымен анықталады.

Қоғамның тәуелсіз директорларына:

- » Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысқандығы үшін жыл сайынғы бекітілген сыйақы;
- » Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысқандығы үшін мөлшері бекітілген жыл сайынғы сыйақы, өз өкілеттіктерін орындаумен байланысты туындайтын шығыстар өтемақысы төленеді;
- » Қосымша сыйақы Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттерінің отырыстарына қатысқаны үшін төленуі мүмкін.

Қоғамның тәуелсіз директорларына 2017 жылы төленген сыйақының жалпы сомасы, салықты есептегенде, 28 812 мың теңгені құрады.

Директорлар кеңесінің отырыстарында түрлі бағыттар бойынша қаралған негізгі мәселелер

## Стратегиялық даму

- » Қоғамның ірі инвестициялық жобаларының іске асуы жөніндегі есепті қарау.
- » Қоғам стратегиясының іске асуы жөніндегі есепті қарау.
- » Қоғамның 2017-2026 жж.арналған стратегиялық жоспарының және 2017-2021 жж.арналған даму жоспарының жасақталуы барысы жөніндегі есептерді қарау.
- » Қоғамның 2017-2026 жж.арналған стратегиялық жоспарын алдын ала мақұлдау.
- » Қоғамның 2017-2021 жж.арналған бизнес- жоспарын (даму жоспарын) алдын ала мақұлдау.
- » Қоғамның ірі инвестициялық жобаға (авиациялық жүк тасымалы) қатысу мәселесін қарау.
- » Қоғам басшылығының бес Е190-Е2 типіндегі және үш Airbus A321 NEO FB типіндегі әуе кемесінің операциялық лизингі жөніндегі ұсынысы.
- » Қоғам басшылығының бір Embraer 190 әуе кемесін сатып, қайтадан лизингке алу мәмілесін жасасу жөніндегі ұсынысы.

## Қаржылық-шаруашылық қызмет

- » Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері (бюджет пен даму жоспарының іске асырылуы) жөніндегі есепті қарау.
- » Қоғам президентінің Қоғамның 2016 жылғы қаржылық-шаруашылық қызметі жөніндегі жыл сайынғы есебі.
- » Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі есептер.
- » Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына Қоғамның 2016 жылға таза кірісін және 2016 жылғы дивиденд мөлшерін Қоғамның бір қарапайым акциясына шаққанда үлестіру тәртібі жөнінде ұсыныстар беру.
- » Қоғамның функционалды валютасын өзгерту мәселесін қарастыру.
- » Қоғамның уақытша бос ақшалай қаражатының орналастырылуы жөніндегі есептер және Қоғам депозиттерінің орналастырылу мәртебесі жөніндегі ширек сайынғы есептер.
- » Қоғамның ірі мәмілелер жасасуы жөнінде шешімдер қабылдау.
- » Польшада Қоғам филиалын құру жөнінде шешім қабылдау.
- » Қоғамның өндірістік қауіпсіздік, еңбекті қорғау, денсаулық сақтау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметі жөніндегі есепті қарау.

## Тәуекелдерді басқару

- » Қоғамның операциялық қауіпсіздігі жөніндегі есептер.
- » Қоғамның орындалған тәуекелдері жөніндегі есептер.
- » 2017 жылдың 1-жартыжылдығы мен 2-жартыжылдығы бойынша Қоғамның жаңартылған Тәуекелдер тіркелімін, Негізгі тәуекелдер тіркелімін және Тәуекелдер картасын бекіту.
- » Қоғамның тәуекел-табетін бекіту.

## Ішкі бақылау және аудит


- » Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау жөніндегі есепті қарау.
- » Қоғамның ішкі бақылау қызметінің 2018-2020 жж. арналған стратегиялық жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту.
- » Қоғамның ішкі бақылау қызметінің стратегиялық жоспарын іске асыру жөніндегі есептерді қарау.
- » Ішкі аудит қызметінің жұмысы жөніндегі 2016 жыл бойынша жылдық есепті және 2017 жылдың ширектік есептерін қарау.
- » Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жұмысын ширек сайынғы бағалаудан өткізу.
- » Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2018 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарын бекіту.

## Басқару мен сыйақылау

- » Қоғамның Директорлар кеңесі мен Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттерінің 2016 жылғы қызметі жөніндегі жыл сайынғы есепті қарау.
- » 2016 жыл қорытындысы бойынша корпоративтік хатшы, бас есепші, Ішкі аудит қызметінің жетекшісі мен қызметкерлері үшін сыйлықақылы сыйақы (жылдық бонус) мөлшерін анықтау.
- » Қоғамның еңбек төлемі жүйесі жөніндегі ережені бекіту.
- » Қоғамның жоғары басшылығы үшін 2018 жылдан бастап әрекетте болатын жылдық бонус жоспары.
- » Лауазымдық нұсқаулар мен Қоғамның бас есепшісіне төленетін сыйақы мөлшерін бекіту.
- » Қоғам Президентіне төленетін өтемақылар мөлшері мен олардың төлену шарттарына қатысты ұсыныстарды қарау.
- » Қазынашылық жөніндегі комитетті құру туралы алдын ала шешім қабылдау және Комитет жөніндегі ережені алдын ала бекіту.
- » Қоғамның Директорлар кеңесінің тағайындаулар мен сыйақылау, стратегиялық жоспарлау, аудит жөніндегі, қазынашылық жөніндегі және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитеттерінің құрамы мен өкілеттіктерін анықтау жөнінде алдын ала шешім қабылдау.
- » Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер және Қоғам Жарғысына тиісті өзгерістер мен толықтыруларды енгізу мәселесі.

## Директорлар кеңесінің комитеттері

ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖАНЫНДА ОНЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫНЫҢ ТИІМДІ ОРЫНДАЛУЫНА ЖӘРДЕМДЕСУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰЗЫРЕТІНЕ ЖАТАТЫН МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТЕРЕҢІНЕН ПЫСЫҚТАУ МАҚСАТЫНДА ҚҰРЫЛҒАН БЕС КОМИТЕТ ЖҰМЫС ЖАСАЙДЫ.



Барлық комитеттің қызметі Директорлар кеңесінің алдын ала мақұлдауымен Акционерлердің жалпы жиналысымен бекітілетін, комитеттер құрамы, құзіреттілігі, мүшелерінің сайлану тәртібі, жұмыс тәртібі және олардың мүшелерінің құқықтары мен міндеттері жөніндегі ережелерден тұратын ішкі құжаттармен реттеледі.

Директорлар кеңесі мен комитеттер жыл сайын жұмыс жоспарын құрады және олардың отырыстары тұрақты негізде өткізілуі керек. Комитет отырысының хаттамасы Директорлар кеңесіне жіберіледі. Директорлар кеңесінің жылдық есебінің жеке бөлімі комитеттер жұмысына арналады.

### Аудит жөніндегі комитет

Аудит жөніндегі комитет Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді және өзіне Директорлар кеңесімен берілген өкілеттіктер шеңберінде әрекет етеді. Оның жұмысы Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін, корпоративтік басқару саласында құжаттардың орындалуын, ішкі және сыртқы аудиттердің тәуелсіздігін бақылау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету үдерістерін бақылау бойынша Директорлар кеңесіне әрекеттесуге бағытталған. Аудит жөніндегі Комитет 2008 жылдың наурызында құрылды.

2017 жылы Аудит жөніндегі комитеттің күндізгі формада жалпы саны 12 отырысы өткізілді.

### Аудит жөніндегі комитет құрамы және комитет мүшелерінің 2017 жылғы отырыстарға қатысуы

Аты-жөні	Лауазымы	Отырыстар мен шешім қабылдауға қатысулары
Дмитрий Ларионов	Төраға	100 %
Лорд Томас Александр Хескет	Мүше	100 %

### Рөлі мен міндеттері

Аудит жөніндегі комитеттің құзіреттілігіне төмендегі мәселелер жатады:

- » Қоғамның Директорлар кеңесіне сыртқы аудиторды тағайындау және ауыстыру бойынша, сыртқы аудиторға жасалатын төлем мөлшерін анықтау бойынша, сыртқы аудитор қызметтерін бағалау бойынша, сыртқы аудитордан ілеспе қызметтерді алу бойынша ұсынымдар жасақтау
- » Қоғамның Директорлар кеңесіне Ішкі аудит қызметінің жетекшісі мен қызметкерлерін тағайындау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату жөнінде ұсынымдар жасақтау
- » Қоғам басшылығының өкілдерінің қатысуынсыз сыртқы және ішкі аудиторлармен кездесулер өткізу
- » Комитет қарамағындағы мәселелер бойынша кез келген тергеулер жүргізу.

### 2017 жылғы қызметі

#### Ішкі аудит мәселелері бойынша:

- » Қоғамның Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау жөніндегі есепті қарау;
- » Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жұмысы жөніндегі ширектік есептерді қарау;
- » Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2017 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарына енгізілетін өзгерістерді алдын ала мақұлдау, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2018 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарын алдын ала мақұлдау;

- » Қоғамның Ішкі аудит қызметінің 2018 жылға арналған бюджетін алдын ала мақұлдау;
- » Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жұмысын бағалау;
- » Қоғамның Ішкі аудит қызметінің стратегиялық жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу мәртебесі жөніндегі есептерді қарау;
- » Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жетекшісінің Қоғамның Ішкі аудит қызметінің құрамында орын алған өзгерістер жөніндегі ақпаратын қарау;
- » Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жетекшісі мен жұмыскерлеріне 2017 жыл қорытындысы бойынша төленетін жылдық бонус мөлшерін анықтауға қатысты ұсынымдар, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жетекшісі мен жұмыскерлеріне 2018 жылы төленетін сыйақы мөлшерін бекітуге қатысты ұсынымдар

#### Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша:

- » Қоғамның уақытша бос ақшалай қаражатын орналастыру жөніндегі есептерді қарау;
- » Қоғам депозиттерінің орналастырылу мәртебесі жөніндегі ширек сайынғы есептерді қарау;
- » Қоғамның жаңартылған тәуекелдер тіркелімін қарау, Қоғамның іске асқан тәуекелдері жөніндегі есепті тыңдау;
- » Жаңартылған тәуекелдер тіркелімін, негізгі тәуекелдер тіркелімін және Қоғамның тәуекелдер картасын алдын ала мақұлдау;
- » Қазақстанның қаржы секторындағы ағымдағы ахуалға шолу жасау;
- » Қоғамның функционалды валютасын өзгерту мәселесін қарау;
- » Қоғам президентінің Қоғамның банк есепшоттарын ашу жөніндегі шешімдерін мақұлдауға қатысты ұсынымдар;
- » Қоғамның Директорлар кеңесінің Қазынашылық жөніндегі комитетін құру және оның құрамын анықтауға қатысты ұсынымдар, Қоғамның Директорлар кеңесінің Қазынашылық жөніндегі комитеті жөніндегі ережені бекітуге қатысты ұсынымдар.

#### Қаржылық есептілік мәселелері бойынша:

- » Қоғамның сыртқы аудиторының Қоғамның 2016 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша жасалған жылдық қаржылық есептілік аудитінің мәртебесі жөніндегі ақпаратын қарау;
- » Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның 2016 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту жөнінде ұсынымдар беру;
- » Сыртқы аудитордың Қоғам басшылығына Қоғамның жылдық қаржылық есептілігіне жасалған аудит нәтижелері бойынша жазған хатын қарау;
- » Сыртқы аудиторлардың Қоғамның 2017 жылдың 30 маусымында аяқталған 2017 жылдың алты айы бойынша қысқартылған аралық қаржылық есептілігіне шолу тексерісін өткізу жөніндегі есебі;
- » Аудит жөніндегі комитет құзіретіндегі өзге де мәселелер.

## Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңестік органы болып табылады және Қоғамның Директорлар кеңесі қызметінің тиімді орындалуына ықпал ету және Қоғамның Директорлар кеңесіне стратегиялық жоспарлау жөнінде ұсыныстарды әзірлеу мақсатында құрылады.

2017 жылы Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің күндізгі формада жалпы саны сегіз отырысы өткізілді.

### Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің құрамы және комитет мүшелерінің 2017 жылғы отырыстарға қатысуы

Аты-жөні	Лауазымы	Отырыстар мен шешім қабылдауға қатысуы
Дмитрий Ларионов	Төраға	100 %
Нұржан Байдәулетов	Мүше	100 %
Алан Фрейзер	Мүше	100 %

### Рөлі және міндеттері

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет Қоғамның Директорлар кеңесінің өз функцияларын тиімді орындауына әрекеттесу және Директорлар кеңесіне стратегиялық даму мәселелері бойынша ұсынымдар жасақтау мақсатымен құрылған. Комитет 2012 жылдың қазан айында құрылған.

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет құзыретіне мынандай мәселелер жатады:

- » Директорлар кеңесіне Қоғам қызметінің (дамуының) басым бағыттарын анықтау бойынша ұсынымдар дайындау
- » Директорлар кеңесіне Қоғамның ұзақ мерзімді даму стратегиясын алдын ала мақұлдау бойынша, сондай-ақ оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсынымдар дайындау
- » Қоғам басшылығының Қоғамның ұзақ мерзімді даму стратегиясы мен орта мерзімді бизнес-жоспардың (даму жоспарының) іске асырылуы және қызметтің стратегиялық шешуші көрсеткіштерінің көзделген мәндеріне қол жеткізілгендігі туралы есебін қарау
- » Директорлар кеңесіне корпоративтік басқару жөніндегі ұсынымдарды дайындау
- » Экономикалық, саяси, әлеуметтік және бәсекелестік ортадағы өзгерістерді ескере отырып, Директорлар кеңесіне Қоғамның даму стратегиясын қайта қарау бойынша ұсынымдар дайындау
- » Директорлар кеңесіне Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру және Қоғамның әуе тасымалы нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша ұзақ мерзімге ұсынымдар дайындау

### 2017 жылғы қызметі:

- » Қоғамның 2017-2026 жж. арналған стратегиялық жоспары мен 2017-2021 жж. арналған бизнес-жоспарының жасақталу мәртебесі жөніндегі есепті қарау ;
- » Қоғамның 2016 жылғы қаржылық-шаруашылық қызметінің алдын ала нәтижелері (бюджет пен даму жоспарының іске асуы) жөніндегі есепті қарау;
- » Қоғамның ірі инвестициялық жобаларының іске асуы жөніндегі есепті қарау;
- » Қоғам стратегиясының іске асуы жөніндегі есепті қарау;
- » Қоғам президентінің Қоғамның 2016 жылғы қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері жөніндегі жыл сайынғы есебін қарау;
- » Қоғамның 2016 жылғы таза кірісін үлестіру тәртібі мен Қоғамның бір қарапайым акциясына шаққанда 2016 жыл үшін төленетін дивиденд мөлшеріне қатысты ұсынымдар;
- » Қоғам президентінің Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері (бюджет пен даму жоспарының іске асуы) жөніндегі есептерін қарау;
- » Қоғамның Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің 2016 жылдағы қызметі жөніндегі жыл сайынғы есепті қарау;
- » Қоғамның инвестициялық жобаға қатысу мәселесі бойынша жаңартылған ақпаратты қарау;
- » Boeing B-787 әуе кемелерінің жеткізілімі бойынша жаңартылған ақпаратты қарау;
- » Қоғамның меншігіндегі Embraer E190 бір әуе кемесін сатып, оны қайтадан лизингке алу мәселесін қарау;
- » Қоғам жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды қарау;
- » Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің 2018 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту;
- » Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет құзіретіндегі өзге мәселелер.

## Тағайындау мен сыйақылау жөніндегі Комитет

Тағайындау мен сыйақылау жөніндегі Комитет Қоғамның Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесінің, атқарушы органның, ішкі аудит қызметі басшысының, корпоративтік хатшы мен Қоғамның өзге де жұмысшыларының құрамына Директорлар кеңесімен/Қоғамның акционерлерімен тағайындалатын немесе тағайындаулары келісілетін білікті мамандарды тарту бойынша ұсынымдарды, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне, көрсетілген жұмыскерлерге және лауазымды тұлғаларға сыйақы беру мәселелері бойынша ұсынымдар жасақтайды.

Тағайындау мен сыйақылау жөніндегі комитет 2012 жылдың қазанында Тағайындаулар жөніндегі комитет пен Сыйақылау жөніндегі комитеттің бірігуі арқылы құрылған.

2017 жылы тағайындау мен сыйақылау жөніндегі комитеттің күндізгі формада жалпы саны алты отырысы өткізілді.

### Тағайындау мен сыйақылау жөніндегі комитеттің құрамы және Комитет мүшелерінің 2017 жылғы отырыстарға қатысуы

Аты-жөні	Лауазымы	Отырыстарға және шешім қабылдауға қатысуы
Дмитрий Ларионов	Төраға	100 %
Лорд Томас Александр Хескет	Мүше	100 %
Нұржан Байдәулетов	Мүше	100 %
Дэвид Коул	Мүше	100 %

### Рөлі мен міндеттері

Тағайындау мен сыйақылау жөніндегі комитет құзіреттілігіне келесі мәселелер жатады:

- » Тәуелсіз директорлыққа, атқарушы орган, корпоративтік хатшы, Қоғамның ішкі аудит қызметінің басшысы мен жұмысшыларының лауазымына үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптарын дайындау
- » Тәуелсіз директорлыққа, атқарушы орган, Қоғамның ішкі аудит қызметінің басшысы, Қоғамның корпоративтік хатшысы лауазымына үміткерлерді сайлау немесе тағайындау бойынша ұсынымдар
- » Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі комитеттерінің, атқарушы органның, ішкі аудит қызметі жетекшісі мен корпоративтік хатшының сабақтастығын жоспарлау саясатын жасақтау
- » Сыйақы берілуі Директорлар кеңесімен келісілетін, Директорлар кеңесінің мүшелері мен атқарушы орган, ішкі аудит қызметінің жетекшісіне, корпоративтік хатшы мен Қоғамның басқа да қызметкерлеріне сыйақы тағайындау саясаты мен құрылымы бойынша ұсынымдар

» Сыйақы берілуі Директорлар кеңесімен келісілетін, Директорлар кеңесінің мүшелері, атқарушы органның, Ішкі аудит қызметінің жетекшісіне, корпоративтік хатшы мен Қоғамның басқа да қызметкерлеріне жылдық негізде жекелей сыйақы белгілеу бойынша ұсынымдар жасау

» Сыйақы берілуі Директорлар кеңесімен келісілетін, Директорлар кеңесінің мүшелері, атқарушы органның, Ішкі аудит қызметінің жетекшісіне, корпоративтік хатшы мен Қоғамның басқа да қызметкерлерін сыйақылау мөлшерін өзгерту бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсыныстар енгізу

» Сыйақы берілуі Директорлар кеңесімен келісілетін Қоғам қызметкерлеріне жыл қорытындысы бойынша сыйақы төлеу мәселесін қарастыру

» Сыйақы берілуі Директорлар кеңесімен келісілетін Директорлар кеңесінің мүшелерін, атқарушы органның, Ішкі аудит қызметінің жетекшісін, корпоративтік хатшы мен Қоғамның басқа да қызметкерлерін сыйақылау деңгейі мен саясатына салыстырмалы талдау жүргізу

### 2017 жылғы қызметі

- » Тағайындау мен сыйақылау жөніндегі комитеттің жыл сайынғы есебін қарау;
- » Қоғамның бас есепшісін тағайындауға қатысты ұсынымдар;
- » Қоғамның бас есепшісіне төленетін сыйақы мен өтемақы мөлшерін бекітуге қатысты ұсынымдар;
- » Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістерге қатысты ұсынымдар;
- » Қоғам Президентіне төленетін өтемақы мөлшері мен шарттары жөніндегі ұсынымдар;
- » Қоғамның жарналары бекітілген корпоративтік зейнетақы жоспарының іске асу мәртебесі жөніндегі есепті қарау;
- » Сыйақылануы Қоғамның директорлар кеңесімен анықталатын Қоғам жұмыскерлеріне 2018 жылы төленетін еңбекақы мөлшерін бекіту жөніндегі ұсынымдар
- » Тағайындау мен сыйақылау жөніндегі комитет құзіретіндегі өзге мәселелер.

## Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитет

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңестік органы болып табылады және Қоғамның Директорлар кеңесі қызметінің тиімді орындалуына ықпал ету және еңбек қауіпсіздігі, денсаулық және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етумен байланысты және аталған Қоғам салаларында тиімді басқару жүйесін құру мақсатымен Қоғамның Директорлар кеңесіне және Атқарушы органға әлеуметтік жауапкершілік мәселелер жөнінде ұсыныстарды әзірлеу мақсатында құрылады.

2017 жылы Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитет күндізгі формада төрт отырыс өткізді.

### Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитеттің құрамы мен комитет мүшелерінің 2017 жылғы отырыстарға қатысуы

Аты-жөні	Лауазымы	Отырыстарға және шешім қабылдауға қатысуы
Лорд Томас Александр Хескет	Төраға	100 %
Дмитрий Ларионов	Мүше	100 %
Ғани Битенов	Мүше	100 %
Алан Фрэйзер	Мүше	100 %

### Рөлі мен міндеттері:

- » Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік стратегиясын әзірлеуге және мақұлдауға, Қоғамның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік стратегиясының іске асырылуын талдауға және бағалауға қатысты ұсынымдар беру;
- » Қоғамның еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік, денсаулық сақтау, әлеуметтік жауапкершілік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясатын және қызметін әзірлеу және қарау
- » Қоғам қызметінің Қоғамда қабылданған еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік, денсаулық сақтау, әлеуметтік жауапкершілік және қоршаған ортаны қорғау салаларындағы заңнама мен ережелердің талаптарына сәйкестігіне мониторинг жүргізу;
- » Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның әлеуметтік және қайырымдылық саясатына қатысты ішкі құжаттарын бекіту жөніндегі ұсыныстар беру;
- » Корпоративтік жауапкершілік саласында елеулі тәуекелдерді және осы тәуекелдердің теріс салдарын төмендету жөніндегі жоспарларды қарау;
- » Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның тұрақты дамуы жөніндегі әлеуметтік есепті мақұлдау бойынша ұсынымдар жасау.

### 2017 жылғы қызметі:

- » Компанияның 2016 жылға арналған корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі есебін қарау;
- » Компанияның еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау, денсаулық және қоршаған ортаны қорғау саласындағы 2017 жылдың он айы ішіндегі қызметі жөніндегі есепті қарау;
- » Компанияның жарналары бекітілген корпоративтік зейнетақы схемасын енгізу жөніндегі жаңартылған ақпаратты қабылдау;
- » Компания қызметкерлерінің корпоративтік белсенділігі жөніндегі зерттеу нәтижелерін қарау;
- » Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитеттің 2018 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту.

## Қазынашылық жөніндегі комитет

Қазынашылық жөніндегі комитет 2017 жылдың қазанында құрылды. Қазынашылық жөніндегі комитеттің міндеті – Директорлар кеңесіне Қоғамның қазынашылық функцияларымен байланысты тәуекелдерді қадағалауды іске асыру және оларды басқару тиімділігін арттыру бойынша септігін тигізу.

Комитет Қоғам мүдделері шеңберінде қызмет етеді, ал оның жұмысы Директорлар кеңесіне келесі мәселелер бойынша жәрдемдесуге бағытталған:

- » Қоғам қызметінің қазынашылық түрлерін бақылау механизмдерін тексеру, қазынашылық саласындағы саясаттар мен рәсімдерді жетілдіру және олардың тиімділігін арттыру;
- » Қызметтің қазынашылық түрлеріне мониторинг жүргізу және олармен байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктер жайлы Директорлар кеңесіне хабар беру;
- » Қазынашылық жөніндегі Ережеге сәйкес және Директорлар кеңесінің тапсырмасымен қазынашылықпен байланысты барлық мәселелерде.

2017 жылы Қазынашылық жөніндегі Комитет күндізгі формада екі отырыс өткізді.

### Қазынашылық жөніндегі комитеттің құрамы мен комитет мүшелерінің 2017 жылы отырыстарға қатысуы

Аты-жөні	Лауазымы	Отырыстар мен шешім қабылдауға қатысуы
Дмитрий Ларионов	Төраға	100 %
Ғани Битенов	Мүше	50 %
Дэвид Коул	Мүше	100 %

2017 жылы өткізілген екі отырыстың бірінде Ғани Битеновті Комитеттің балама мүшесі Нұржан Байдәулетов алмастырды.

## Корпоративтік хатшы

Корпоративтік хатшы Қоғамның түрлі басқару органдары арасында ашық диалог жүруін, олардың заңнамалық және Компания тарапынан қойылатын талаптарды орындауын қамтамасыз етуде негізгі рөл ойнайды. Корпоративтік хатшы барлық акционерлер құқықтарының қорғалуын, акционерлердің хабарламаларының тиісті орган тарапынан дұрыстап қаралуын және акционерлердің құқықтарының бұзылуымен байланысты жанжалдардың шешілуін қамтамасыз етеді. Корпоративтік хатшының міндеттеріне Директорлар кеңесінің, оның комитеттері мен атқарушы орган арасында бірқалыпты ақпарат ағынын қамтамасыз ету және жаңа директорлардың қызметіне бейімделуіне септігін тигізу кіреді. Корпоративтік хатшы лауазымына тағайындау және босату Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

### Рөлі мен міндеттері:

- » Қазынашылықты бақылау және тәуекелдерді басқару міндеттері бойынша Қоғамның қазынашылық саласындағы саясаттарды ұстану жағдайы жөніндегі ай сайынғы есептеріне талдау жасау және қазынашылықпен байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді және Қоғамның қазынашылықты басқарудағы тиітсі жоспарларын қарау мақсатында Қоғам басшылығымен жарты жылда бір реттен кем емес мөлшерде тұрақты кездесулер өткізіп тұру;
- » Қызметтің есептілігі мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің алдында өз қызметі жайлы тұрақты түрде, жылына бір реттен кем емес мөлшерде есеп беру; Комитет жұмысының нәтижелері жөніндегі ақпаратты, оның Акционерлердің жылдық жалпы жиналысындағы есепте ашылуы мақсатында, дайындау. Директорлар кеңесінің алдында Қазынашылық жөніндегі комитет туралы, ережеде көрсетілген саясаттардың бұзылуы орын алған барлық жағдайлар туралы, Комитет ереже бұзушылықты анықтағаннан кейін ақылға қонымды мерзім ішінде есеп беру;
- » Басқа мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің тапсырмасымен Қазынашылық жөніндегі комитет құзіретіне кіретін өзге міндеттерді орындау.

### 2017 жылғы қызметі

- » Қоғам депозиттерінің 2017 жылдың 30 қыркүйегіндегі орналастырылу мәртебесі жөніндегі ширек сайынғы есепті қарау;
- » Қоғамның «Altyn Bank» АҚ-мен өтелмеген резервтік аккредитивтер және банк кепіліліктерінің шығарылымы бойынша келісімге отыру мәселесіне қатысты ұсынымдар;
- » Қоғамның Natixis банкімен өтелген резервтік аккредитивтер (ақшаны кепілге қоя отырып) шығарылымы мен BNP Paribas банкімен өтелмеген (ақшаны кепілге қоя отырып) резервтік аккредитивтер мен өтелген аккредитивтер (ақшаны кепілге қоя отырып) шығарылымы жөнінде келісімдер жасасуына байланысты ұсынымдар;
- » Ақшалай қаражатты, банк тәуекелі мен Қоғамның қазынашылық есептілігін басқару жөніндегі саясатты бекітуге қатты ұсынымдар;
- » Қоғам Президентінің «Банк «ВТБ(Әзірбайжан)» ААҚ-да (Баку қ., Әзірбайжан Республикасы) банк есепшотын ашу жөніндегі шешіміне қатысты ұсынымдар.

### Кондачкова Елена Викторовна

Қоғамның корпоративтік хатшысы Е.В.Кондачкова, Қоғамның құрылуының ерте кезеңінен бері жұмыс істеп келе жатқан қызметкерлердің бірі болып табылады. Стратегиялық жоспарлау департаментінің Корпоративтік даму жөніндегі маманы, кейін менеджері қызметін атқарған. 2011 жылы Елена «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары тобының корпоративтік хатшыларын сертификаттау бағдарламасын оның алғашқы түлектері қатарында табысты аяқтады.

# 4.4

## БАҚЫЛАУ

### Ішкі аудит

#### Миссиясы мен функциялары

Қоғамның Ішкі аудит қызметі 2007 жылдың желтоқсан айында компанияның Директорлар кеңесінің шешімі негізінде құрылды.

Ішкі аудит қызметі - Қоғамдағы ішкі аудиттің ұйымдастырылып, іске асуын қамтамасыз ететін орган. Қызмет функционалды түрде Директорлар кеңесіне есеп береді. Қызметтің жұмысына оның жұмысын регламенттеуші ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес Аудит жөніндегі комитет жетекшілік етеді.

Ішкі аудит қызметінің жетекшісі тағайындау және лауазымынан босату Акционерлердің жалпы жиналысының құзіретіне жатады. Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлерін тағайындау және лауазымынан босату Директорлар кеңесінің құзіретіне жатады.

Ішкі аудит қызметінің миссиясы Директорлар кеңесі мен атқарушы органға төмендегі жүйелерді жетілдіруге бағытталған тәуелсіз әрі объективті кепілдіктер мен кеңестер беру арқылы олардың Қоғамның стратегиялық мақсаттарына жетуі жөніндегі міндеттерін орындауына қажетті көмегін тигізу болып табылады:

- » Тәуекелдерді басқару жүйесі;
- » Ішкі бақылау жүйесі;
- » Корпоративтік басқару жүйесі.

#### Ішкі аудит қызметі төмендегідей функциялар атқарады

- » Тәуекелдерді және Қоғамның корпоративтік басқарылымы, операциялық (өндірістік және қаржылық) қауіпсіздігіне ішкі бақылау жүргізу тиімділігі мен сайма-сайлығын және оның ақпараттық жүйелерін төмендегі мәселелерге қатысты бағалау:
  - қоғамның стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуі,
  - қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметі жөніндегі ақпараттың дұрыстығы мен тұтастығы,
  - қоғам қызметі мен қабылданған бағдарламалардың тиімділігі мен нәтижелілігі,
  - қоғам ресурстарын пайдаланудың және Қоғам мүлкінің (активтерінің) сақталуын қамтамасыз етуде пайдаланылатын әдістердің (тәсілдердің) орындылығы мен тиімділігі.
- » Құрылған бақылау жүйелерінің заңнама талаптарына, нормативтік құжаттарға, ішкі нормативтік құжаттарға, өкілетті және қадағалаушы органдардың нұсқауларына, Қоғам органдарының шешімдеріне сәйкестігі және олардың сақталуы (комплаенс-бақылау);
- » Қоғамдағы корпоративтік бақылау жүйесін, соның ішінде корпоративтік басқарудың қабылданған қағидаттарының Қоғамның этикалық стандарттары мен құндылықтарына сәйкес енгізілуі мен сақталуын бағалау;
- » Алаяқтықтың іске асу тәуекелдері мен

- Қоғамдағы алаяқтық тәуекелдерін басқару тиімділігін бағалау;
- » Қоғамда тәуекелдерді бағалау әдістемесі мен Қоғамдағы тәуекелдерді басқару рәсімдерінің қолданылу ауқымы мен тиімділігін бағалау;
- » Қоғамның ақпараттық жүйелеріне аудит жүргізу;
- » Қазақстан Республикасының заңнамасының, халықаралық келісімдердің, Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарының сақталуын, сондай-ақ өкілетті және қадағалаушы органдардың нұсқауларын, Қоғам органдарының шешімдерінің сақталуын тексеру және осы талаптардың сақталуы мақсатында құрылған жүйелерді бағалау;
- » Директорлар кеңесіне, атқарушы органға, Қоғамның құрылымдық бөлімшелеріне ішкі бақылауды жетілдіру, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару және ішкі аудитті ұй- ымдастыру мәселелері бойынша кеңес беру;
- » Жоспардан тыс тексерістер өткізу;
- » Қоғамның сыртқы аудитор ұсынымдарын орындауына мониторинг жүргізу;
- » Қызмет берген ұсынымдардың орындалуын әрі қарай бақылауды іске асыру;
- » Қызметке оның құзіреті шеңберінде жүктелген басқа да функциялар.

Өткізілген бағалаулар мен тексерістердің нәтижелері бойынша Ішкі аудит қызметі оның құзіреті шеңберіндегі кез келген мәселе бойынша тиісті ұсынымдар (соның ішінде әрекеттегі ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерін, қызмет жүргізу үдерістері, қағидаттары мен

әдістерін жетілдіру жөніндегі ұсыныстар) мен түсініктемелер әзірлейді.

#### Аудит рәсімі

Қоғам қызметі Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілген жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес іске асады және ол ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару мен корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігін бағалаудан тұрады.

Ішкі аудиттің бүтін үдерісінің тиімділігі мен өнімділігін арттыру мақсатында “TeamMate” атты жаңа бағдарламалық жабдықтама енгізілді. Бұл бағдарламалық жабдықтама аудиторлық тапсырмаларды жоспарлау, орындау және сақтау үшін, сондай-ақ аудиторлық бақылаулар мен ұсынымдарды қадағалап отыру үшін пайдаланылады.

Қызметте Қоғамның түрлі департаменттерінен келіп түсетін сұрауларды өңдеу практикасы орын алған. Тиісті ақпарат Қоғамның ішкі сайтында жарияланған. Сұраулар ішкі бақылау жүйесі, тәуекелдерді басқару, бухгалтерлік есеп және т.б. қатысты мәселелер бойынша кеңес беруден тұрады.

#### Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкестігі<sup>1</sup>

Бөлім қызметі ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкес келетіндігі тәуелсіз сыртқы бақылаушы «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС тарапынан 2016 жылдың сәуір айында расталды.

Бөлім жұмысына сырттай баға беру Стандарттарға (соның ішінде, сапалы сипаттамалар стандарттары мен қызмет стандарттары) және үздік халықаралық практикаға сәйкестік тұрғысынан жүргізілді.

Жарияланған есепке сәйкес Ішкі аудит қызметі ішкі аудитке қатысты 48 халықаралық кәсіби стандарт талаптарына сәйкес келеді.

Бағалау шеңберінде Ішкі аудит қызметінің үздік халықаралық практикаға қатысты жетілу деңгейі «КПМГ Такс энд Эдвайзори»

ЖШС әдістемесіне сәйкес «Прогрессивті» деген сипаттамаға ие болды.

#### Валентина Хегай

##### Ішкі аудит қызметінің жетекшісі

Валентина Хегай «Эйр Астана» компаниясында 2006 жылдан бері еңбек етіп келеді, аудит, қаржы және бухгалтерлік есеп саласында әжептәуір тәжірибеге ие. Аудиторлық қызметке 1996 жылы кірісті. Оған дейін жергілікті және халықаралық компанияларда бас есепші, қаржылық директор және сыртқы аудитор лауазымында еңбек етті. Экономикалық ғылымдар кандидаты, сертификатталған ішкі аудитор (CIA және DipPIA of ICFM), Қазақстан Республикасының лицензияланған аудиторы және кәсіби есепші болып табылады. Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жетекшісі болып «Эйр Астана» АҚ акционерлерінің

### Сыртқы аудит

Сыртқы аудитор аудиторлық қызметтер өткізу үшін Халықаралық аудит стандарттары (International Standards on Auditing) мен Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын (International Financial Reporting Standards) пайдаланады.

«Эйр Астана» компаниясы үшін аудиторлық ұйымды таңдау жөніндегі әрекеттегі тәртіп Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген «Эйр Астана» АҚ сатып алуларды іске асыру регламентінің ережелеріне сәйкес аудиторлық ұйымды таңдау рәсімдерін өткізу, одан соң аудиторлық ұйымға қызмет көрсету келісім-шартын жасасудан құралады. Бұл тәртіп Қазақстан Республикасының заңнамасы, Қоғам жарғысы, сатып алулар жөніндегі регламент және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес жасақталған.

Аудитор үш жылдан аспайтын уақытқа тағайындалады. Осы уақыт өткеннен кейінгі сабақтастық жоспары аудитор тарапынан дайындалып, Аудит жөніндегі комитет назарына орнына жаңа аудитор келгенге дейін бір жыл қалмай тұрып ұсынылуы керек.

«Эйр Астана» компаниясының 2017– 2019 жж. ішкі аудиторы «КПМГ Аудит» ЖШС тәуелсіз аудиторлық ұйымы болып табылады.

### Этикалық нормалар

«Эйр Астана» әуекомпаниясының барлық қызметкерлері жыл сайынғы негізде міндетті түрде Іскерлік этика кодексін біліп-білмеуіне байланысты тестілеуден және онлайн-оқу бағдарламасынан өтеді. Компанияда Іскерлік этика кодексін HEART корпоративтік құндылықтарын бекіту мақсатында жаңарту мәселесі көтеріліп үлгерді. Жаңартылған Кодекс қызметкерлер күнделікті негізде тап болатын жағдаяттарда не істеу керектігі жөніндегі жалпы нұсқаулыққа айналады.

#### Мүдделер қайшылығын басқару

Мүдделер қайшылығы мәселелеріне қатысты Компания Жарғы, Корпоративтік басқару кодексі мен Іскерлік этика кодексін басшылыққа алады.

Компания директорлары жыл сайын мүдделер қайшылығының жоқ екендігі жөнінде хат ұсынады. Мүдделер қайшылығының ықтималдылығы жағдайында директорлар бұл жөнінде шұғыл түрде Директорлар кеңесі мен басшылықты хабардар етулері керек. 2017 жылы мүдделер қайшылығы тіркелген жоқ.

#### Комплаенс саласындағы саясат

2017 жылы Компания комплаенс саласындағы корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бағытындағы жұмысқа кірісті. Бекітілуі 2018 жылға жоспарланған келесі саясат жобалары жасақталды: жемқорлыққа қарсы саясат, мүдделер қайшылығына қатысты саясат және ықтимал ереже бұзушылықтар жөнінде хабардар ету саясаты. Қызметкерлерге арналған әрекеттегі хабарлама берудің ішкі арналарынан бөлек, Компания сондай-ақ жедел желі (телефон желісі, электронды пошта мен веб-сайт) жұмысын қамтамасыз етіп, басқару үшін анонимдік шарттарын сақтай отырып, тәуелсіз сыртқы оператор тартуды жоспарлауда.

<sup>1</sup> Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттары



## Жауапкершілікті сақтандыру

2011 жылдан бері «Эйр Астана» қызметтік міндеттерін орындау барысында Компанияның, оның директорларының және лауазымдық тұлғаларының заңсыз әрекетінің нәтижесінде үшінші тарапқа келген шығындарды өтеу бойынша шығындардың орнын толтыру жөніндегі әрекеттегі заңнамаға сәйкес Компания міндеттемелері, оның директорлары мен лауазымды тұлғаларына таралатын сақтандыру рәсімін іске асыруда. Сондай-ақ Компания, оның директорлары мен лауазымды тұлғаларына олардың өз қызметтік міндеттерін орындаумен байланысты берілген кез келген қуыным нәтижесінде орын алған шығындар өтеледі.

Жергілікті сақтандыру компаниясы тәуекелдің 5 % сақтап, 95 %-н қайта сақтандыру компаниясы холдингінің, рейтингі S&P «А» деңгейінен төмен болмайтын немесе өзге рейтинг агенттіктерінің бара-бар рейтингі деңгейіндегі беделді халықаралық нарықта қайта сақтандырады. Сақтандыру мерзімі – бір жыл.

## Тәуекелдерді басқару


«Эйр Астана» тәуекелдерді басқаруды Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің негізгі компоненті ретіндегі маңыздылығын мойындайды. Тәуекелдерді басқарудың мақсаты - Компания құны мен абыройына ықтимал теріс әсерін тигізуі мүмкін тәуекелдерді анықтап, оларды барынша азайту бойынша шара қолдану.

«Эйр Астана» әуекомпаниясының тәуекелдерді басқару саясаты Компанияға бірқатар артықшылық ұсынатын тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесіне (ТБКР) қолдау көрсетеді. Біріншіден, ТБКР Компанияға өз қызметін тиімді түрде іске асыруға мүмкіндік береді. Екіншіден, ол Компанияға тәуекелдің рұқсат етілетін деңгейін ұстап тұру үшін ресурстарды тиімді түрде үлестіруге септігін тигізеді. Үшіншіден, тәуекелдерді анықтап, бағалап, бақылап, басқаруға мүмкіндік беріп, ТБКР Компанияға инвестициялардан келетін кірістілік деңгейінің барынша жоғары болуын қамтамасыз етеді. ТБКР шеңберінде пайдаланылатын Компания

құжаттары тәуекелдерді басқарудың алдыңғы қатарлы практикаларына, нормативтік талаптар мен тәуекелдерді басқарудың танылған стандарттарына негізделген.

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі – Директорлар кеңесі, жоғары басшылық пен Компанияның барлық қызметкерлерінің қатысуымен жүретін біртұтас үдеріс шеңберіндегі өзара байланысқан элементтер жиынтығы. ТБКР үдерісінің мақсаты екі түрлі сипатқа ие: ол, бір жағынан, Компания қызметіне әсер етуі мүмкін кез келген оқиғаларды анықтауға, екінші жағынан осындай оқиғалардың пайда болуына жауап ретінде акционерлер үшін рұқсат етілетін тәуекел деңгейін ұстап тұруға негізделеді.

## Компанияның тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы



## Директорлар кеңесі

Тәуекелдерді басқару үдерісінің бірінші деңгейі Директорлар кеңесі тарапынан ұсынылған. Директорлар кеңесі ТБКЖ-не қатысты негізгі қадағалаушы функция атқарады және келесідей нақты қызметтер атқарады:

- » Компанияның қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттарын бекіту;
- » Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатын бекіту;
- » Компанияның тәуекелдерді басқару және оларға мониторинг жүргізу жүйесінің шеңберінде жауапкершіліктің түрлі деңгейлерін бекіту;
- » Компания тәуекелдерінің тізілімі мен тәуекелдер картасын жарты жылда бір рет келісіп, бекіту;
- » Тәуекел-тәбеті мен Компанияның тәуекелдеріне толеранттылық деңгейлерін қарастыру;
- » Тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімше жетекшісі тарапынан дайындалған Компанияның негізгі тәуекелдері жөніндегі сипаттаушы және талдаушы есептерді қарау;
- » Тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі жөніндегі есептерді қарау;
- » Директорлар кеңесінің комитеттерінің көмегімен қызметке мониторинг жүргізу.

## Аудит жөніндегі комитет

Аудит жөніндегі комитет тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша акционерлер мүдделері шеңберінде әрекет етіп, Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі мен сенімділігін, сондай-ақ корпоративтік басқару саясатының іске асуын бақылау саласында жәрдемдеседі.

Аудит жөніндегі комитет тәуекелдерді басқару шеңберінде келесідей функциялар атқарады:

- » Тәуекелдерді басқару жүйесінің ахуалы жөніндегі ішкі және сыртқы аудиторлардың есебіне талдау жасау;

- » Компанияның тәуекелдерді басқару жүйесіне енгізілген құралдарың тиімділігіне талдау жасау және олармен байланысты мәліметтер мен мәселелер бойынша ұсыныстар беру;
- » Тәуекелдерді басқару жүйесіне қатысты ішкі және сыртқы аудиторлардың ұсынымдарының орындалуына мониторинг өткізу;
- » Тәуекелдерді басқару саласында саясаттар мен рәсімдерді алдын ала бекіту;
- » Компанияның тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру мақсатында қолға алған шараларының (түзетуші әрекеттер) нәтижелері мен сапасына талдау жасау;
- » Компания басшыларымен елеулі тәуекелдер мен бақылау мәселелерін, сондай-ақ Компанияның тәуекелдерді басқаруға қатысты жоспарларын қарау мақсатында тұрақты түрде жиналыстар өткізу.

## Ішкі аудит қызметі

Компанияның Ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару саласында келесідей негізгі функциялар атқарады:

- » Тәуекелдерді басқару рәсімдері мен тәуекелдерді бағалау әдістеріне аудит жүргізу және тәуекелдерді басқару рәсімдерінің тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар енгізу;
- » Компанияның Директорлар кеңесі үшін тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің тиімділігі жөнінде есептер дайындау.

## Тәуекелдер жөніндегі комитет

Тәуекелдерді басқару үдерісінің екінші деңгейінде корпоративтік саясаттардың тиімділігі мен орындалуын қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді басқарудың тиімді корпоративтік жүйесін ұйымдастыру мен тәуекелдерді бақылау құрылымын қалыптастыруға жауап беретін Тәуекелдер жөніндегі комитет орналасқан. Тәуекелдер жөніндегі комитет Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты мен философиясының көрінісі болып табылатын тәуекелдер жөнінде хабардар болу мәдениетін дамытуға жауап береді. Президент пен бас директор төрағалық ететін Тәуекелдер жөніндегі комитет құрамына барлық жоғарғы буын басшылары кіреді.

Тәуекелдер жөніндегі комитет келесідей функцияларды орындау арқылы тәуекелдерді басқару жүйесінің тұтастығы мен функционалдылығын қамтамасыз етеді:

- » Тәуекелдерді басқару саясатын іске асыру;
- » Ықтимал тәуекелдерді анықтап, бағалауға мүмкіндік беретін тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыру;
- » Директорлар кеңесіне бекітілген ережелерге сәйкес есептер ұсыну;
- » Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің тәуекелдерді басқару саясатының ережелеріне сәйкестігін қамтамасыз ету;
- » Компанияның тәуекелдер тіркелімі мен тәуекелдер картасын жарты жылда бір рет келісіп, алдын ала бекіту;
- » Компанияның тәуекел-тәбетін қарастырып, бекіту;
- » Компания тәуекелдеріне қатысты толеранттылық деңгейлерін қарап, бекіту;
- » Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі есептерін қарау және оның өкілеттіктері шеңберінде тиісті шаралар қолдану;
- » Тәуекелдерге жауап ретінде Директорлар кеңесімен бекітілген ережелер шеңберінде қабылданған шараларды бекіту;
- » Жаңа және ағымдағы тәуекелдерді, қаржылық залалдарды, ішкі/сыртқы аудиторлық есептер мен басқару мәселелерін қамтитын күн тәртібі бекітілген жиналыстарды тұрақты түрде (жарты жылда бір реттен кем емес) өткізу.

## Тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімше

Үшінші деңгей — басқарушылық есеп пен тәуекелдерді басқару бөлімінің құрамындағы, тәуекелдерді басқару үдерістерін үйлестіру мен Директорлар кеңесі бекіткен саясаттар, практикалар мен рәсімдерге сәйкес тәуекелдерді анықтау, бағалау және мониторинг жүргізуге жауап беретін тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімше. Тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшенің негізгі функцияларының қатарына төмендегілер кіреді:

- » ТБКЖ рәсімдері мен үдерісін ұйымдастыру және үйлестіру;
- » Тәуекелдер жөніндегі комитет пен Директорлар кеңесін тәуекелдерді басқару үдерістеріндегі кез келген елеулі кемшілік жөнінде хабардар ету;
- » «Эйр Астана» акционерлеріне тұрақты түрде тәуекелдер жөнінде есептер өткізу;
- » ТБКЖ саласында жыл сайынғы жоспарды жасақтау;
- » Тәуекелдер жөніндегі комитет тарапынан алдын ала бекітілуі үшін Компанияның тәуекел-тәбеті жөніндегі ұсыныстар енгізу;
- » Тәуекелдер жөніндегі комитет, Аудит жөніндегі комитет және Директорлар кеңесі үшін тәуекелдер жөнінде сығымдалған есептер дайындау;
- » Компанияның тәуекелдерді басқарумен байланысты әдістемесі, саясаттары мен ережелерін, сондай-ақ тәуекелдерге мониторинг жүргізу рәсімдерін жасақтау, енгізу және жаңарту (қажет болған жағдайда);
- » Тәуекелдерді басқару үдерісінің Компанияның өзге бизнес-үдерістері қатарына қосылуын қамтамасыз ету және Компанияда тәуекелдерді басқару мәдениетін дамыту;
- » Компания қызметкерлеріне тәуекелдерді басқарумен байланысты әдістемелік және өзге мәселелер бойынша көмектесу.

## Құрылымдық бөлімшелер

Компаниянң түрлі құрылымдық бөлімшелері тәуекелдерді басқару жүйесінің анағұрлым маңызды элементтері қатарына кіреді. Осындай құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері тәуекелдерді тұрақты негізде басқарып, олардың ықтимал

әсерін бақылауда ұстап отырады. Тәуекелдерді басқару көзқарасы тұрғысынан Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің негізгі функцияларына төмендегілер жатады:

- » Тәуекелдерді тұрақты негізде анықтап, бағалап отыру;
- » Тәуекелдерді басқару шеңберінде қолға алынуы тиіс әрекеттерге қатысты ұсыныстар шығару және негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-әрекеттер жоспарын жасақтау;
- » Тәуекелдерді басқару және оларға жауап беруге бағытталған мақұлданған әрекеттерді іске асыру, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жөніндегі әрекеттердің орындалуы жөнінде тұрақты түрде есеп жіберіп отыру;
- » іске асқан тәуекелдер жөнінде ақпарат беру.

## Сақтандыру

«Эйр Астана» тарапынан пайдаланылатын тәуекелдерді басқару құралдарының бірі сақтандыру болып табылады: аванстық сыйақы төлеу арқылы кей тәуекелдер өзге контрагенттерге өтеді. Компания өзінің мүдделерінің тиімді қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында Жарғысы мен саясатында баяндалған талаптарға сәйкес келетін сақтандыру компанияларымен сақтандыру келісімдерін жасасады. Бұдан бөлек, сақтандыру өтелімінің қаржылық сенімділігін қамтамасыз ету үшін және оны ашық рәсімдер арқылы сатып алу үшін шаралар қолға алынуда. «Эйр Астана» әуекомпаниясының барлық сақтандыру келісімдерінің әрекет ету мерзімі жыл сайын ұзартылып отырады.

## Авиациялық сақтандыру

«Эйр Астана» жоғары деңгейлі қаржылық тұрақтылық рейтингіне ие жетекші брокерлердің жетекші халықаралық сақтандыру нарықтарындағы қызметтері арқылы авиациялық тәуекелдерді орналастырады. Компания авиациялық тәуекелдерін келесідей сақтандыру келісім-шарттарын рәсімдеу арқылы сақтандырады:

- » әуе кемесіне, қосалқы бөлшектер мен жабдыққа келетін барлық мүліктік залал тәуекелдерін авиациялық сақтандыру және әуекомпанияның үшінші тараптар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;

- » әуе кемелеріне келетін мүліктік залал тәуекелдерін авиациялық сақтандыру (франшизаны сақтандыру);
- » соғыс қатерлері мен онымен байланысты әуе кемесі, соның ішінде қосалқы бөлшектерге келетін мүліктік зиян тәуекелдерін авиациялық сақтандыру;
- » соғыс қатерлері, әуе кемесін заңсыз басып алу (айдап әкету) және осылармен байланысты тәуекелдердің әрекеті нәтижесінде үшінші тараптар алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті авиациялық сақтандыру.

## Авиациялық емес сақтандыру

Авиациялық сақтандыру жөніндегі өтелімдерден бөлек «Эйр Астана» әуекомпаниясы мүліктің зақымдалуы салдарынан қаржылық тәуекел мен жалпы жауапкершілікті азайту үшін сақтандыру полистерінің өзге түрлерін, сондай-ақ қызметкерлерінің жазатайым оқиғалардан сақтандырылуы мен медициналық шығыстардың өтелімін қамтамасыз ететін полистерді тұрақты түрде сатып алып отырады. Компания авиациялық емес сақтандыру өтелімдерінің келесідей түрлерін сатып алады:

- » қызметкерлерді медициналық сақтандыру;
- » компанияның директорлары мен лауазымды тұлғаларының жауапкершілігін сақтандыру;
- » мүлікті сақтандыру;
- » көлік құралдарын сақтандыру (ОСАГО мен КАСКО);
- » қызметкерлердің еңбек (ресми) міндеттерін орындаулары кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті түрде сақтандырылуы;
- » зиян тигізгені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру;
- » ұшқыш лицензиясын жоғалту жағдайына сақтандыру.

## Елеулі тәуекелдер

Негізгі тәуекелдер ретінде Компанияның еркеше көңіл бөлетін тәуекелдері айтылады. Негізгі тәуекелдің пайда болуы осындай тәуекелді тиісінше басқару мен бақылау үшін шұғыл шаралар қолданылуын талап етеді.

## Компанияның 2017 жылғы елеулі тәуекелдері

Тәуекел	Сипаттамасы	Тәуекелдерді жеңілдету
■ Искерлік этика мен искерлік қарым-қатынас стандарттарының бұзылуы	Компания қызметі қызметкерлердің адалдығы, сенімділігі мен кәсібилігі, олардың тиімділігі мен бір-біріне, сонымен қатар мүдделі тараптар мен жалпы алғанда Компанияға деген сыйластығы сияқты фундаменталды корпоративтік құндылықтарға негізделген. , Қызметкерлердің өздерін бейәдеп ұстауы Компания абыройына немесе қаржылық жағдайына нұқсан келтіруі мүмкін.	«Эйр Астана» барлық қызметкерлерінің Корпоративтік этика кодексімен таныстырылуын қамтамасыз ету арқылы искерлік этика немесе искерлік қарым-қатынас стандарттарының бұзылуы тәуекелін басқарады. Оған арнайы тренингтер өткізу және ішкі коммуникация құралдарын пайдалану арқылы қол жеткізіледі. Этикалық көшбасшылық қағидаттары тұтас Компания бойынша насихатталады, себебі әр бөлім басшысы топтағы басқа мүшелер үшін үлгі болып табылады. 2017 жылы бұл тәуекел түрі негізгі тәуекелдер қатарына қосылды.
■ Валюталық тәуекел	2017 жылы Компанияның шетелдік валюталар бағамының өзгеруі тәуекеліне ұшырау ықтималдылығы АҚШ долларымен берілген лизинг міндеттемелерінің елеулі сомалары себебінен жоғары деңгейде қалып отырды.	Бұл тәуекелді басқару үшін Компания шетелдік валютамен берілген депозиттер мен өзге де қаржылық активтерді жинақтап, ақша ағындарын хеджирлеудің есеп саясатын пайдаланады. 2017 жылдың 31 желтоқсанында «Эйр Астана» әуекомпаниясы Компанияның шетелдік валюталар бағамының құбылмалылығына ұшырау тәуекелін азайту және тиісінше валюталық тәуекел әсерін азайту мақсатында функционалды валютасын қазақстандық теңгеден АҚШ долларына ауыстырды.
■ Жанармай шығыстарының арту тәуекелі	Жанармайға жұмсалатын шығындардың «Эйр Астана» шығындарының ішіндегі үлесі үлкен болғандықтан, Компания жанармай бағаларының жоғары деңгейдегі құбылмалылығы мен тиісті шығыстармен байланысты туындайтын тәуекелдерге ұшырауы мүмкін. Жанармай бағасының өсуі жалпы шығыстар көлемінің артуына әкеліп, сәйкесінше, Компания пайдалылығына теріс әсерін тигізуі мүмкін.	Отандық жанармайға қатысты Компания қазақстандық жеткізушілермен тұрақты келісім-шарттар жасасу арқылы конкурстық негізде бағалар жөнінде келіссөздер жүргізеді. Бұдан бөлек, «Эйр Астана» жанармай жеткізушілерімен бағалардың төмендетілуі бағытында келіссөздер жүргізуде. Нарықта ішкі және халықаралық станциялар үшін баламалы жеткізушілерге тұрақты түрде мониторинг жүргізілетінін атап өткен жөн. Тәуекелді азайтудың қосымша құралы ретінде «Эйр Астана» сондай-ақ шектеулер енгізілмеген ішкі және халықаралық маршруттарда жанармай алымы практикасын пайдаланады. Жанармай алымының мөлшері жанармай бағалары мен нарық жағдайларына байланысты.
		Жанармай тұтынудың жалпы көлемін азайту мақсатында Компания соңғы жылдары өз ӘК паркіне анағұрлым үнемді болып келетін жаңа Airbus A320 NEO және Airbus A321 NEO (қозғалтқыштың жаңа түрімен) ұшақтарын сәйкесінше 2016 және 2017 жылдары қосты. Бұдан бөлек, Компания ұшақ қанаттарындағы винглеттер сияқты жаңа технологиялар енгізуде, ал оның ұшқыштарды дайындау жөніндегі кей бағдарламалары жанармайды тиімді пайдалану дағдыларын игеруден құралады.

■ Төмен  
■ Орташа  
■ Жоғары

Тәуекел	Сипаттамасы	Тәуекелдерді жеңілдету
Компанияның маршруттар желісін жоспарлаумен байланысты тәуекелдер	«Эйр Астана» мақсаты - түрлі халықаралық рейстер, сондай-ақ халықаралық және ішкі рейстер арасында көптеген тоғысуларды қамтамасыз ететін халықаралық маршруттар желісін құру. Компания желісінің тиісінше әртараптандырылмағандығы маршруттық желінің тиімді түрде кеңеюіне кедергі болып, көздеген кірістілік деңгейіне жете алмауға себеп болуы мүмкін. Бұдан бөлек, Компания ағымдағы маршруттарынан айрылу немесе олардың санының қысқаруы, өзі жасақтаған желілік жоспарға сәйкес жаңа маршруттарды енгізу мүмкіндігінің болмауы тәуекеліне ұшырауы мүмкін.	Бұл тәуекелдерді басқару үшін Компания слоттарға уақытында өтініш білдіріп, слоттарды үйлестірушілермен жаңа слоттар алу мақсатында келіссөздер жүргізіп, Қазақстанның Азаматтық авиация комитетімен (САС <sup>1</sup> ) тасымалдауға берілетін коммерциялық құқықтарды қамтамасыз ету үшін тығыз байланыста болып, маршруттар тиімділігіне жүйелі түрде талау жасап, мәліметтер базасындағы ақпаратты пайдаланады. Қажет болған жағдайда маршруттар желісінің жоспарына тиісті өзгертулер енгізілуі тиіс.
Білікті ұшқыштардың жетіспеушілігі тәуекелі	«Эйр Астана» қызметінің өндірістік көрсеткіштері мен ұшуларды жоспарлауы көптеген факторларға, соның ішінде жоғары білікті ұшқыштар санының жеткілікті дәрежеде болуына тәуелді. Ұшқыштар тапшылығы ұшу кестесіндегі бос орындарды толтыру үшін құны жоғарырақ шетелдік ұшқыштарды жалдауға немесе ұшқыштардың жетіспеуіне байланысты ұшу кестесінің ойдағыдай орындалмауына алып келуі мүмкін. Білікті кадрларды тарту бәсекесі жоғары болып келеді, ал ұшқыштардан айрылып, орнына тиісті ұшқыш табылмауы немесе жаңа ұшқыштарды тарту мүмкіндігінің болмауы компания өнімділігіне теріс әсерін тигізуі мүмкін.	Компания тәуекелді азайту мақсатында тұрақты негізде жергілікті ұшқыштардың жалақылары мен жұмыс жағдайларын қайта қарап отырады (еңбек төлемі схемасының өзгеруі, мемлекеттік/корпоративтік зейнетақы жоспарлары және т.б.). Мысалы, 2008 жылы компания өз ұшқыштарын дайындау мақсатында ab-initio бағдарламасын енгізіп, ол жоғары деңгейде табысты болды. Бұл бағдарлама компанияның ағымдағы қажеттіліктерін өтеу үшін ресурстардың жеткілікті болуын қамтамасыз етеді. «Эйр Астана» сондай-ақ ұшқыштарды әрі тікелей ішкі нарықтан жалдайды, әрі халықаралық нарықтан мердігерлер тартады.  Жоғары білікті қызметкерлерді тарту қауіпсіз, сенімді әрі жоғары деңгейде қызмет көрсетудің өзегі болып табылатындықтан, «Эйр Астана» сапалық әрі сандық мақсаттық көрсеткіштерге қол жеткізу үшін қызметкерлерінің еңбек ету шарттарына жүйелі түрде бақылау жүргізіп, олардың жоғары деңгейде оқытылып, дамуларына ден қояды.  Бұдан бөлек 2017 жылы Компания авиациялық мамандықтарды игеру ниеті бар үміткерлер үшін «Арманыңды өлшеп көр» атты рекрутинг науқанын іске қосты.

<sup>1</sup> САС (Civil Aviation Committee) – Азаматтық авиация комитеті.

<sup>2</sup> IFS (flight attendant supervisor) – аға бортсерік.

<sup>3</sup> EASA (European Aviation Safety Agency) — Еуропалық авиациялық қауіпсіздік агенттігі.

<sup>4</sup> DCA Aruba (Department of Civil Aviation Aruba) — Аруба Азаматтық авиация басқармасы.

<sup>5</sup> IOSA (International Air Transport Association (IATA) operational safety audit) — Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA). Эксплуатациялық қауіпсіздік аудиті жөніндегі бағдарламасы.

Тәуекел	Сипаттамасы	Тәуекелдерді жеңілдету
Жоғары сапалы борттық қызмет көрсетпеу және Skytrax рейтингінің төмендеу тәуекелі	Ұшу барысында жоғары сапалы қызмет көрсете алмау компания беделіне нұқсан келтіріп, клиенттерді жоғалтуға, сондай-ақ Skytrax рейтингінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.	«Эйр Астана» әуекомпаниясының бортсеріктердің жоғары біліктілік деңгейін қолдауға бағытталған жан-жақты оқыту бағдарламалары бар. Борттық қызмет көрсету департаментінің құрылымы борттық экипаждың күнделікті жұмыс рәсімдеріне қосымша бақылау механизмдерін енгізуді көздейді. Сапа мен стандарттар бөлімі клиенттердің қанағаттанушылығына тиісті рәсімдер (мысалы, нұсқаушы бортсеріктер арқылы жолаушылардан кері байланыс алу) арқылы жүйелі мониторинг өткізеді және бортсеріктер көрсететін қызметтердің жоғары сапасын қолдау үшін стандарттар бекітеді. Тиімділік жөніндегі бөлімі бекітілген стандарттарға сәйкес ынталандыру мен өнімділікті қажетті деңгейде ұстап тұру үшін бортсеріктермен үздіксіз жұмыс жүргізіп келеді. Өндірістік бөлім күнделікті жұмыс мәселелерін шешуде қолдау көрсетіп, бортсеріктерге өздерінің негізгі міндеттерін ден қойып орындауға, яғни бортта қызмет көрсетудің жоғары сапасын қамтамасыз етуге септігін тигізеді.  Өнім және тамақтандыруды ұйымдастыру бөлімі ұшақ бортында тамақтандыру процесін ұйымдастыруға жауап береді. Жайлылық деңгейін арттыру үшін ұшу барысында IFS <sup>2</sup> лауазымындағы борттық экипаж мүшелеріне бизнес-класс жолаушылары мен Nomad Club бонустық бағдарламасының мүшелері үшін сервистің дербестендірілуі, жолаушылар адалдығын арттыру мақсатында жолаушылар жөніндегі жан-жақты мәлімет, тамақтану жөніндегі ерекше тілектер және т.б. сияқты ұшуға қажетті барлық маңызды ақпараттан тұратын CrewPads планшеттері беріледі.
Әуе апаттары мен елеулі оқиғалар	«Эйр Астана» үшін әуе кемесіне зақым келген немесе әуе апаты орын алған жағдайда келуі мүмкін үлкен залал тәуекелі бар. Осындай оқиғалар Компанияның қаржылық және операциялық нәтижелеріне теріс әсерін тигізуі мүмкін.	Қауіпсіздікпен байланысты тәуекелдерді азайту мақсатында Компания қауіпсіздікті басқару және бекітілген талаптардың сақталуын бақылау жүйесін енгізіп, оның шеңберінде сәйкестілік пен нәтижелілікке қатысты тексерістер өткізіп, қауіпсіздік және т.б. сақталу көрсеткіштеріне мониторинг жүргізеді. Компанияның адами факторды есепке алу бағдарламасына біршама көңіл бөлетіндігі маңызды болып табылады. Қызметті ұйымдастырып, оған қолдау көрсететін барлық операциялық бөлімдер тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі алдын алу шараларына жауапты болып, өз үдерістері шеңберінде қауіпсіздік мәселелеріне жіті көңіл бөледі. Саясаттар мен нұсқаулықтар үнемі алдыңғы қатарлы практикаларға сәйкес жаңартылып, рәсімдердің сәйкесінше орындалуы үшін бақылаудың қажетті құралдары іске қосылады. Қызметкерлер оқудан өтіп, жүйелі түрде рәсімдер бойынша орын алған барлық өзгерістер туралы хабардар етіліп отырады. EASA <sup>3</sup> , DCA Aruba <sup>4</sup> және Қазақстанның Азаматтық авиация комитеті сияқты реттеуші органдар тарапынан жүйелі түрде өткізілетін тәуелсіз бағалаулар, сондай-ақ салалық деңгейдегі бағалаулар (IOSA <sup>5</sup> ) «Эйр Астана» әуекомпаниясының халықаралық қауіпсіздік стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді. «Эйр Астана» сондай-ақ әуе кемелерін сақтандыру, жолаушылар алдында азаматтық жауапкершілікті сақтандыру, қызметкерлердің міндетті сақтандырылуы мен авиациялық тәуекелдермен байланысты сақтандырудың өзге де түрлері сияқты алдыңғы қатарлы практикалар мен салалық стандарттарға сәйкес кешенді сақтандыруды іске асырады. Әуе апаты (немесе оқиға) жағдайында тез жауап беру мен кез келген сыртқы органдармен үйлесімді жұмыс істеу мақсатында төтенше жауап беру орталығы құрылады.
Әуе жанармайының жетіспеуі	Компанияда Қазақстанда әуе жанармайының жеткілікті мөлшерде өндірілмеуі және Ресей Федерациясынан әкелінетін жанармай жеткізіліміне қатысты шектеулердің енгізілу тәуекелі бар.	«Эйр Астана» мұнай компанияларымен жанармайдың формулалық баға қалыптастыру негізінде жеткізілуі жөнінде келіссөздер жүргізуде.

# 4.5

## КОМПАНИЯ БАСШЫЛЫҒЫ

### Президент


«Эйр Астана» компаниясының ағымдағы қызметіне президент басшылық етеді. Президент – Акционерлердің жалпы жиналысы мен Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті Қоғамның атқарушы органының функцияларын бір өзі іске асыратын тұлға.

Заңнама мен Қоғам жарғысына сәйкес Президенттің Қоғам атынан келесідей өкілеттіктері бар және ол қызметтің төмендегідей функцияларын орындайды:

- » бизнес-жоспар мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындау, сондай-ақ Қоғамның бас есепшісімен бірлесіп бизнес-жоспарларды, жылдық қаржылық есептілікті, басшылықтың жыл сайынғы есептерін дайындап, оларды ұсыну;
- » шарттар, келісім-шарттар жасасып, Қоғам атынан қызметті іске асыру, сондай-ақ өзге тұлғалармен, ұйымдармен, кәсіпорындармен және мекемелермен (соның ішінде мемлекеттік) мәмілелер жасасу кезінде Қоғам атынан әрекет ету;
- » Қоғамға жалпы сомасы 1 млн. доллардан кем немесе тең сомаға несиелену алуға мүмкіндік беретін қандай да бір қарыз алу немесе банк несиелерін мақұлдау;

- » Жалпы сомасы 1 млн. АҚШ долларынан (теңгедегі баламалы сома) аспайтын сома көлеміндегі Қоғам активтеріне қатысты кепілдер, ипотека, кепілзат сомасын ұстап қалу, кепілзат ауыртпалықтарын немесе өзге ауыртпалықтарды әзірлеу немесе өзгерту жөнінде мәміле бекіту және жасасу немесе өзара байланысқан мәмілелерді бекіту және жасасу;
- » Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Қоғамның ішкі қызметін реттеуші құжаттарды, соның ішінде өндіріс, инженерлік-техникалық қызмет көрсету, тауарлар, жұмыстар мен қызметтер сатып алу, бухгалтерлік есеп, коммерциялық саясат, еңбек пен жұмыспен қамтылғандық мәселелеріне қатысты бұйрықтар мен нұсқаулықтарды шығарып, бекіту және оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу.

### Корпоративтік басқару құрылымы



## Биографиялар

### ПИТЕР ФОСТЕР

#### Президент

Питер Фостер авиация саласындағы мансабын Кэмбридж Университетін 1982 жылы бітіргеннен кейін Cathay Pacific Airways Ltd. әуе компаниясының құрылтайшысы болып табылатын John Swire and Sons (HK) компаниясында тағылымдамадан өтуші жетекші лауазымынан бастады. 1982-1999 жылдар аралығында Гонконг, Азия, Австралия мен Еуропада Cathay Pacific Airways Ltd әуекомпаниясының менеджері, содан кейін аға менеджері ретінде қызмет етті. Францияда INSEAD ұйымында іскерлік басқару бойынша білім алды. Кейін Royal Brunei Airlines әуекомпаниясында (2002-2005 жж.) бас атқарушы директор лауазымында жұмыс істеді. 2005 жылы «Эйр Астана» әуекомпаниясының президенті болып тағайындалды. Питер Фостердің марапаттарының арасында UK New Year’s Honours List салтанатты рәсімінде табысталған «Қазақстан Республикасындағы британдық авиация алдында сіңірген еңбегі үшін» атты Британдық империя ордені бар.

2017 жылы «Эйр Астана» акцияларына иелік еткен жоқ, олардың қатысуымен мәміле жасаған жоқ.

### АЛМА АЛИГУЖИНОВА

#### Жоспарлау жөніндегі атқарушы Директор

«Эйр Астана» әуекомпаниясында 2001 жылдан бері (оның қалыптасуының бастапқы кезеңінен бері, тіпті ұшулар орындала бастағанға дейін) әуелі корпоративтік басқару жөніндегі менеджер ретінде қызметке кірісіп, кейін корпоративтік даму жөніндегі Директор, жоспарлау жөніндегі Вице-президент, стратегиялық және коммерциялық жоспарлау жөніндегі аға Вице-президент болды. Қазіргі уақытта Алма жоспарлау жөніндегі атқарушы директорінің қызметін атқаруда. Алма Шығыс Каролина Университетін (АҚШ) іскерлік басқару магистрі (MBA) және Франциядағы Тулуза бизнес мектебін әуе-ғарыш саласындағы Іскерлік басқару магистрі (MBA) дәрежесімен тәмамдады.

### ИБРАХИМ ЖАНЛЫЕЛ

#### Қаржы жөніндегі атқарушы Директор

«Эйр Астана» компаниясындағы қызметін 2003 жылы қаржылық директор ретінде бастады. Туризм саласындағы еңбек жолын Түркияда 1990 жылы бастады. 1998 жылы KLM Royal Dutch Airlines компаниясында Таяу Шығыс жөніндегі аймақтық менеджер ретінде қызметке кірісіп, кейін Орталық Азиядағы аймақтық менеджер ретінде еңбек етті. Соңғы 15 жыл ішінде коммерциялық және қаржылық салаларда түрлі бөлімшелерге жетекшілік етті. 2005-2007 жж. EUROBAK басқарма мүшесі болды. Мармара Университетін экономика бакалавры дәрежесімен, Босфор университетін MBA дәрежесімен тәмамдады. Ибрагим үйленген, екі қызы бар.

### ЭНТОНИ РЕГАН

#### Өндірістік мәселелер жөніндегі атқарушы Директор

Энтони авиация саласында 35 жылдан астам тәжірибеге ие. Air Astana компаниясында 2012 жылы қызметке кіріскенге дейін Air France/KLM-ның Cityjet атты еншілес компаниясында өндірістік қызметтер атқарып, 2001 жылдан бері бас директор ретінде еңбек етіп, ол жерде барлық өндірістік функциялар үшін жауапты болды. Оған дейін CAE Parc Aviation директоры ретінде қызмет етті. Оның бастапқы еңбек жолы ирландиялық авиациялық корпус ұшқышы қызметінен басталып, кейін ол ұшулар жөніндегі бас нұсқаушы болып тағайындалып, отставкаға комендант лауазымында шықты. . EASA және FAA әуе көлігі ұшқышы лицензиясына ие. Ол математика және математикалық физика бойынша Дублин университет колледжінің түлегі болып табылады.

### ГЕРХАРД КОЕТЦИ

#### Корпоративтік қауіпсіздік стандарттарына сәйкестікті қамтамасыз ету жөніндегі аға Вице-президент

Герхард коммерция бакалавры дәрежесіне және Оңтүстік Африка университетінің көлік экономикасы мамандығы бойынша үздік дипломына ие. Ол түрлі ұйымдар, соның ішінде Оңтүстік Калифорния университеті тарапынан берілген (авиациялық) қауіпсіздік бағдарламасын басқару біліктілігіне ие, білікті оқыс оқиғалар тергеушісі болып табылады.

Герхард өз еңбек жолын әскери-әуе күштерінің штурманы ретінде бастап, соңғы 30 жыл бойы ұшулар қауіпсіздігі саласында белсенді қызмет атқарып келеді. Ол сондай-ақ OAR ӘӘК ұшулар қауіпсіздігі жөніндегі штаб офицері және BAE Systems компаниясының басқарушы кеңесшісі ретінде қызмет етті.

### ЕРБОЛ ОСПАНОВ

#### Үкіметтік, заңнамалық мәселелер және қауіпсіздік жөніндегі аға Вице-президент

Ербол өзінің авиация саласындағы мансабын 1972 жылы Ресейдегі Краснокут ұшу мектебінде кадет офицері ретінде бастады. 1985 жылы ол Ленинград қ. Азаматтық авиация академиясының командалық факультетін тәмамдап, инженер-ұшқыш біліктілігіне ие болды. 2002 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің заң факультетінен заң бакалавры дәрежесін иеленді.

Ербол авиация саласында 45 жылдан аса уақыт қызмет атқарып келеді және Sheffield School of Aeronautics (Флорида, АҚШ) пен Canadian Airlines компаниясында (Ванкувер, Канада) білім алып, АҚШ (FAA ATPL) пен Канаданың (Transport Canada ATPL) әрекеттегі ұшқыш куәліктеріне ие болды.

1992 жылдан бері – Қазақстан Республикасы Президенті флотының шеф-ұшқышы. Ербол Оспанов «Эйр Астана» әуекомпаниясындағы қызметін 2005 жылы бастап, қазіргі уақытта әуекомпанияда аға вице-президент қызметін ақтарып, командир-нұсқаушы ретінде «Боинг-757/767» әуе кемесінде ұшулар орындауды жалғастыруда.

### ДЖОН УЭЙНРАЙТ

#### Инженерлік топтың аға Вице-президенті

Джон Ұлыбританияда жоғары білім алған және Бедфорд қаласында Корольдік авиациялық орталықта дайындықтан өткен. Оның 40 жылдан астам әуе кемелеріне әрі базалық, әрі желілік техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыс тәжірибесі бар. Britannia Airways әуекомпаниясында 20 жылдай жұмыс істеп, Оңтүстік-Шығыс Азияға көшіп, Брунейде, Вьетнам мен Непалда Royal Brunei Airlines әуекомпаниясында қызмет етті. Брунейден Австралияға 2005 жылы көшкен кезде техникалық қызмет көрсету департаментінің басшысы болды. Джон «Эйр Астана» әуекомпаниясындағы қызметін 2006 жылы бастады. Ол Еуропалық авиация қауіпсіздігі жөніндегі агенттіктің B1 және C санатындағы инженерлік-техникалық қызмет көрсету лицензиясының иегері болып табылады.

### АЗАМАТ ОСПАНОВ

#### Қаржылық есеп жөніндегі Вице-президент, Бас есепші

Сүлеймен Демирел университетінде бухгалтерлік есеп, аудит және экономика саласында жоғары білім алды. Еңбек жолын 2003 жылы Ernst and Young компаниясында аудитор ретінде бастап, жалғастырып, авиация саласындағы аудит бойынша ауқымды тәжірибе жинақтады. 2007 жылы аудит жөніндегі менеджер болып тағайындалып, 2009 жылдың сәуірінде «Эйр Астана» тобына қаржы жөніндегі аға менеджер ретінде қосылды. 2013 жылдың қаңтарында инженерлік-техникалық қамсыздандыру департаментінің қаржы және материалдық қамсыздандыру жөніндегі директоры болып тағайындалды. Авиация саласында қаржылық мәселелер бойынша үлкен тәжірибе жинақтап, 2017 жылдың сәуір айында Қаржылық есептілік жөніндегі вице-президент және бас есепші болып тағайындалды. 2017 жылы Крэнфилд менеджмент мектебінің жетекшілерге арналған ілгерілетілген даму бағдарламасы бойынша оқуын тәмамдады.

### ЕВГЕНИЯ НИ

#### Қызметкерлерді басқару және әкімшілік мәселелер жөніндегі Вице-президент

Евгения Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің шет тілдері және заң факультетін бітірген. Қызметкерлерді басқару мен менеджмент саласында бірқатар дипломдар мен сертификаттарға ие. 2002 жылдан әуекомпания Президентінің көмекшісі қызметін атқарып, қазіргі уақытта еңбекті қорғау, әкімшілік-шаруашылық, сонымен қатар компанияны көлікпен қамтамасыз ету мәселелеріне жауапты болып табылатын қызметкерлерді басқару департаментіне жетекшілік етеді. Басшылық еткен жылдары ішінде қызметкерлерді іріктеудің, корпоративтік оқытудың ашық жүйесі құрылды, қызметкерлерге сыйақы төлеу және қызметтерін бағалау жүйесі енгізілді. Евгения кәсіби конференцияларға және конгрестерге сарапшы, модератор, баяндаушы ретінде ұдайы қатысады.

### ГАЛИНА УМАРОВА

#### Жанармай ресурстарын басқару жөніндегі Вице-президент

Галина Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе Мемлекеттік Университетін тәмамдаған, сондай-ақ (Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институты) мемлекеттік басқару магистрі дәрежесіне ие. CFA Институты тарапынан берілетін дипломды қаржылық талдаушы халықаралық кәсіби сертификаты, сондай-ақ қаржылық тәуекел-менеджері (FRM) халықаралық сертификатының иегері болып табылады. Авиация саласында 15 жылдан астам тәжірибесі бар.

### АЙДАР КАШҚАРБАЕВ

#### Заң мәселелері жөніндегі Вице-президент

Айдар әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетінің заң факультетін бітірген, сондай-ақ Visiting Scholar бағдарламасы бойынша Оңтүстік Иллинойс Университетінде (АҚШ) тағылымдамадан өтті. Заң саласындағы еңбек тәжірибесі 25 жылдан асады. Заң практикасын 1993 жылы Қазақстан Республикасының Сыртқы Істер Министрлігінде бастады. «Эйр Астана» компаниясына келгенше Denton Wilde Sapte заң компаниясында және KPMG консалтинг компаниясында, сонымен қатар Батыс Қазақстандағы Karachaganak Petroleum Operating B.V. мұнай компаниясында заң департаментінің менеджері ретінде қызмет атқарды. 2017 жылы Крэнфилд менеджмент мектебінің жетекшілерге арналған ілгерілетілген даму бағдарламасы бойынша оқуын тәмамдады.

**ЧАМИНДРА ЛЕНАВА****Ақпараттық технологиялар және электрондық бизнесті дамыту жөніндегі Вице-президент**

Чаминдра «Эйр Астана» әуекомпаниясына 2009 жылдың қаңтарында қосылды. АТ саласындағы кәсіби маман болып табылатын Чаминдра үш ұлттық әуекомпанияда басқарушылық тәжірибе жинақтаған. Авиация саласына келгенге дейін зерттеу институтында электронды және телекоммуникациялық жабдықтамалар саласында жұмыс істеді. Коломбо университетін Іскерлік басқару магистрі, Лондон университетін құқық бакалавры, Моратува университетін электрондық және телекоммуникациялық инженерия саласындағы ғылымдар бакалавры дәрежесімен тәмамдаған. Бұдан бөлек, ол жобаларды басқару саласындағы сертификатталған маман (PMP, PMI-USA) және Британдық компьютерлік қоғамдастықтың ақпараттық технологиялар жөніндегі дипломды маманы болып табылады. АТ түрлі салаларындағы сертификаттардың иегері және әуебилеттерін брондау, билеттерді рәсімдеу, жөнелтілімдерді басқару және бизнес-операциялар жөніндегі жүйелердің кәсіпқой маманы болып табылады.

**БЕЛЛА ТОРМЫШЕВА****Корпоративтік коммуникациялар жөніндегі Вице-президент**

Белла халықаралық қатынастар магистрі дәрежесіне ие. Жұртшылықпен байланыс және ақпараттық-мәдени қызмет саласында 20 жылдан астам тәжірибеге ие. Ол сондай-ақ Қазақстаннан тысқары өткізілген көптеген оқу тренингтеріне қатысты.

«Эйр Астана» әуекомпаниясына келгенге дейін Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы мен Тәжікстан Республикасында аккредитациядан өткен Еуропалық комиссия өкілдігінде қызмет атқарды.

**ДИЛЯРА КҮНХОЖАЕВА****Сатып алулар жөніндегі Вице-президент**

Диляра ҚМЭБИ іскерлік басқару және бухгалтерлік есеп факультетін тәмамдап, менеджмент және қаржы саласына мамандандырылған іскерлік басқару бакалавры және магистрі дәрежелеріне ие болды.

Университетті бітіргеннен кейін Ernst and Young компаниясында және ҚМЭБИ-де жұмыс істеді. 2006 жылдан бері қаржы талдаушысы, басқарушылық есеп бөлімінің басшысы, директоры. Қазіргі уақытта сатып алулар жөніндегі Вице-президент болып табылады.

**АЙМАН ТІЛЕУБАЕВА****Желілік жоспарлау және кірістерді басқару жөніндегі Вице-президент**

Айман Қазақ Ұлттық Университетін бітірді. 2017 жылы Крэнфилд менеджмент мектебінің директорларға арналған бағдарламасы бойынша оқуын тәмамдады. 1998-2003 жж. аралығында ол «Эйр Қазақстан» әуекомпаниясында қызмет атқарды. 2003 жылдан қазіргі уақытқа дейін коммерциялық жоспарлау жөніндегі менеджер, коммерциялық жоспарлау және кірістерді басқару жөніндегі Директор ретінде қызмет атқарып, 2013 жылдың қаңтарында «Эйр Астана» компаниясының желілік жоспарлау және кірістерді басқару жөніндегі Вице-президенті болып тағайындалды. 2018 жылдан бері коммерциялық жоспарлау жөніндегі Вице-президент болып табылады.

**АЙЖАН ОМАР****Басқарушылық есеп пен тәуекелдерді басқару департаментінің Вице-президенті**

Айжан М.Х. Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік Университетінде оқып, халықаралық экономикалық қатынастар мамандығы бойынша диплом алған, сондай-ақ Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институтын іскерлік басқару және бухгалтерлік есеп жүргізу факультетін тәмамдап, менеджмент және қаржы саласына маманданған іскерлік басқару магистрі дәрежесін алды.

Ол «Эйр Астана» әуе компаниясындағы жұмысын 2006 жылдың тамызында қаржы талдаушысы ретінде бастаған. 2012 жылдың маусымынан 2014 жылдың қаңтарына дейін басқарушылық есеп бөлімінің басшысы қызметін атқарды. Қазіргі уақытта ол «Эйр Астана» компаниясының басқарушылық есеп пен тәуекелдерді басқару жөніндегі вице-президенті болып табылады.

**РИЧАРД ЛЕДЖЕР****Маркетинг пен сатулар жөніндегі Вице-президент**

Ричард әуе индустриясындағы еңбек жолын 1993 жылы «Туризм және Саяхат» мамандығы бойынша Ланкастер университетін магистр дәрежесімен, сондай-ақ Лондон Университетін (UCL) «География» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесімен аяқтағаннан кейін бастады.

«Эйр Астана» компаниясына келгенге дейін 5 жыл бойы «Сингапур Әуежолдарында» корпоративтік сатулар саласында жұмыс істеп, кейін 2005 жылдың қаңтарында Royal Brunei Airlines әуекомпаниясының маркетинг және сатулар жөніндегі менеджері қызметіне ауысты. Ричард «Эйр Астана» әуекомпаниясына 2006 жылдың наурызында ЕО, АҚШ және Канада өңірлеріндегі аймақтық бас менеджер лауазымында қызмет атқаруға келіп, сол аймақтарда сатулар желісін құруға жауапты болды. Ричард Алматы қ. кеңсеге 2009 жылдың ақпан айында Қазақстан мен шетелдегі сатулар жөніндегі Директор қызметінде келді. 2014 жылдың қаңтар айында сатулар жөніндегі Вице-президент қызметіне тағайындалды. 2017 жылдың қаңтарында маркетинг және сатулар жөніндегі Вице-президент болып тағайындалды.

**РАССЕЛ ЭЛЛИС****Өперативтік басқару жөніндегі Вице-президент**

Ұлыбританияның Ливерпуль университетінің іскерлік басқару магистрі дәрежесіне ие. Расселдің авиация саласында 30 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар. 2007 жылы «Эйр Астана» әуекомпаниясына келмес бұрын ол ОАР-да және Таяу Шығыста әр түрлі әуекомпанияларда бірқатар басшылық қызметте болды. Ол бастапқы жұмыс тәжірибесін әскери салада жинақтап, навигатор және нұсқаушы біліктілігіне ие болды. Рассел әуекомпанияда ұшулардың орындалуына күнделікті бақылау жүргізуге және төтенше жағдайларда әрекет ету дайындығына жауапты.

**МАРГАРЕТ ФЕЛАН****Борттық қызмет жөніндегі Вице-президент**

Маргарет Ирландияда Сауда колледжінде білім алды. Әуе индустриясында 20 жылдан астам тәжірибесі бар. ЕС OPS, нұсқаушыларды басқару және дайындау жөнінде бірқатар курстардан өтті.

1995-2012 жж. аралығында Маргарет Air France/KLM компаниясының еншілес CityJet компаниясында бортсеріктер мен стандарттарды дайындау жөніндегі жетекші және борттық қызмет жөніндегі жетекші лауазымында болды. Ол «Эйр Астана» компаниясына 2013 жылы борттық қызмет жөніндегі Директор ретінде қосылып, 2016 жылдың қаңтарында борттық қызмет жөніндегі Вице-президент болып тағайындалды.

**АЛЕКСАНДР НЕБОГА****Жерде қызмет көрсету жөніндегі Вице-президент**

Александр Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің Халықаралық қатынастар факультетін бітіріп, әуекомпаниядағы қызметін 2005 жылы Жерде қызмет көрсету департаментында жерде қызмет көрсету жөніндегі агент ретінде бастады. 2010 жылға дейін Александр жоғары деңгейдегі жауапкершілікті талап ететін түрлі лауазымдарда, 2010 жылдан жетекшілік қызметтерде болды. 2013 жылдан бері әуекомпанияның Алматы қ. әуежайындағы өкілдігіне басшылық етті. 2013 жылы Ұлыбританияның Крэнфилд университетінде менеджерлерді дайындау бағдарламасы бойынша білім алды. 2016 жылдың қаңтарында әуекомпанияның жерде қызмет көрсету бөлімінің Директоры болып тағайындалды. 2017 жылдың қаңтарында жерде қызмет көрсету жөніндегі департаменттың Вице-президенті болып тағайындалды.

**МЕРҒАЛИ ӘЛЖАНОВ****Ұшулар өндірісі жөніндегі Вице-президент**

Авиация саласында 30 жылдан астам уақыт бойы еңбек етіп келеді. Авиация саласындағы еңбек жолын Рига азаматтық авиация инженерлері институтында бастап, кейін Ақтөбе азаматтық авиация жоғарғы ұшу училищесін тәмамдады, Көкшетауда «Як-40» ұшағының ұшқышы ретінде қызмет етіп, кейін Алматы біріккен әуежасағына ауысты. Ту 154 және А 310 әуе кемелерінде капитан және ұшқыш-нұсқаушы ретінде ұшулар орындады. «Эйр Астана» әуекомпаниясындағы еңбек жолын 2004 жылы «Боинг-757» ұшағының командирі ретінде бастады.

## 4.6

## ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

«Эйр Астана» компаниясы дивидендтік саясатын қолданыстағы ҚР заңнамасына, жарғы мен компанияның ішкі құжаттарына сәйкес жасақтады. Саясаттың мақсаты – акционерлер мен Қоғам мүдделерінің тепе-теңдігін және дивидендтердің мөлшерлері мен олардың төлену шарттарын анықтауда ашықтықты қамтамасыз ету.

Акционерлерге дивиденд төлеу шарттары:

- » Қоғамның бір жылғы таза табысының болуы
- » Дивиденд төлеміне қандай да бір шектеу болмауы
- » Қоғамның Директорлар кеңесінің дивиденд мөлшері жөніндегі ұсынымдары
- » Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі


Қоғам, акционерлердің басқа шешім қабылдаған жағдайынан басқа, Дивидендтік саясат бойынша Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес жасалған қаржылық есептілік негізінде таза кірістің 30% дивиденд төлеуге жібереді.

2017 жылдың 27 шілдесінде Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында қабылданған шешімге сәйкес пайдалылықтың теріс деңгейде болуы және Қоғамның 2016 есеп беру жылы бойынша жасалған аудиттелген қаржылық есептілігіне сәйкес салық салынуудан кейінгі таза залал себебінен 2016 жыл үшін Қоғам акционерлеріне дивиденд төленген жоқ.


Қоғам қызмет етіп жатқан барлық уақыт ішінде қарапайым акциялардың өзгеріссіз қалып отырған жалпы саны 17 000 құрайды.

	2012	2013	2014	2015	2016
Бір қарапайым акцияға шаққанда есептелген және төленген дивиденд мөлшері, теңге	158 504	187 496	91 930	102 525	304 785
Өткен жылдағы таза кіріс мөлшері, мың теңге	8 981 894	9 106 980	7 814 029	3 485 835	10 362 678
Дивидендтер төлемінің коэффициенті, %	30	35	20	50	50

Бір қарапайым акцияға шаққанда есептелген және төленген дивиденд мөлшері, мың теңге



Есептелген және төленген дивидендтердің жалпы көлемі, млрд теңге



## 4.7

СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРГЕ  
ХАБАР БЕРУ ЖӘНЕ  
АҚПАРАТТЫ АШУ

КОМПАНИЯНЫҢ СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРГЕ ХАБАР БЕРУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫ АШУ САЛАСЫНДА ҰСТАНАТЫН НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ – ОНЫ ҰСЫНУ ЖҮЙЕЛІЛІГІ МЕН ЖЕДЕЛДІГІ, ОСЫНДАЙ АҚПАРАТТЫҢ АКЦИОНЕРЛЕР МЕН ӨЗГЕ ДЕ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР ҮШІН ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛУЫ, ОНЫҢ СЕНІМДІЛІГІ МЕН ТОЛЫҚТЫҒЫ, АШЫҚТЫҚ ПЕН ОНЫҢ МҮДДЕСІН ҚОРҒАУ АРАСЫНДА ОРЫНДЫ ТЕҢГЕРІМНІҢ САҚТАЛУЫ.

Ақпаратты ашу кезінде Компания Қазақстан Республикасының заңнамасын ұстанады. Компания заңнама талаптарынан бөлек қосымша ақпаратты [www.airastana.com](http://www.airastana.com) корпоративтік сайтында жариялап отыру арқылы ақпараттың ашықтық деңгейін көтеріп отыруға ұмтылады. Компания қызметінің ерекшелігі мен акционерлер құрамын есепке ала отырып, ақпараттың міндетті түрде және ерікті түрде ашылуы үш тілде жүргізіледі: қазақ, орыс және ағылшын.

Жылдық есеп пен қаржылық есептіліктен бөлек Компания сондай-ақ корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөнінде есеп басып шығарып, пресс-релиздер жариялап, елеулі фактілер жөніндегі хабарламалар, презентациялар мен қызмет нәтижесі жөнінде өзге де материалдар жариялап отырады.

2017 жылдың 31 желтоқсанында  
аяқталған жыл іші

# Қаржылық есептілік



## 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші қаржы есептілігін дайындау және бекіту жауапкершілігі туралы басшылық растамасы

«Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі – «Компания») Басшылығы 2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржы есептілігін, сондай-ақ оның сол күні аяқталған жыл іші қызметінің нәтижелерін, ақша қаражаттарының қозғалысы мен меншікті капиталдағы өзгерістерін барлық елеулі аспектілерінде дұрыс көрсететін қаржы есептілігінің Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес дайындалуы үшін жауап береді.

Қаржы есептілігін дайындау кезінде басшылық:


- » есеп саясаты принциптерінің дұрыс таңдалуын және қолданылуын қамтамасыз етуге;
- » ақпараттың, соның ішінде есеп саясаты туралы деректердің осындай ақпараттың орындылығын, растығын, салыстырмалылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда ұсынуға;
- » ХҚЕС талаптарын орындау есептілікті пайдаланушылардың қандай да бір мәмілелердің, сондай-ақ өзге оқиғалардың немесе шарттардың Компанияның қаржылық жағдайына және қызметінің қаржылық нәтижелеріне ықпал етуін түсінуі үшін жеткіліксіз болған жағдайда, қосымша ақпаратты ашуға;
- » Компанияның көз етер болашақта өзінің қызметін жалғастыру қабілетін бағалауға жауапкершілік атқарады.

Басшылық сондай-ақ:


- » Компанияның барлық бөлімшелерінде ішкі бақылаудың тиімді және сенімді жүйесінің жасалуына, ендірілуіне және сүйемелденуіне;
- » есептіліктің Компанияның мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ кез келген күнге Компанияның қаржылық жағдайы туралы жеткілікті дәл ақпарат беруге және қаржы есептілігінің ХҚЕС сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысанда жүргізілуіне;
- » бухгалтерлік есептің Қазақстан Республикасының заңнамасына және ХҚЕС сәйкес жүргізілуіне;
- » Компанияның активтерінің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі барлық қиынды мүмкін шаралардың қабылдануына; және
- » қаржылық және өзге теріс пайдаланушылық фактілерін анықтауына және олардың алдын алуына жауапкершілік атқарады.

2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші бұл қаржы есептілігін Компания басшылығы 2018 жылдың 30 наурызында мақұлдады және бекітті.

Компания Басшылығының атынан:

  
Питер Фостер  
Президент



  
Азамат Оспанов  
Қаржылық есептілік жөніндегі вице-президент,  
Бас бухгалтер

30 наурыз 2018 жыл  
Алматы қ., Қазақстан Республикасы





### Тәуелсіз аудиторлардың есебі

«Эйр Астана» АҚ Акционерлеріне және Директорлар Кеңесіне

### Пікір

Біз 2017 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай туралы есебінен, көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша пайда немесе залал, басқа жиынтық табыс, меншікті капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептерден, сондай-ақ, есеп саясатының маңызды тұжырымдамалары мен басқа түсіндірмелі ескертпелерден тұратын «Эйр Астана» АҚ (әрі қарай, «Компания») қаржылық есептіліктің аудитін жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қаржылық есептілік Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) сәйкес барлық елеулі қатынастарда Компанияның 2017 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайын және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша қаржылық нәтижелерін және ақша қаражаттарының қозғалысын әділ көрсетеді.

### Пікір білдіруге негіздеме

Біз Аудиттің халықаралық стандарттарына (АХС) сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз одан әрі есебіміздің «Қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары Кеңесінің кәсіби бухгалтерлерге арналған әдеп кодексіне (БАХӘСК кодексі) және біздің қаржылық есептіліктің аудитіне тиісті Қазақстан Республикасында қолданылатын әдептілік талаптарға сәйкес Компанияға қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз басқа да әдептілік міндеттемелерді аталған талаптар мен БАХӘСК кодексіне сәйкес орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіздеме болуға жеткілікті және тиісті деп есептейміз.

### Қаржылық есептілік үшін Басшылық пен басқару өкілеттілігіне ие тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық ҚЕХС-ға сәйкес қаржылық есептіліктің дайындауы мен әділ ұсынылуына және де алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбаған қаржылық есептілікті дайындау үшін басшылық қажет деп анықтайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындауда басшылық Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау, сәйкес жағдайларда үздіксіз қызметке қатысты мәселелерді ашып көрсету және басшылық Компанияны жауып тастауға немесе оның операцияларын тоқтатуды ниеттеніп отырған немесе одан басқа нақты балама нұсқасы болмаған жағдайларды қоспағанда бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдану үшін жауапты.

Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты.

### Қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептіліктің толығымен алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбағандығы туралы ақылға қонымды сенімділік алу және де біздің пікіріміз енетін аудиторлардың есебін шығару. Ақылға қонымды сенімділік жоғары дәрежедегі сенімділікті білдіреді, бірақ АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит бар болған кездегі елеулі бұрмалануларды әрқашан табатындығына кепіл болып табылмайды. Бұрмаланулар алаяқтық әрекеттер немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және де егер олар жеке немесе жиынтық түрінде осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдерге ықпал етуі негізді түрде жорамалданса, маңызды болып саналады.

АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит бойы кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Одан бөлек біз келесілерді орындаймыз:

- » Алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз және де осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және өткіземіз және де біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтау тәуекелі қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтау тәуекелінен жоғары, өйткені алаяқтық әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізу, ақпаратты немесе әрекетті бұрмалап көрсетулерді немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтуді қамтуы мүмкін.
- » Жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатымен, бірақ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатынсыз, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің түсінігін аламыз.
- » Қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және басшылықпен дайындалған ашып көрсетілген ақпаратты бағалаймыз.

- » Басшылықтың бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз және де алынған аудиторлық дәлелдер негізінде Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туғызуы мүмкін оқиғалар немесе шарттарға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоқтығы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біздің аудиторлардың есебінде қаржылық есептіліктегі сәйкес ашып көрсетілген ақпаратқа назар аудартуымыз керек немесе осындай ашып көрсетілген ақпарат орынсыз болса, пікірімізді түрлендіруіміз керек. Біздің қорытындыларымыз біздің аудиторлардың есебінің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Компанияның үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін.
- » Қаржылық есептіліктің ашып көрсетілген ақпараты енетін бүтіндей ұсынылуын, құрылымы мен мазмұнын, және де қаржылық есептіліктің негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды әділ ұсынылуын қамтамасыз етілетіндей көрсетуін бағалаймыз.

Біз басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға, тым болмағанда, аудиттің жоспарланған көлемі мен уақытын, сондай-ақ, біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері енетін аудиттің елеулі табуларын айтып білдіре отырамыз.

Аудиттің нәтижесі болып табылатын тәуелсіз аудиторлардың есебінің келісім партнеры:

Эшли Кларк

Аудиторлық серіктес



Дементьев С. А.

Қазақстан Республикасының сертификатталған аудиторы 2012 жылдың 27 тамызында берілген № МФ-0000086 аудитордың біліктілік куәлігі «КПМГ Аудит» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аудиторлық қызмет жүргізу үшін 2006 жылы 6 желтоқсанда берген мемлекеттік лицензияның №0000021

Хаирова А. А.

«КПМГ Аудит» ЖШС Жарғы негізінде әрекет ететін Бас директоры

30 наурыз 2018 жыл

«КПМГ Аудит» жауапкершілігі шектеулі серіктестік 050051 Алматы, Достық д-лы 180, Тел./факс 8 (727) 298-08-98, 298-07-08

Товарищество с ограниченной ответственностью «КПМГ Аудит» 050051 Алматы, пр. Достык 180, E-mail: company@kpmg.kz

«КПМГ Аудит» ЖШС, Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша тіркелген компания және Швейцария заңнамасы бойынша тіркелген KPMG International Cooperative ("KPMG International") қауымдастығына кіретін KPMG тәуелсіз фирмалар желісінің мүшесі.

ОО «КПМГ Аудит», компания, зарегистрированная в соответствии с законодательством Республики Казахстан, член сети независимых фирм KPMG, входящих в ассоциацию KPMG International Cooperative ("KPMG International"), зарегистрированную по законодательству Швейцарии.

## 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші пайда немесе залал туралы есеп

(мың қазақстандық теңгемен)

	Ескерту	2017 ж.	2016 ж.
Пайда және басқа табыстар			
Жолаушылар тасымалы	5	234,125,870	201,848,997
Жүк және пошта	5	6,411,243	5,366,615
Өзге табыстар	5	6,915,984	5,270,350
Кері жалдаумен жүзеге асырылған сату операциялары бойынша табыс	5	2,763,786	
<b>Барлық пайда және басқа табыстар</b>		<b>250,216,883</b>	<b>212,485,962</b>
<b>Операциялық шығыстар</b>			
Жанармай		(59,826,835)	(44,712,103)
Әуежайлық қызмет көрсету және навигация	6	(33,631,403)	(30,763,207)
Жолаушыларға қызмет көрсету	6	(28,243,092)	(23,885,702)
Қызметкерлер жөніндегі шығыстар	6	(23,179,432)	(22,150,166)
Инженерлік-техникалық қызмет көрсету	6	(22,550,423)	(20,754,766)
Әуе кемелердің операциялық лизингі бойынша шығыстар	6	(20,020,648)	(19,984,547)
Сату жөніндегі шығыстар	6	(13,190,215)	(10,346,267)
Экипажға байланысты шығыстар	6	(9,861,592)	(9,505,480)
Тозу және амортизация	11	(8,804,819)	(9,812,651)
Мүлік жалдау жөніндегі шығыстар		(1,639,393)	(1,463,427)
Консультациялық, заңды және кәсіби қызметтер		(1,368,378)	(919,742)
Сақтандыру	6	(1,261,460)	(1,502,446)
Ақпараттық технологиялар		(1,184,274)	(1,123,301)
Табыс салығынан басқа салықтар		(783,391)	(32,272)
Өзгелер		(4,050,215)	(2,567,589)
<b>Барлық операциялық шығыстар</b>		<b>(229,595,570)</b>	<b>(199,523,666)</b>
<b>Операциялық пайда</b>		<b>20,621,313</b>	<b>12,962,296</b>
Қаржылық кірістер	7	2,377,603	2,643,353
Қаржылық шығыстар	7	(3,624,325)	(22,607,652)
Бағам айырмашылығынан алынған залал, таза мөлшерде		(3,380,448)	(3,916,339)
<b>Салық салуға дейінгі пайда/(залал)</b>		<b>15,994,143</b>	<b>(10,918,342)</b>
Табыс салығы бойынша шығыстар	8	(3,175,793)	(1,915,629)
<b>Жыл ішіндегі таза пайда/(залал)</b>		<b>12,818,350</b>	<b>(12,833,971)</b>
<b>Акцияға келетін негізгі және тоғытылған пайда/(залал) (теңгемен)</b>	<b>19</b>	<b>754,021</b>	<b>(754,939)</b>

Компания Басшылығының атынан:



Питер Фостер  
Президент  
30 наурыз 2018 жыл

Алматы қ., Қазақстан Республикасы

11-57-шы беттердегі ескертулер осы қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуелсіз аудиторлардың есебі 2-4 беттерде келтірілген.



Азамат Оспанов  
Қаржылық есептілік жөніндегі вице-президент, Бас бухгалтер

## 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші басқа жиынтық табыс туралы есеп

(мың қазақстандық теңгемен)

	Ескерту	2017 ж.	2016 ж.
<b>Жыл іші таза пайда/(залал)</b>		<b>12,818,350</b>	<b>(12,833,971)</b>
Салық шегерісінен кейін, келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамына қайта топтастыру мүмкіндігіне ие басқа жиынтық табыс/(шығыс):			
Ақша ағымдарын хеджирлеу құралдары бойынша нәтиже		384,229	1,340,620
Ақша ағымдарын хеджирлеу бойынша нәтиженің кейінге қалдырылған салығы		(76,846)	(268,124)
Ақша ағымдарын хеджирлеу құралдары бойынша іске асырылған шығын	24	3,355,090	3,663,089
Ақша ағымдарын хеджирлеу құралдары бойынша іске асырылған шығын бойынша кейінге қалдырылған салық	24	(671,018)	(732,618)
<b>Жыл іші басқа жиынтық табыс, табыс салығының шегерісінен кейін</b>		<b>2,991,455</b>	<b>4,002,967</b>
<b>Жыл іші жалпы жиынтық пайда/(залал)</b>		<b>15,809,805</b>	<b>(8,831,004)</b>

11-57-шы беттердегі ескертулер осы қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуелсіз аудиторлардың есебі 2-4 беттерде келтірілген.

## 2017 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай туралы есеп

(мың қазақстандық теңгемен)

	Ескерту	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.
<b>Активтер</b>			
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>			
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар	9	86,988,810	90,394,888
Материалдық емес активтер	10	976,558	1,048,988
Ұзақ мерзімді активтер үшін алғытөлемдер	14	2,687,174	3,037,643
Кепілдікті салымдар	12	6,525,659	5,132,812
Саудалық және өзге дебиторлық берешек	15	1,303,990	2,057,574
		<b>98,482,191</b>	<b>101,671,905</b>
<b>Ағымдағы активтер</b>			
Тауарлы-материалдық босалқы қорлар	13	12,832,135	13,760,924
Берілген алғытөлемдер	14	9,767,208	7,523,981
Табыс салығы бойынша алдын-ала төлем		245,220	261,039
Саудалық және өзге дебиторлық берешек	15	8,479,909	7,349,333
Өзге салықтар бойынша алдын-ала төлем	16	6,010,537	5,434,608
Кепілдікті салымдар	12	11,589,839	11,646,414
Банктердегі депозиттер	17	1,570	33,187,073
Ақша қаражаттары және банк есепшоттарындағы қалдықтар	18	49,245,150	9,994,243
		<b>98,171,568</b>	<b>89,157,615</b>
<b>Активтер жиыны</b>		<b>196,653,759</b>	<b>190,829,520</b>
<b>Меншікті капитал мен міндеттемелер</b>			
<b>Меншікті капитал</b>			
Жарғылық капитал	19	2,501,550	2,501,550
Қосымша төленген капитал		48,996	48,996
Хеджирлеу құралдары бойынша резерв, салық шегерісінен кейін	24	(23,749,821)	(26,741,276)
Бөлінбеген пайда		50,033,094	37,214,744
<b>Меншікті капитал жиыны</b>		<b>28,833,819</b>	<b>13,024,014</b>
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Несиелер	23	3,495,775	4,013,668
Қаржылық лизинг бойынша міндеттемелер	24	93,317,211	111,818,460
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	8	3,662,874	2,213,122
Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге резерв	21	20,109,275	12,850,065
		<b>120,585,135</b>	<b>130,895,315</b>
<b>Ағымдағы міндеттемелер</b>			
Несиелер	23	541,863	543,603
Қаржылық лизинг бойынша міндеттемелер	24	13,268,515	13,748,610
Болашақ кезеңдердің табыстары	20	16,095,939	12,741,811
Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге резерв	21	4,406,580	6,746,834
Саудалық және өзге кредиторлық берешек	22	12,921,908	13,129,333
		<b>47,234,805</b>	<b>46,910,191</b>
<b>Міндеттемелер жиыны</b>		<b>167,819,940</b>	<b>177,805,506</b>
<b>Меншікті капитал мен міндеттемелер жиыны</b>		<b>196,653,759</b>	<b>190,829,520</b>

11-57-шы беттердегі ескертулер осы қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуелсіз аудиторлардың есебі 2-4 беттерде келтірілген.

## 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп

(мың қазақстандық теңгемен)

	Ескерту	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Хеджирлеу құралдары бойынша резерв	Бөлінбеген пайда	Меншікті капитал жиыны
<b>2016 жылдың 1 қаңтарында</b>		<b>2,501,550</b>	<b>48,996</b>	<b>(30,744,243)</b>	<b>55,230,054</b>	<b>27,036,357</b>
Жыл ішіндегі шығын					(12,833,971)	(12,833,971)
Ақша ағымдарын хеджирлеу құралдары, салық шегерісінен кейін					(12,833,971)	(12,833,971)
Жанармай хеджирлеу құралдары, салық шегерісінен кейін				1,072,496		1,072,496
Жанармай хеджирлеу құралдардан іске асырылған залал, салық шегерісінен кейін	24			2,930,471		2,930,471
<b>Жыл ішіндегі жалпы жиынтық залал</b>				<b>4,002,967</b>	<b>(12,833,971)</b>	<b>(8,831,004)</b>
Жарияланған дивидендтер	19				(5,181,339)	(5,181,339)
<b>2016 жылдың 31 желтоқсанында</b>		<b>2,501,550</b>	<b>48,996</b>	<b>(26,741,276)</b>	<b>37,214,744</b>	<b>13,024,014</b>
Жыл ішіндегі таза пайда					12,818,350	12,818,350
Ақша ағымдарын хеджирлеу құралдары, салық шегерісінен кейін				307,383		307,383
Ақша ағымдарын хеджирлеу құралдары бойынша іске асырылған залал, салық шегерісінен кейін	24			2,684,072		2,684,072
<b>Жыл ішіндегі жалпы жиынтық пайда</b>				<b>2,991,455</b>	<b>12,818,350</b>	<b>15,809,805</b>
<b>2017 жылдың 31 желтоқсанында</b>		<b>2,501,550</b>	<b>48,996</b>	<b>(23,749,821)</b>	<b>50,033,094</b>	<b>28,833,819</b>

11-57-шы беттердегі ескертулер осы қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуелсіз аудиторлардың есебі 2-4 беттерде келтірілген.

## 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп

(мың қазақстандық теңгемен)

	Ескерту	2017 ж.	2016 ж.
<b>Операциялық қызмет</b>			
Салық салуға дейінгі пайда/(залал)		15,994,143	(10,918,342)
Түзетулер:			
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар тозуы мен материалдық емес активтердің амортизациясы	11	8,804,819	9,812,651
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың шығуынан түскен табыстар		(2,958,230)	
Алғытөлемдер мен саудалық және өзге дебиторлық берешек құнсыздануы үшін резервтердің (қалпыну келуі)/есептелуі	14, 15	(1,565,775)	17,930,541
Өтімді емес тауарлы-материалдық босалқы қорларды есептен шығару	13	4,384	39,306
Қолданылмаған демалыс бойынша резервтің есептелуі		70,382	(122,794)
Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету резервінің есептелуі		6,412,776	6,054,442
Жолаушыларды ынталандыру бағдарламасы бойынша резервтің есептелуі		1,187,399	82,564
Бағам айырмасынан шеккен залал, таза		3,380,448	3,916,339
Қаржылық табыстар, құнсыздануды есептемегенде	7	(830,263)	(2,613,470)
Қаржылық шығыстар, құнсыздануды есептемегенде	7	3,624,325	4,364,490
<b>Айналым капиталындағы өзгерістерге дейін операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттары</b>		<b>34,124,408</b>	<b>28,545,727</b>
Саудалық және өзге дебиторлық берешектердің өзгеруі		1,221,945	(541,398)
Берілген алғытөлемдердің өзгеруі		(2,667,608)	(4,562,971)
Тауарлы-материалдық босалқы қорлардың өзгеруі		924,405	(2,920,734)
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен міндеттемелерінің және хеджирлеу құралдарының өзгеруі			(128,350)
Саудалық және өзге кредиторлық берешектің және өзге ағымдағы міндеттемелердің өзгеруі		(2,302,194)	(1,509,650)
Болашақ кезеңдер табыстарының өзгеруі		2,166,729	1,498,966
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттары</b>		<b>33,467,685</b>	<b>20,381,590</b>
Төленген табыс салығы		(2,458,086)	(4,094)
Алынған сыйақы		1,032,502	2,019,402
<b>Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаттары</b>		<b>32,042,101</b>	<b>22,396,898</b>
<b>Инвестициялық қызмет</b>			
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарды сатып алу		(9,074,454)	(9,335,336)
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарды сатудан түсім		2,298,262	398,419
Материалдық емес активтерді сатып алу		(222,111)	(1,066,476)
Мерзімдік банктік және кепілдік депозиттерін орналастыру		(6,735,869)	(120,678,493)
Мерзімдік банк және кепілдік депозиттерін өтеу		37,099,566	118,110,520
<b>Инвестициялық қызметтен алынған/(пайдаланылған) таза ақша қаражаттары</b>		<b>23,365,394</b>	<b>(12,571,366)</b>

11-57-шы беттердегі ескертулер осы қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуелсіз аудиторлардың есебі 2-4 беттерде келтірілген.

## 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп (жалғасы)

(мың қазақстандық теңгемен)

	Ескерту	2017 ж.	2016 ж.
<b>Қаржылық қызмет</b>			
Қаржылық жалдау бойынша төлемдер		(13,073,475)	(13,433,591)
Төленген сыйақы		(4,077,286)	(4,258,912)
Несиелерді алу			4,661,033
Несиелерді төлеу		(517,893)	(129,473)
Дивидендтер бойынша төлемдер	19		(5,181,339)
<b>Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаттары</b>		<b>(17,668,654)</b>	<b>(18,342,282)</b>
<b>Ақша қаражаттарының және олардың баламаларының таза ұлғаюы/(азаяуы)</b>		<b>37,738,841</b>	<b>(8,516,750)</b>
Шетелдік валютада ұсталатын ақша қаражаттарына айырбас бағамдары өзгерістерінің әсері		1,512,066	698,670
<b>Жыл басындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары</b>	<b>18</b>	<b>9,994,243</b>	<b>17,812,323</b>
<b>Жыл соңындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары</b>	<b>18</b>	<b>49,245,150</b>	<b>9,994,243</b>

11-57-шы беттердегі ескертулер осы қаржы есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуелсіз аудиторлардың есебі 2-4 беттерде келтірілген.

**2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші қаржы есептілігіне ескертулер**

(мың қазақстандық теңгемен)

**1. Қызметінің сипаты**

«Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі «Компания») Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің анықтамасына сәйкес акционерлік қоғам болып табылады. Компания Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы № 1118 қаулысына сәйкес 2001 жылғы 14 қыркүйекте жабық акционерлік қоғам ретінде құрылды. Заңнамаға 2003 жылы енгізілген өзгерістердің нәтижесінде 2005 жылдың 27 мамырда Компания акционерлік қоғам болып қайта тіркелді.

Компанияның негізгі қызметі жолаушыларға ішкі және халықаралық авиатасымалдары бойынша қызметтер көрсету болып табылады сондай-ақ, өзге қызмет жүк және пошта әуе тасымалдарын қамтиды.

Компания өзінің алғашқы рейсін 2002 жылдың 15 мамырында Boeing-737 әуе кемесімен Алматы қаласынан Қазақстанның елордасы Астана қаласына ұшуды жүзеге асыру арқылы орындады. 2017 жылдың 31 желтоқсанында Компания қысқа бағыттарға тасымалдауларды жүзеге асыратын 9 әуе кеме және ұзақ бағыттарға тасымалдауларды жүзеге асыратын 23 әуе кемесінен тұратын 32 турбореактивті әуе кемесі кіретін паркпен жұмыс істеді, оның ішінде 10 әуе кемесі қаржы лизингі аясында алынған және 22 әуе кемесі операциялық лизинг аясында алынды (2016 жылы: қысқа бағыттарға тасымалдауларды жүзеге асыратын 9 әуе кеме және ұзақ бағыттарға тасымалдауларды жүзеге асыратын 22 әуе кемесінен тұратын 31 турбореактивті әуе кемесі, оның ішінде 11 әуе кемесі қаржы лизингі аясында алынған және 20 әуе кемесі операциялық лизинг аясында алынған).

2010 жылы Компания өз офисін Қазақстан Республикасының Астана қаласынан Қазақстан Республикасының Алматы қаласына Закарпатская көшесі, 4А мекен-жайы бойынша қайта тіркеуді жүргізді, өйткені Компаниямен негізгі әрекеттесуші әуежай Алматы қаласының Халықаралық Әуежайы болып табылады.

Компанияның акционерлері Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» АҚ және «BAE Systems Kazakhstan Ltd.» компаниясы болып табылады, олар Компания акцияларының тиісінше 51% және 49% иелік етеді.

**2. Жаңа және қайта қаралған халықаралық қаржы есептілігі стандарттарының қабылдануы****Әлі қабылданбаған жаңа стандарттар мен интерпретациялар**

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап есеп кезеңдері үшін ерте қолдануға рұқсат етілген бірқатар жаңа стандарттар күшіне енеді. Компания осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде жаңа немесе өзгертілген стандарттарды қолданбаған.

Келесі көрсетілген стандарттар Компанияның қызметіне ықпал етуі мүмкін. Компания көрсетілген стандарттар мен түсініктемелерді күшіне енгеннен кейін қолдануды жоспарлауда.

- » ҚЕХС (IFRS) 16 стандарты жалға алушылардың жалгерлік шарттар есебін жүргізуінің бірыңғай үлгісін енгізеді, бұл олардың жалға алушы балансында көрініс табуын ұйғарады. Осы үлгіге сәйкес, жалға алушы базалық активті пайдалану құқығы болып табылатын пайдалану құқығы түріндегі активті және жалгерлік төлемдерді төлеу міндеті болып табылатын жалға алу міндеттемесін тануы тиіс. Қысқа мерзімді жалға алуға және төмен құнды нысандарды жалға алуға қатысты міндетті емес ықшамдаулар көзделген. Жалпы алғанда Жалға берушілер үшін есеп жүргізу қағидалары сақталады – олар жалға беруді қаржылық және операциялық деп жіктеуді жалғастыратын болады. ҚЕХС (IFRS) 16 стандарты жалдауға қатысты қолданылатын нұсқаулықты, соның ішінде ҚЕХС (IAS) 17 «Жалға алу» стандартын, ХҚЕТК (IFRIC) 4 «Келісімде жал белгілерінің болуын анықтау» түсіндірмесін, ПКР (SIC) 15 «Операциялық жал – ынталар» және ПКР (SIC) 27 «Жалдың заңдық формасы бар операциялардың мәнін анықтау» түсіндірмелерін алмастырады. ҚЕХС (IFRS) 16 стандарты 2019 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді.
- » ҚЕХС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен келісім бойынша түсім» қолданатын кәсіпорындар үшін ҚЕХС (IFRS) 16 стандартын алғашқы қолдану немесе оған дейінгі мерзімнен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.
- » ҚЕХС жыл сайынғы жетілдіру, 2014-2016 жж. – ҚЕХС (IFRS) 1 және ҚЕХС (IAS) 28 түзету, ХҚЕТК (IFRIC) 22 Шетел валютасындағы операциялар және алдын-ала төлем стандартын түсіндіру. ХҚЕТК (IFRIC) 23 Пайда салығын есептеу ережелеріне қатысты белгісіздік стандартын түсіндіру.

Компанияның болжамы бойынша, ҚЕХС (IFRS) 16-ның елеулі түрде ықпалы болады, бірақ жоғарыда көрсетілген басқа жаңартулар, қаржылық есептілікке айтарлықтай ықпал етпейді.

**ҚЕХС (IFRS) 9 және ҚЕХС (IFRS) 15 қолдануынан бағалау әсері**

Компания 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҚЕХС (IFRS) 9 «Қаржылық құралдар» және ҚЕХС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» стандарттарын қолдануы қажет. Компания ҚЕХС (IFRS) 9 және ҚЕХС (IFRS) 15 стандарттарының алғашқы қолдануының қаржылық есептілікте көрсетілетін болжамдалған әсерін бағалады. Бұл стандарттардың қолдануынан Компанияның меншікті капиталына 2018 жылдың 1 қаңтарына жасалған бағалау әсері осы шаққа дейінгі бағалауымен негізделген және төменде келтірілген.

Компания алғашқы қолдану күні енгізілген өзінің бірінші қаржылық есептілігін ұсынғанға дейін, жаңа есеп саясатының өзгеруіне байланысты 2018 жылдың 1 қаңтарында стандарттарды қабылдаудың нақты зардаптары өзгеруі мүмкін.

Компанияның меншік капиталының бастапқы теңгерімге дейін жалпы есеп айырысуын түзету (салық шегерілгеннен кейін) 2018 жылдың 1 қаңтарында шамасы 170 млн теңге құрады. Бөлінбеген пайданың түзетілуі ҚЕХС (IFRS) 9 сәйкес қаржылық активтердің құнсыздану резервінің мойындалуымен байланысты.

**ҚЕХС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары»**

ҚЕХС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» қаржы активтерін, қаржылық міндеттемелерді және кейбір қаржылық емес тауарларды сатып алуға немесе сатуға арналған келісім-шарттарды тануға және бағалауға қойылатын талаптарды белгілейді. Бұл стандарт ҚЕХС (IAS) 39 «Қаржы құралдары: тану және бағалау» стандартының орнына қолданылады.

i. Жіктеу - «Қаржы құралдары»

9 ҚЕХС (IFRS) активтерді басқарудың бизнес-моделін және олардың ақша ағындарының сипаттамаларын көрсететін қаржылық активтерді классификациялау мен бағалаудың жаңа тәсілдерін қамтиды. ҚЕХС (IFRS) 9 амортизацияланған құн бойынша, басқа жиынтық табыс арқылы танылған әділ құн бойынша және пайда мен залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтерді классификациялаудың үш негізгі санатынан тұрады. Стандарт ҚЕХС (IFRS) 39 сәйкес қаржылық активтердің келесі санаттарын жояды: өтеуге дейін ұсталатын қаржылық активтер, несиелер мен дебиторлық берешек және сатуға арналған қолда бар құралдар.

ҚЕХС (IFRS) 9 сәйкес, келісімшартқа енгізілген туынды құралдар, негізі стандарт шеңберіндегі қаржы активі болып табылған жағдайда, негізгі келісімшарттан ешқашан ажыратылмайды. Оның орнына қоспалы қаржы құралы жалпы классификациялау үшін бағаланады.

Бағалауды негізге ала отырып, Компания жаңа жіктеу талаптары оның клиенттерінің дебиторлық берешектерінің, кепілдік салымдарының және ақша қаражаттары мен олардың баламаларының есебіне айтарлықтай әсер етпейді деп есептейді.

ii. Құнсыздану - Қаржылық активтер мен шарттық активтер.

9 ҚЕХС (IFRS) 39 ҚЕХС (IAS)-дағы «келтірілген шығын» перспективалық үлгісін «күтілетін несиелік шығын» (КНШ) перспективалық үлгісімен ауыстырады. Бұл экономикалық факторлардың өзгеруі КНШ-ға қалай әсер ететіндігі туралы елеулі үкім мен талдауды талап етеді, ол сараланған ықтималдылық негізінде анықталады.

Құнсызданудың жаңа үлгісі үлестік құралдарға салынатын инвестицияларды қоспағанда және активтер бойынша келісімшарттарды қоспағанда, амортизацияланған құны бойынша немесе басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтеріне қолданылатын болады.

9 (IFRS) ҚЕХС бойынша шығындарға есептелген бағалау резервы төмендегі негіздердің бірімен өлшенеді:

- » • 12 айлық КНШ: КНШ, есепті күннен кейінгі 12 ай ішінде ықтимал дефолт нәтижесі болып табылады; және
- » • Өмір бойы мерзім үшін болатын КНШ: қаржы құралынан күтілетін мерзімнің ішінде болуы ықтимал қарыз төлей алмау оқиғаларының нәтижесі болып табылатын КНШ.

Өмір бойы мерзім үшін болатын КНШ активі егер қаржы активінің есепті күнгі несиелік тәуекелі бастапқы танудан кейін айтарлықтай өскен кезде қолданылады, ал өсу болмаған жағдайда 12 айлық КНШ өлшемі қолданылады. Егер қаржы активінің есепті күннің несиелік тәуекелі төмен болса, онда кәсіпорын қаржы активінің несиелік тәуекелі едәуір ұлғайған жоқ, деп есептей алады. Алайда, активтің бүкіл өміріне негізделген құнсыздануға арналған резервтің бағалануы, әрқашан елеулі қаржыландыру компоненті жоқ саудалық дебиторлық берешекке және келісім-шарттық активтерге қолданылады.

Төменде сипатталған құнсыздану әдіснамасына сүйене отырып, Компания 2018 жылдың 1 қаңтарындағы ҚЕХС (IFRS) 9 талаптарын қолдану құнсызданудан болған мынадай қосымша шығындарға әкеледі деп есептеді.

**2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап құнсызданудың қосымша резервін бағалау**

Кепілдік депозиттер	170,000
Сауда және өзге де дебиторлық берешек	29,000
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	13,000
<b>ЖИНАҚТАЛҒАН ҚОСЫМША ҚҰНСЫЗДАНУ ШЫҒЫНДАРЫ</b>	<b>212,000</b>

**Сауда және өзге де операциялар бойынша дебиторлық берешек**

Болжамды КНШ портфельге байланысты соңғы екі-алты жылдағы несиелік шығындардың нақты тарихына негізделді. Компания КНШ тарифтерін корпорациялар мен жеке тұлғалар үшін бөлек есептеуді жүзеге асырды. Әр топтағы үзінділер несиелік тәуекелдің жалпы сипаттамалары негізінде бөлінді, мысалы өнеркәсіп саласындағы корпорациялар үшін.

### Кепілдік депозиттер

Кепілдік депозиттердің көпшілігі Компанияның жалға берушілерімен орналастырылған ұзақ мерзімді кепілді депозиттермен ұсынылған. Бұл депозиттер әуе кемесін қайтару алдында бірнеше айлық жалдау төлемдерін және / немесе түпкілікті жөндеу шығындарын өтеу үшін орналастырылады, егер Компания өз міндеттемелерін орындамаса. Компания лизинг берушілерді екіталай деп есептемегеніне қарамастан, күмәнді борыштар бойынша резервтер 9 ҚЕХС (IFRS) талаптарына байланысты сомалар есептеледі.

Көптеген жалға берушілер 2017 жылғы 31 желтоқсанда Standard & Poor's рейтингіне сәйкес AA - BB дәрежесіне ие. Компания Stanard және Poor's стандартты матрицасы негізінде модификацияланған Васичек моделін пайдалана отырып, күтілетін кредиттік шығынға болжамды ақпаратты енгізу және тарихи деректерді жинау кезеңі мен ағымдағы экономикалық жағдайлар кезінде экономикалық жағдайдың арасындағы айырмашылықтарды көрсету үшін дефолт ықтималдығын есептеді.

Компания бағалауы бойынша, 9 ҚЕХС-ның (IFRS) құнсыздануға қатысты талаптарды 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолдану 39 ҚЕХС-ына (IAS) сәйкес танылған құнсызданудан болған залалды 170 000 мың теңгеге ұлғайтуға әкеп соқтырады.

### Ақша қаражаттары және оның баламалары.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаттары мен олардың баламалары Standard & Poor's рейтингі негізінде AA-дан B-ға дейінгі банктік және қаржы ұйымдарында сақталады.

Ақшалай қаражаттардың және олардың баламаларының болжамды құнсыздануы 12 айға күтілетін шығындар негізінде есептелді және қысқа мерзімді өтеу мерзімдерін көрсетеді. Контрагенттердің сыртқы несие рейтингтеріне сүйене отырып, Компания ақша қаражаттары мен олардың баламаларының несие тәуекелі төмен деп есептейді.

Ақшалай қаражаттар мен ақшалай қаражаттардың баламаларының КНШ-н бағалау үшін Компания кепілдікті депозиттердің құнсыздануын бағалау үшін пайдаланылған тәсілге ұқсас тәсіл қолданды.

Компания бағалауы бойынша, құнсыздану талаптарын 9 ҚЕХС-қа (IAS) сәйкес 2018 жылдың 1 қаңтарында қолдану, 39 ҚЕХС-ына (IAS) сәйкес танылған құнсызданудан болған шығынды 13,000 мың теңгеге ұлғайтуға алып келеді.

### iii. Жіктеу - қаржылық міндеттемелер

9 ҚЕХС (IFRS) қаржылық міндеттемелерді жіктеу үшін 39 IAS-дағы бар талаптарды негізінен сақтайды. Алайда, 39 (IAS) ҚЕХС -ына сәйкес, пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын міндеттемелердің әділ құнындағы барлық өзгерістер пайда немесе зиян бөлімінде көрсетіледі, ал 9 (IFRS) ҚЕХС-ына сәйкес әділ құнындағы бұл өзгерістер келесідей:

- » жауапкершіліктің несиелік тәуекелінің өзгерісіне қатысты әділ құнының соммасының өзгеруі басқа жиынтық табыста көрсетілген; және
- » әділ құнның қалған бөлігі пайда мен залал туралы есеп бөлімінде көрсетілген.

Компания қаржылық міндеттемелерді пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланған ретінде жіктемеді және қазіргі уақытта оны жасамайды. Компанияның бағалауы 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қаржылық міндеттемелерді жіктеуге айтарлықтай әсер еткен жоқ.

### iv. Ақпаратты ашу

ҚЕХС (IFRS) 9, әсіресе хеджирлеуді есепке алуға қатысты, несие тәуекелі және КНШ туралы жаңа толық ақпаратты талап етеді. Компанияның бағалауы ағымдағы процесс деректеріндегі кемшіліктерді анықтау үшін талдауды қамтиды және Компания жүйеге өзгерістер енгізу процесінде және қажетті деректерді жинау үшін қажетті деп санайтын өзгерістерді бақылайды.

### v. Өтпелі кезең

9 ҚЕХС (IFRS) қабылдағаннан кейінгі есеп саясатындағы өзгерістер, әдетте төменде сипатталған жағдайларды қоспағанда, ретроспективті түрде қолданылады.

- » Компания жіктеу және бағалау (құнсыздануды қоса алғанда) өзгерістеріне қатысты алдыңғы кезеңдердегі салыстырмалы ақпаратты қайта есептемеу мүмкіндігін беретін артықшылықты пайдаланады. 9 ҚЕХС (IFRS) қабылдаудан туындайтын қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің баланстық құнындағы айырмашылық, әдеттегідей, 2018 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша бөлінбеген пайда мен резервтерде көрінеді.
- » Компания қаржы активін есепке алудың бизнес үлгісін анықтау үшін бастапқы қолдану күніндегі қолданыстағы фактілер мен жағдайлардың негізінде бағалау жүргізуге міндетті.

### ҚЕХС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен шарттардан түскен кірістер»

ҚЕХС (IFRS) 15 табыс мерзімін, уақытын және табыс ретінде танылу тиісін анықтау үшін кеңейтілген құрылымды қолданады. Бұл стандарт қолданыстағы табыстың танылуының басқару принциптерін, соның ішінде (IAS) 11 «Құрылыс келісім-шарттары», ҚЕХС (IAS) 18 «Табыс» және IFRIC түсіндіру, (IFRIC) 13 «Сатып алушылардың ынталандыру бағдарламасы» стандарттарының орнын басады.

### Әсер

Кірістерді тану және бағалау үшін «Клиенттермен жасалған келісімшарттардан түсетін табыс» 15 ҚЕХС -ының (IFRS) талаптарын алдын-ала талдауға негізделі отырып, Компания ағымдағы түсімдерді есепке алу саясаты ҚЕХС (IFRS) 15-тен ұсынылған саясат талаптарынан айтарлықтай ерекшеленбейтіндігін анықтады. Сәйкесінше, 2018 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша бөлінбеген пайданың кіріс сальдосының бағалау түзетуі шамалы.

### Өтпелі кезең

Компания бастапқы қолдану күніне танылған түпнұсқа қолданылатын стандартты (яғни, 2018 жылдың 1 қаңтарынан) кумулятивтік әсер ету әдісімен 15 ҚЕХС (IFRS) қолдануды жоспарлайды. Нәтижесінде Компания ҚЕХС (IFRS) 15 ұсынылған салыстырмалы кезеңге қойылатын талаптарды қолданбайды.

### 3. Есеп саясатының негізгі принциптері

#### Сәйкестік туралы мәлімдеме

Бұл қаржы есептілігі Қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына («ҚЕХС») сәйкес дайындалды.

#### Қаржы есептілігін дайындау принциптері

Бұл қаржы есептілігі, төменде түсіндірілетіндей бағалау немесе әділ құны бойынша ескерілген кейбір қаржы құралдарын қоспағанда, тарихи құны бойынша есеп принциптеріне сәйкес дайындалды. Тарихи құн әдетте сатып алу күнінде активтерге айырбасталып берілген сыйақының әділ құнының негізінде анықталады.

Компания өзге жиынтық табысты пайда немесе залал туралы есептен бөлек жариялайды.

Төменде келтірілген есеп саясатының негізгі ережелері осы қаржы есептілігінде барлық ұсынылған кезеңдер үшін дәйекті қолданылды.

#### Есепке алу саясатындағы өзгерістер.

Компания бастапқы қолданылған күннен бастап 2017 жылғы 1 қаңтар, стандарттарға келесі өзгертулерді қабылдады:

«Ақпаратты ашып көрсету талаптарын қайта қарау туралы жоба (7 ҚЕХС (IAS) түзетулер). IAS 7 «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» ақпаратты ашып көрсету талаптарын қайта қарастыру бойынша ҚЕХС бойынша Кеңес ауқымды жобасы аясында өзгертілген. Түзетулер қаржы есептілігін пайдаланушыларға қаржылық қызметтен туындайтын, соның ішінде ақшалай қаражаттардың ағынынан туындаған және ақшалай қаражаттардың ағынынан туындамаған өзгерістерді бағалауға мүмкіндік беретін ашып көрсетуді талап етеді. Ақпаратты ашып көрсету талаптарын қанағаттандырудың бір жолы - кезеңнің басында және аяғында қаржылық қызметтің нәтижесінде туындайтын міндеттемелердің баланстары арасындағы салыстыруды ұсыну (24-ескертпе).

#### Функционалдық валюта және қаржылық есептілікті ұсыну валютасы

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы теңге болып табылады, ол Компанияның тиісті операцияларының, оқиғалары мен жағдайларының экономикалық мәнін көрсететін болғандықтан және Компанияның операциялық қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық ортадағы қолданыстағы валюта болып табылатындықтан, 2017 жылдың 31 желтоқсанына дейін Компанияның қолданыстағы валютасы болды.

2017 жылы басшылық Компанияның халықаралық тасымалдау операциялары көбеюіне ерекше назар аудара отырып, Компанияның функционалдық валютасын айқындайтын көрсеткіштерді қайта бағалады. Басшылықтың айтуынша, операциялардың көпшілігі АҚШ долларымен немесе басқа шетел валюталарымен байланысты.

Компания орналасқан ел валютасы теңге болғанымен басшылық 2017 жылдың 31 желтоқсанынан бастап (Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес есеп беру мақсаттарына өту күні) Компанияның функционалдық валютасы АҚШ доллары болып табылатының қорытынды жасады.

АҚШ доллары айтарлықтай дәрежеде пайдаланылады, немесе Компанияның операцияларына, оның түсіміне және операциялық шығындарына, соның ішінде әуе кемелерін жалдауға елеулі әсер етеді. Бұдан басқа, әуе кемелердің қаржыландыру бойынша міндеттемелері бар, оларды сатып алу баланста АҚШ долларында көрінеді. Жоғарыда айтылғандар Компанияға қатысты негізгі операциялардың, оқиғалар мен жағдайлардың экономикалық сипатын көрсетеді. Осылайша, өтпелі күнінен бастап Компания АҚШ долларын өзінің функционалдық валютасы ретінде пайдаланады. Функционалдық валютадан басқа барлық валюталар шетелдік деп саналады. АҚШ долларымен өлшенбейтін барлық операциялар, 21 ҚЕХС (IAS) «Валюталық бағам өзгерісінің ықпалы» талаптарына сәйкес АҚШ долларымен бағаланады.

Акционерлердің талабы бойынша Компания АҚШ доллары («USD») және қазақстандық теңге валюталарында ұсынылатын қаржылық есептіліктің екі жиынтығын даярлайды, өйткені акционерлер екі валюта да Компанияның қаржылық есептілігі пайдаланушыларына пайдалы болады деп санайды.

#### Табыстар

#### Жолаушылар тасымалынан түскен табыстар

Сатылған билеттер тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетілген кезде табыс болып танылады. Сатылған, бірақ әлі пайдаланылмаған авиабилеттердің құны Компанияның қаржылық жағдайы жөніндегі есептілікте болашақ кезеңдердің табыстары ретінде көрсетілген. Қаржылық жағдай жөніндегі есептіліктің бұл жолы жолаушылардың тасымалдануына қарай, не жолаушы билетті қайтарған кезде азайтылады. Сатылған, бірақ қолданылмаған билеттер мерзімі аяқталатын кезеңде негізгі қызметтен алынған табыс болып танылады. Өткен жылдардың тарихи ақпараты негізінде, сатылған билеттердің пайдаланылмайтын немесе қайта өткізілмейтін пайызы негізінде жолаушылар тасымалынан түскен тануы туралы шешім қабылдады.

Жолаушыларды тасымалдаудан түскен табыстар басқа авиакомпаниялармен жасалған «code-share» шарттары бойынша түсетін табыстарды қамтиды. Бұл шарттар бойынша Компания осы авиакомпаниялардың рейстеріндегі орындарды сатады және бұл авиакомпаниялар да Компанияның рейстеріндегі орындарды сатады. Басқа авиакомпаниялардың рейстеріндегі орындарды сатудан алынған табыстар Компанияның пайдаларының немесе залалдарының құрамында таза мөлшерінде көрсетіледі. Компанияның рейстеріне басқа авиакомпаниялардың билеттерін сатуынан түскен табыстар жолаушылар тасымалынан түскен табыстардың құрамында пайдаларда немесе залалдарда көрсетіледі.

Әуежай қызметтерінен түсетін табыс, мысалы, алымдар мен салықтар, онымен байланысты шығындардан бөлек ұсынылады. Бұл презентация Компанияның мәміле көлемінің негізінде бағаланған нақты әуежай шығыстарындағы өзгерістерге ұшырағаны түсіндіріледі. Осылайша, Компания агент ретінде емес, принципал ретінде әрекет етеді.

### Жүк тасымалдарынан түскен табыстар

Компанияның жүк тасымалдарынан түскен табыстары тасымалдау жөніндегі қызметтердің көрсетілгенде табыстар болып танылады. қызмет көрсетілмеген жүк тасымалдарын сату болашақ кезеңдердің табыстары ретінде көрсетіледі.

### Жолаушыларды ынталандыру бағдарламасы

Сатылатын билеттер бойынша Nomad Club ұпайларын беру, болжамды марапат пен көрсетілетін қызмет арасалмағы арасынан алынатын, марапаттың әділ құны бойынша бірнеше элементтерді құрайтын табыс операциялардың элементі ретінде есептеледі. Болжамды марапат ретінде түскен сыйақының әділ құны – осы марапаттың жекелеген сату құны бойынша бағаланады. Мұндай сыйақы бастапқы сату кезінде табыс болып саналмайды және болашақ кезеңнің табысы ретінде көрсетіледі. Алайда, марапат берілгеннен соң және Компания өз міндеттерін толығымен орындаған соң, ол табыс ретінде танылады.

### Туристік агенттіктердің комиссиялары

Туристік агенттіктердің авиабилеттерді сатудан алатын комиссиялары жолаушыларды тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетілген кезде шығыс болып танылады.

### Сегменттік есеп беру

«Эйр Астана» операциялық шешімдерге қаржылық ақпарат қалай берілгеніне негізделген бір операциялық сегмент ретінде басқарылады. Операциялық сегменттің есебі Компанияның жедел шешімдер қабылдауға жауапты басшысына ішкі есептілікке сәйкес дайындалады. Компанияның қаржылық нәтижесін оңтайландыру үшін желінің барлық ресурстарын бөлу туралы шешімдер қабылданады.

Табыс рейстің тағайындалған пунктіне негізделген сегменттерге бөлінеді.

### Жалдау

Жалдау, егер жалдау шарттары бойынша активке иеленумен байланысты елеулі тәуекелдер мен игіліктер жалгерге берілетін болса, қаржылық жалдау ретінде жіктеледі. Жалдаудың барлық өзге түрлері операциялық жалдау ретінде жіктеледі.

### Компания жалға алушы ретінде

Қаржылық жалдау шарттары бойынша жалданған активтер бастапқыда жалдау мерзімінің басындағы жалданған мүліктің әділ құны немесе ең аз жалдық төлемдердің дисконтталған құнының қайсысы төмен болса сол құн есепке алынады. Жалға берушінің алдындағы тиісті міндеттемелер қаржылық жағдай жөніндегі есептілікте қаржылық жалдау жөніндегі міндеттемелер ретінде көрсетіледі. Жалдау төлемінің сомасы қаржылық шығыстар мен жалдау жөніндегі міндеттемелердің азайтылуының арасында міндеттемелердің қалдығына пайыздың тұрақты мөлшерлемесін алуға болатындай етіп бөлінеді. Қаржылық шығыстар, егер олар жіктелетін активтерге тікелей жатқызылмайтын болса, пайдалар мен залалдарда көрсетіледі. Соңғы жағдайда ол несиелер жөніндегі шығындарға қатысты Компанияның жалпы саясатына сәйкес капиталдандырылады. Шартты жал ақысы төленетін кезеңдерде шығын ретінде танылады.

Операциялық жалдау бойынша төлемдер, басқа жүйелік база жалданған активтен экономикалық игіліктердің алынуының неғұрлым дұрыс көрінісін беретін жағдайды қоспағанда, тиісті жалдау мерзімінің ішінде тікелей әдіс бойынша шығыстар болып танылады. Әуе кемелерін жалдау ұшу сағаттары мен циклдеріне байланысты өзгеретін елеулі қаржылық және айнымалы жалдау төлемдерін қамтиды және өздері туындаған кезеңде шығыстар болып танылады. Операциялық жалдауды жасасу кезінде сыйақы алынған жағдайда, мұндай сыйақылар міндеттемелер болып танылады. Жалдау төлемдерінің кебір бөлігі әуе кемелерін оралу үшін кез келген өтелмеген міндеттемелерін өтеуге жалға беруші үшін кепіл ретінде алынған аккредитивтер қамтылған (белгілі бір жағдайларда). Мұндай сыйақылардан алынған жиынтық игілік, басқа жүйелік база жалданған активтен экономикалық игіліктердің алынуының неғұрлым дұрыс көрінісін беретін жағдайды қоспағанда, тікелей әдіс бойынша жалдау жөніндегі шығыстардың азайтылуы ретінде танылады.

### Кепілдікті депозиттер

Әуе кемелерін жалдау жөніндегі кепілді депозиттер жасалған қаржылық және операциялық жалдау шарттарының талаптарына сәйкес әуе кемелерін жалға берушілерге төленген соманы білдіреді. Бұл депозиттер жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін Компанияға қайтарылады. Операциялық жалдау шарттары бойынша кепілді депозиттер қаржылық жағдай жөніндегі есептілікте активтер ретінде көрсетілген. Бұл депозиттердің сыйақылары жоқ және жылына 2.25% орташа нарықтық табыстылық деңгейімен амортизацияланатын құны бойынша көрсетілген (2016 ж.: 2.25%).

Депозитті алғаш мойындағанда, Компания дисконт пен мерзімі ұзартылған активті бір уақытта мойындайды. Дисконт жал мерзімі ішінде тиімді пайыздық мөлшерлеменің көмегімен амортизацияланады, ал мерзімі ұзартылған актив депозит мерзімі ішінде тең сомалар түрінде амортизацияланады.

Компания жөнінде	Стратегиялық есеп	Басшылық есебі	Корпоративтік басқару	Қаржылық есептілік
------------------	-------------------	----------------	-----------------------	--------------------

### Шетелдік валютадағы операциялар

Қаржы есептілігін дайындау кезінде функционалдық валютадан ерекшеленетін валютада («шетелдік валюталар») көрсетілген мәмілелер мәміле жасалған күнгі айырбас бағамы бойынша көрсетіледі. Шетелдік валютамен көрсетілген ақшалай баптар есептілік жасалған күнгі тиісті валюталық бағам бойынша қайта есептеледі.

Шетел валютасында көрсетілген тарихи құны бойынша есепке алынатын ақшалай емес баптар қайта есептелмейді.

Шетелдік валютада көрсетілген әділ құны бойынша есепке алынатын ақшалай емес баптар әділ құнды анықтау күні қолданылатын айырбас бағамдары бойынша қайта есептелуі тиіс.

Төменде 31 желтоқсандағы және осы күні аяқталған жылдар үшін теңгенің айырбас бағамдары келтірілген:

	Орташа бағам		Есепті күндегі «spot» айырбас бағамы	
	2017 ж.	2016 ж.	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.
Доллар США (долл. США)	326.00	342.16	332.33	333.29
Евро	368.52	378.63	398.23	352.42
АҚШ доллары	420.12	464.39	448.61	409.78

Төмендегі кестеде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша АҚШ долларының айырбас бағамы туралы ақпарат берілген:

	Есепті күндегі «spot» айырбас бағамы 31 желтоқсан 2017 ж.
Тенге (тенге)	0.003
Евро (евро)	1.198
Ағылшын фунт стерлинг (фунт)	1.350

### Қаржылық табыстар мен шығыстар

Қаржылық табыстар банк депозиттерінен сыйақы бойынша табыстардан және пайда немесе залал арқылы қаржы құралдарынан тұрады. Қаржы активтері бойынша пайыздық табыстар, егер Компанияның экономикалық игілік алуының және табыстардың деңгейінің дұрыс анықталуының жоғары ықтималдығы бар болса, танылады. Пайыздық табыстар қаржы активінің баланстық құнына (пайыздарды есепке алмастан) және қаржылық активті өтеуге дейінгі күтілетін мерзімнің ішінде күтілетін болашақ ақшалай түсімдердің дисконтталуын қамтамасыз ететіндей болып есептелетін тиімді пайыздық мөлшерлемеге орай бұл активті тану кезінде оның баланстық құнына дейін есептеп шығарылады.

Қаржылық шығыстар сыйақы шығыстарынан, банк комиссияларынан, пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілген қаржы активтері мен міндеттемелерден алынған залалдан тұрады. Жоспарлы пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін біршама уақыт қажет ететін активтердің сатып алынуымен, құрылысымен немесе жасалуымен тікелей байланысты несиелер бойынша шығындар осындай активтердің құнына олар жоспарланған пайдалануға немесе сатуға дайын болғанға дейін қосылады. Несиелер бойынша барлық өзге шығындар өздерінің туындауына қарай табыстар немесе шығыстар және басқа жиынтық табыстарда көрсетіледі.

Уақыт пен шығынды талап ететін активтер бойынша нақты несиені іске асыру кезінде уақытша инвестициядан түскен инвестициялық пайда капиталдандыруға болатын несиелік шығындардан шегеріледі.

### Қызметкерлерге сыйақылар

Қызметкерлерге қысқа мерзімді сыйақылар бойынша міндеттемелер тиісті қызмет көрсетілетін кезеңде табыстар немесе шығыстар және басқа жиынтық табыстарда шығыстар болып танылады.

Резерв, егер Компанияның қызметкерлерінің жұмысының салдарынан осындай сыйақы төлеу жөніндегі ағымдағы заңдық міндеттемесі болса және бұл сыйақының мөлшері жеткілікті дәрежеде сенімді бағалана алатын болса, болжамды қысқа мерзімді бонустар және Компанияның пайдасынан түскен бонустар мөлшерінен құрылады.

### Табыс салығы

Табыс салығы бойынша шығыстар ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтардан тұрады. Ағымдағы табыс салығы есепті жылдың салық салынатын пайдасына негізделеді. Салық салынатын пайда табыстар немесе шығыстар және басқа жиынтық табыстарда көрсетілген таза пайдадан ерекшеленеді, өйткені соңғысы басқа жылдары салық салуға немесе шегеруге жататын табыстар мен шығыстарды қамтиды, ол сондай-ақ салық салынбайтын, не шегерілмейтін баптарды да қамтиды. Компания ағымдағы табыс салығы бойынша міндеттемесі есепті кезеңдегі жылдық салық мөлшерін қолдана отырып төленеді.

Кейінге қалдырылған табыс салығы қаржы есептілігінде көрсетілген активтер мен міндеттемелердің баланстық құны және салық алынатын пайданы есептеу кезінде пайдаланылатын салық есебінің тиісті деректерінің арасындағы уақытша айырмаларға қатысты пайдаланды. Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, әдетте, барлық салық салынатын уақытша айырмаларды ескере отырып көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтері бұл уақытша айырмаларды пайдалану үшін жеткілікті болашақ салық салынатын пайданы алудың жоғары ықтималдығы болған кезде барлық шегерілетін уақытша айырмаларды ескере отырып іске асырылған. Салық активтері мен міндеттемелері, егер уақытша айырмалар салық салынатын пайдаға да, бухгалтерлік пайдаға да ықпал етпейтін мәмілелер шеңберінде туындайтын болса, қаржы есептілігінде көрсетілмейді.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті кезеңнің соңында қайта қаралады және, егер бұл активтерді толықтай немесе ішінара пайдалану үшін жеткілікті салық салынатын пайданы болашақта алу ықтималдығы бұдан әрі жоғары болып табылмайтын болса, азайтылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері есепті күнге қолданыста болған салық мөлшерлемеріне (салық заңына) негізделе отырып, міндеттеме өтелген немесе актив өткізілген есепті кезеңде қолданылатын салық мөлшерлемелері бойынша өлшенеді. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерінің есебі Компанияның есепті күнге өзінің салық активтерін немесе міндеттемелерін тиісінше іске асыруды немесе өтеуді күтуі нәтижесінде туындайтын салықтық салдарларды көрсетеді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері ағымдағы салық активтерін ағымдағы бар салық міндеттемелерін өтеу есебіне ескерудің заңды негізделген құқығы бар болған және олар бір ғана салық органы есептеген табыс салығына жатқызылған және өзінің салық міндеттемелері мен активтерін таза негізде есепке алуға ниеттенген кезде өзара есепке алынады.

Ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар, олар өзге табыстар немесе шығыстар және басқа жиынтық табыстарда немесе капиталдың құрамына тікелей жатқызылатын жағдайларды қоспағанда, пайдалар мен залалдарда танылады. Бұл жағдайда ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар да тиісінше өзге жиынтық табыста немесе тікелей капиталда танылады.

#### Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар

Қызметтер ұсыну және әкімшілік мұқтаждықтар үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар Компанияның қаржылық жағдайы жөніндегі есептілікте, жинақталған тозуды және құнсызданудан болған залалдарды шегергеннен кейін, өзіндік құны бойынша көрсетілген.

Әуе кемелер мен аяқталмаған құрылыстың басқа маңызды нысандары бойынша жасалған жұмыс орындалуына қарай аралық төлемдерге қатысты қаржылық пайыз капиталдандырылған әрі актив құнына қосылған.

Активтің жарамдылық мерзімін немесе құнының өсімін кеңейтіп, одан әрі капиталдандыратын бағдарламалардан басқа (мысалы, мерзімі шектеулі бөлшектерді қоспағанда, әуе кеме корпусы немесе қозғалтқышы бойынша техникалық қызмет көрсету), пайдалану шығысы орын алған кезеңдерде шығын ретінде жазылды.

#### Әуе кемелері

Әуе кемесін сатып алу бағасы шетел валюталарында көрсетіледі. Ол транзакция жасалған күні валюта бағамымен аударылады. Өндірушілердің дисконттары тиісті актив құны бойынша шегеріледі.

Қалдық құн жоқ болса, әуе кеме құны орташа есеппелген 25 жылдық жарамдылық мерзімі бойынша тікелей амортизациядан өткізіледі. Операциялық циклде Компания амортизацияланатын негіздің немесе мерзімнің реттелу қажеттілігін қарастырады және қажет болғанда, қалдық құнның танылуын анықтайды. Орташа салалық көрсеткіштерге сүйене отырып, Компания әуе кемелерінің қызмет ету мерзімін 2016 жылы 1 қазаннан бастап 20 жылдан 25 жылға ұзарту шешімін қабылдады (Ескерту 9).

Барлық әуе кемелердің корпустары мен механизмдерін (мерзімі шектелген бөлшектерді қоспағанда) капиталдандырылған және сатып алу және келесі толық жөндеу күндерінің аралығындағы кезең ішінде амортизацияланған шығыны бар бөлек актив құрамдасы ретінде өңделеді.

Толық жөндеу бойынша негізгі шығын, соның ішінде қосалқы бөлшектерін ауыстыру және еңбек шығыны, ұшу уақыты мен циклі негізіндегі негізгі жөндеу жұмыстарының аралығындағы орташа болжамды мерзім ішінде капиталдандырылады әрі амортизацияланады.

Барлық басқа әуе кемесін жөндеуге қатысты басқа шығын қолдану бойынша пайда не залал бойынша немесе орын алған түрінде үлестіріледі.

#### Негізгі қосалқы бөлшектер

Негізгі қосалқы бөлшектер жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар құрамында көрсетілген. Мүліктер, машиналар және жабдықтар объектісінің құрамдық бөліктерін ауыстырумен байланысты шығындар, егер бұл объектіні пайдаланудан болашақ экономикалық пайданы Компанияның алу ықтималдығы бар болса және оның құны сенімді түрде анықталатын болса, осы құрамдық бөліктің баланстық құны бойынша ескеріледі. Техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге жұмсалатын барлық ағымдағы шығыстар табыстар немесе шығыстар және басқа жиынтық табыстарда кезеңнің шеккен шығыстары ретінде қосылады.

#### Өзге жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар

Құн активтерді сатып алуға тікелей жатқызылатын шығындарды қамтиды. Компанияның өз күштерімен құрылған активтердің құны материалдардың құнын, еңбек шығындарын және пайдалануға арналған жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарды жұмыс жағдайына келтіруге тікелей қатысты кез келген басқа шығындарды және жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтарды жою мен жылжыту және олардың орналасқан жерін қалпына келтіру құнын қамтиды. Тиісті жабдықтың функцияларын орындау үшін ажырама бөлік болып табылатын сатып алынған бағдарламалық қамсыздандыру осы жабдықтың бөлігі ретінде капиталдандырылады.

#### Тозуы

Мүліктер, машиналар және жабдықтар объектілерінің тозуы осы объектілер қызметінің пайдалы мерзімінің ішінде біркелкі есептен шығару әдісімен есептеледі және табыстар немесе шығыстар және басқа жиынтық табыстарда көрсетіледі

Компания жөнінде	Стратегиялық есеп	Басшылық есебі	Корпоративтік басқару	Қаржылық есептілік
•	Үйлер мен ғимараттар	14-50 жыл		
•	Әуе кеме (бөлек актив құрамдасы қоспағанда)	25 жыл (2016 жылдың 1 қазанға дейін 20 жыл)		
•	Айналымдық қосалқы бөлшектер	3-10 жыл		
•	Офис жабдығы және жиһаз	4-7 жыл		
•	Көлік құралдары	7-9 жыл		
•	Өзгелер	5-10 жыл		

Төменде ағымдағы және салыстырмалы кезеңдер үшін жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың пайдалы қызмет мерзімдері келтірілген:

•	Үйлер мен ғимараттар	14-50 жыл
•	Әуе кеме (бөлек актив құрамдасы қоспағанда)	25 жыл (2016 жылдың 1 қазанға дейін 20 жыл)
•	Айналымдық қосалқы бөлшектер	3-10 жыл
•	Офис жабдығы және жиһаз	4-7 жыл
•	Көлік құралдары	7-9 жыл
•	Өзгелер	5-10 жыл

Амортизация жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтардың (жер учаскелерін, аяқталмаған құрылыс объектілерін және әуе кеме бөлек актив құрамдасын қоспағанда) құнын жою құны шегерілгеннен кейін пайдалы қолданудың болжамды мерзімінің ішінде біркелкі есептен шығару үшін есептеледі. Әуе кемелердің бөлек актив құрамдасын, ұшу сағаттарына және циклдері негізінде саналатын жөндеу жұмыстарының аралығындағы орташа күтілетін пайдалы қызмет мерзімінің ішінде амортизацияланады.

Пайдалы қолданудың болжалды мерзімдері, баланстық құн және амортизацияны есептеу әдісі әрбір есепті кезеңнің соңында талданады, бұл ретте бағалаулардағы барлық өзгерістер есептілікте салыстырмалы көрсеткіштерді қайта қарамастан көрсетіледі.

Негізгі құрал объектісі актив шығарылған немесе оны одан әрі пайдаланудан экономикалық пайда алу күтілмейтін жағдайда есептен шығарылады. Негізгі құрал объектілерін сатудан немесе өзгеше шығуынан түскен табыс немесе залал осы объектілердің сату бағасы мен баланстық құны арасындағы айырма ретінде анықталады және табыстар немесе шығыстар және басқа жиынтық табыстарда танылады.

#### Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған залалдарды шегерілгеннен кейін өзіндік құны бойынша көрсетілген. Амортизация материалдық емес активтердің пайдалы қызмет мерзімінің ішінде біркелкі есептен шығару әдісінің негізінде есептеледі. Активтердің пайдалы қызмет мерзімдері бағалаудағы кез келген өзгерістердің әсерін тану мүмкіндігімен есепті кезеңнің соңында қайта қаралады. Ағымдағы және салыстырмалы кезең үшін бағдарламалық қамсыздандырудың пайдалы қызмет мерзімдері 7 жылдан 10 жылға дейін болды.

#### Активтердің құнсыздануы

Әрбір есепті күнге Компания өз активтерінің ағымдағы құнын активтердің құнсыздану белгілерінің туындауын анықтау үшін қайта қарастырады. Мұндай белгілер пайда болған жағдайда, құнсызданудан болған залалдардың есебі мақсатында бұл активтің өтеу құны анықталады. Жекелеген активтің өтеу құнын анықтау мүмкін болмаған жағдайда, Компания актив тиесілі болатын бірліктің ақша ағындарын шоғырландыратын өтеу құнын анықтайды. Сөйтіп, салыстыруды негізді және қисынды түрде жүргізу мүмкін болатын жерде, Компания корпоративтік активтердің қандай да бір шоғырландырушы бірліктердің топтарына тиістілігін анықтайды, өйтпеген жағдайда, мұндай активтер ең аз құнмен шынайы және сенімді түрде анықталуы мүмкін шоғырландырушы бірліктердің ең аз тобына жатқызылады.

Өтелетін құн, сатуға жұмсалатын шығыстарды шегергенде, әділ құн мен пайдалану құнының арасындағы ең үлкені болып табылады. Пайдалану құнын бағалау кезінде болашақ ақша ағындары олардың ағымдағы құнына дейін ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағаларын және олар бойынша ақша қаражаттарының болашақ ағындарын бағалау түзетілмеген активтерге тән тәуекелдерді көрсететін, салықтарды шегергенге дейін дисконт мөлшерлемесін пайдаланумен дисконтталады.

Егер активтің (немесе шоғырландырушы бірліктің) өтелетін құны активтің ағымдағы құнынан кем бағаланатын болса, онда активтің (немесе шоғырландырушы бірліктің) ағымдағы құны өтелетін құнның шамасына дейін азайтылады. Құнсызданудан болған залал, тиісті актив қайта бағаланып қойылған жағдайды қоспағанда, табыстар немесе шығыстар және басқа жиынтық табыстарда көрсетіледі, мұндай жағдайда құнсызданудан болған залал қайта бағалау резервін азайту жолымен ескеріледі.

Құнсызданудан болған залал кейіннен қалпына келтірілген жағдайда активтің (немесе шоғырландырушы бірліктің) ағымдағы құны өтелетін құнның қайта қаралған шамасына дейін ұлғаяды, бірақ, егер алдыңғы кезеңдерде активтің (немесе шоғырландырушы бірліктің) құнсыздануы болмағанда болуы мүмкін ағымдағы құнның шамасынан аса алмайды. Құнсызданудан болған залалдың өзгеруі табыс немесе шығыс құрамында көрсетіледі.

#### Шартты міндеттемелер және шартты активтер

Шартты міндеттемелер қаржы есептілігінде танылмайды. Олар экономикалық пайдадан тұратын ресурстарды шығару айқын және болжамды болған жағдайларды қоспағанда, қаржылық есептілік ескертулерінде ашып көрсетіледі.

Шартты активтер де қаржы есептілігінде көрсетілмейді. Экономикалық пайданың келуі ықтимал болған кезде, олар қаржы есептілігінің ескертпелерінде ашылады.

#### Тауарлы-материалдық босалқы қорлар

Тауарлы-материалдық босалқы қорлар сатып алудың нақты құны мен сатуға боларлық таза бағасының ең азы бойынша көрсетіледі. Тауарлы-материалдық босалқы қорларды есептен шығарудың өзіндік құны ФИФО әдісі бойынша айқындалады, бұған есептен шығару құны орташа өлшенген құн әдісі бойынша анықталатын жанармай және мұз қатуға қарсы сұйықтық кірмейді. Жанармай және мұз қатуға қарсы сұйықтық пайдаланылу шамасына қарай есептен шығарылады. Сатуға мүмкін боларлық таза бағасы пысықтауға жұмсалатын барлық болжамды шығындар мен сатуға жұмсалатын шығыстарды шегере отырып, босалқы қорлардың есептік сату бағасын білдіреді.

Материалдарды сатып алу кезінде жұмсалатын, кеден баждары, тасымалдау, брокерлік қызметтер және басқалар секілді үстеме шығыстар материалдардың жекелеген шоттарында көрсетіледі және тиісті материалдардың пайдаланылу шамасына қарай есептен шығарылады.



### Резервтер

Резервтер Компания өткен оқиғаның нәтижесінде міндеттемесі (заңдық немесе келісімшарттық) болатын және Компания осындай міндеттемені өтеуге міндеттілі ықтимал болатын, оның үстіне осындай міндеттеменің мөлшері шынайы бағалана алатын жағдайда, қаржылық жағдай жөніндегі есептілікте танылады.

Резерв танитын сома осы жағдайдан туындайтын барлық тәуекелдер мен белгісіздіктерді назарға ала отырып, есепті күнге бар міндеттемелерді өтеу жөніндегі ең жақсы баға болып табылады. Резервтер міндеттемелерді өтеу үшін қажетті ақша ағындарын пайдаланумен бағаланған жағдайда, олардың баланстық құны осындай ақша ағындарының ағымдағы құны болып табылады.

Міндеттемелерді өтеу үшін қажетті экономикалық игіліктердің бір бөлігі немесе барлығын үшінші тарап өтеген жағдайда, Компания дебиторлық берешекті өтемнің алынуының және өтемнің мөлшерін жетерліктей дәл анықтаудың ықтималдығының жоғары дәрежесі болғанда актив ретінде таниды.

### Операциялық жалдау аясында алынған, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге арналған резерв

Компания әуе кемелеріне ұдайы техникалық қызмет көрсетуді Компания жасаған операциялық жалдау шарттарының талаптарына және авиациялық қауіпсіздік жөніндегі заңнамалық талаптарға сәйкес орындауға міндетті. Операциялық жалдау шарттары да әуе кемелерін жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін лизинг берушіге қанағаттанарлық жағдайда қайтаруды талап етеді, мұның өзі қайтарудың алдында белгілі бір рәсімдерді орындауды талап етуі мүмкін. Компанияның әуе кемелеріне ұдайы техникалық қызмет көрсету бағдарламасы әуе кемесін қайтару кезінде шығыстардың туындауын азайтуға арналған.

## 16. Өзге салықтар бойынша алдын ала төлем

	2017 ж.	2016 ж.
Өтелуге тиіс қосылған құн салығы	5,786,240	3,778,765
Резидент болып танылмайтын тұлғалардың жекеленген табыс салығы бойынша алдын ала төлемдер	-	1,361,099
Қоршаған ортаға эмиссия бойынша алдын ала төлемдер	294	4
Өзге салықтар бойынша алдын ала төлемдер	224,003	294,740
	<b>6,010,537</b>	<b>5,434,608</b>

Өтелуге тиіс қосылған құн салығы ағымдағы активтердің құрамында танылады, өйткені Компания салық комитетінен осы сомалардың қайтаруына жыл сайын өтінім береді.

## 17. Банктердегі депозиттер

	2017 ж.	2016 ж.
<b>Қысқа мерзімді</b>		
Қазақстандық банктердегі қысқа мерзімді депозиттер (25-ші Ескерту)	-	32,401,301
Кепілдікті салымдар	1,570	3,140
Есептелген сыйақы	-	782,632
	<b>1,570</b>	<b>33,187,073</b>

2016 жылы шетелдік банктердегі (өтеудің бастапқы мерзімі үш айдан астам болатын және бір жылдан кем болатын) қысқа мерзімді депозиттердің сыйақы мөлшерлемесі 0%-дан 13%-ға дейін болды. Банк депозиттерінің мерзімінен бұрын алуға қойылған шектеулері жоқ. Кейбір банктерде несиелік тәуекелдердің ұлғаюы нәтижесінде басшылық өз қаржы басқару саясатын қайта қарастыруда, сондақтан, уақытша шара ретінде, Компания Қазақстандағы негізгі банктердің кредиттік рейтингін қайта қарастырып, ағымдағы депозиттерін кредиттік рейтингі «BB немесе одан жоғары» деңгейіндегі банктерге өтеу мерзімі 3 айдан кем мерзімге орналастырды.

Қазақстандық заңнаманың шетелдік жұмыс күші бөлігіндегі талаптарына сәйкестендіру мақсатында аударылған кепілді салымдар теңгемен көрсетілген және оның сыйақы мөлшерлемесі жылына 0% болады (2016 жылы 0%-дан 4,5%-ға дейін)

31 желтоқсандағы жағдай бойынша банк депозиттері төменде айтылған валюталармен көрсетілген:

	2017 ж.	2016 ж.
АҚШ доллары	1,570	31,079,260
Теңге		2,107,813
Еуро		
	<b>1,570</b>	<b>33,187,073</b>

## 18. Ақша қаражаттары және олардың баламалары

	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.
Қазақстандық банктердегі ағымдағы шоттар (25-ші Ескерту)	14,025,583	6,711,991
Шетелдік банктердегі ағымдағы шоттар	28,515,939	3,249,605
Өтеудің бастапқы мерзімі 3 айдан кем қазақстандық банктердегі мерзімді депозиттер	6,669,263	-
Кассадағы ақша қаражаттары	34,365	32,647
	<b>49,245,150</b>	<b>9,994,243</b>

31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаттары мен олардың баламалары төмендегі валюталарда көрсетілді:

	2017 ж.	2016 ж.
АҚШ доллары	47,074,365	6,341,440
Үнді рупийі	1,066,253	201,825
Теңге	477,772	1,817,921
Еуро	189,601	380,245
Ресей рублі	93,951	321,751
Өзбек сомы	41,444	103,663
Ағылшын фунт стерлингі	40,511	204,639
Қытай юані	22,927	490,563
Өзгелер	238,326	132,196
	<b>49,245,150</b>	<b>9,994,243</b>

## 19. Капитал

2017 және 2016 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарғылық капитал бір акциясының номинал құны 147,150 теңге тұратын бекітілген, шығарылған және толықтай төленген 17,000 жай акциялардан тұрады.

Қарапайым акция иелері жүйелі түрде жарияланып тұратын дивидендтерді алуға, сондай-ақ «бір акция – бір дауыс» ережесіне сүйене отырып, Компания жиналыстарында дауыс беруге құқылы.

ҚЕХС сәйкес дайындалған Компанияның қаржылық есептілікте көрсетілген үлестірмелі резервтері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бөлінбеген пайданың балансы шектеледі. Капитал теріс немесе тарату Компанияның меншік капиталының теріс немесе төлем қабілетсіздігіне әкеп соғатын болса, пайда үлестіру жасалуы мүмкін емес. 2017 жылдың 31 желтоқсан айында Компаниясының таза заласын қоса бөлінбеген пайдасы 50,033,094 мың теңгені құрады (2016: 37,214,744 мың теңге).

2017 жылдың 31 желтоқсанында дивидендтер бір акцияға шаққанда 0 теңге (2016 жыл: 304,8 мың теңге).

Акцияға табыстылықтың есебі жыл ішінде айналыста жүрген 17,000 жай акциялардың таза пайдасына және орташа өлшенген санына негізделген (2016 ж.: 17,000 акция). Компанияның потенциалды тоғытылған жай акциялары жоқ.

	2017 ж.	2016 ж.
<b>Пайда:</b>		
Жыл ішіндегі таза пайда/(шығыс)	12,818,350	(12,833,971)
Жай акциялар саны	17,000	17,000
<b>Акцияға келетін пайда/(шығыс) – негізгі және тоғытылған (теңге)</b>	<b>754,021</b>	<b>(754,939)</b>

## 20. Болашақ кезеңдердің табыстары

	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.
Тасымалдаудан алынатын болашақ кезеңдердің табыстары	14,353,402	12,186,673
Клиенттерді ынталандыру бағдарламасы бойынша резерв	1,742,537	555,138
	<b>16,095,939</b>	<b>12,741,811</b>

Тасымалдау қызметтерінен түсетін болашақ кезеңдердің табыстары – пайдаланылмайды және олар бойынша өтемақы төленбейді деп күтілетін сатылған билеттер пайызына қатысты жолаушылар тасымалынан түсетін мойындалған табыстарды қоспағанда, сатылған, бірақ жолаушылар әлі пайдаланбаған және мерзімі өтпеген билеттер (3-Ескерту).

Жолаушыларды ынталандыру бағдарламасы бойынша болашақ кезеңдердің табыстары Nomad Club бағдарламасы бойынша есептеулерді қамтиды.



## 21. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге резерв

	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.
Қозғалтқыштар бойынша резерв	19,645,131	14,965,889
D-чекке резерв	2,093,153	1,542,063
C-чекке резерв	919,125	1,534,173
Әуе кемелердің қайтару жөніндегі резерв	715,261	615,098
Қосымша қоректендіру блогы	578,018	499,580
Шасси	565,167	440,096
	<b>24,515,855</b>	<b>19,596,899</b>

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге есептелген резервтің қозғалысы төменде көрсетіледі:

	2017 ж.	2016 ж.
<b>1 Қаңтарға</b>	<b>19,596,899</b>	<b>16,252,376</b>
Жыл ішінде есептелгені (6-шы Ескерту)	7,088,300	6,480,058
Жыл ішінде есептен шығарылғаны (6-шы Ескерту)	(675,524)	(425,616)
Жыл ішінде пайдаланылғаны	(1,493,820)	(2,709,919)
<b>31 Желтоқсанда</b>	<b>24,515,855</b>	<b>19,596,899</b>

Операциялық жалдаудың шарттарына сәйкес Компания әуе кемелерінің пайдаланылуына қарай жөндеу және ұстау жөніндегі стандартты рәсімдерді жүргізуге және төлеуге, әуе кемесін жалдау мерзімінің соңында жалға берушіге қанағаттанарлық жағдайда қайтаруға міндетті. Резервті есептеу үшін пайдаланылатын жөндеудің құны АҚШ долларымен көрсетілген.

Бұл резервтерді төменде айтылғандай пайдалану жоспарланған:

	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.
Бірінші жылдың ішінде	4,406,580	6,746,834
Екінші жылдың ішінде	15,169,308	4,239,251
Үшінші жылдың ішінде	2,837,643	4,668,037
Үшінші жылдан кейін	2,102,324	3,942,777
<b>Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге резервтің жиыны</b>	<b>24,515,855</b>	<b>19,596,899</b>
<b>Минус: ағымдағы бөлік</b>	<b>(4,406,580)</b>	<b>(6,746,834)</b>
<b>Ұзақ мерзімді бөлік</b>	<b>20,109,275</b>	<b>12,850,065</b>

Әуе кемелерін жөндеуге және оларға техникалық қызмет көрсетуге резервтерді анықтау кезінде елеулі тұжырымдар орын алады. Басшылық техникалық қызмет көрсету

жұмыстарының мүмкін уақыт аралықтарын және құндарын анықтау үшін тәуелсіз мамандарды тартты. Тәуелсіз мамандардың бағалары әуе кемелердің ағымдағы техникалық жағдайының, тарихи орындалған ұшу сағаттары мен циклдерінің, әуе кемелерін болашақ кәдеге жаратылуының күтілетін деңгейінің негізінде жалдау мерзімдерін ескере отырып, сондай-ақ жалға берушіге қайтаруы тиіс әуе кемелерінің жағдайы бойынша шарттарды ескере отырып дайындалды. Бағалаулар төменде айтылған негізгі болжамдардың негізінде жасалды:

- » ұшу сағаттары мен циклдерін пайдаға асырудың күтілетін коэффициенті тарихи деректерге және нақты пайдалану негізделген;
- » ұқсас қызметтер мен қосалқы бөлшектерге нарықтық бағалар пайдаланылған;
- » әуе кемелер стандартты жағдайларда және стандартты нормалар бойынша пайдаланылады деп жорамалданады; және
- » жоспарланбаған техникалық қызмет көрсетуге резерв жасалынбаған.

## 22. Саудалық және өзге кредиторлық берешек

	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.
Саудалық кредиторлық берешек	9,787,276	9,961,802
Қызметкерлер алдындағы берешек	777,520	767,964
Алынған депозиттер	734,285	374,683
Операциялық жалдау бойынша берешек	501,746	516,084
Қолданылмаған демалыстар бойынша берешек	500,183	429,801
Төленуге тиіс салықтар	205,320	651,323
Зейнетақы жарналары	170,357	255,552
Алынған алғытөлемдер	223,947	145,050
Өзгелер	21,274	27,074
	<b>12,921,908</b>	<b>13,129,333</b>

Компанияның кредиторлық берешегі төменде айтылған валюталармен көрсетілген:

	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.
АҚШ доллары	5,562,374	5,368,212
Теңге	3,567,685	4,661,515
Еуро	1,881,094	1,740,756
Ресей рублі	328,214	243,152
Ағылшын фунт стерлинг	236,415	218,367
Өзгелер	1,346,126	897,331
	<b>12,921,908</b>	<b>13,129,333</b>

## 23. Несиелер

	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.
<b>Ұзақ мерзімді</b>		
Банк несие	3,495,775	4,013,668
	<b>3,495,775</b>	<b>4,013,668</b>
<b>Қысқа мерзімді</b>		
Банк несие	517,893	517,893
Сыйақы жөніндегі берешек	23,970	25,710
	<b>541,863</b>	<b>543,603</b>

2015 жылғы 3 желтоқсанда Компания мен Еуропа Қайта Жаңарту және Даму банкіден алынған (ЕҚЖЖДБ) Астана қаласындағы Техникалық орталық (ұшақжай) құрылысын қаржыландыру үшін 10 жылға 14,000 мың АҚШ долларына (немесе Қазақстан теңгесіне тең сомаға) несие алуға келісім жасасты. Сондай-ақ осы ұшақжай ЕҚЖЖДБ банкіне кепілдікке қойылды. Пайыздық мөлшерлеме айнымалы болып табылады және жылына 3.75% шегі мен ЕҚЖЖДБ банкінің Қазақстан теңгесіндегі жалпы құнына негізделіп айқындалады. Жалпы құн Қазақстан Ұлттық Банкінің және/немесе нарықтың негізгі пайызының өзгеруіне сәйкес тоқсан сайын анықталып тұрады. 2016 жылы сәуір айына Компаниямен 4,661,033 мың теңге көлеміне ЕҚЖЖДБ-тен несие келісімі бойынша қаржы алынған (алу күніне 14,000 мың АҚШ доллар сомасына тең). Бұл теңгелік несие белгілі бір қаржылық шарттарға ие және Компания оларды 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша орындады.

## 24. Қаржылық лизинг бойынша міндеттемелер

2012 және 2014 жылдар арасында Компания қаржылық жалдау бойынша он бір әуе кемесін сатып алды. Әр әуе кемесінің лизинг мерзімі – 12 жыл. Компанияның лизинг мерзімінің соңында номиналды сома бойынша әр әуе кемесін сатып алу мүмкіндігі бар. Қаржылық институттарымен лизинг бұресіге жаңа алты Airbus әуе кемесіне қатысты берілген қарыздар 2012 және 2013 жылдары жеткізілген Еуропалық экспорт-несиелік агенттіктерінің кепілдігінде, ал үш Boeing 767 ұшағына қатысты берілген қарыздар 2013 және 2014 жылдары жеткізілген АҚШ экспорт-импорт Банктің кепілдігінде, ал Екі Embraer 2012 және 2013 жылдары жеткізілген Бразилияның Даму Банктің кепілдігінде. Қаржы лизинг бойынша Компания міндеттемелері жалдамалы активтерге қатысты лизинг берушінің құқығымен қорғалған. Бұндай активтер 68,671,498 мың теңгені (2016: 74,352,809 мың теңге) (9-шы Ескерту) құрайтын баланстық құнына тең.

Компанияның қаржылық лизинг белгілі ковенанттарды қамтиды. Аталған ковенанттар қаржылық лизинг міндеттемелерін қоса, бірақ олармен шектелмей, белгілі бір операцияларға тыйым салады. Қаржылық лизингінің белгілі бір келісімшарттары Компанияның меншік үлесінің өзгерісіне қатысты ковенанттарды қамтиды. Ковенанттарға қатысты міндеттемелер 2017 және 2016 жылдар бойы орындалды.

	Ең аз жал ақысы		Ең аз жал ақысының ағымдағы мәні	
	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.
Бір жылдың ішінде	16,338,007	17,502,391	13,268,515	13,748,610
Бір жылдан кеш және бес жылдан ерте	62,540,186	67,007,955	54,240,630	56,249,512
Бес жылдан кеш	40,935,745	59,091,317	39,076,581	55,568,948
	<b>119,813,938</b>	<b>143,601,663</b>	<b>106,585,726</b>	<b>125,567,070</b>
Болашақ қаржылық шығыстарға кем	(13,228,212)	(18,034,593)		
<b>Минималды жал ақысының ағымдағы мәні</b>	<b>106,585,726</b>	<b>125,567,070</b>	<b>106,585,726</b>	<b>125,567,070</b>
Қаржылық есептілікке төмендегідей қосылған:				
- қаржылық лизинг бойынша ағымдағы мерзімі міндеттемелер			13,268,515	13,748,610
- қаржылық лизинг бойынша ұзақ мерзімі міндеттемелер			93,317,211	111,818,460
			<b>106,585,726</b>	<b>125,567,070</b>

Компанияның лизингтік міндеттелері АҚШ долларында көрсетілген.

2015 жылғы 1 шілдеде Компания өзінің АҚШ долларында көрсетілген қаржылық лизингтік міндеттемелерінің бір бөлігін АҚШ долларында берілген болашақ түсім ағындарымен хеджерледі.

Халықаралық қаржы есептілігінің стандартына (IAS 39) сәйкес Компания осы хеджирлеу операциясы үшін ақша ағынын хеджирлеу есебі үлгісін қолданды.

АҚШ доллары функционалдық валютасына көшуіне байланысты 2017 жылдың 31 желтоқсанынан бастап хеджирлеу тиімсіз болып қалды. 2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша мөлшері 5,937,455 мың теңге (2016 жыл: 6,685,319 мың теңге) кейінге қалдырылған салықтық шегерімге дейін қаржылық лизингтік міндеттемелерді қайта бағалаудан болған хеджирлеудің тиімді бөлігі болып табылатын залал мөлшері 29,687,276 мың теңге (2016 жыл: 33,426,595 мың теңге) меншікті капиталдағы хеджирлеу резервінде танылды. Функционалды валютаның өзгеруінің нәтижесінде хеджирлеу қатынасы 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыстағы ақша ағындарын хеджирлеудің болашақ кезеңдерінде пайда немесе залалды (өтеу күнінде) хеджирлеуді есепке алу операциясы басталған күнгі айырбастау бағамы мен 2017 жылғы 31 желтоқсандағы айырбастау бағамымен салыстыру арқылы есептеледі. Валюта бағамының өзгеруінен кейінгі пайда немесе залал хеджирлеу резервіне пайда мен залал туралы есепке көшірілмейді және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша меншікті капиталда танылған хеджирлеу резерві ақша қаражатының қозғалысы туралы болжамды алғанға дейін капитал құрамында қалады.

2017 жылы хеджирлеу резервінен пайда немесе залал туралы есепке көшірілген бағамдық айырма залалы хеджирлеуді есепке алу операциясы басталған күнінен есептік күнге дейінгі мөлшері 3,355,090 мың теңге (кейінге қалдырылған салықтық шегерімге дейінгі мөлшері 671,018 мың теңге) (2016 жыл : 3,663,089 мың теңге) кейінге қалдырылған салықтық шегерімге дейінгі мөлшері 732,618 мың теңге).

2017 жылғы желтоқсанда Компания әуе кемесін үшінші тараптан қаржылық жалдау шарты бойынша сатып алынған бір Embraer E190 сатты және кері жалға алу бойынша мәміле жасады. Қаржы лизингі бойынша тиісті міндеттеменің баланстық құны 5,301,396 мың теңге сомасын сатып алушы (үшінші тарап) тікелей жалдаушыға аударды.

## Қаржылық әрекеттен туындаған міндеттемелер мен ақша ағындарының өзгерісін салыстыру

	Несиелер (23-ші ескерту)	Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер	Жиыны
<b>Жыл басында</b>	<b>4,557,271</b>	<b>125,567,070</b>	<b>130,124,341</b>
Қаржылық әрекеттен болған ақша ағындарына байланысты өзгеріс			
Несиелік қаражат бойынша төлемдер	(517,893)		(517,893)
Қаржылық лизинг міндеттемелері бойынша төлемдер		(13,073,475)	(13,073,475)
Төленген пайыздар	(471,329)	(3,605,957)	(4,077,286)
<b>Қаржылық әрекеттен болған ақша ағындарына байланысты өзгерістің жиыны</b>	<b>(989,222)</b>	<b>(16,679,432)</b>	<b>(17,668,654)</b>
Шетел валюталарының айырбастау бағамдарының өзгеріс әсері		(624,841)	(624,841)
Басқа да өзгерістер			
Капиталданған несие шығындары	469,589		469,589
Қаржылық лизинг міндеттемелері бойынша пайыздық шығындар		3,624,325	3,624,325
Әуе кемесінің сатылуына байланысты үшінші тараптың қаржылық лизинг міндеттемелерін өтеуі		(5,301,396)	(5,301,396)
<b>Басқа да өзгерістер жиыны</b>	<b>469,589</b>	<b>(1,677,071)</b>	<b>(1,207,482)</b>
<b>Жыл соңында</b>	<b>4,037,638</b>	<b>106,585,726</b>	<b>110,623,364</b>

## 25. Қаржылық құралдар

Компания күнделікті қызметінің барысында кездесетін негізгі тәуекелдерге несие тәуекелі, сыйақы мөлшерлемесінің, айырбас бағамдарының және тауар бағаларының өзгеру тәуекеліне жатады. Компания, төменде сипатталған тауар бағалары тәуекелдерінің өзгерісінен басқа тәуекелдер ықпалынан сақтандырмайды.

## Капиталды басқару

Компания таяу болашақта үздіксіз қызметін қамтамасыз ету және сонымен бірге несие тәуекелі және меншікті қаражаттарының қатынасын оңтайландыру есебінен акционерлердің пайдасын барынша арттыру үшін капиталды басқаруды жүзеге асырады. 2016 жылмен салыстырғанда Компанияның жалпы стратегиясы өзгерген жоқ.

Компания капиталының құрылымы Компанияның таза несие тәуекелі қаражаттарын (несиелер және қаржылық лизинг бойынша міндеттемелер, 23-ші және 24-ші Ескертуде ашып көрсетілген) және меншікті капиталын (шығарылған капиталды, қосымша төленген капитал және бөлінбеген пайданы қамтитын, 19-шы Ескертуде ашып көрсетілген) қамтиды.

Компанияның капиталының минималды мөлшеріне қойылатын міндетті талаптар жоқ.

Компания жарты жылдық негізге сай капитал құрылымын талдайды. Осы талдау бөлігі ретінде Компания капитал қатысты құнын және капитал класымен байланысқан тәуекелдерді ескереді. Компанияда төлем қабілетінің коэффициенті есептелінбейді.

## Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – бұл контрагенттердің шарттық міндеттемелерді орындамауының және осымен байланысты Компанияда залалдардың туындауымен байланысты тәуекел. Компанияның саясаты кредитке қабілетті контрагенттермен ғана жұмыс істеуді және қажет болған кезде міндеттемелердің орындалмауынан залал тәуекелдерін төмендету үшін жеткілікті қамсыздандыруды алуды көздейді. Кредиттік тәуекел тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет жыл сайын қайта қарастыратын және бекітетін кредиттік лимиттерді белгілеу есебінен бақыланады.

Ақша баламалары және дебиторлық берешек сияқты қаржы құралдардың максималды кредиттік тәуекелі қалдық құнының негізінде есептілінеді.

Саудалық дебиторлық берешек сатып алушылардың көпшілік санында бар және әртүрлі экономикалық салалар және географиялық аймақтар бойынша бөлінген. Компания дебиторлардың қаржылық жағдайын тұрақты бағалауды жүзеге асырады және қажет кезінде дебиторлық берешектің өтелуін сақтандырады.

2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша саудалық дебиторлық берешек

(15-ші Ескерту) бөлігінде кредиттік тәуекелдің елеулі шоғырлануы болған жоқ.

Компания тек жоғарғы беделді банктермен жұмыс істейді және де қазіргі кезде банктік есеп шоттар мен депозиттерге белгілі несие тәуекелден аспай шегірімдерді анықтайтын қаржы инвестициялық саясатты құрастырды.

Кейбір банктердің несие тәуекелдерінің ұлғаюу нәтижесінде, Компанияның басшылығы ақша қаражаттарды басқару жөніндегі саясатын қайта қарастыруда, және уақытша шара негізінде Қазақстанның ірі банктердің несие рейтингтерін қайта талдап, тиісінше 15-ші Ескертуде көрсетілген ҚазИнвестБанк пен Delta Bank-ты ескермегенде, банктердегі депозиттерді «ВВ» және одан жоғары рейтингіне ие банктерде орналастырған.

**Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі**

ЕҚЖЖБ-ті есептемей, Компания сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруінің елеулі тәуекеліне бейім емес.

2016 жылы сәуір айына Компания ЕҚЖЖБ-пен құрамында тиянақталған бөлігі бар құбылмалы пайыздық мөлшерлемесімен несиелі шартына отырды (23-ші Ескерту). Кезең үшін сыйақының құбылмалы мөлшерлемесі 2017 жылы 20% жоғары немесе төмен болатын болса, пайыздық шығыстардың өзгеруі елеусіз болар еді.

**Шетелдік валюталардың бағамдарының өзгеру тәуекелі**

Компания АҚШ долларынан басқа валюталарда көрсетілген сатуға және сатып алуға қатысты операциялар бойынша валюталық тәуекелге ұшырайды. Валюта тәуекелі негізінен теңге мен еуроға байланысты болады. Шетел валютасында көрсетілген активтер мен міндеттемелердің баланстық құны 15, 17, 18, 22 және 23 қосымшаларында ашып көрсетілген.

Басшылық қазіргі жағдайларда Компанияның экономикалық тұрақтылығын сақтауға қатысты барлық қажетті шараларды қолданып жатыр. Компания валюталық тәуекелді жартылай басқару жөніндегі хеджирлеуді есепке алу саясатын қолданады (24-ші Ескерту).

**Шетелдік валюталардың айырбас бағамдарының өзгеруі тәуекелдеріне сезімталдықты талдау.**

Компания АҚШ долларының айырбастау бағамының теңге мен еуроға қатысты өзгеруіне байланысты тәуекелдердің әсеріне көп ұшырайды.

Компанияның есепті күнге шетелдік валютамен көрсетілген қаржылық активтері мен қаржы міндеттемелерінің баланстық құны мынадай. Бұл ашып көрсету өзге шетелдік валюталарда көрсетілген активтер мен міндеттемелердің баптарын қамтымайды, осыған байланысты олардың сомалары жиынтығында Компанияның қаржы есептілігіне елеулі ықпал етпейді.

	Ескерту	31 Желтоқсан 2017 жыл			31 Желтоқсан 2016 жыл		
		АҚШ доллар	Тенге	Еуро	АҚШ доллар	Тенге	Еуро
<b>Активтер</b>							
Кепілдік салымдар	12	17,914,091	13,204	45,796	16,587,993	13,617	66,192
Саудалық және өзге дебиторлық берешек	15	2,788,675	4,238,443	812,223	2,350,009	4,384,985	921,401
Банктердегі депозиттер	17	1,570			31,079,260	2,107,813	
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	18	47,074,365	477,772	189,601	6,341,440	1,817,921	380,245
Өзге салықтар бойынша алдын ала төлем	16		6,010,537			5,434,608	
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем			245,220			261,039	
<b>Барлығы</b>		<b>67,778,701</b>	<b>10,985,176</b>	<b>1,047,620</b>	<b>56,358,702</b>	<b>14,019,983</b>	<b>1,367,838</b>
<b>Міндеттемелер</b>							
Қаржылық лизинг бойынша міндеттемелер	24	106,585,726			125,567,070		
Саудалық және өзге кредиторлық берешек	22	5,562,374	3,567,685	1,881,094	5,368,212	4,661,515	1,740,756
Несиелер	23		4,037,638			4,557,271	
<b>Барлығы</b>		<b>112,148,100</b>	<b>7,605,323</b>	<b>1,881,094</b>	<b>130,935,282</b>	<b>9,218,786</b>	<b>1,740,756</b>
<b>Таза валюталық позиция</b>		<b>(44,369,399)</b>	<b>3,379,853</b>	<b>(833,474)</b>	<b>(74,576,580)</b>	<b>4,801,197</b>	<b>(372,918)</b>

Төменде келтірілген кестеде Компанияның АҚШ долларының 2017 жылы тиісінше қазақстандық теңгеге қатысты 13% және Еуроға қатысты 5% әлсіреуі және нығайту сезімталдығының талдауы көрсетілген.

Төменде Компанияның қазақстандық теңгенің (2017 жылдың 31 желтоқсанына дейін Компанияның функционалдық валютасы тене болды) 2017 жылы тиісінше АҚШ долларына қатысты 13% және Еуроға қатысты 15% әлсіреуі және нығайту сезімталдығының талдауы көрсетілген. Сезімталдықтың үлесі негізгі басшылық үшін ішкі валюталық тәуекелдік есептерін жасау үшін қолданылады.

Сезімталдық талдауына айырбастау кезінде бағамдар пайдаланылатын кезеңнің соңында бар шетелдік валютадағы сомалар ғана енгізілді. Сезімталдықты талдау саудалық және өзге дебиторлық берешекті, ақша қаражаттарын және олардың баламаларын, банктердегі депозиттерді және саудалық кредиторлық берешекті қамтиды, несиелер, міндеттемелер және қаржылық лизинг.

Теріс сан теңге бағамы әлсіреген кезде пайданың және өзге капиталдың азаюын көрсетеді, бұндағы нетто позиция оң болады. Теңге бағамы күшейген кезде пайда мен өзге капиталға бірдей және қарама-қарсы әсер ететін болады және төменгі сомалар оң болады (2-ші Ескерту).

	АҚШ долларының әлсіреуі		АҚШ долларының нығайтуы	
	Тенге	Еуро	Тенге	Еуро
<b>2017</b>	<b>13%</b>	<b>5%</b>	<b>(13%)</b>	<b>(5%)</b>
Пайда/(залал)	351,505	(33,339)	(351,505)	33,339

	Тенгенің әлсіреуі		Тенгенің нығайтуы	
	АҚШ доллар	Еуро	АҚШ доллар	Еуро
<b>2016</b>	<b>13%</b>	<b>15%</b>	<b>(13%)</b>	<b>15%</b>
Пайда/(залал)	121,104	(44,750)	(121,104)	44,750
Капитал	(7,877,068)		7,877,068	

Компания саудалық және өзге дебиторлық берешек, ақша қаражаттары және олардың баламалары, банктердегі депозиттер, кепілдікті салымдар, және саудалық және өзге кредиторлық берешек, несиелер және қаржылық лизинг бойынша міндеттемелері көрсетілген шетелдік валюталардың өзгеруін қадағалай отырып, шетелдік валюталардың бағамдарының өзгеру тәуекелін шектейді.

**Өтімділік тәуекелін басқару**

Өтімділік тәуекелі – Компанияда ақшалай қаражатты немесе басқа қаржылық активті беру арқылы есептелетін қаржы міндеттемелерімен байланысты міндеттерді орындаған кезде қиындықтардың туындау тәуекелі. Компанияның өтімділікті басқару тәсілі – әдеттегі және күйзелісті жағдайларда тиімсіз шығындарға жол бермей және Компания беделіне қауіп төндірмей Компанияда өз міндеттемелерін уақытылы өтеуіне жеткілікті өтімді қаражаттың мүмкіндігінше тұрақты болуын қамтамасыз ету.

Өтімділік тәуекелдерді басқару бойынша айрықша жауапкершілік Компания басшылығы үшін қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді қорландыру бөлігінде өтімділік тәуекелдерін басқару жөніндегі тиісті негізді және өтімділікті басқаруға қойылатын талаптарды жасаған Директорлар Кеңесіне жүктеледі. Компания өтімділік тәуекелін жөнді резервтерді пайдалану арқылы, сондай-ақ ақша ағындарына тұрақты мониторинг пен болжам жасау және қаржы активтері мен міндеттемелер бойынша мерзімдерді салыстыру жолымен басқарады.

## Сыйақы және өтімділік мөлшерлемелерінің кестелері

Келесі кестеде туынды емес қаржы міндеттемелері бойынша өтеудің шарттық мерзімдері көрсетіледі. Кестелер Компаниядан төлемнің талап етілуі мүмкін ең ертерек күннің негізінде қаржы міндеттемелері бойынша ақша ағындарының дисконтталмаған қозғалысының негізінде жасалды

	3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1-5 жыл	5 жылдан жоғары	Жиыны
<b>2017 ж.</b>					
<b>Қаржылық міндеттемелер</b>					
<b>Пайызсыз</b>					
Саудалық және өзге кредиторлық берешек	11,976,421	221,357			12,197,778
<b>Құбылмалы мөлшерлемесімен</b>					
Несиелер (теңгемен жасасқан)	237,374	690,314	3,158,881	1,653,343	5,739,912
<b>Тиянақталған мөлшерлемесімен</b>					
Қаржылық лизинг бойынша міндеттемелері	4,027,966	12,310,041	62,540,186	40,935,745	119,813,938
<b>2016 ж.</b>					
<b>Қаржылық міндеттемелер</b>					
<b>Пайызсыз</b>					
Саудалық және өзге кредиторлық берешек	12,363,922	190,560			12,554,482
<b>Құбылмалы мөлшерлемесімен</b>					
Несиелер (теңгемен жасасқан)	248,552	740,671	3,397,681	2,365,873	6,752,777
<b>Тиянақталған мөлшерлемесімен</b>					
Қаржылық лизинг бойынша міндеттемелері	4,303,012	13,199,379	67,007,955	59,091,317	143,601,663

Келесі кестеде туынды емес қаржы активтері бойынша өтеудің күтілетін мерзімдері көрсетіледі. Кесте, Компания ақша қозғалысы басқа кезеңде болады деп күтетін жағдайларды қоспағанда, осы активтер бойынша алынатын сыйақыны қоса алғанда, қаржылық активтердің дисконтталмаған келісімшарттық міндеттемелерінің негізінде жасалды

	Орташа өлшенген тиімді мөлшерлеме %	3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1-5 жыл	5 жылдан жоғары	Жиыны
<b>2017 ж.</b>						
<b>Қаржылық активтер</b>						
<b>Пайызсыз</b>						
Саудалық және өзге дебиторлық берешек		8,279,613	200,296	1,110,319	193,671	9,783,899
Кепілдікті салымдар		6,826,283	4,743,287	2,989,001	3,556,927	18,115,498
Ақша қаражаттары және олардың баламалары		49,245,150				49,245,150
<b>Тиянақталған мөлшерлемесімен</b>						
Банктердегі депозиттер	4.55	1,570				1,570
<b>2016 ж.</b>						
<b>Қаржылық активтер</b>						
<b>Пайызсыз</b>						
Саудалық және өзге дебиторлық берешек		6,481,069	868,265	1,978,106	79,467	9,406,907
Кепілдікті салымдар		5,224,013	6,422,401	2,696,710	2,436,102	16,779,226
Ақша қаражаттары және олардың баламалары		9,994,243				9,994,243
<b>Тиянақталған мөлшерлемесімен</b>						
Банктердегі депозиттер	4.55	33,187,073				33,187,073

## Әділ құн

## Ақша қаражаттары және олардың баламалары

Ақша қаражаттарының және олардың баламаларының баланстық құны шамамен олардың әділ құнына тең, өйткені олар не қысқа мерзімді, не өзіне сыйақыларды қамтиды және дисконтталмайды.

## Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық құралдар

Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржылық құралдарды бағалау көпшілік бөлігі тікелей немесе жанама жалпы қол жетімді болып табылатын ақпаратқа негізделеді және бағалаулар бір немесе бірнеше қол жетімсіз бағалар негізінде жасалады. Мұндай бағалау әділ құн иерархиясында 3-деңгей болып табылады.

## Кепілдік депозиттер

Кепілдік депозиттер, амортизацияланған құны бойынша танылады. Басшылық таза баланстық құнды олардың әділ құнына шамамен тең деп есептейді.

## Саудалық және өзге дебиторлық және кредиторлық берешектер

Өтеу мерзімі алты айдан кем болатын дебиторлық және кредиторлық берешектер үшін әділ құн баланстық құннан аздап қана ерекшеленеді, өйткені уақыт бойынша ақша құнының әсері елеулі емес.

## Несиелер

Несиелер әділ құнына жақын амортизацияланған құнымен көрсетіледі. Менеджменттің тұжырымы бойынша баланстық құн шамамен әділ құнын құрайды деп есептейді.

## Қаржылық лизинг бойынша міндеттемелері

Қаржылық лизинг бойынша алғаш міндеттемелер бастапқыда жалдау мерзімінің басындағы жалдаған мүліктің әділ құны мен ең аз жалдау төлемдердің дисконтталған құнының қайсысы төмен болса сол құнымен есепке алынады. Менеджменттің тұжырымы бойынша баланстық құн шамамен әділ құнын құрайды деп есептейді.

**Резервтер**

Қаржы міндеттемелері анықтамасына түсетін резервтер үшін әділ құн мен ағымдағы құнның айырмашылығы елеусіз, өйткені ақшаның уақытша құнының әсері елеулі емес.

**26. Қаржы құралдарының әділ құны**

Компанияның есеп саясатының жекелеген ережелері және бірқатар ашып көрсетулер қаржылық активтер мен міндеттемелердің әділ құнын бағалауды талап етеді.

Компания әділ құнды бағалау үшін бақылау жүйесін құрды. Осы жүйеге сәйкес, 3 деңгей бағалауларын қоса алғанда, барлық маңызды әділ құн өлшеуді қадағалау үшін жауапты бағалаушылар тобы бар.

Бағалау жөніндегі мамандар тобы үнемі бақыланбайтын маңызды деректерді және бағалауды түзетуді тексереді. Егер әділ құн бойынша бағалау үшін брокер немесе құнды анықтау агенттіктері сияқты үшінші тұлғалардан алынған ақпарат қолданылса, бағалау тобының мамандары үшінші тараптардан алынған дәлелдерді, алынған бағалаудың ҚЕХС талаптарына сәйкестігі туралы негіздеме мәнін, алынған бағалау жатқызылуы тиіс әділ құн иерархиясының деңгейін анықтауды қоса алғанда талдайды.

Активтің немесе міндеттеменің әділ құнын бағалау кезінде, Компания мүмкіндігінше нарықтың бақылаулы деректерін қолданады. Әділ құнды бағалау әділ құнды иерархияның әртүрлі деңгейлеріне жатады, ол тиісті бағалау әдістерінде пайдаланылатын кірістерге байланысты

- » 1-деңгей: белсенді нарықтарда бірдей активтер мен міндеттемелер бойынша белгіленген (түзетілмеген) бағалар.
- » 2-деңгей: тікелей (яғни, баға сияқты) немесе жанама (яғни, бағалар негізінде анықталған) түрде бақыланатын, 1-деңгей бағалаулары үшін қолданылатын, белгіленген бағалардан бөлек бастапқы деректер.
- » 3-деңгей: бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген активтер мен міндеттемелер үшін бастапқы деректер (бақыланбайтын бастапқы деректер).

Активтің немесе міндеттеменің әділ құнын анықтау үшін пайдаланылатын бастапқы деректер әр түрлі әділ құн иерархиялық деңгейлеріне жатқызылуы мүмкін болса, әділ құнның бағалауы неғұрлым төмен деңгейдің бастапқы деректері сәйкес келетін және барлық бағалау үшін елеулі болып табылатын иерархия деңгейіне жатады.

Компания өзгеріс енгізілген есепті кезеңнің аяқталу күніне әділ құн иерархиясының деңгейлері арасындағы аударымды таниды.

Әділ құнды бағалау кезінде жасалған болжамдар туралы қосымша ақпарат төмендегі ескертулерде берілген: Ескертпе 25 - Қаржылық құралдар.

**27. Шартты міндеттемелер****Капитал міндеттемелері**

2012 жылы Компания үш Boeing-767 әуе кемелерін сатып алу үшін Boeing компаниясымен қаржылық лизинг бойынша келісім жасасты. Компания көзделген кестеге сәйкес алдын ала төлемдер төлеу үшін міндеттемелері бар. Соңғы алдын ала төлем 2020 жылға және Боинг-787 әуе кемелерін жеткізу енді 2021 жылға жоспарланған.

Жасасқан келісім шарттарға сәйкес әуе кемелердің сатып алу құнын көрсету мүмкін емес.

**Операциялық жалдау жөніндегі міндеттемелер****Әуе кемелер**

Әуе кемелеріне арналған операциялық лизингтік келісімшарттар 5 жылдан 10 жылға дейін созылады. Компанияның операциялық жалдау туралы барлық келісімшарттары, егер Компания кеңейту опционын пайдаланса, нарықтық бағаларды жаңарту үшін бөлімдерден тұрады. Компания жалдау мерзімінің соңында жалға алынған активтерді сатып алуға мүмкіндігі жоқ.

Тіркелген және өзгеретін айнамалы жалдау төлемдердің тіркелген бөлігі АҚШ долларымен деноминацияланып, төленуге тиіс. Бұл валюта әуе кемелерін жалдау кезінде халықаралық есеп айырысуларда күн сайын пайдаланылады

Компания жөнінде	Стратегиялық есеп	Басшылық есебі	Корпоративтік басқару	<b>Қаржылық есептілік</b>
------------------	-------------------	----------------	-----------------------	---------------------------

Қолданыстағы әуе кемелердің операциялық жалдау жөніндегі күші жоғалмайтын міндеттемелер:

	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.
Бір жылдың ішінде	21,638,949	19,158,356
Бір жылдан кейін, бірақ бес жылдан аспайды	38,247,190	34,912,923
Бес жылдан астам	7,321,588	1,454,711
	<b>67,207,727</b>	<b>55,525,990</b>

2018 жылдан 2019 жылға жеткізілетін әуе кемелердің операциялық жалдау жөніндегі күші жойылмайтын міндеттемелер:

	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.
Бір жылдың ішінде	5,593,313	3,772,005
Бір жылдан кейін, бірақ бес жылдан аспайды	58,392,792	61,274,888
Бес жылдан астам	60,100,010	88,865,767
	<b>124,086,115</b>	<b>153,912,660</b>

2015 жылдың маусымында Компания кейбір ағымдағы жалдаудағы әуе кемелерінің мерзіміне байланысты ауыстыру және болашақта кеңеюі үшін жеті Airbus A320neo отбасы әуе кемелерінің операциялық жалдау шарттарына қол қойды. Бір A320neo 2016 жылдың екінші жартысында жеткізілген, ал қалған алты әуе кеме 2018 және 2019 жылдары жеткізуге жоспарланып отыр.

2015 жылғы қыркүйек айында Компания Airbus A320neo қатарына жататын 4 әуе кемелері бойынша операциялық лизинг туралы келісімге қол қойды. Бір A320neo 2017 жылы желтоқсанда жеткізілді және кейбір ағымдағы жалдау келісімдерінің мерзімінің өтуіне байланысты ауыстыру және болашақта кеңеюі үшін 2018 жылы үш әуе кемесі күтілуде.

2017 жылдың 31 желтоқсанында аккредитивтер 42,364 мың АҚШ доллар соманы құрады, оның ішінде 32,864 мың АҚШ доллар техникалық қызмет көрсету бойынша кепілдікті салымдармен қамсыздандырылып және қалған 9,500 мың АҚШ доллары кепілдіксіз соманы құрады. Бұндай аккредитивтер төрт Embraer E190 және алты Airbus ұшағын жалға берушіге қайтару бойынша техникалық қызмет көрсету жауапкершілігін орындамаған жағдайда өтеу кепілдігі ретінде алынды.

Операциялық жалдау жөніндегі төлемдер бойынша жойылмайтын міндеттемелер төменде көрсетілген:

	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2016 ж.
Бір жылдың ішінде	574,790	387,015
Бір жылмен бес жылдың арасында	810,982	1,004,824
	<b>1,385,772</b>	<b>1,391,839</b>

**Сақтандыру****Авиациялық сақтандыру**

Компания әуе кемелерді қолдану бойынша сақтандыру өтеліміне зор көңіл бөледі, сондықтан халықаралық мәртебелі брокер қызметі арқылы қаржылық тұрақтылық бойынша жоғары рейтингіне ие халықаралық Сақтандыру нарықтарының көбісінде (мысалы, Lloyds) авиациялық тәуекелдерді қарастырады. Сақтандыру өтелімінің түрлері төменде берілген:

- » Әуе кемесінің, қосалқы бөлшектері мен жабдықтарының мүлкітік нұқсандарының «Барлық тәуекелдерін» авиациялық сақтандыру және авиакомпанияның үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;
- » Әуе кемелерінің мүлкітік нұсқаны тәуекелдерін авиациялық сақтандыру;
- » Соғыстың салдарынан әуе кемелерінің мүлкітік нұсқаны тәуекелдерін және қосалқы бөлшектерді қоса алғанда, олармен қауымдасқан әуе кемесіне мүлкітік нұқсанның тәуекелдерін авиациялық сақтандыру;
- » Соғыс, әуе кемесін заңсыз тартып алу (айдап әкету) тәуекелдерінің және олармен қауымдасқан тәуекелдердің салдарын авиациялық сақтандыру.

**Сақтандырудың басқа түрлері**

Авиациялық сақтандыру өтелімінен басқа әуе компаниясы мүлік пен жалпы міндеттемелеріне зиянның қаржылық тәуекелін төмендету және жазатайым оқиғаларға ұшыраған қызметкерлерге өтемақы төлеу әрі медициналық шығынды өтеу үшін авиациялық емес сақтандыру полистерін үнемі сатып алып тұрады:

- » Қызметкерлерді медициналық сақтандыру;
- » Директорлардың және лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін сақтандыру;
- » Мүлікті сақтандыру;
- » Көлік құралдарын кешенді сақтандыру;
- » Лауазымдық міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандыру;
- » Қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген нұқсан үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;
- » Кеден басқармасының алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру;
- » Ұшқыштарды ұшу құқығынан айыратын оқыс оқиғадан ерікті түрде сақтандыру;
- » Қоймадағы тауарларды сақтандыру.

**Салықтық шартты міндеттемелер**

Қазақстан Республикасының салық жүйесі салыстырмалы түрде жаңа болып табылады және салықтардың көптеген әралуан түрлерімен және заңнамадағы, ресми жарияланымдардағы және сот шешімдеріндегі жиі өзгерістермен сипатталады. Салықтарды елеулі айыппұлдар салуға, өсімпұлдар есептеуге және өндіріп алуға құқығы бар бірқатар реттеуші органдар тексеруі тиіс.

Салық жылы салық органдарының тексеруі үшін келесі күнтізбелік бес жылдың ішінде ашық болып қалады, алайда, кейбір жағдайларда салық жылы бұдан да ұзақ мерзім ашық болып қалуы мүмкін.

Басшылық қолданылатын салық заңнамасының, ресми түсініктемелердің және сот шешімдерінің түсіндірмелеріне негізделі отырып, салық міндеттемелерін бара-бар көрсеткеніне сенімді. Алайда тиісті салық органдарының түсіндірмелері ерекшеленуі және бұл қаржы есептілігіне елеулі әсер етуі мүмкін.

Компанияның функционалдық валютасы АҚШ доллары болып табылады, себебі бұл валюта тиісті операциялардың, оқиғалар мен жағдайлардың экономикалық салдарларын барынша нақты көрсетеді. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде теңгеден басқа функционалдық валютаның қолданылуын түсіндіретін ережелер жоқ. Соған қарамастан, Салық кодексі Қазақстан Республикасының барлық салық төлеушілерін теңгемен салық міндеттемелерін есептеуге және төлеуге міндеттейді. Сондықтан белгілі пайымдауды қолдану арқылы компания салық және салық салу мақсаттары үшін теңгемен есеп жүргізіп, есептейді. Бұл көзқарас қолданыстағы заңнамада ең қолайлы болып саналатынына Басшылық сенімді.

**Операциялық орта**

Қазақстанды қоса алғанда, дамушы елдердің нарықтары неғұрлым дамыған нарықтардың тәуекелдерінен ерекшеленетін экономикалық, саяси, әлеуметтік, соттық және заңнамалық тәуекелдерге бейім болады. Қазақстанда бизнестің жүргізілуін реттейтін заңдар мен нормативтік актілер баяғыша тез өзгерістерге бейім. Салық, валюта және кеден заңнамасын әртүрлі түсіну мүмкіндіктері бар. Қазақстанның дамуының болашақ бағыты негізінен қабылданатын заңдар мен нормативтік актілерге, мемлекеттің экономикалық, салық және кредиттік-қаржылық саясатына және елдегі политикалық жағдайдың өзгеруіне байланысты.

Қазақстанның мұнай мен газдың үлкен көлемін өндіруіне және экспорттауына байланысты, оның экономикасы мұнай мен газдың әлемдік бағаларының өзгерістеріне ерекше сезімтал болып келеді.

Қазақстан теңгесінің құны едәуір түсіп кетіп, ал дүниежүзі бойынша мұнай бағасының төмендеуі бизнес ортадағы белгісіздік деңгейін күшейтті.

**28. Байланысты тараптармен операциялар****Бақылау қатынастары**

Компанияның акционерлері Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» АҚ және «BAE Systems Kazakhstan Ltd.» компаниясы болып табылады, олар Компания акцияларының тиісінше 51%-на және 49%-на иелік етеді.

2007 жылы акционерлер екі тәуелсіз директорларды тағайындады; біріншісі «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» АҚ, және екіншісі «BAE Systems Kazakhstan Ltd.». 2017 жылы тәуелсіз директорларға төленген сыйақылардың жалпы сомасы 30,481 мың теңгені құрады (2016 ж.: 25,804 мың теңге).

**Басшылыққа сыйақы**

2017 жылы басқару, бақылау және Компанияның қызметін жоспарлауда өкілеттік пен жауапкершілікке ие негізгі басшылық, жалақы мен бонустарды қоса келесі сыйақыларды алды (6-шы Ескерту):

	2017 ж.	2016 ж.
Жалақы және бонустар	1,185,811	1,323,081
Әлеуметтік салық	135,798	141,853
	<b>1,321,609</b>	<b>1,464,934</b>

**Байланысты тараптар**

Компания акционерлерін және осы акционерлер жеке немесе бірге акциялардың бақылау пакетіне иелік ететін барлық басқа компанияларды қамтиды.

Компания Мемлекеттік органдарға, агенттіктерге және Мемлекет бақылайтын кәсіпорындарға авиакөлік қызметтерін ұсынады. Бұл операциялар Компанияның әдеттегі операциялық қызметінің барысында Мемлекеттің тікелей бақылауына түспейтін басқа кәсіпорындарға қызметтер ұсынумен салыстыруға болатын шарттарда жүргізіледі.

Компания тауарлар мен қызметтерді сатып алу және сату үшін сатып алулар, бағалар және бекіту процестері бойынша стратегияларды жасады және ендірі. Мұндай стратегиялық сатып алулар, бағалар және бекіту процестері контрагенттің мемлекет бақылайтын кәсіпорын болып табылуына немесе табылмауына байланысты болмайды.

Байланысты тараптармен операциялардың потенциалды ықпалын, баға стратегияларын, сатып алу және бекіту процестерін, және байланысты тараптармен операциялардың осы қаржы есептілігіне әлеуетті ықпалын түсіну үшін қажетті ақпаратты қарастырып, Компания басшылығы мына төмендегі операцияларға байланысты тараптармен операциялар ретінде ашып көрсетуді талап етеді деп санайды:

	2017 ж.		2016 ж.		
	Алынған қызметтер	Операция сомасы	Есеп айырысулар бойынша қалдық	Операция сомасы	Есеп айырысулар бойынша қалдық
Мемлекеттік компаниялар		10,251,193	(143,262)	7,083,479	(42,992)
Акционерлердің еншілес компаниялары		1,552,391	28,047	1,622,935	(89)
		<b>11,803,584</b>	<b>(115,215)</b>	<b>8,706,414</b>	<b>(43,081)</b>

Байланысты тараптардан алынған қызметтер әуежайлардың, навигацияның қызметтерімен және метеорологиялық қамсыздандырумен көрсетілген.

	2017 ж.		2016 ж.		
	Компания көрсеткен қызметтер	Операция сомасы	Есеп айырысулар бойынша қалдық	Операция сомасы	Есеп айырысулар бойынша қалдық
Акционерлердің еншілес компаниялары		533,507	160,427	324,017	50,949
		<b>533,507</b>	<b>160,427</b>	<b>324,017</b>	<b>50,949</b>

Байланысты тараптармен өзара есеп айырысулар бойынша барлық қалдықтар есепті күннен бастап алты айдың ішінде өтелетін болады. Барлық қалдықтар қамсыздандырылмаған болып табылады.

**29. Қаржы есептілігін бекіту**

Бұл қаржы есептілігін Компания басшылығы мақұлдап, 2017 жылдың 30 Наурызда шығаруға бекітті.

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

## «Эйр Астана» АҚ тіркелген мекенжайы:

Қазақстан Республикасы  
050039, Алматы қ.  
Закарпатская көш., 4а  
Тел.: + 7 (727) 258 41 35/36  
Факс: + 7 (727) 259 87 01

## Жылдық есепке байланысты сұрақтар бойынша

Тел: + 7 (727) 258 41 35 қос.2060, 1857  
E-mail: [corporate.governance@airastana.com](mailto:corporate.governance@airastana.com)

## Баспасөз қызметі

Тел: + 7 (727) 258 41 35 қос.1790, 1799  
E-mail: [pr@airastana.com](mailto:pr@airastana.com)

## Тәулік бойы жұмыс істейтін ақпарат және брондау орталығы:

Тел.: +7 (727) 2444477 (Алматы қ.)  
+7 (7172) 584477 (Астана қ.)  
Моб.: +7 (702) 702 44 77

## Nomad Club жолаушыларды ынталандыру бағдарламасы

Тел.: +7 (727) 244 5530  
Факс: +7 (727) 259 8701  
[nomadclub@airastana.com](mailto:nomadclub@airastana.com)

## Компанияның ресми веб-сайты:

[www.airastana.com](http://www.airastana.com)

## Бізді келесі әлеуметтік желілерден табуға болады:

[Facebook.com/AirAstana](https://www.facebook.com/AirAstana)  
[Twitter.com/airastana](https://twitter.com/airastana)  
[Instagram: Airastana\\_kazakhstan](https://www.instagram.com/Airastana_kazakhstan)

